

Жапбаров Амангелді

**Оқушылардың тыныс белгілерді дұрыс
қою икемділігі мен дағдыларын
қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік
негіздері**

10-кітап

Шымкент. 2011 ж.

УДК 378.(075.8): 811.512.122

ББК 74.268.1Қаз

Ж 30

Пікір жазғандар:

1. Ысқақ Б. – Академиялық инновациялық университеті, профессор,
п.ғ.к.,

2. Жапбарова Г.А. – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, пед.ғыл, кандидаты.

Жапбаров А. Оқушылардың тыныс белгілерді дұрыс қою икемділігі мен дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері – Шымкент «ИП Валиев» баспасы. 2011. -249 бет.

ISBN 9965-03-080-4

Бұл монографияда оқушылардың орфографиялық икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыра оқытудың ғылыми - әдістемелік негіздері, оның мақсаты мен мазмұны, сауатты жазу дағдысын қалыптастыра оқыту жүйесі мен әдістемесі сипатталды. Онда жазудың емлелік икемділік пен дағдыларының жүйесі, тіл білімдік негізі, жаттықтырудың әдіс –тәсілдері қарастырылды.

Еңбек педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистрант, докторанттарға және мектеп мұғалімдері мен зерттеушілерге арналған.

УДК 378.(075.8): 811.512.122

ББК 74.268.1Қаз

ISBN 9965-03-080-4

Жапбаров А.

Кіріспе

Егемендікке қол жеткізіп, еліміздің экономикалық, саяси-мәдени дамуы бір бағытқа түскеннен кейін, негізгі көңіл бөлініп отырған мәселе - білім беру. «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» болып табылады [1,9]. Демек, білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми дамуды қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де, ең жоғарғы құндылық.

Білімді халықаралық деңгейге көтеру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар аз емес. Білім беруді дамытудың 2005-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, білім беруді дамыту тұжырымдамасы, әр түрлі қаулы-қарарлар, ағымдық іс-шаралардың барлығының да мақсаты - білімді де білікті тұлға тәрбиелеу. «Бәрі мектептен басталады» деген Елбасының жолдауы мектептегі білім беру ісіне үлкен жауапкершілік, сенім мен үміт артып отырғанын байқатады [2]. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Орта білім беруді дамыту» тұжырымдамасында: «Әрбір баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу, оның мүмкіндігін, өмірдегі мәнін көрсету арқылы білімге тереңірек ұмтылуына, сондай-ақ ізденісіне, бейімділігіне көмек беру, жағдай туғызу және оған өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру - білім берудің түпкілікті мақсаты» [2, 5] екендігі анық айтылған. Сондықтан мектептегі өтілетін әрбір пән оқушының жеке басының қасиеттерінің ашылуына, дамуына, қалыптасуына, терең де сапалы білім алуына мүмкіндік жасалуы тиіс.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Білім беру жүйесінің негізгі және бағдарлы мектеп сатыларындағы «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты - ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, қарым-қатынастың біліктілігі дамыған, сөз мәдениетінің талаптарына сай іскерліктерді меңгерген дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу», - деп анықталған [3,7]. Ал бұл мақсатты орындау үшін мынадай міндеттерді белгілейді:

- « - оқушыларға әдеби тіл нормаларын меңгерту;
- оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру» [3,7].

Негізінде, мектеп оқулығында орфографиялық білім, білік пен дағды беру тіл мәдениеті мен стилистикамен байланысты қарастырылған. Мәселен, «Тіл мәдениеті: Ауызша сөйлеу және жазба тіл мәдениеті. Ауызша сөйлеу мәдениетіндегі орфография қағидалары... », -деп көрсетілген [3,13]. Ал тыныс белгілерді «Стилистика және пунктуация қазақ әдеби тілінің стильдері, олардың тілдік ерекшеліктері. Тыныс белгілерінің түрлері, қызметі», -деп қарастырылған [3,13].

Нақтылағанда, орфография, пунктуация жазбаша сөйлеуге байланысты қарастырылады. Ал жазбаша сөйлеуді «Қазақ тілі терминдерінің сапалық ғылыми түсіндірме сөздігінде»: «Жазбаша сөйлеу - жазбаша мәтіндер арқылы вербальдық (сөздік) тілдесу», -деп анықталады [4, 84].

Дұрыс жазу орфографиялық қағидаларға негізделеді. Қазақ тілі энциклопедиясында: «Орфография - сөзді бірізді жазудың тәсілдерін белгілейтін ереже... . Кейде орфография кең түрде емле мағынасында қолданылып, тыныс белгілерінің қойылу тәртібін де көрсетеді», -деп нақтыланған [5, 304].

Бұл пікірлерді негізге алғанда, орфография, пунктуация сөйлеу әрекетімен байланысты. Ал сөйлесім әрекеті - белгілі бір ойды, хабарды немесе мәліметті баяндау, яки екінші біреуге жеткізу арқылы онымен түсіністікке жету мақсатындағы қатысымдық әрекет. Тілдік қатынасқа байланысты іске асатын сөйлесім әрекеті бес түрлі формада жүзеге асады: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім [6].

Жазылым - тілдік тұлғалардың жүйесіне негізделген, лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдардың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдарды, ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасқа мүмкіндік жасайтын әрекет. Басты шарт - тілдік нормаларды меңгеру. Демек, оқушылардың тілін дамыта оқыту үшін орфографиялық және пунктуациялық білім, біліктілік пен дағдылар жүйелі нормалық түрде қалыптастырылады.

Сондықтан болар, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында: «Бүгінгі таңда әлі де толық шешімін таппаған бір мәселе - қазақ тілі пәнінің орфографиялық нормаларындағы, көптеген ғылыми терминдердің аталымындағы бірізділіктің жоқтығы. Бұлар тіл

білімінде нақты шешілгенде, қазақ тілінің фонетика, лексика салаларына арнайы тақырыппен енгізілетін болады», - деп, орфографиядағы лингвистикалық зерттеулердің қажеттігін көрсетеді [3, 3].

Ал мектеп бағдарламасында: «оқушының тіл мәдениетін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу, жазу, тыңдау мәдениетінің талаптарына сай дағдыларын жетілдіру: оқушының сауаттылығын арттыру, әдеби тіл нормаларын меңгерту», - деген талап қойылған [7, 4].

Тұжырымдағанда, оқушылардың орфографиялық сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру мектептегі ең өзекті мәселенің бірі ретінде саналады. Жазуда тыныс белгілерін дұрыс қоя білу-сөйлемді, мәтінді оқуда оны дұрыс оқи білу - адамның жалпы мәдениеті мен сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші.

Қазақ тіл білімінде тыныс белгілері жөніндегі алғашқы ережелерді тұжырымдауда А. Байтұрсыновтың еңбегі басым болды. Мұнда: «үлкен сызықша (-) жинақтау белгісі, бытыранды ұғымдарды шоғырландырып, жалқыланған ұғымдарды жалпыландырып, теңерлік нәрселерді теңеп, балап айтатын орындарға қойылады», - деп, «Қасқыр-аң, көк шалғын, ағаш, бұтақ - бәрі жақсы» сияқты мысалдар береді. Жазу тілінің дамуына байланысты қазір сызықша қойылатын басқа орындар да бар. Бұл еңбекте сонымен қатар ноқат (нүкте), үтірлі ноқат, теріс үтір (,) қос ноқат (:), сұрау, леп белгісі, көп ноқат, қабат үтір, қос тырнақша (« ») тәрізді тыныс белгілері және олардың қойылатын орындары көрсетілген [8,25].

Тыныс белгілер және оларды қолдану жөнінде әр кезеңде С.Жиенбаев, Ә.Хасенов, Ф.Мұсабекова, Р.Сыздықова сияқты ғалымдардың еңбектері бар. Алғашқы анықтағыш 1957 жылғы «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерін» басшылыққа алып, 1960 жылы жасалған болатын. Одан бері ол өңделіп, толықтырылып үшінші рет басылды. Осылардың өзі-ақ тыныс белгілері мен оқыту мәселесінің жеке нысан ретінде қарастырылмай, синтаксис мәселелерімен бірге айтылып жүргендігін байқатады.

Тұжырымдағанда, оқушылардың орфографиялық сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру - өзекті мәселенің бірі. Өйткені қазіргі мектеп оқушыларын оқыту арқылы тілдік білімнің әрі оқушылардың лингвистикалық дүниетанымының қалыптасуына, әрі олардың тәжірибелік іскерлік-дағдыларының базасы ретінде қызмет етуіне негіз қалайды. Мұның қай-қайсысы да тіл арқылы баланың логикалық

ойлауын дамытуға, қарым-қатынастық дағдыларын жетілдіруге, яғни сөйлесім әрекетінің түрлеріне қатысты машықтарын шыңдап, сапалы білім беруге септігін тигізеді.

Мектептерде оқушылардың сауатын арттыруға мән беріледі. Өйткені жазу - адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Жазусыз мәдениет атаулыны көзге елестету мүмкін емес. Сауаттылық пен сауатты жазудың қоғамдық мәні зор. Ол адамдардың бір-бірімен жазбаша қарым - қатынас жасауының ең тиімді де қажетті жолы, ойды нақты да, түсінікті берудің амалы болып табылады. Ал сауатты жазудың, яғни жазу мәдениетінің негізі мектептен қаланады. Жазудың маңызы туралы ғалым А.Волков мынадай пікір білдіреді: «Письменная словесность - важнейший предмет филологического исследования, т. к. языковая культура сохраняет, воспроизводится и приумножается главным образом в произведениях письменности. В условиях современности проблемы письма выходят далеко за рамки вспомогательных исторических и филологических дисциплин, изучающих письменные памятники» [9, 3]. Ал ондай мүмкіндіктің басты жолы - оқыту үдерісіне жаңаша көзқараспен қарау, яғни берілетін білім мазмұнын, оны жеткізудің жолдары мен әдіс-тәсілдерін, әдістемесін заман талабына сай құру. «Мектептерге дәстүрлі әдістер мен тәсілдерден гөрі тиімділігі жоғары, жаңа сападағы дидактикалық құрал қажет. Дүние жүзі педагог-ғалымдарының пайымдауынша, мұндай құрал болып оқытудың педагогикалық технологиясы болып табылады. Сол себепті қазіргі кезде білім жүйелерін технологиялық негізде құру - педагогикалық ғылым мен практиканың жаңа, болашағы мол бағыты болып отыр», - дейді педагогика ғылымдарының докторы Ж.Қараев [9].

Педагогикалық технологияның дүние жүзі педагог-ғылымдарының мақұлдаған бірден-бір дидактикалық құралға айналуының басты себебі, оның бағдарланған нәтижеге құрылуы екендігі даусыз. Өйткені игерілген білім сапасы нәтижемен өлшенетіні белгілі. Демек, мақсат - нәтижеге құрылған оқыту технологиясын оқыту үдерісіне енгізу арқылы оқушының орфографиялық дағдысын яғни сауатты жазу мәдениетін қалыптастыру.

“Тыныс белгілер, пунктуациялар” -айтайын деген ойды нақтылы, дәл, түсінікті етіп жеткізу үшін, баяндалмақшы пікірді айқын білдіру үшін қойылатын жазуға тән шартты белгі. Бұл - тыныс белгінің ең басты қасиеті. Тыныс

белгілерін тіл білімінде пунктуация деп те атайды. Сондықтан сауатты жазудың негізі – емле ережелері. Қазақ тіліндегі емле ережелері негізінен бір ізге түсіп, қалыптасқанымен, әлі де қиындық туғызып жүрген мәселелері аз емес. Солардың бірі тыныс белгілерді дұрыс қою. Пунктуациялық жинақталған білім беру 9-сыныпта қарастырылған, бірақ тыныс белгілер туралы білім мен дағды бастауыш мектептен-ақ берілу талап етілгенімен мектеп бітірушілердің жұмысында тыныс белгілері бойынша кемшіліктер кездеседі. Себебі: біріншіден, жазу мен тыныс белгілерімен емлесін оқытуға байланысты арнайы зерттеу жұмыстары және әдістемелік құралдар жоқ. Екіншіден, оқулықта берілген ережелер мәселенің табиғатын толық аша бермейді. Мысалы, «біріккен сөздер бірігіп жазылады, үтір сөйлем арасына қойылады» деген ереже оқушы үшін ешқандай жаңалық емес. Үшіншіден, тыныс белгілер мен емлеге байланысты оқулықта жаттығу өте аз беріледі және оның өзі оқушының сауаттылығын қалыптастыратындай мазмұнда емес. Төртіншіден, мектеп мұғалімдері оқулықпен шектеліп, емле тыныс белгі туралы ғылыми ізденістерге, оқытудың тиімді жолдарына, белсенді әдістеріне көп мән бере бермейді. Сондықтан тыныс белгінің қойылуы бойынша әлі де шешімін таппаған мәселелер аз емес. Осымен байланысты бұл еңбектің өзектілігін мына мәселелер айқындай алады:

- тыныс белгіні оқытуды ғылым негіздеріне, ғылыми ізденістерге негіздеу арқылы сөздердің жазылуын ғылыми-теориялық негіздерін айқындау;

- тақырыптың әдістемелік негізін оқытудың жаңа технологиясына негіздеу арқылы әр оқушының өз мүмкіншілігіне қарай өз бетімен жұмыс істеуіне, ізденуіне, сауаттылығының қалыптасуында белгілі бір нәтижеге жетуіне, жеке тұлға ретінде қалыптасуына, интеллектуалды-әрекет деңгейінің дамуына мүмкіндік жасау.

- Пунктуациялық сауатты жазу әдістемесін жасау.

Бұл мәселеге байланысты мынадай міндеттер қойылды:

1. Тыныс белгілердің ғылыми-теориялық негіздерін белгілеу;

2. Пунктуациялық дағдыларын қалыптастырудың мазмұнын, көлемін және оның жүйесін нақтылау;

3. Пунктуациялық икемділіктері мен дағдылар және сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру.

4. Оқушылардың пунктуациялық икемділіктері мен дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жасау;

Бірінші бөлім

Қазақ пунктуациясы және сауатты жазу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері

1.1. Пунктуацияның мектепте оқытылу жүйесі, мақсаты мен мазмұны

Жазбаша сөйлеу біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, қалыбына (формасына) да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады.

Жазу графикалық таңбалардың мағыналық жүйесі мен тізбегі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жазу арқылы адам айтайын деген ойын қағазға түсіріп, екінші бір адамға, жалпы адамзатқа жеткізуді мақсат тұтады, яғни адам ойын басқаға жеткізу үшін жазуды үйренеді.

Әдіскерлердің қалыптасқан пікірі бойынша, жазбаша сөйлеу үш бөліктен құралуы тиіс. Олар:

- себеп-салдарлық;
- аналитико-синтетикалық;
- орындалымдық.

Яғни жазу әрекеті, біріншіден, белгілі бір ақпаратты екінші адамға жеткізудің нәтижесі ретінде санада пайда болып, алдымен оның себебі анықталады.

Екіншіден, аналитико-синтетикалық кезеңде сөйлем құрылымы жасалады, сөздер бір-бірімен тіркеске түседі, сөздің қызметі мен орны белгіленеді, санада сөйлеу әрекетінің болжамдық жоспары жасалады.

Үшіншіден, графикалық таңбалар арқылы жазбаша мәтін (текст) пайда болып, жазу орындалады. Сондықтан тілдік қатысымға байланысты жазылым бірнеше құрылымдық кезеңнен тұрады да, көп салалы болды:

- 1) қажеттіліктен пайда болатын себеп;
- 2) себептің ойда, санада бейнеленуі;

- 3) ойдың сөз арқылы тізбектелуі;
- 4) сөздің графикалық әріптермен таңбалануы;
- 5) жазудың екінші адамға түсінікті болып, берілген хабарды жаткізудің орындалуы.

Себептік кезеңде адам жазумен шұғылдану үшін белгілі бір себеп-салдар пайда болып, соның әсерінен ойын қағазға түсіруді ойлап, оны іске асырғысы келеді. Адам өмірде кездесетін әр түрлі деректі, ақпаратты басқа біреуге жеткізу қажеттілігінен жазғысы келеді; бірдеңені айтуды, жазуды қалайды, сол арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынастың алғышарттары жасалады.

Екінші кезеңде жаңағы өмірден туған қажеттілік, яғни белгілі бір хабар миға ауысады, адамның санасында бейнеленеді, ой туғызады.

Үшінші кезеңде адам санасындағы қалыптасқан ой сөзге, сөйлемге айналады. Сол ойды дұрыс жеткізу үшін тіл үйренуші тиімді сөздерді іздейді, айтқысы келетін хабардың ең басты мәнін дәл, нақты жеткізу негізінде, сөздердің мағынасын ойластырады.

Төртінші кезеңде ойда жинақталған сөздер графикалық таңбалар арқылы тізбектеліп, белгілі бір ереже заңдылығымен қағазға түсіп, жазуға айналады. Ол жазудың үлгісімен ғана емес, білдіретін мазмұндық сипатымен де ерекшеленеді.

Бесінші кезеңде қағазға түскен сөйлемдер тұтас жүйесімен, белгілі бір хабардың толық мазмұнын оқушыға жеткізеді. Ал мазмұнның жеткізілуі мәтіннің сауатты жазылуына байланысты. Сауатты жазу пунктуациялық норманы, ал пунктуация орфография ережелерін негізге алады. Сондықтан жазудың лингвистикалық ерекшелігі әріптік таңбадан бастап алфавитке дейінгі жазуды, тілдің дыбыстық жүйесін, олардың жазылу ережесін, жазбаша сөйлеу үлгілерін қамтиды.

Жазылымның лингвистикалық мазмұнын белгілейтін мәселелер мыналар:

1. Графика;
2. Орфография;
3. Жазбаша сөйлеу әрекеті.

Бұл салада үйретілетін ең басты мәселе – жазылымның графикасы. Графика, яғни жазу таңбалары – жазу үшін қолданылатын барлық әріптердің таңбалық жиынтығы. Әріптік таңбалар екі түрде жазылады: баспа түрінде және қолжазба түрінде. Әрбір әріп бас әріп және кіші әріп болып таңбаланады. Барлық әріптердің жүйелік жиынтығы тілдің

алфавитін құрайды. Қазақ тілі графикасының ерекшелігі - әріптер қалай жазылса, солай оқылады және басқа тілден енген дифтонг (қосарланған) дыбыстардан басқалары құрамына қарай бір таңба бір әріпті білдіреді де, бір әріп бір дыбысты көрсетеді.

Жазуды меңгерудегі маңызды мәселе - орфография мен пунктуация. Ол - белгілі бір сөзді әріптік таңбалар арқылы дұрыс жаза білудің ережесі. Мұндай ережені оқытпай тұрып, жазуды да, тілді де сауатты меңгеру мүмкін емес. Сондай-ақ сауатты жазудың негізі - пунктуация. Мәселен, жалпы орфографиялық білім екі саланы қамтиды:

1. Жеке лексикалық бірліктерді сөздерді дұрыс жаза білу ережесін;

2. Грамматикалық заңдылықтарды білу арқылы тіркесті, сөйлемдерді байланыстырып, дұрыс жазып, тыныс белгілерді орынды қоя білу.

Жазбаша сөйлеу - лингвистикалық ерекшеліктерді толық меңгерудің көрінісі және ең күрделі тілдік құбылыс. Жазбаша сөйлеу дегеніміз-оқушының айтар ойын басынан аяғына дейін толық жаза білуі, көзқарасын, пікірін қағазға түсіріп, жеткізу. Мәселен, оған диктант жазу, пікір жазу, түсініктеме, қатынас қағаз, реферат, мазмұндама, шығарма т.б. жазу жатады. Мұнда сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемдер бір-бірімен байланысты болады. Ойдың жүйесі үзілмей, келесі сөйлемдерде жалғасып, толығып отырады. Сол себепті жазба материалдар тұтас бүтіндігімен, мазмұндылығымен басқа адамдарға түсінікті болып түзіледі.

Жазбаша сөйлеудің психологиялық ерекшелігі - жазбаша тапсырмаларды дұрыс пайымдап, логикалық жағынан меңгеру және графикалық, орфографиялық дағдылар мен шеберлікті қалыптастыру. Сонымен қатар жазба жұмысы тіл үйренушінің ойлау жүйесін тиімді, есте сақтауға жеңіл болуға тиіс. Мәселен, сөздер мен тіркестерді дұрыс байланыстырып жазу, әңгіменің жоспарын құрап жазу, сұраққа қысқаша жауап жазу т.б. Ең бастысы, берілетін тапсырмалар тілдік қарым-қатынаста ұтымды болуды ойластырады. Сондықтан жазудың әдістемелік ерекшелігі - графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлеуді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жаттықтыру, оқыту.

Жазбаша сөйлеудің өзгешелігі: бір қарағанда қатысымдық байланыс жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін. Өйткені сөйлеуші білгенін қағазға түсіреді, бірақ онда екінші адаммен тікелей қатысым іске аспайды. Жазылымның

қиындығы да осында: жазу үстінде адам ойын тиянақты, жүйелі, бас-аяғын түгендеп, басқа біреуге ұғынықты болатындай етіп, екінші адамға ыңғайлап жазады, тілдік қарым-қатынастың жазбаша түріне бейімдеп орындайды. Тұжырымдап айтқанда, жазу оны жазған адамның ыңғайынан гөрі, жазуды оқитын, қабылдайтын басқа екінші біреудің ыңғайына қарай, екінші адамның талап-тілегін ескеріп, сол үшін жазылады. Ол үшін жазуды сауатты орындау талабы қойылады.

Қазақ тілін сауатты үйрету үшін, игерілетін дағдыларды қалыптастыратын жазба жұмыстары жүргізіледі. Мұндай жазба жұмыстарына жататындар:

1. Жазбаша жаттығулар;
2. Мәтіндер құрастыру;
3. Диктант, мазмұндама, шығарма т.б.

Оқытудың жүйелі және парасатты ұйымдастырылуы қажеттігіне, нендей материалды қалай оқытатындығын күн ілгері жоспарлап, оны оқушыға қалай игерту әдістерін белгілеуге мұғалімнің жауапкершілікпен қарау керектігін Ы.Алтынсарин баса көрсетеді: «Оқушылардың түсінбеушілігін оқытушылардың өз кінәсі деп білмей, оқушылардың оқуға зер салмайтындығынан немесе топастығынан деп білетін мұндай оқытушылардың қатты адасатыны айтпай-ақ түсінікті. Менің тәжірибемде мұндай оқытушылар педагогтар ұсынып отырған оқу құралдарымен еш уақытта дұрыс танысып алмайды, олардың ешбіреуін аяғына дейін оқып шықпайды, оқушылардың жалпы мінез-құлқына, ақыл-парасатына, онымен қатар, орыс балаларына қарағанда, қазақ балаларының ана тілінде өзгешеліктер болатынына, ана тілінің басқалығына зер салмайды, осылардың бәрін еске ала отырып, шындап еңбек сіңірмейді. Мұның аяғы балаларды басы да жоқ, аяғы да жоқ бірдемеге, ешбір тәртіпсіз оқытуға әкеліп соғады», -дей отырып, бұл пікірін педагогикалық тұрғыда былайша жалғастыра түседі: «егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс. Ол – балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек: әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек; мәнерлі сөз, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға ғана түсініксіз болып қоймайды, басқа тыңдап отырған адамдардың құлағына да жақпайды» [11, 2].

Бұл міндеттерді орындау үшін ең алдымен, оқушылардың сауаттылығын арттыру мәселесі қойылады. Ал бұл талап пунктуацияны оқытумен байланысты.

Өйткені «тыныс белгілері, пунктуациялар - айтайын деген ойды нақтылы, дәл, түсінікті етіп жеткізу үшін, баяндалмақшы пікірді айқын білдіру үшін қойылатын жазуға тән шартты белгі», - деп қарастырылған [12, 412].

Тыныс белгілері (пунктуациялар) - айтайын деген ойды нақтылы, дәл, түсінікті етіп жеткізу мен баяндалмақшы пікірді айқын білдіру үшін қойылатын жазуға тән шартты белгі. Бұл - тыныс белгілерінің ең басты қасиеті. Тыныс белгілерін - тіл білімінде пунктуация деп те атайды. Ол жазумен байланысты қалыптасты, дамыды, жетілді. Тыныс белгі сөз тіркестері мен сөйлемдерді айтқанда, немесе оқығанда тілде байқалатын кідірісті де, дауыста аңғарылатын әркелкі құбылысты да білдіреді. Бұл - тыныс белгілернің көмекші қасиеті. Жазба тілде болсын, сондай-ақ ауызекі тілде болсын тыныс белгілерін дұрыс қолдана білудің үлкен мәні бар. Тыныс белгісі мүлде қойылмаған немесе дұрыс қойылмаған сөйлемді түсінікті етіп оқу да, мағынасын түсіне білу де қиын, ондай ой күңгірттеніп, екі ұшты болып, тіпті сөйлем құрамындағы сөздер синтаксистік қызметі жағынан өзгеріске түсуі де мүмкін. Мысалы, Бұл келген - сол Есіл бойындағы Қарасарт аулының жиені Жүсіп баласы Қожаш (С. К.). Бұл сөйлемге қатысты тыныс белгілері дұрыс қойылған. Егер Жүсіп баласы Қожаш дегеннен соң нүкте қойылмаса, сөйлем аяқталмағандай болып, оның ар жағында сөз жалғасы бардай болып көрінеді. Сондай-ақ есімше тұлғалы *келген* сөзінен соң сызықша қойылмаса, *келген* сөзі бастауыш қызметін емес, өзге мүше қызметін атқарған болар еді де, нәтижесінде сөйлемде берілетін ойға нұқсан келер еді.

Тыныс белгілерін дұрыс қою үшін үш түрлі белгі негізге алынады: сөйлемнің *синтаксистік ерекшелігі*, *сөйлемнің мағынасы*, *сөйлемнің интонациясы*. Құрамына қарай сөйлем, негізінен, жай және құрмалас сөйлем болып екіге бөлінеді. Бұлардың өзі іштей мағынасына, айтылу сазына, құрамындағы жай сөйлемдердің тиянақтылық, тиянақсыздық қасиеттеріне, жасалу жолдарына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Міне, осымен байланысты сөйлемнің ерекшеліктеріне, қолданылу сипатына қарай әр түрлі тыныс белгілері қойылады. Хабарлы сөйлемнен соң (жай, құрмалас, толымды, толымсыз, жақты, жақсыз сөйлемдер т.б.) нүкте (.) қойылады. Сұраулы сөйлемнен соң сұрау (?), лепті

сөйлемнен соң леп белгісі (!) қойылады. Оңашаланған мүшелер, оқшау сөздер (қаратпа, қыстырма, одағай) сөйлем құрамындағы өзге мүшелерден, негізінен, үтір, сызықша арқылы ажыратылады. Сондай-ақ жалпылауыш сөз сөйлемнің біріңғай мүшелерінен бұрын келсе, жалпылауыш сөзден соң қос нүкте қойылады да, ол керісінше келетін болса, жалпылауыш сөздің алдынан сызықша қойылады.

Тыныс белгілерінің дұрыс қойылуы сөйлемдегі кейбір сөздердің, сөйлемнің мағынасына тікелей байланысты. Мысалы, *Мен оның сөзінен байқаймын* деген сөйлемді *Мәлғұн шалдың сөздері, байқаймын, Пугачевты ойландырған сияқты (Пушкин)* деген сөйлеммен салыстыратын болсақ, бірінші сөйлемдегі байқаймын сөзі, аңғарамын, білемін деген мағынада жұмсалып, белгілі бір сөйлем мүшесі (баяндауыш) қызметін атқарып тұрса, екінші сөйлемдегі байқаймын сөзінде ондай қасиет жоқ. Бұл - *меніңше, байқауымша, тәрізді* мәнде қолданылып, оқшау сөздің бірі - қыстырма сөз қызметінде жұмсалып тұр, сондықтан оның екі жағынан бірдей үтір қойылады. Сондай-ақ көп нүкте, тырнақша, жақша, сұрау, леп белгілері сөйлемнің мағынасына қарай да қойылады.

Тыныс белгілерін дұрыс қою интонациямен тікелей байланысты. Мысалы, жай, құрмалас, сұраулы, лепті сөйлемдерге байланысты қойылатын тыныс белгілері интонацияға негізделеді. Бастауыштан кейін қойылатын сызықшада интонацияның ролі айрықша көрінеді. Мысалы, *Еменнің иілгені - сынғаны. Көптің ісі - көл (мақал). Ол - Әбіштің туған елінде, аулында ешкімге айтпаған, аша алмаған сыры (М. Ә.)*. Бірінші, екінші сөйлемдердегі сызықшылар бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен немесе заттанған есімшеден болғандықтан қойылып тұрса, үшінші сөйлемдегі сызықша сілтеу есімдігінен болған бастауыш анықтауышқа ұқсап кетпес үшін қойылып тұр.

Қазақ пунктуациясы - қазақ тыныс белгілері жөніндегі ережелердің жиынтығы. Ол - тыныс белгілерінің түрлерін және олардың әрқайсысының қызметін қарастырады.

Қазақ пунктуациясы грамматикаға, мағынаға және интонацияға негізделеді, екінші сөзбен айтқанда, сөйлемнің грамматикалық құрылысына, мағынасына, интонациясына қарап қойылады.

Қазақ пунктуациясының негізгі қызметі - тілдің ішкі заңдылықтарына сүйеніп, сөйлесімді сөйлемдерге, сөйлемдерді белгілі бір бөліктерге бөліп, ажыратып, жазу және оларды дұрыс, мәнерлеп, нақышына келтіріп, оқуға,

сонымен бірге жазылған ойды я оның бөлшектерін дұрыс түсінуге мүмкіндік жасау. Мәселен, нүкте сөйлеуді сөйлемдерге саралайды да, аяқталған жай немесе күрделі ойды білдіреді. Мәселен, егер бір мәтінді алып, төмендегідей сөйлемдердің ара жігін ажыратпай жазсақ, оқушылар оны оқығанда, қатты қиналып, тіпті оның мағынасына да түсінбей қалуы ықтимал: *Күн салбырап еңкейген күзге салымғы жылы күн азырақ салқын тартқан орман ағаштарының сарғайған және қызарған жапырақтары еңкейген қызыл күннің құлпырып шашыраған алтын шұғыласымен шағылысады маңайда Хамиттан басқа адам жоқ.* (С. Сейфуллин). Ал осы мәтінде Сәкенше төрт сөйлем етіп, араларына тыныс белгілерін қойып төмендегіше жазсақ, ол мәтінді де, ондағы сөйлемдерді де оқушылар қиналмай, мәнерлеп, дұрыс оқи алады және әр сөйлемнің мағынасына саналы түсінеді, өйткені тыныс белгілерінің сөйлемдерді, олардың мағынасын саналы түсінуге жәрдемі тиеді:

Күн салбырап еңкейген. Күзге салымғы жылы күн азырақ салқын тартқан. Орман ағаштарының сарғайған және қызарған жапырақтары еңкейген қызыл күннің құлпырып шашыраған алтын шұғыласымен шағылысады. Маңайда Хамиттан басқа адам жоқ. (С. Сейфуллин).

Үтір құрмалас сөйлемнің бөліктерінің, сонымен бірге біріңғай сөйлем мүшелерінің арасына қойылады. Сол арқылы ол құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдерін және біріңғай сөйлем мүшелерін іштей ажыратады да, олардың арасына кідіріс жасап (пауза қойып) оқу керектілігін аңғартады. Егер біз үтірдің қызметін елемей, сөйлемді іштей ажыратып жазбасақ, оны дұрыс оқи алмас та едік, әрі жазушының айтайын деген ойын өз мәнінде түсінбеген де болар едік. Мысалы, *Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Үш миллионнан халқы артық дүниеде бір қала да бар, дүниенің бас-аяғын үш айналып көрген кісі толып жатыр,* деген Абай сөздеріндегі біріңғай мүшелер мен сөйлем құрылымдарынан кейін үтір қоймасақ, ақын жазғаннан дұрыс оқуға, ақын ойын дұрыс түсінуге нұқсан келер еді.

Сонымен, бұл келтірілген деректер қазақ тыныс белгілерінің сөйлемнің грамматикалық құрылысына қарап қойылатынын дәлелдейді. Сондықтан ол С. И. Абакумовтың пунктуациясының негізгі қызметі жайындағы пікірінің дұрыстығына айғақ болады: “Основное назначение

пунктуации заключается в том, чтобы указывать расчленение речи на части, имеющие значение для выражения мысли при письме [13,37].

Қазақ тыныс белгілері тек қана грамматикалық құбылысты аңғартып қоймайды, сонымен бірге сөйлемнің мағынасын да білдіреді... Мәселен, *Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін, әншейін осылардың ызасынан ба? Өзіме өзім ыза болғанымнан ба? Бір бөтен себептен бе?* (Абай) деген сөйлемдерде сұрақ белгілері сол сөйлемдердің ара жігін ашып тұрған жоқ, сонымен бірге олардың сұраулық мағынаны білдіретінін байқатады. Осы сияқты көтеріңкі белгісі де сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін және ол сөйлемнің леп мағынасы барын аңғартады. Ал құрмалас сөйлемнің арасына қойылатын қос нүкте оның жалғаулықсыз себепті салалас немесе іліктес салалас екенін, көп нүкте сөйлемде айтылуға тиісті ойдың аяқталмай қалғанын білдіреді. Бұл тәрізді деректер қазақ пунктуациясының сөйлемнің мағына-мәніне қарай та қойылатынын айқындайды.

Қазақ тыныс белгілері сөйлемнің интонациясына қарап (негізделіп) те қойылады. Мәселен, соңына нүкте қойылған сөйлем еш уақытта көтеріңкі дауыспен (интонациямен) оқылмайды. Керісінше, сұраулы, лепті сөйлемдерді оқығанда, дауыс көтеріңкі айтылады. Ал тек қана интонация арқылы жасалынатын сұраулы сөйлемдер (*Ертеңен бастап оқу тәжірбиесінде боласыңдар. - Ертеңнен бастап?* деген сияқты сөйлемнің пунктуациясы интонациясына қарап қойылатын байқатады және оған дәлел бола алады.

Бастауыштан соң қойылатын сызықша да пунктуацияның интонацияға сүйенетінін аңғарта алатын тәрізді. Мысалы, *Ол -елден келді* деген сөйлемде *ол* сөзінен соң сызықша қойып жазсақ, біреудің (бір кісінің) елден келгенін білеміз. Мұндай жағдайда *ол* сөзі сөйлемде бастауыш қызметін атқарады да “кім” ? сұрауына жауап болады. Сөйлемді оқығанда, *ол* сөзінен кейін пауза жасалынады, *ол* сөзі ерекше интонациямен айтылады. Егер сол сөйлемдегі “*ол*” сілтеу есімдігінен кейін сызықша қойылып жазылмаса, сөйлемді оқығанда “*ол*” сөзі ерекшеленбейді. Мұндай жағдайда сөйлемдегі *ол* біреудің сөйлеушіге я жазушыға ғана белгілі бір елден келгендігі жайлы айтылады және *ол* сөзі бұл сөйлемде *қай?* сұрауына жауап болып, анықтауыш қызметін атқарады. Бұл да кейбір жағдайда қазақ пунктуациясының интонацияға негізделетінін және сөйлемдегі сөздерді өз интонациясымен

оқуға көрсеткіш бола алатынын байқатады. Сөйтсе де қазақ пунктуациясы тек қана интонация мен паузаға байланысты деп қарауға да, түсінуге де болмайды. Себебі тілімізде ерекше интонациямен айтылатын сөздерден соң ешбір тыныс белгі қойылмай жазылатын сөйлемдер де бар. Бұлардың қатарына үйірлі мүшелі сөйлемдерді және шылаумен байланысқан ыңғайлас салалас сөйлемдерді атауға болады. Үйірлі бастауыш сөйлемде: *Әкесі шаңғы әперген бала тым қуанышты.* Бұл сөйлемдегі үйірлі бастауыш *-әкесі шаңғы әперген бала.* Интонация үйірлі бастауышқа түсіп, үйірлі бастауыштан соң пауза қойылып айтылады, ал жазғанда, одан кейін ешбір тыныс белгісін қоймай жазамыз. Осы сияқты үйірлі анықтауышты, үйірлі толықтауышты, үйірлі пысықтауышты сөйлемдерде интонация сол мүшелерге түсіп айтылғанымен, жазғанда, олардан соң ешбір тыныс белгісі қойылмайды.

Өлеңді сөйлемдерде инверсия жасалатындықтан, кейбір синтагмадан кейін пауза қойылып айтылады. Ал жазғанда, пауза жасалған сөздерден кейін немесе ерекше интонациямен айтылған сөздерден соң ешбір тыныс белгісі қойылмай жазылады.

Міне, мұндай тілдік деректер пунктуация мен интонацияның жаратылысының және атқаратын қызметінің бір еместігін дәлелдейді. Пунктуация жазу мәдениетін көтерсе, интонация оқу, сөйлеу мәдениетін арттырады; пунктуация жазу арқылы ой білдірудің құралы болса, интонация – ауызекі тілде ой білдірудің құралы. Пунктуация мен интонацияның осындай ерекшелігін алғаш көрсеткен професор С. И. Абакумов былай деп жазған еді: «Интонация и пунктуация – это как бы две сестры, дочери одного и того же отца – смысла речи. Но надо сказать, что эти два равноправных средства выражения не равнозначны» [13,31].

Ескере кететін бір жай: жалпы қазақ пунктуациясы мағынаға, грамматикаға және интонацияға негізделетінін талассыз мойындап және сол пікірді көптеген тілдік деректермен дәлелдегенімізбен, белгілі бір тыныс белгісі тек қана грамматикаға, мағынаға, жалаң интонация мен паузаға негізделіп қойылады деген тұжырым да түгел емес. Белгілі бір тыныс белгісінің грамматикаға я мағынаға, яки интонацияға, әйтеуір осы үшеуінің біреуін басымырақ таяныш етіп барып жазылуы ықтимал. Алайда соның өзі аздап болса да басқалармен байланысты болмай тұра алмайды. Мәселен, сызықша интонацияға негізделе қойылады дегенімізбен, оның грамматикамен тығыз

байланыстылығын жоққа шығара алмаймыз. Өйткені сөйлемде ерекше интонациямен айтылған сөзден соң талғаусыз сызықша қоя бермейміз: тек қана белгілі бір грамматиканың заңдылығына (ережелеріне) сүйеніп қана сөйлемдегі белгілі бір сөзден кейін я алдына сызықша қойып жазамыз. Олай болса, жоғарыда белгілі бір тыныс белгілері грамматикаға негізделіп жазылады дегенде, олардың мағына мен интонацияға ешбір қатысы, байланысы жоқ деген ұғым тұмауы тиіс. Керісінше, белгілі бір тыныс белгісі интонацияға негізделеді дегенде, оны мағына мен грамматикадан тыс деп қарамағанымыз жөн. Мұның өзі тыныс белгілерін қоюда диалектикалық заңдылықтың басшылыққа алынатынын дәлелдейді.

Тұжырымдағанда, қазақ пунктуациясы мағынаға, грамматикаға және ішінара интонацияға негізделеді. Бұл жағдайда қазақ тыныс белгілерінің бір мағынаны білдіруіне және белгілі бір қызмет атқаруына тірек бола алады.

Тыныс белгілер және олардың қойылу қағидалары.

1. Пунктуация - жазбаша қарым-қатынас жасауға қызмет ететін графикалық таңбалар жиынтығы. Ол қағаз бетіне түскен ойдың оқушысына сол автор көздеген мақсатын қаз қалпында айнытпай жеткізуге көмектеседі. Ауызекі сөйлеуде адам ойының кейбір жетпей тұрған жерлерін бет-жүз, қол қимылы, дауыс ырғағы сияқты қосымша құралдармен бере алады. Оның бәрін қағаз бетіне әріппен түсіре алмайсың, тыныс белгілер - жазуда осы сияқты нәрселерді айнытпай белгілеудің құралы, оқыған кезде әріптермен (сөзбен) бірге оқылады, автордың айтпақ ойын айқын көрсете алады. Мысалы: *Тақырбұлақ тұсына келгенде Байтастар баланы жеке шабудан тежеп:*

- *Енді бізден ұзап кетпе! Анау Есембайдың жырасын білесің ғой!.. Ұры жатады ... - деді.*

- *Сені мен бізді манадан көріп отыр! «Қоқырақтап жалғыз шабатын неме екен, түсіріп, атын әпкел өзінің!» - дейді де, сені төбеден бір-ақ нұқып, мына бәйге бестінді алады да, кете барады, - деді Жұмабай да*

- *Е, сендер ше? Сендер беріп жібересіңдер ме?*


- *Ойбай, бізде не қауқа бар? Біз екеу-ақ... (М. Әуезов).*

Берілген мәтінде тыныс белгісінің бірнеше түрі бар, солардың ішіндегі леп белгісінің өзі бірнеше мағынаны білдіріп тұр, бірінші сөйлемде - өтініш, екіншіде - ескерту, келесіде-қорқыту, шошыту тәрізді мағыналар, сұрау белгісі де сол сияқты, жауап алумен қоса, шарасыздық мағыналарын көрсетеді. Ал көп нүкте мұнда

аяқталмағандыққа қоса, ескерту мәнін де білдіреді. Тұтастай алғанда, бұл тыныс белгілер арқылы аз сөзбен көп мағына берілді. Мысалы, үлкендер қанша үлкен болса да, баламен, Құнанбайдың баласымен, басқаша сөйлесе алмайды, оған бұйыра, шын мәнінде үркіте де, қорқыта да алмайды. Әрине, мұнда сөз мағынасының да орны ерекше, тыныс белгісі осы үлкен психологиялық қарым-қатынасты айқын ашып тұр. Ендеше, тыныс белгілері дұрыс қойылмаған мәтінді оқу да, оның мағынасын түсіну де қиын, болмақ. Сондықтан жазуды үйретумен бірге оқушыларды тыныс белгілерді дұрыс қоюға жаттықтырылады.

Тыныс белгілері, ең алдымен, сөйлемнің грамматикалық құрылысына байланысты қойылады. Сөйлем – қарым-қатынас жасаудың басты құралы, біршама тиянақталған ой. Оқушы осы ойдың аяқталған шегін білуі қажет. Айтушы ойын жай сөйлеммен де, құрмалас сөйлеммен де бере алады. Ендеше тыныс белгісі, ең алдымен, ойдың аяқталған шегіне байланысты болып келеді, осыған орай сөйлем соңына және құрмалас құрамындағы жай сөйлемдердің арасына қойылатын тыныс белгілері болып бөлінеді. Тыныс белгілерін сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктеріне сүйеніп қою грамматикалық ұстаным деп аталады. Осыған байланысты қойылатын белгілер: нүкте (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!), көп нүкте (...), нүктелі үтір (;), оның ішінде сөйлем соңына қойылатындары: нүкте (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!), көп нүкте (...).

Пунктуациядағы негізгі нәрсе – мағыналық бөлік, тыныс белгілері осы мағыналық бөлікке байланысты қойылады. *Абай үндеген жоқ.* – Бір мағыналық бөліктен тұрады, біршама аяқталған хабар. *Абай бұларды тосып алып, енді үшеуі бірдей жарысуға айналды.* – Бұл сөйлемде екі мағыналық бөлік бар, себебі бұл – құрмалас сөйлем.



Осыған байланысты тыныс белгісі екі жерге жай сөйлемдер арасына, сөйлем соңына қойылады. Мағыналық

бөліктің синтаксистік құрылымы, заттық-логикалық мағынасы бар, сондықтан ол белгілі дауыс ырғағымен де ерекшеленеді, ендеше оны пунктуациялық-мағыналық бөлік деп атауға да болады.

Мағыналық бөлік жеке сөз, сөз тіркесі, сөйлем түрінде кездеседі. Сонда тыныс белгілері, екіншіден, мағынаға байланысты қойылады, қызметіне қарай ойды бірінен-бірін бөлуші, даралаушы және сөйлем құрамындағы сөздердің мағынасын айқындаушы, ерекшелеуші болып бөлінеді.


- *Е, балам, «шешенің судай төгілген, тыңдаушың бордай егілген» дегендей, сөйлеуді де, тыңдауды да сүйген ел - ел дағы. Тыңдауға өзің жалықпасаң, айтуға Байкөкше жалықпас! - деп, жас жолдасына қарап күліп қойды.* Мұндағы үтір мен тырнақша - мағына айқындаушы белгілер, қаратпа сөз Абайға арнау, назарын аудару мәнінде қолданылып тұрса, тырнақша төл сөздің мағынасын ашып тұр. Сонымен қатар, бірыңғай мүше де, бастауыш пен баяндауыш арасындағы сызықша да мағына ерекшелеу қызметін атқарып тұрғанын байқау қиын емес. Мұндағы тыныс белгілері сөйлемнің грамматикалық құрылысымен қоса, сөйлемдегі басқа пунктуациялық-мағыналық белгілерге де байланысты қойылған. Олар: қаратпа, бірыңғай мүше, төл сөз. Міне, осы сияқты белгілерге сүйеніп қою *мағыналық ұстаным* деп аталады. Бұл ұстаным бойынша қойылатын белгілер: *үтір, сызықша, қос нүкте, жақша.*

3. Тыныс белгілерін қоюдағы үшінші ұстанымы - интонация, дауыс ырғағы. Бұлардың ешқайсысы таза күйінде кездеспейді, тек бір ғана белгіге сүйеніп тыныс белгі қоя аламыз, дегенмен жетекші ұстаным деп грамматикалық ұстанымды айтуға болады, себебі ол сөйлемдегі негізгі ойды айқындауға көмектеседі.

Сонымен, тыныс белгілерінің кездесетін жері (орны)- үшеу: а) сөйлем соңы, мұнда қойылатын тыныс белгілер: нүкте (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!), көп нүкте (...); ә) құрмалас құрамындағы жай сөйлемдердің арасы, мұнда үтір (,), нүктелі үтір (;), қос нүкте (:), сызықша (-) қойылады; б) жай сөйлем ішінде кездесетін тыныс белгілері үтір (,), қос нүкте (:), сызықша (-), жақша (), тырнақша («»). Сөйлем соңында бұлардың қабаттасып келетіні де болады.

Тыныс белгілерін қоюдың теориялық негізі. Пунктуация тілдің синтаксис саласымен тығыз байланысты, себебі синтаксис қарым-қатынастың басты құралы - сөйлемді зерттейді. Пунктуация сөйлемнің құрылысын ғана ажыратып қоймайды, синтаксистік мағынаны да білдіреді. Сол себепті

пунктуацияны үйретуге негіз болатын басты тілдік бірлік – сөйлем. Сөйлем – пікір білдірудің, сол пікірдің шындыққа жанасымдылығын білдірудің құралы. Оқушы сөйлемнің басты үш белгісін тани алуы керек, оны білмеген жағдайда сөйлемнің құрылымын анықтай алмайды, сөйлемдегі ойдың қай жерде аяқталғанын білмейді. Сөйлемнің басты грамматикалық белгісі – алдымен, *ақиқит туралы баяндау*, бұл – сөйлемнің бәріне ортақ белгі. Сөйлемдегі шындық туралы хабар, сөйлемнің түйіні баяндауыш мүшеден көрінеді, сондықтан баяндауыш *предикат мүше* болып аталады. Сөйлемдегі шындықтың иесі – бастауыш. Сөйлемнің негізін құраушы осы екі мүше-бас мүшелер, предикаттық қатынасты жасайтын мүшелер. Сөйлемнің құрылысы осыған байланысты, бір предикаттық қатынастан тұратын сөйлем – жай сөйлем де, предикаттық қатынас бірнешеу болса, сөйлем құрмалас болады. Предикаттық қатынас сөйлемнің *грамматикалық орталығы*. Жазуда бұл тыныс белгілері арқылы көрінеді. Ол үшін талдауда сөйлемнің грамматикалық орталығын іздейміз. Сөйлемнің негізі – бастауыш пен баяндауыш.



Бұл – бір грамматикалық негізден тұратын сөйлем, сондықтан хабарлаудың мақсатына сай, тыныс белгісі сөйлем соңына қойылады.

Абай өзінің қатаң ойларын сыртқа шығарған жоқ, қабақ түйіп ішке жиды.

Бұл сөйлем екі грамматикалық орталықтан тұрады:

біріншісі – Абай шығарған жоқ;

екіншісі – (Абай) ішке жиды.

Мұндайда тыныс белгісі екі жерге – жай сөйлемдердің арасына және сөйлем соңына қойылады. Бір грамматикалық орталықтан, бір предикаттық қатынастан тұратын сөйлем *жай сөйлем*, екі не одан көп грамматикалық орталықтан тұратын сөйлем *құрмалас сөйлем* деп аталады. Сөйлемнің бұл түрін оқушы, әрине, біледі. Бұл жерде оқушы назарын сөйлемнің грамматикалық негізін табуға көбірек жетелеу дұрыс, ол, бір жағынан, өткенді қайталау емес, біршама салмақты, жаңа мәселе болып көрінеді. Көп жағдайда оқушылар сөйлемде баяндауышты таба алмай, әсіресе есімше формасындағы сөздің бәрін баяндауыш деп қателеседі де, сөйлемнің грамматикалық құрылымын да, мағынасын да бұзып алады, қандай тыныс белгісін қоюды

білмей шатасады. Мысалы: *Тыста бір нәрсеге қатты ашуланып, ақыра сөйлеп, аттан түсіп жатқан Құнанбай үні естілді.* Бұл - жай сөйлем, тек күрделенген түрі. Жай сөйлем болатын себебі - шындық, оқиға, хабар - біреу ғана, грамматикалық негіз, орталық - қалғанының бәрі үйірлі анықтауыш, өз ішінде бірыңғай, үтір сондықтан қойылып тұр. Осы сөйлемде оқушы түсіне алмай, бірден «жатқан» баяндауыш деп сызады немесе басқа етістіктерді де солай есептейді. Ендеше сөйлемдегі басты нәрсе - шындық, ақпарат екенін оқушы бойына әбден сіңіру болмақ. Аталған сөйлемдегі айтылып тұрған ой, шындық - «үні естілуі». Бұл жерде тыныс белгіні грамматикалық ұстаным бойынша қойып отырмыз, мұны білу оқушы үшін артық емес. Сонымен, предикативтілік - сөйлеудің шындыққа қатыстылығы, ал сөйлемнің екінші басты белгісі - модальділік. Қызметі жағынан предикативтілік сөйлемнің шындық туралы баяндалуы болса, баяндаудың мазмұнына деген айтушының көзқарасы модальділік деп аталады. Бұл көзқарас шындық мазмұнына байланысты әр түрлі болады. Ол морфологиялық, лексикалық-синтаксистік тәсілдер арқылы беріледі. Атап айтқанда, рай тұлғалары, модаль сөздер, демеуліктер. Баяндау мақсатына қарай сөйлемдер: хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер, эмоциялық мағынасына қарай лепті болып бөлінеді. Сөйлемнің аталған белгілеріне ұласып туындайтын үшінші белгісі - интонация.

Тыныс белгілері - сөйлемдегі айтылған ойды, эмоцияны жеткізудің құралы. Олардың ең көп қолданылатын жері де осы - сөйлем соңы. Оқушылардың міндетті деңгейін көрсететін көрсеткіш те - сөйлем соңына қойылатын белгілерді білуі. Ал тыныс белгілерінің қабаттасып келуі, жақша, тырнақша сияқты тыныс белгілерінің біразы оқушының мүмкіндік деңгейіне негізделеді.

Тыныс белгілерін қоюда енді бір көбірек сүйенетін теориялық мәселе - жай сөйлем құрамындағы қосымша мәлімет беретін, сөйлемнің мағынасын кеңейтетін, біршама күрделендіретін, бірақ құрылысын өзгерте алмайтын бөліктер. Атап айтқанда, бірыңғай мүше және оңашаланған айқындауыш, қыстырма, қаратпа сөздер. Бұлар жазуда тыныс белгілерімен ерекшеленеді.

Сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш арасы, оған байланысты қойылатын сызықша, ықшамдалған сөйлемдер, құрмаластардың жалғаулықты, жалғаулықсыз байланысуы сияқты мәселелер пунктуацияның лингвистикалық негізіне жатады. Сондықтан оқушыларға тыныс белгілерді қоюға

үйрету үшін жоғарыда аталған үш ұстанымдар игертіледі. Сонымен қатар сөйлемде және мәтінде мағыналық бөлікті көрсетіп, танытып тұратын белгілер де болады.

Мысалы:

Ұлыс бегі осыны айтқанда, Ұлы жүз жігіттері жамырай үн қатып, шуылдасып кетті:

- Құдай сақтасын! О не дегеніңіз, Тәке?!
- Ойбай-ау, өмір бойы аңсап күткеніміз осы аттаныс емес пе еді?!

- Төбеге келіп ту тігіп, Дарабоздың өзі дабыл қағып отырса, бұдан

артық Құдайдан тілегеніміз не? -десіп жатыр (Қ. Жұмаділов).

Мағыналық бөлікті танытатын белгілер немесе тыныс белгілерін қоюды қажет ететін белгілер:

а) морфологиялық (демеушілік шылаулар, одағай, сұрау есімдіктері, рай тұлғалары);

ә) синтаксистік (предикаттық қатынас саны, бірыңғай мүше, қыстырма, айқындауыш, қаратпа);

б) дауыс ырғағы (баяндау, қуаныш, реніш, шақыру, бұйыру, тілек, өтініш т.б.)

Берілген сөйлемдерде осы белгінің үшеуі де бар: ойбай-ау, не демеулік шылауы, не сұрау есімдігі. Осылардың қатысуы арқылы сөйлемнің мақсаты, эмоциялық белгісі көрінеді. Сондықтан сөйлемдер сұраулы, лепті болып, сұрау, леп белгісі қойылып тұр. Бұйрық рай бұл жерде бұйыру мәнін бермейді, сондықтан сөйлем шошыну, ақталу мәнді дауыс ырғағымен айтылып, леп белгісі қойылған. Синтаксистік белгілер: диалог, автор сөзі, жай, құрмалас сөйлемдер. Ендеше тыныс белгілері қойылуға тиісті орын, оны нақтылап, көрсетіп тұратын белгілер болады. Сонымен, тыныс белгілерін оқытудағы, үйретудегі басты нәрсе – оқушылардың пунктуациялық дағдысын қалыптастыру. Оқушының өзі оқыған грамматикалық материалдарға сәйкес, пунктуациялық ережелерге сүйеніп жазуда тыныс белгілерін еркін қоя білуі пунктуациялық дағды деп аталады. Мектепте оқушының бойында мынадай дағдылар қалыптасуы тиіс:

а) сөйлемді құрылысына қарай ажыратып, тиісті тыныс белгісін қоя білу;

ә) сөйлемді айтылу мақсатына қарай ажыратып, тиісті тыныс белгісін қоя білу;

б) сөйлем құрамындағы ерекшелікші мағыналық бөліктерді (қаратпа, бірыңғай, қыстырма, одағай) тауып, тиісті тыныс белгісін қоя білу;

в) тыныс белгісінен кеткен қателерді анықтап, түзете білу.

Оқушының пунктуациялық дағдысының қалыптасуы оның ойлау-сөйлеу дағдыларымен тікелей байланысты, сондықтан пунктуациялық дағдыны қалыптастыруда бірыңғай грамматикалық талдау жұмыстары ғана емес, оқушының байланыстырып сөйлеу әрекетін жетілдіру, шығармашылық, тіл ұстарту жұмыстарын бірлікте, бірімен-бірін байланыста жүргізіледі.

Тұжырымдағанда, оқушыларды оқытуда пунктуация мынадай жүйеге құрылады: пунктуация туралы түсінік, пунктуация ұстанымдары, пунктуацияның қойылу ерекшеліктері.

1. Пунктуация туралы түсінік. «Пунктуация» термині мына түсініктерді қамтиды: Графика мен орфография арқылы жазба тілінің негізгі тәсілдерін құрайтын алфавиттен тыс графикалық белгілер жүйесін (тыныс белгілер); бұл жүйенің негізгі жұмысы – жазба, оның ішінде баспа мәтінін бөлшектеу және графикалық ұйымдастыруды; белгілі бір тілдің тарихи қалыптасқан жазба мәтінін пунктуациялық ретке келтіру нормаларының ережелерін; пунктуация жүйесінің заңдылықтары мен тыныс белгілерінің қолданылу нормаларын зерттейтін тіл білімінің бөлімін.

Қазіргі қазақ пунктуациясының жүйесі кең тарапты келеді: міндетті түрде қолданылатын ережелермен қатар қатаң нормалардан тыс мағына жағынан ғана емес, сонымен бірге стилистикалық ерекшеліктері бар нұсқалары бар.

Грамматиканың теориялық мәселелерінің жетістіктері, әсіресе синтаксис теориясы негізінде құрылады.

2. Пунктуация ұстанымдары: Мәндік-жазба мәтінді түсінудегі пунктуацияның рөлі; грамматикалық-жазба мәтіннің синтаксистік құрылымын анықтаудағы пунктуацияның рөлі; интонациялық-тілдің ритмикалық және әуендік көрсеткіші ретінде пунктуацияның рөлі; бұл ұстаным көбіне қосымша ретінде қарастырылады.

Көрсетілген бағыттармен қатар пунктуацияның қатысымдық ролі анықталады және жазба мәтінде тыныс белгілерін пайдалану арқылы сөздің не сөз топтарының қатысымдық мағыналарын табу арқылы көрсету мүмкіндігі болады.

Бүгінгі лингвистикада пунктуацияны қызметтік мақсатта зерттеу белсенді дамуда: тыныс белгілерінің қолданылу заңдылықтарын зерттеу арқылы ол оның мәтіндегі нақты қызметіне сүйенеді.

Пунктуация ұстанымдары тілді оқыту тәжірибесімен байланысты.

3. Пунктуацияның қойылу ерекшеліктері: Пунктуация өзінің ерекше қызметімен орфографияның да қойған мақсаттарын іске асырады: жазба тілі арқылы адамдардың қарым-қатынасын толық қамтамасыз етеді; жазуда айтылған ойды дұрыс жеткізуді, яғни пунктуациялық сауаттылықты - игерту.

Мектепте пунктуация бойынша жүргізілетін жұмыстың үш бағыты бойынша жүргізілмек: 1. Пунктуация әдістемесі жайында түсінік; 2. Пунктуациялық сауаттылық деңгейлерін игеру; 3. Пунктуацияға үйрету мақсаттарын білу.

1. Пунктуация әдістемесі. Оқушыларда пунктуациялық икемділіктер мен дағдылардың қалыптасу жолын баяндайтын тілді оқытудың әдістемесінің бөлімі. Бұл пунктуация әдістемесін дамытуға үлес қосқандар: Ұйықбаев И., Ә.Хасенов, М.Балақаев, Мұсабекова Ф., А.Ысқақов, т.б. және орыс ғалымдары Ф. И. Буслаев, Я. К. Грот, А. М. Пешковский, Л. В. Щерба, А. Б. Шапиро, С. И. Абакумов, Г. И. Блинов, Л. Т. Григорьяк т.б. Қ. Арғынов, Р. Сыздықова:

2. Пунктуациялық сауаттылық деңгейлері. Абсолютті пунктуациялық сауаттылық - барлық пунктуациялық нормаларды мүлтіксіз меңгеру; авторлық мақсатта тыныс белгілерін дұрыс қолдана білу;

Салыстырмалы пунктуациялық сауаттылық - пунктуациялық ережелердің көбін қолдана білу.

Орфография мен пунктуациядағы абсолютті сауаттылық - аз адамдарда, яғни тәжірибелі корректорлар мен білімді тіл мұғалімдерінде қалыптасқан. Сондықтан Л. В. Щерба басқа жазу жазатын, өздерін сауаттымын деп есептейтін адамдардың сауаттылығы тек салыстырмалы түрде ғана болатындығын айтады [14].

3. Пунктуацияға үйретудің негізгі мақсаты - оқушылардың пунктуациялық сауаттылығын қажетті деңгейге жеткізу:

- танымдық мақсат - пунктуация бойынша білім алу;
Онда:

- тәжірибелік мақсат - пунктуациялық икемділіктерді қалыптастыру.

Ал пунктуациялық икемділік мына сияқты танымдардан тұрады:

1) Пунктуация мен тыныс белгілерінің қызметін ашу;

2) Пунктуацияның негізгі единицасымен таныстыру – яғни, пунктуациялық- мағыналы бөлік пен мағыналы бөліктердің түрлерімен;

3) Тыныс белгілерінің қызметімен таныстыру – тыныс белгі қойылатын мағыналы бөліктерін ажырататын ерекшеліктерімен таныстыру;

4) Бағдарламаға енген пунктуациялық ережелерді меңгерту.

5) Оқушылардың пунктуациялық қырағылығын дамыту;

6) Оқушыларға өтілген пунктуациялық ережелерге сай тыныс белгілерін қоюды үйрету;

7) Тыныс белгілерін таңдап, дәлелдеу икемділіктерін дамыту;

8) Пунктуациялық қателерді тауып, оны жөндеуді үйрету.

Тұжырымдағанда, мектепте пунктуация бойынша жүргізілетін жұмыстар мынадай бағытта ұғымдастырылады: 1. Негізгі пунктуациялық түсініктер мен ережелер 2. Пунктуациялық икемділіктер; 3. Мектеп пунктуация курсының құрылымы.

1. Негізгі пунктуациялық түсінік пен ережелер. Пунктуацияның негізгі бірлігі – пунктуациялық-мәндік бөлік, яғни, тыныс белгілері арқылы берілетін мәндік бөлік. Бұл туралы М.Т.Баранов былай-дейді: пунктуациялық-мәндік бөліктер құрлымына қарай мынадай болады: *сөздік; сөзтізбелік; сөйлемдік [15].*

Пунктуациялық ереже – белгінің орнын таңдау және қажетті белгіні таңдау тәртібі берілген ерекше нұсқау.

Ал пунктуациялық ережелер мына мәселелерді негізге алады:

1) Пунктуациялық норма- жазуда сөйлем ішінде, мәтінде арнайы ережемен заңдастырылған тыныс белгісінің, не тыныс белгілерінің қолданылуы, не қолданылмауы.

2) Тыныс белгілер - жазба тілінде мағыналы бөліктерді көрсету үшін қолданылатын ерекше графикалық құралдар.

3) Тыныс белгілері түрлі бөліну нысандарына (сөйлем-мәтін) және тыныс белгілерінің қолданылу орнына қарай жүйеленеді.

4) Түрлі ұстанымдарда пунктуациялық-мағыналы бөлік пунктуациялық ережелерге сай түрлі тыныс белгілерімен белгіленеді және пунктуациялық норманың нұсқалары (варианты) ретінде көрінеді.

5) Тыныс белгіге орын таңдау және қажетті белгіні табу пунктуациялық ереже қызметіне, яғни мағыналы бөліктің келесі ерекшеліктеріне байланысты:

а. *Грамматикалық*: грамматикалық негіздер; сөйлемді күрделендіретін синтаксистік элементтер; бөгде сөз; жалғаулықтар мен сөйлем мүшелерінің түсірілуі.

ә. *Семантикалық* - мағыналық бөліктердің түрлі маңыздағы сипаты.

б. *Интонациялық* - ритмоәуендік;

Сондай-ақ сөйлемде және мәтінде мәнді бөлікті ажырату белгілері бар: *Морфологиялық* - есімше, көсемше, одағай, шылау, демеуліктердің болуы; *Синтаксистік* - бірнеше грамматикалық негіздері және жай сөйлемді күрделендіретін элементтердің болуы;

2. Пунктуациялық икемділіктер. Оқушылардың өтілген пунктуациялық түсініктер мен ережелер негізінде жүргізілетін іс-әрекетте дайындық жасау барысында мектепте келесі пунктуациялық икемділіктер қалыптасады:

1. Қатысымдық бірліктердің тыныс белгімен ажыратылатын мәндік бөліктерін табу;

2. Өтілген пунктуациялық ережелерге сай тыныс белгілерін қою;

3. Тыныс белгінің орнын және қажетті тыныс белгіні дәлелдеу;

4. Пунктуациялық қателерді табу және оны жөндеу.

Ал бұл икемділік пен дағды мектептегі пунктуация курсының жүйесі бойынша игереді:

Пунктуацияны оқытудың алғашқы сатысы -

1-4 сыныптарда:

- оқушылар сөйлеммен танысады;

- одан кейін логикалық екпінді, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ғана емес, сонымен бірге төл сөздің интонациясын игереді;

- нүкте, сұрау белгісі мен үтірді қолдану ережелерімен танысады;

- бастапқы оқудың қортынды кезеңінде оқушылардың синтаксис пен пунктуациядан білімдері бір жүйеге түседі. Сондай-ақ бастауыш сыныптарда пунктуацияны оқытуда мәнерлеп оқуға, интонация мен пунктуацияның бір-біріне сай жақтарына көңіл бөлініп мынадай икемділіктерді игереді.

- тыныс белгілерді ажырату, бөлу ерекшеліктерін игерту;

- бірыңғай мүшелер арасындағы үтір, шылаусыз және «ақ», «ау, еу», «және» шылауларының жазылуын білу;

- жалпылауыш сөзден кейінгі қос нүктені қоя білу;
- қаратпа сөзде қойылатын тыныс белгілерді игеру;
- құрмалас сөйлемдердің жай сөйлемдері арасында «бірақ, себебі, неге десеңіз, сол себепті, не, егер, қайсысы, дегенмен, алайда» алдында қойылатын үтірді қоя білу;
- төл сөзде қойылатын тыныс белігері мен диалогтың алдында қойылатын сызықшаны жаза білу.

5-6 сыныптарда:

- есімшеде қойылатын үтір;
- көсемшеде қойылатын үтір;
- жеке көсемшенің екі жағына қойылатын үтір;
- одағайдға қойылатын дефис, үтір, леп белгісі.

7-сыныпта:

- бастауыш пен баяндауыш арасындағы сызықша;
- айқындауыш сөздердегі тыныс белгілері;
- бірыңғай мүшелер арасындағы ажырату белгілері;
- сөйлемдегі жалпылауыш сөздердегі қос нүкте мен сызықша;

- қаратпа сөздегі ажырату тыныс белгілері;
- қыстырма сөз және қыстырма сөйлемдерде, одағайлардағы ажырату тыныс белгілері, жеке және қатар келетін тыныс белгілері;

- сөйлемнің оңашаланып бірыңғай және нақтылаушы мүшелерін ажырату тыныс белгілері;

- төл сөзі бар сөйлемдерді бөлу және ажырату тыныс белгілері;

- біреудің сөзін беруде қолданылатын тыныс белгілер.

8- сыныпта:

- құрмалас сөйлем бөліктерінің арасындағы ажырату тыныс белгілері;

- тыныс белгілерді авторлық қолдану;

- басыңқы және бағыныңқы сөйлемдер арасындағы тыныс белгілер;

- бірнеше бағыныңқысы бар сабақтас құрмалас сөйлемдегі тыныс белгілер;

- шылаулы және шылаусыз байланысқан құрмалас сөйлемдердегі ажырату тыныс белгілері; тыныс белгілерінің байланысы.

9-сыныпта пунктуация туралы білімі жүйеленеді, шығармашылық жұмыс, мәтін құрау, мазмұнда, шығарма жазу бойынша сауатты жазудың тәжірибелік, сөйлесім әрекеті бойынша игереді.

1. 2. Қазақ тыныс белгілерін оқытудың зерттелуі және

оны оқытудың жүйесі

Қазақ балаларын сауатты жазу мен тіл мәдениетіне дағдыландыру мәселесі ертеден-ақ қолға алынған. Сондықтан бұл мәселенің өзіндік даму тарихы бар. Әсіресе, бұл мәселе орфографиямен, соның ішінде тыныс белгілерімен тығыз байланысты қарастырылады.

Түркі тілдерінің бұрынғы ескерткіштерінде тыныс белгі таңбасының алғашқы элементтері кездеседі. Ол кездегі бар белгілер көбінесе тыныс белгісі қызметінен гөрі бір сөзді екінші сөзден айыру қызметін атқарған.

Қазақ тілінде шыққан баспасөзіміздің бірі «Дала уалаяты» газетінің (1888-1902) тұңғыш шыға бастаған жылдарындағы нөмірлерінде де тыныс белгілерінің ешқайсысы қойылмайды. Кейде ұзақ күрделі ой немесе бір күрделі пікір біткенін білдіру үшін, екінші ой жаңа жолдан басталып жазылды. Бірақ ол азат жолдар сөйлемдерді бір-бірінен ажыратуға себін аз тигізді. Тыныс белгілері қолданылмағандықтан және бас әріп болмағандықтан кейбір жазылған жолдарды ұғыну, түсіну өте қиындық келтірді.

Бертін келе, 1894 жылдан бастап, газет кейбір сөйлемдердің жігін ажыратуға әрекідік сызықша (-), әр түрлі жұлдызшалар (*) сияқты шартты таңбаларды қолданады. Мұндай жұлдызшалар сөйлемнің біткенін, дауыс үзілісін білдіретін тыныстық белгілер болғанға ұқсайды. Мысалы: *«Байан ауылдың қазақ орыслары қазақлардың үстүнан коб арыз бирады бізлерді казаклар қағып соғып күн көрсатбайды диб - бұлармин сөйләсіб китсақ қазақлар залым қазақтар ат ұрдағыштар диб айта бастайды * бұған қарағанда қазақ мин орыслар бірүн күндиб жау боб жатыр диб ойлауға болады оларда рас айтсақ мұндай нәрсе болмаса керек * біз қазақлар қазақ орысларды күндиб жик көрмайміз жаңғызақ біздир өтірук жаладан ақтануға үмит итіб ойлаймыз ақ іс барча іслардан жоғары болса керек ғой диб * арамызда жаман айыбсыз адам жоқ диб таңбаймыз».*

«Қазіргі қазақ тілі» оқулығында «Біздің жыл санауымыздың V-VII ғасырлары шамасында жазылып сақталған орхон-енисей жазулары деп аталатын ескерткіштердің кейбіреулерінде әр сөзден кейін қос нүкте тәрізді белгі қойылса, кейбіреулерін кейін төрт нүктеден құралған ромбик тәрізді белгі қойылып отырған. Ал араб әрпімен жазылып сақталған ертеректегі қиссаларда, дастандарда, өлең жолдары арасына қойылған тіліміздегі қазіргі графикалық белгілердің бірде-біріне ұқсамайтын түрлі

белгілер кездеседі. Бұл жағдайлар тыныс белгілерінің бастапқы функциясы сөйлеуді тек әр түрлі мәнді бөлшектерге бөлу ғана болғандығын, бөлуші белгілердің түр-түрпаты жағынан қазіргі белгілерден өзгеше болғандығын байқатады», -деп жазған.

Біз қолданып жүрген қазіргі тыныс белгілері әр уақытта барлық тілдерде осы сияқты таңбаланбаған. Тіпті біздің заманымыздан бұрынғы X ғасырда грек пен латын қолжазбаларында тыныс белгісі ретінде қолданылған таңбалар мыналар болған көрінеді: крест (+), шоғырланған көп нүкте т.б.

Профессор С. Е. Маловтың айтуынша, түркілердің Енисей жазуында қос нүкте - нүкте және тыныс белгісі есебінде жұмсалған.

Арғы кездерді былай қойғанның өзінде беріректе жазылған түркі тілдеріндегі арабша басылып шыққан кейбір кітаптардың өзінен тыс белгіні кездестіре алмаймыз. Мәселен: 1915 жылы өзбек тілінде шыққан «Adab-us-Salixin», «Fatima Zuhra», 1884 жылы шағатайша басылған «Mir call eir Nanal», 1911 жылы шыққан «Bahram dulandam », 1916 жылы шыққан, «Sufl Allaiar-Subatul Fadiem» кітаптардан, сондай-ақ Н. Н. Пантусовтың 1880 жылы ұйғыр тілінде шыққан «Kitab Furat bar malik ein» атты кітабынан т.б. еңбектерден бірде-бір тыныс белгісі табылмайды. М. Терентьевтің айтуынша, тыныс белгілері XIX ғасыр кезінде парсы тілінде де болмаған. Қазақтың араб әліппесіне негізделген жазу кезіндегі кейбір кітаптарда да ешбір тыныс белгісі қойылмай жазылады. XIX ғасырда шыққан түркі тілдері грамматикасында тыныс белгілерінің элементтері пайда бола бастағанын аңғаруға болады. Мәселен, профессор А. Казембектің 1839 жылы шыққан «Түрік-татар тілі грамматикасының» 32-бетінде бір жұлдызша, 34 және 46-беттерінде екі жерде сызықша қойылған. Ал, 1869 жылы шыққан «Алтай тілі грамматикасында» тыныс белгілерінің бірсыпырасы кездеседі және олар бірсыдырғы орынды қойылған [17].

Академик В. В. Радловтың 1870 жылы шыққан «Образцы народной литературы тюркскую наречий» деген еңбегінде тыныс белгілерінің бірсыпыра түрі кездеседі. Бірақ олар жүйелі түрде қалыптаспаған. Бұл еңбекте тыныс белгілері төмендегіше берілген (сөйлемдер мен олардың тыныс белгілері кітаптың түпнұсқасынан өзгертілмей алынып отыр) *Бала айтады «Мен қайдан тудым?» дейді. Шешесі әкесін айтпайды, «сол балама айтсам әкесін іздеп кетер» деп айтпайды. Кемпір айтады «Е, балам, сен өзің жақсы баласың.*

Мұнда сен неғып жүрсің ағаңды іздемей» (253-бет) Жігіт айтты: «Елім де жоқ, әкем де жоқ, бауырымда жоқ, қайдан келіп, қайдан тұрғанымды білмеймін» дейді. Қыз айтты: «Енді біз осы шәріге бір тұрайық» деді. «Патшаға мәлімдейін» деді-«жарайды» деді. (297-бет).

В. В. Радлов мәтіндерінде тыныс белгілері ішінен жақша мен көп нүкте ғана кездеспейді. Лютштің 1883 жылы басылып шыққан «Киргизская хрестоматиясында» тыныс белгілері былайша қойылған: Сонда інісі ағасына *«Мен мұны түсімде көрдім, соның үшін білемін деп, жауап беріпті (40-бет). Орынбай: Екі шешен қосылса желер, көп жаңғалақ шешеннің сөзін бөлер» [18].*

П. М. Мелиоранскийдің 1897 жылы шыққан «Краткая грамматика казак-киргизского языка» деген кітабында (II бөлім) мысалдарға қойылған тыныс белгілері мынандай түрде болып келеді: *Қысқа бақай, тар мықын, кебеже қарын, кең құрсақ... тарланым (3-бет); Битке өкпелеп тоныңды отқа салма(12-бет); Жігіт айтты: Атын байлайтұғын болсын (30-бет) [19].*

В. Катаринский 1897 жылы шыққан «Грамматика киргизского языка» деген еңбегінде мынадай сөйлемдер келтіреді: *«Орысша сөйлей білсем, бәрінде айтар едім (165-бет). Бір жол бар-жақын, жақын болса да айтар едім. Әуелі ойла сонан соң істерсің (187-бет)».* Бұл мысалдардан П. М. Мелиоранский мен В. Катаринскийдің қазақ тілі грамматикаларында да тыныс белгілерінің бірсыпыра түрлерінің кездесетіндігін көреміз [20].

1915 жылы шыққан «Жазу қағидалары» деген кітапшада тыныс белгілерінің қолданылуы туралы ережелер берілген. Онда тыныс белгілерінің жеті түрі ғана аталып, олардың әрқайсысына берілген ережелерге мысалдар келтірілген. Леп белгісі «дауыс ишараты» деп, сызықша мен жақша және көп нүкте «ишарат» деп, тырнақша «екі ишарат» деп аталады.

Бұл келтірілген мысалдардан XIX ғасырда және XX ғасырдың басында түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде баспадан шыққан кітаптарда тыныс белгілері дұрыс, жүйелі түрде қолданылмаса да, таңбалардың элементі мен оларды пайдаланудың алғашқы тәжірибесі көріне бастағанын аңғартады.

Қазақ тілі білімінде пунктуация мәселелерінің зерттелу тарихын баяндағанда, тыныс белгілері жөнінде жазылған азды-көпті еңбектерді негізгі үш салаға бөліп қарауға тура келеді: тыныс белгілері туралы жазылған жеке мақалалар;

тыныс белгілерінің мектеп оқушыларына арналған оқулықтарда баяндалуы; тыныс белгілеріне арналған жеке кітапшалар. Бұлардың әрқайсысына қысқаша түрде жеке – жеке тоқталайық.

Хронологиялық жағынан алғанда, қазақ тілінің тыныс белгілері жөніндегі алғашқы еңбектердің бірі – Ш. Сарыбаевтың сөйлемде үтірдің жазылатын орындары туралы шағын мақаласы. Автор бұл мақаласында оқушылар тыныс белгілерін дұрыс қоя білмейді, оның себебі қазақ тіліндегі интонациялық қалыптың бір ізбен өріс алып кете алмағандығынан деп көрсетеді. Автордың тыныс белгілерін қоя білуде интонацияның рөлін бағалауы, әрине дұрыс. Дегенмен, автор мұнда тыныс белгілерін тек интонацияға ғана байланыстырып қарап, мәселені бір жақты шешеді, интонация пунктуациялық негіздердің бір түрі ғана екені ескерілмейді, Ш. Сарыбаевтың екінші мақаласы сөйлемнің тұрлаулы мүшелері арасына қойылуға тиісті сызықшаға арналған. Автор бұл мақаласында сөйлемнің бастауышын сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінен ажырата білу керектігіне, яғни бастауыш мүшенің басқа бір мүше, мәселен, не анықтауыш, не басқа бір тұрлаусыз мүше ретінде танылу қаупі болса, ондай бастауыштан соң сызықша қойып жазу қажеттігіне көңіл бөлген. Сондай-ақ Ш. Сарыбаевтың «Тыныс таңбалары» деген мақаласында қаратпа сөздердің сөйлемнің басқа мүшелерінен үтір арқылы ажыратылатыны жөнінде дұрыс ереже беріледі [21].

Тыныс белгілері жөнінде С. Жиенбаевтың да шағын көлемді екі мақаласы бар. Оның екеуі де «Тыныс белгілері» деп аталады. Автор бірінші мақаласында жалпы тыныс белгілерінің маңызына тоқтала келіп, үтірдің қойылатын орындары туралы ережелер береді. Автордың өз сөзімен айтқанда, олар мыналар: «араларында демеулік жоқ бір тектес мүшелердің үтірмен ажыратылатындығы; тектес мүшелер арасында «я», «немесе» сияқты демеуліктер тұрса да, үтір қою керектігі, ал тектес мүшелер арасында «мен», «және», «тағы да» т.б. осы тәріздес жалғаулықтар мен демеуліктердің бірі қолданылса, олардан соң үтірдің қойылмайтындығы; салалас құрмалас сөйлемдер құрамына енген жай сөйлемдерді бір-бірінен үтір арқылы ажырату керектігі; қаратпа, қыстырма сөздер мен оңашаланған мүшелерді сөйлемнің басқа мүшелерінен үтір арқылы бөлу қажеттігі» т.б. С. Жиенбаев «Тыныс белгілері» деп аталатын екінші мақаласында бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша, төл сөз бен бөгде сөз, бірыңғай

мүшелерден соң немесе бұрын қолданылатын жалпылауыш сөздің тыныс белгілерінің кейбір мәселелеріне байланысты біраз ережелері қазіргі кезде жаңаша қолданылады [22].

Х. Басымов «Сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс жаза білейік» деген мақаласында көп нүкте, нүкте, сұрау, леп белгілерінің қойылатын орындары жөнінде біраз түсініктер береді [23].

М. Балақаевтың «Сауатты жазудың негізгі шарты - тыныс белгілерін дұрыс пайдалану» деген мақаласында тыныс белгілерін дұрыс қоюдың негізі - грамматикалық құрылыс және дауыс ырғағы делінеді [24].

Қазақ тілі пунктуациясы жөнінде авторлардың бірі -Ә. Хасенов. Еңбекте сөйлемнің оңашаланған мүшелері, қыстырма сөздер мен сөйлемдер және бұл категорияларды бір-бірінен ажырата білу, оларға қолданылатын тыныс белгілері жөнінде пікірлер айтылады [25].

1942 жылдан бастап қазақ тілі грамматикасында «қосымша» деген атпен тыныс белгілері туралы ережелер беріледі. Мысалы: 1942 жылғы грамматикада: «Бір себеппен айтылып келе жатқан ой бітпей қалған, ой үзілген жерге дәйек сөздің толық алынбағандығын көрсету үшін көп нүкте қойылады; «жоқ», «иә» деген сөздерден соң үтір қойылады; бірыңғай мүшелер тізбектерінің арасы нүктелі үтірмен айырылады; қос нүкте жалпылауыш сөзден кейін қойылады; мекен, уақыт, сан шендестігін білдіретін екі сөз арасында сызықша қойылады», - деген сияқты жаңа ережелер қосылған [26]. Мұндағы мекен, уақыт, сан шендестігін білдіретін екі сөз арасына қойылатын - сызықша емес, дефис. Қазақ тілі грамматикасының 1943, 1946, 1948, 1949, 1950-ші жылдардағы басылымдарында тыныс белгілеріне жаңа ережелер қосылмаған.

1951 жылы қазақ тілі грамматикасындағы тыныс белгілеріне (авторлары: С. Аманжолов, А. Әбілқаев, И. Ұйықбаев) біраз жаңа ережелер қосты. Мысалы: «Кейбір басқа әріптен қысқарған сөздердің әрбірінен соң нүкте қойылады; пьесаларда әрбір кейіпкердің сөзінің алдынан оның аты-жөні жазылады да, соңынан нүкте қойылады». «Сабақтас сөйлемнің алдына шығып кетсе, яғни бағыныңқы сөйлем басыңқы ішіне қыстырыла айтылса, оның екі жағынан үтір қойылады», - делінген [27]. Сызықшаға мынадай бес түрлі жаңа ереже кірген: Баяндауышы жіктік жалғаусыз зат есім, я зат есім орнындағы сөз болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Бастауыш та, баяндауыш та сан есім болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Бастауыш

сілтеу есімдігінен және жіктеу есімдігінің үшінші жағынан болғанда, бастауышты сөйлемнің анықтауыш мүшесімен шатастырарлықтай жағдайларда, сызықша бастауыштан кейін қойылады. Бастауыш та баяндауыш та сын есімнен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Бастауыш тұйық рай түрінде айтылып, баяндауыш есімдердің бірімен айтылса, олардың арасына сызықша қойылады. «Завод, фабрика, колхоз, совхоз, кітап, газет, журналдардың т.б. аттары сөйлем ішінде тырнақшаға алынады», - деген ереже де жаңадан қосылған. Бірақ жоғарыдағы «жіктеу есімдігінің үшінші жағынан болған бастауыштан кейін сызықша қойылады», - деген ереже қазір тәжірибеде қолданылмайды [27].

С. Аманжолов, А. Әбілқаев, И. Ұйықбаевтардың 1967 жылы шыққан синтаксисінде (VI-VII сынып) тыныс белгілерінің «қосымша» деген атпен беріліп жүрген ережелері алынып тасталған. Оның алынып тасталуы орта мектептің сегізінші сыныбында тыныс белгілеріне арналып шыққан оқулықтың (авторы Ә. Хасенов) жарық көруіне байланысты болды. Содан VI-VII сынып синтаксисі 1969 жылғы басылуында «қосымша» деген атпен тыныс белгілерінің арнаулы ережелерін қайта енгізілді.

Қазақ пунктуациясына байланысты шыққан күрделі еңбектің бірі - 1960 жылы баспа қызметкерлері мен мұғалімдер үшін басылып шыққан еңбек. Бұл еңбекте тыныс белгілерінің тәжірибелік мәселелеріне ерекше көңіл бөле отырып, автор нақты мысалдарды мол келтірген. Автор пунктуацияны теориялық жағынан да зерттеу керектігі жөнінде: «Қазақ орфографиясының, әсіресе пунктуациясының терең ғылыми зерттеуді керек ететін бірқатар соңғы мәселелері бар...» - дейді [28].

Сонымен, қазақ тілі пунктуациясын қалыптастырып бір ізге түсіру және оның ережелерін саралап, жақсарту мәселесінде мектеп оқушыларына арналып жазылған қазақ тілі грамматикаларының да маңызы зор болды.

Тыныс белгілерінің зерттелу тарихын сөз еткенде, тағы бір көңіл бөлетін нәрсе - осы тақырыпқа арналып жазылған төмендегі жеке кітапшалар: С. Жиенбаевтың «Сөйлемнің тыныс белгілері», А. Ысқақов пен Ә.Хасеновтың «Тыныс белгілері», Р. Сыздықова мен Қ. Неталиеваның «Тыныс белгілері ережелері» (1961), Ф. Мусабекованың «Жай сөйлемнің пунктуациясының негіздері», Ф. Мұсабекованың «Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы».

С.Жиенбаев тыныс белгілерінің маңызы, оның сөйлемді түсіндірудегі сыртқы белгі екендігі, дауыс ырғағының сөйлемдегі сөздердің өзара байланысынан туатыны туралы айтып, негізінен, үтір мен сызықшаның қойылатын кейбір жағдайларына ғана тоқталды, оның ішінде сөйлемнің бірыңғай мүшелері арасына қойылуға тиісті үтір жөнінде үш жағдайды ғана әңгіме етеді: бірінші - сөйлемнің бірыңғай мүшелері арасын *және, тағы, мен, де* шылаулары жалғастырғанда, ондай мүшелер арасына үтірдің қойылмайтындығы; екінші - бірыңғай екі мүше бір сұрауға жауап беріп, затты, я істі бір түрлі жағынан мінездесе немесе бірін-бірі анықтап тұрса, ондай мүшелер арасын *бірақ, я, не, немесе, әрі* сияқты жалғаулықтардың бірі байланыстырса, онда бірыңғай мүшелердің бір-бірінен үтір арқылы бөлініп жазылатындығы. Автордың оңашаланған мүшелер арасына қойылатын тыныс белгілері жөніндегі пікірлерінде қайшылықтар болды [22].

А.Ысқақов пен Ә.Хасеновтың «Тыныс белгілері» атты кітапшасы оқушыларға, оқытушыларға, баспасөз қызметкерлерінің тәжірибесінде қажетті көмекші құрал болды. Авторлар тыныс белгілерінің маңызын, оның шешілмей жүрген мәселелерін келешекте айқындап, бір ізге салу керек екендігін айта келіп, тыныс белгілерінің ережелеріне «атау және басқа септік жалғауларындағы жіктеу, сілтеу есімдіктерін анықтау үшін келтірілетін оңашаланған мүшелердің екі жағынан қойылатын үтірлердің орнына сызықша қоюға болады; жалпылауыш мәнді сөйлемдерден кейін жай сөйлемдер келсе, жалпылауыш мәнді сөйлемнің соңынан қос нүкте қойылады; айшықсыз цифрлар арқылы, әріптер арқылы таңбаланатын санамалы нөмірлерден кейін нүкте қойылады; жазылған сөз кімдікі екендігін білдіретін автордың, оның шығармасының аты жақшаға алынады», -деген жаңа ережелер берген [29].

Ф. Мұсабекова сол кездің өзінде-ақ: «Біздің пікірімізше, тыныс белгілері бірде сөйлемнің құрылысына қарай, бірде мағынасына қарай, бірде айтылуына қарай қойылады. Сондықтан тыныс белгілерінің қойылу негізі сөйлемнің құрылысымен, мағынасымен және интонациясымен тығыз байланыста болады. Интонация мен пауза тыныс белгілерін қоюда қосымша қызмет атқарады. Ал бірсыпыра тыныс белгілері сөйлемнің мағынасына қарай қойылады да, бірқатары сөйлемнің құрылысына байланысты қойылады. Қос нүкте, нүктелі үтір, сызықша, үтір, жаңа жол синтаксистік құрылысқа сүйеніп қойылады. Алғашқы, сұрау белгісі мен леп

белгісі, нүкте, көп нүкте, тырнақша т.б. сөйлемнің мағынасын білдіру үшін қойылады»- деп жазды [30].

Бұл пікірлер оқулықтардағы тыныс белгілердің бір жүйеге түсінуіне үлкен әсері болды.

Орфография мәселесінде өнімді еңбек етіп жүрген автор, ғалымдарымыздың бірі - Р. Сыздықова. Ол өзінің «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш» атты кітабында қазақ орфографиясы туралы пікірлерді бір жүйеге түсірді, қиын сөздердің жазылуы туралы сөздігін келтіреді. Бұл оқушылардың да, ересектердің де қазақ тіліндегі орфография жөніндегі шын мәніндегі анықтама құралы болып есептеледі [31].

Ал пунктуацияны оқытудың жүйесіне ғылыми тұрғыда жасаған Х.Арғынов болды. Әсіресе, оның «Қазақ тілі методикасы» (синтаксис, пунктуация) деп аталатын (1974) еңбегі пунктуацияны оқыту әдістемесі туралы тұңғыш көлемді зерттеу еңбек болып есептеледі. Х. Арғынов пунктуацияны оқытудың маңызы туралы былай деп жазды: «Оқушылар қазақ пунктуациясын жете білу үшін, алдымен қандай грамматикалық заңдылықтарға байланысты қандай тыныс белгілерінің қойылатынын, сол грамматикалық заңдылықтарды анықтайтын және соған орай қандай ережелердің барын, екіншіден, қандай тыныс белгілерінің қай жерде қойылуы туралы ереже, анықтамаларды игерту керек»-деп есептейді [32].

Пунктуация жүйесіндегі белгілерді мағанаға қарай дұрыс қолданудың маңызы зор, себебі бір тыныс белгісінің беретін бірнеше мағынасы болады. М. Н. Петерсон: «Один знак может иметь несколько употреблений и, наоборот, одно и то же явление может обозначается различными знаками»- деп өте дұрыс айтқан. Тыныс белгілерін дұрыс қолдану үшін мүмкіндігі болғанша, олардың әрқайсысының қызметін даралап, олардың берілетін ережелерін бірыңғайластыру арқылы түсінік қалыптастырылады.

Тыныс белгілерінің ережелерін бірыңғайластырумен бірге әрбір тыныс белгісінің бір ғана атпен аталуын да бір ізге түсірген жөн. Мысалы: нүктені біреу «ноқат» десе, үтірді «қайырма» деп те қолданады. Сондықтан оқушыларға тыныс белгілердің категориясы ретінде қалыптасқан мынадай терминдерін қолдануға жаттықтырылады: *нүкте, көп нүкте, қос нүкте, үтір, нүктелі үтір, сызықша, тырнақша, сұрау белгісі, леп белгісі және қайырым (немесе абзац)*.

Кей жағдайларда тыныс белгілерінің дұрыс қойылмауы да кездеседі. Мысалы, кейде дефис пен сызықша бір көлемде

қойылады. Бұдан мағынаға онша нұқсан келмейді. Бірақ дефистің морфологиялық белгі екендігін айырып үйрету керек. Тыныс белгісіне кірмейтін морфологиялық дефис сызықшаның жарты сызығындай ғана көлемде қойылуға тиіс. Осы тәрізді, тырнақшаның алғашқы сыңарын тырнақшаға алынатын сөздің я сөйлемнің бірінші сөзінің төменгі жағынан ашудың орнына, оны сөздің жоғарғы жағынан ашып, екінші сыңарын тырнақшаға алынған сөздің я сөйлемнің соңғы сөзінің нүкте қойылатын жерінен төменірек қоюшылық бар. Тіпті тырнақшаның "... ", «... » деген белгілері қолданылып жүр. Әсіресе, бұл белгілер компьютерде де қолданылуда.

Леп белгісі мен сұрау белгісінен соң қойылуға тиісті көп нүкте кейде дұрыс қойылмай жүр; леп белгісі мен сұрау белгісінен кейін қасына және екі нүкте қою керек. Мысалы: - *Шыда, Сәмет!... Неге үндемедің?. .* (Ғ. Мұст.) Ал сөйлемдегі ой аяқталмай қалған, әлі жалғасы бар дегенді білдіру үшін "көп нүкте" үш нүктеден аспауы керек сияқты.

Баспасөз орындарында бұл белгіні әр түрлі қолданушылық байқалады. Мысалы, осы екі тыныс белгілерінен кейін бір ғана нүкте, кейде үш нүктені қатар да қояды. Оның дұрысы – леп не сұрау белгілерінің бірінен кейін екі нүкте ғана қойған жөн. Кейде тырнақша ішіндегі сөйлемге қатысты көп нүктені тырнақшаның сыртына, бүтін сөйлемге қатысты етіп қойып жазушылық бар: «*Кейбір жолдастар «Қайтеміз, бізден қателік өтті, кешірім сұрадық... » дейді» газет.* Бұлайша көп нүктенің тырнақшаның ішінде қойылуы, ойдың аяқталмағандығы тек тырнақша ішіндегі төл сөзге ғана қатысты екендігін білдіреді. Егер ол көп нүктені тырнақшаның сыртына қойсақ, «*Кейбір жолдастар және тағы басқа адамдар»* деген сияқты ой туады.

Сөйлемге жол-жөнекей түсінік беретін жақша ішіндегі аяқталған сөйлемдерден соң үтір қойып жазушылық та кездеседі: *Әйелді жөнелтіп жіберіп, көп толқудың соңынан* (Варвара Павловна әлі қайтқан жоқ еді), *енді қалаға баруға бекінді...* көп нүктеден кейін үтір қоюшылық та бар. Мысалы, *Мен сізді ақтық минутқа дейін күттім... , сізге тағы айтам, енді болары болып қалды* (Ғ. Мұс.).

Кейде леп белгісін көп нүктенің үшінші нүктесінің үстіне апарып қоюшылық бар. Мысалы:

- *Қалай қорықпассың?!*

- *Менің орнымда болсаң, өзің де осылай істер едің. . !*

Бұлай қою дұрыс емес, сияқты.

Тырнақша ішіндегі сөзге, сөйлемге қатысты леп белгісі мен сұрау белгісін тырнақшаның сыртына қою жиі кездеседі.

Жұп болып келетін тыныс белгілері бір сөзде немесе бір сөйлемде қолданылғанда, сол сөздің я сөйлемнің екі жерінен қойылады. Мұндай тыныс белгілеріне жататындар - жақша мен тырнақша. Жақша мен тырнақша сыңар қолданылмайды. Тырнақшаға алынған сөзді я сөйлемді басқа біреуге оқып бергенде, тырнақшаны қоса (тырнақша ішінде деп) оқып айту керек. Басқа тыныс белгілерінде мұндай ерекшелік жоқ. Басқа тыныс белгілерінде мұндай ерекшелік болса, ол жеке автордың арнаулы ерекшелігі деп қана қарауымыз керек. Мысалы: *«Ендігі етікшіміз – осы мақала сипаттап отырған Айшайымдар. (Жақшаның ішінде айта кету керек, бұрынғы ауылда әйелден етікші шықты дегенді ешкім де естіген емес)»*, деп жазу кездеседі.

Оқыған сөздің я сөйлемнің мағыналық жағынан дұрыс ұғынылуын реттеуші пауза мен интонация үнемі белгіленіп, жазылып отырмайды, кейде ол пьесаларда жақша ішінде жазылып та жүр: *Б о з ш а . Оның жақсы екен, қызым (пауза). Айтпақшы, ұмытып кете жаздаппын-ау!...*

Жазба түрде берілген ойды қағазға айқын түсіру, ойымызды екінші біреуге жазба түрде дұрыс айтып беру үшін әрбір дыбыстарды, әрбір тыныс белгілерін орын-орнына қоя білу сауаттылықты көрсетеді. Орфография мен пунктуацияны білмейінше, сауатты жазу мүмкін емес. Сондықтан бұл туралы К. Былинский мен М. Уваров: *«... только наличие единой орфографии и пунктуации в языке дает возможность читателю понимать пишущего»*, - деп өте дұрыс айтқан [33,19].

Жазу тілінде ойдың грамматикалық және логикалық жағынан дұрыс берілуі қатты ескеріледі. Ойдың жазба түрдегі қатынасының логика-грамматикалық бөлшектері пунктуация арқылы белгіленеді, екінші сөзбен айтқанда, пунктуация логика-грамматикалық үдерістің сызбалық бейнесі болмақ. Бұл екеуінің әрқайсысының өз алдына өзіндік ерекшеліктері болады. Мәселен, пунктуацияны интонация белгілемейді, керісінше, қойылған пунктуация дұрыс интонациямен айту немесе оқу керек екендігін көрсетіп тұрады. Сондай-ақ пунктуация ауызекі тілдегі ритмді, паузаны, әр түрлі дауыс құбылыстарын белгілейді.

Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді оқу да, түсіну де жеңіл. Тыныс белгісін дұрыс қою арқылы жазушы өз ойын, сезімін жазба түрде дәл жеткізеді және айтпақ ойын екінші адамдардың сондай дәрежеде дұрыс түсінуіне жәрдемші

болады. Олай болса, тыныс белгілерін қалай қолдануды үйрету оқушының қарым-қатынастық танымын арттырады.

Мысал келтірейік:

1. *Үйдегі маған тетелес екі апай бар, мен, әкем, шешем бар - бесеуміз апаннан шығарылған балшықты екі зембілмен кезек тасып, терең шұңқырға құлата бердік* (С. М.) деген сөйлемге тыныс белгісін әр түрлі қою арқылы тағы мынадай екі түрлі мағына беріледі: а) *Үйдегі маған тетелес, екі апай бар, мен, әкем, шешем бар, бесеуміз апаннан шығарылған балшықты екі зембілмен кезек тасып, терең шұңқырға құлата бердік* дегенде, *үйдегі маған тетелес* деген тіркес «*екі апай*» дегеннің анықтауышы болмай, өз алдына сөйлемнің бірыңғай мүшесі болып тұр; ә) *Үйдегі, маған тетелес, екі апай бар, мен, әкем шешем бар, бесеуміз апаннан шығарылған балшықты екі зембілмен кезек тасып, терең шұңқырға құлата бердік* десе, «*үйдегі*», «*маған тетелес*», «*екі апай*» - үшеуі бірыңғай сөйлем мүшелері болмақ.

2. *Түйе бағатын Сабалақ ер жетіп, сымбатты сұлу жігіт болады* деген сөйлемге тыныс белгілерін әр түрлі қоюға байланысты осы бір сөйлемнен мынадай жаңа мағыналар ұғынылады: а) *Түйе бағатын, Сабалақ ер жетіп, сымбатты сұлу жігіт болады*. Мұнда «*түйе бағатын*» - өз алдына бір сөйлем. ә) *Түйе бағатын, Сабалақ, ер жетіп, сымбатты сұлу жігіт болады* десек, осы сөйлемдегі «*Сабалақты*» сөйлемдегі қаратпа сөз деп ұғуға болады...

3. *Осы Шыңғыс туарда Уәлінің үйіне Айғанымның ағасы, Пірәлі келіп жатты*. Осы сөйлемдегі «*ағасы*» мен «*Пірәлі*» сөзінің арасына сызықша да қойып жазуға болады. Бірақ онда басқаша мағынада, яғни бірыңғай мүше анықтауыштың түрі ретінде айтылады.

4. *Мен білсем, Абай ағам Базаралының Тәкежан мен Әзімбайға айтатын дауын жазып отыр!* - дегендегі «*Абай*» деген сөзден соң үтір қойылса, «*Абай*» қаратпа сөз болып, «*аға*» деген сөзді бір ретте сөйлемнің бастауышы деп ұғуға немесе сөйлемнің анықтауышы деуге болады.

5. *Кондуктор танысымның мына сөзі шымбайына батып кетті білем, жаңа кірген бір адамдарға билет бере салды...* (М. И.) деген сөйлемдегі «*кондуктор*» деген сөзден кейін үтір қойылса, ол сөз қаратпа сөз болады да, ешбір тыныс белгісі қойылмаса, ол сөз «*танысымның*» деген сөздің анықтауышы болады, яғни таныс адамның мамандығы кондукторлық екен деп түсінуге болады.

6. Терезеден түнде кеп бағып тұрса, тазы итке қыз айырбастап алған қорқау бай Аксен қызға қорлық көрсеткен (М. Ә). осындағы «бай» деген сөзден соң үтір қойылса, «бай», «Аксен» деген сөздер бірыңғай мүшелер болады да, егер «бай» деген сөзден кейін үтір қойылмаса, Аксеннің бай адам екендігін білдіреді. Үшінші ретте «бай» сөзін екі жағынан үтірмен ғана бөліп жазсақ, онда бұл сөз қаратпа сөз болып шығады.

7. Кесек қырлы мұрынды Ақылбай дегенде, осындағы «кесек» деген сөзден соң үтір қойсақ, «Ақылбай ірі адам» деген мағына береді де, ол сөзден соң үтір қойылмаса, Ақылбайдың мұрнының кесектігін ғана білдіреді, яғни анықтауыш болып кетеді. Анықтауыш өзі айқындайтын сөзден тыныс белгісімен бөлінбейді.

8. Әдейі таң сәріде бір түнде шешініп жата бергенде Жақыптың терезесінің тұсынан өтемін. Бұл сөйлемдегі алғашқы «бір» сөзінің алдынан үтір қойсақ, «түнде» дегеннен кейін тағы үтір тұрса, «бір» сөзінің «таң сәріде» сөзіне қатынасы болмайды да, «бір түнде» оңашаланған мүше болып кетеді. Ал екіншіден, «бір» сөзінің алдынан үтір қойсақ, шешініп жата бергенде, неше рет өткендігін білдірмей, тек Жақыптың ғана терезесінің алдынан өтетіндігі айтылады.

9. Сүгір: Ауылға бұл шіріген жұмыртқаны сақтап отырмаймын. Тыныс белгілерінің әр түрлі қойылуына қарай осы сөйлемді әр түрлі мағынада түсінуге болады: а) Сүгір, ауылға бұл шіріген жұмыртқаны сақтап отырмаймын дегенде, «Сүгір» қарату мағынасын береді; ә) Сүгір: Ауылға бұл шіріген жұмыртқаны сақтап отырмаймын дегенде, осының бәрі Сүгірдің сөзі болып шығады.

10. Қотыр - қойдың соры (мақал) деген сөйлемдегі «қотыр» сөзінен соң сызықша қойса, «қотыр» бастауыш болады. Ал «қотыр» деген сөзден соң ешбір тыныс белгісі қойылмаса, қай қойдың? деген сұраққа жауап беріп, сау қойдың емес қотыры бар деген мағына туады.

11. Мариям тамылжыта салған әннің сорғалап шыққан әуені мешіт ішіндегі Дүйсен мен хазіреттің айтысы, Мариямның Рахиланың үйінде Абайдың «Татьянасын» айтып, жұртқа, Дүйсенге өз мұңын шағуы сияқты тағы басқа көріністер оқушыға ұмытылмастай әсер қалдырады. Осы сөйлемдегі «Мариямнан» соң үтір қойып, бір дауыспен оқысақ, «Мариям» қаратпа сөз болады, егер ол сөзден кейін үтір қойылмаса, осы сөйлемнің бастауыш мүшесі қызметін атқарады.

Бұл мысалдар тыныс белгілерінің жазылып қана қоймай, әрқайсысының белгілі мәнермен оқылып, сөйлемдегі ойды түрліше түсінуге болатындығын көрсетеді.

Демек, тыныс белгілер - синтаксистік категория, сондықтан да пунктуациялық ережелер тілдің грамматикалық құрылысына тәуелді болады.

Сондай-ақ тыныс белгілерінің шешілмей, қиындық келтіріп жүрген басты-басты мәселелері деп мыналарды көрсетуге болады. Мысалы, оңашаланған айқындауыштың тыныс белгісін қоюда бірыңғайлық жоқ. Оған дәлел оңашаланған айқындауыш мүшелерге көркем әдебиетте, газет-журналдарда бірнеше түрлі тыныс белгісі қойылып жүр. Мысалы:

1. Оңашаланған айқындауыш мүше екі жағынан үтірмен бөлініп жазылып жүр. Мысалы: *1943 жылдың күзінде, демек, Ұлы Отан соғысы қызу жүріп жатқан кезде, мен егіс басында болдым (Қ. Ә.).*

2. Оңашаланған айқындауыштың алдынан ғана сызықша қойылып жүр. Мысалы: *Өте-мөте маңызды және күрделі міндетті орындауда - егін оруды және астық дайындауды ойдағыдай өткізуде қалалық партия ұйымы селолық партия ұйымдарына зор көмек көрсетуге тиіс («ҚӘ»).*

3. Сөйлем ортасында келген оңашаланған айқындауыш мүшенің тек алдынан ғана сыңар үтір қойылады: *Жәрдемшісі, ер жетіп қалған қызы Бағила ғана («Жұлдыз»).* *Біз, совет адамдары әрбір жаңа жылды қуана қарсы аламыз («газет»).*

4. Мектеп грамматикасында «жазуда оңашаланған айқындауыш үтірмен немесе сызықшамен бөлініп тұрады» делінген. Ал «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында оңашаланған айқындауыш мүшелердің тыныс белгілері жөнінде: «... Жазуда олардың екі жағынан не үтір, не алдынан дефис, соңынан үтір қойылады», -делінген. Дефис - пунктуациялық белгі емес [16].

Тыныс белгілерінің әр түрлі болып қойылып жүрген тағы бір жері мынау: екі сөйлем арасын байланыстырып тұратын «сөйтіп», «өйткені», «бірақ», «ал», «сондықтан», «алайда», «немесе», «яки» сияқты жалғаулықтар қыстырма сөзбен шатастырылып, кейде олар сөйлемнен үтірмен бөлініп жазылып жүр. Мысалы: *. Жер үстінің барлық ауасын ішіңе бір жұтып шығарғың келгендей боп, кеудеңді кере деміңді ұзақ аласың. Бірақ, кеудең дүние емес, барлық ауа сыймайды. Сөзің жақсы шырағым, бірақ, әуелі осы сөзіңді ісіңмен көрсетші... (С. М.) Тағы да біреуін берер деп*

үміттеніп едім, бірақ Атаман сараңдық етті ме, енді қайтып ұсына қоймады (Ә. С.). Мен әділет шеңберін есіңізге салғым келіп тұрған жоқ, бірақ, әділетсіздіктің де шегі болуға тиісті(М. И.). Жайшылықта болса, мұндай тілмар қарындасқа бірдеңе айтқан да болар едім. Ал, мына арада үндемедім және үндеуді қажет те көрмедім. Өйткені, мен ойлап тұрған қарындас сыры ол қыз ойлаған үстірт, аласа ойдан жоғары жатты (М. И.).

«Сөйтіп» деген сөз бірыңғай мүшелердің арасында қыстырма ретінде келеді, оны бүтін сөйлемнен алып тастағанда, сөйлем ешқандай олқылыққа ұшырамайды, сондықтан да бірыңғай сөйлем арасында қыстырма боп тұрған «сөйтіп» сөзін әр уақыт екі жағынан үтірмен бөліп жазылып жүр.

Баспасөз орындары «мысалы» деген қыстырма сөзден кейін бір жерде үтір қояды, не қос нүте қояды, кейде ол сөзден соң ешбір тыныс белгісін қоймай жазады. Мысалы: *Мәселе дәулетте емес, - Михаил Иванович Атаманға қарады, - дәулетке көпшіліктің ие бола алмауында. Мысалы, анау қалың балық мұз астында қамаулы жатыр (Ә. С.). Мысалы белоктық заттар сұлыда орта есеппен 8, 2-12, 7процент, арпада 8, 7-10, 2 процент аралығында болса, қара бидай құрамында 9, 2 проценттен 14, 5 процентке дейін жетеді*

Тыныс белгілерінің қойылуы жағынан қиындық келтіріп жүрген мәселенің бірі - «де» көмекші етістігінің көсемше, есімше сияқты толып жатқан формаларының қолданылу ерекшеліктеріне байланысты келетін жері. Осы көмекші етістіктен кейін бірде үтір белгісін қойып жазса, екінші бір жерде ол сөзден кейін үтір қойылмай жазылады. *Жақсы әнді жақсы әнші ғана таныта алады деген осы екен ғой! - дедім мен күбірлеп (М. И.).*

Қорыта келгенде мектеп оқушыларына тыныс белгілердің осы сияқты қойылу ерекшеліктеріне мәлімет беру керек.

1. 3. Пунктуацияны оқытудың лингвистикалық негіздері

Қоғам өмірінде жазудың алатын орны ерекше. Жазу - адамзат қауымы тапқан мәдени мүліктің ең асылдарының бірі... Әлеумет тіршілігіндегі барлық өрлеу, өсу, ілгерілеу, сайып келгенде, жазу өнерімен ұштасып жатады. Ал жазу жоқ ел жарығы жоқ тәрізді үй тәрізді [34,60]. Жазусыз мәдениет атаулыны көзге елестету мүмкін емес.

Сауаттылықтың да өлшемі – жазу. Жазу - тіл дамуының, сол тәрізді тілді пайдаланушы адамдар қауымының саналы әрекетінің нәтижесі. Тілдің заңдылықтары мен ерекшеліктері жазу арқылы таңбалады. Ал жазудың өзіндік заңдылықтары сауатты жазудың ережелері бар.

Тіл - адамның барлық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күнге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз - жазу заманы: жазу мен сөйлесу ауамен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды, жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу да сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек. Әр халықтың дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады, - дейді А. Байтұрсынов [35, 20.].

Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмесе болмайды. Болмайтын себебі: өркендеп алға барған тілдің түрлі тарауының бәрі де сол емле, терминологиямен сабақтасады да отырады... емле мен терминологияның қызметі сол қалың еңбекшінің қолын мәдениетке жеткізу болады [35, 335.].

Орфография дегеннен дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы дегенді түсінеміз. Орфография дұрыс жазу нормасы мен қағидаларын белгілегенде, тілдің әр түрлі жақтарын және олардың байланысын бірдей ескере отырып, нақтылы ұстанымдарға сүйенеді, соларды негіз етіп алады [36, 429.]. Қазақ орфографиясының негізгі ұстанымдарына ғылыми еңбектерде морфологиялық, фонематикалық және фонетикалық, сонымен қатар тарихи - дәстүрлік ұстанымдар жатқызылады.

Морфологиялық ұстаным бойынша сөз бөлшектерінің сақталып жазылуын талап етеді. Мысалы, жұмыс + шы = жұмысшы (жұмұсшы емес), іс + шең = ісшең (ішшең емес). Сондай-ақ дұрыс жазу үшін фонематикалық, тарихи-дәстүрлік ұстанымдарды басшылыққа алынды. Сонда да болса, қазіргі кезде басқа тілден енген сөздер мен терминдердің жазылуында бірізділік жоқ.

Қазақ пунктуациясы - қазақ тілі синтаксисі қарастыратын негізгі мәселелердің бірі. Сол себепті күні бүгінге дейін қазақ мектептерінде де, сол сияқты еліміздегі басқа тілде жұмыс жүргізетін мектептерде де, негізінен пунктуациядан білім мен дағды белгілі бір синтаксистік бірліктерді оқыту үдерісінде беріліп келеді. Мәселен, оқушылар хабарлы сөйлемді оқығанда, оны жазғанда, соңынан нүкте қойылатыны жөнінде білім мен дағды алады. Ал сұраулы, лепті сөйлемдерді оқытқанда, оларға сұрақ, леп белгілері жөнінде білім мен дағды беріледі. Осылайша тыныс белгілерінің басқа түрлері де белгілі бір синтаксистік тұлғалары сөйлемге байланысты оқытылып жүр.

Қазақ пунктуациясының мәні грамматикалық ұғыммен және интонациямен тығыз байланысты. Сондықтан белгілі бір сыныпта белгілі бір синтаксистік тұлғаға байланысты қазақ пунктуациясынан білім бергенде, осы мәселеге ерекше назар аударылады. Сонда ғана оқушылар тыныс белгісінің мәнін және қызметін берік есте сақтай жазуды сауатты орындайды.

Қазіргі бағдарлама мен оқулықтар және жаңадан жасалған бағдарлама қазақ пунктуациясын белгілі бір синтаксистік тұлғаға байланысты оқытуды талап еткенімен, тыныс белгілері мен синтаксистік (грамматикалық) тұлғалардың арасына өткел салады да, екеуін екі бөлек оқытуға әкеп тірейді. Мәселен, салалас құрмалас сөйлемнің әрқайсысының өзіне тән (қос нүкте, сызықша) және, керісінше, бірсыпырасында ортақ тыныс белгісі (үтір) бар. Қазіргі бағдарлама мен оқулық және жаңа бағдарлама осы тыныс белгілердің бәрін салаластардың барлық түрін өтіп болған соң, бірер сабақта тұтас оқытуды талап етеді. Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздердің, қыстырма, қаратпа сөздердің тағы басқа синтаксистік тұлғалардың тыныс белгілері де дәл осылай (салаластың тыныс белгісінше) оқытылып келеді. Бұлай оқыту жүйесінен анықтағанымыз белгілі бір синтаксистік тұлғаның(единицаның)тыныс белгісін осы ретпен, яғни алғашқы сабақта синтаксистік тұлға жөнінде түсінік беріп, арада көп уақыт өткеннен кейін оның тыныс белгісін оқытудың жетістік жағынан кемшілігі басым болып келді.

Бұлайша оқытудың жетістігіне белгілі бір синтаксистік тұлғаның тыныс белгісінің топталып, шоғырланып, оқытылуын ғана айту болса, кемшілігіне синтаксистік тұлға мен тыныс белгілерінің мағынасының ұқсастығын ескермей, біреуі жайында айтқанымызды, сөйтіп, жасанды түрде тыныс

белгісін синтаксистік тұлғадан ажырататынымызды, тыныс белгілерін жеке оқытқанда, оқушыларға одан дағдының жеткілікті берілмейтінін, берік дағды беру үшін түрлі-түрлі жұмыстар орындатуға уақыт жетіспейтінін еске алғанның өзі-ақ жеткілікті сияқты. Соны ескере отырып, тыныс белгіні оқыту жөнінде біз мынадай тоқтамға келдік: қазақ тыныс белгісінің әр түрін мағынасы мен қызметіне қарай белгілі бір синтаксистік категория, тұлғамен байланыстыра бірге оқытқанда, оқушылардың сауатты жазу дағдысы берік болмақ.

Бұл қағида бойынша салаластың барлық түрінің тыныс белгісін бірер сабақта жеке оқытқаннан гөрі оның әр түріне орай тыныс белгісін солар жайында білім берген сабақта қоса түсіндірген тиімді. Бір сабақта қаратпа сөз жайында түсінік беріп, келесі сабақта оның тыныс белгісін оқытқаннан бірінші сабақтың өзінде-ақ әрі қарапта сөз, әрі оның тыныс белгісі жайында теориялық білім берген ұтымды болмақ. Қаратпа сөздің мағынасын түсінген оқушыға ол сөз сөйлемнің басында келсе, одан кейін, ал соңынан келсе, алдынан үтір қойылатынын; дауыс тым көтеріңкі айтылғанда, леп белгісі қойылатынын есте сақтау қиынға түспейді. Осы сияқты басқа да тыныс белгілерін белгілі бір грамматикалық категорияларға тығыз байланыстырып оқыту нәтижелі болмақ.

Оқушылардың тыныс белгілерінен алған теориялық білімін тәжірибелік түрде үйрету, жаттығу жұмыстарын орындау арқылы дағдыға айналдыруға болады. Олар: пунктуациялық талдау; мұғалім оқыған сөйлемді жатқа жазғанда, тыныс белгілерін қою керектігін анықтау; мұғалім оқып тұрғанда, сөйлемнің мағынасы мен интонациясына қарай оқушыларға белгілі бір сөзден кейін қоюға тиісті тыныс белгісін жазғызып отыру; тыныс белгісін жатқа қою (жаттаған өлеңді немесе әңгімені тыныс белгісін қойып жазғызу); жай сөйлемнен мүшелерін немесе құрмалас сөйлемнен оның белгілі бір белгілерін тапқызу, олардан соң қойылатын тыныс белгісін айтқызу; тыныс белгісі қойылмай жазылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қойғызу; белгілі бір ережеге сай мысалды ойдан айту; тірек сөздерді ендіріп сөйлемдер құрау, тыныс белгісін қойғызу; сызба бойынша сөйлем құрастыру; картина, сурет бойынша сөйлемдер айту; құрастырып тыныс белгілерін қойдырту; диктант, мазмұндама, шығарма жазу, тағы басқалар.

Пунктуациялық ережелерді пайдаланудағы әрекеттер жүйесі.

Әрекеттер жүйесі қауымдастығында пунктуациялық ережелерді

пайдаланудағы ассоциациялар мен түрлі факторлар: пунктограммаға тән ерекшеліктермен, жазу ерекшеліктерімен, айту бойынша жазу не еркін жазу және тағы басқа бірсыпыра факторлармен анықталады.

Сөйлем мүшелері мен бөліктерін ерекшелеуге және сөйлем мүшелері мен бөліктерін ажыратуға байланысты пунктограммаларды салыстыру арқылы олардың әрекеттерінің бір-бірінен айырмашылығы бар екенін көруге болады. Бір жағдайда сөйлемдегі сөз тізбектерін не оның бөліктерін, олардың шекараларын анықтау, анықталатын сөзбен не сөйлем бөлігімен байланыстың бар-жоғын белгілеу, ажырату себебін анықтау қажет болады. Енді бір жағдайда сөйлем мүшелері мен бөліктері арасында салаластық байланыстың ерекшеліктері, олардың синтаксистік бірыңғайлығы беріледі.

Ережені қолдануға үйретудегі әрекеттер жүйесі материалды жалпылау дәрежесімен, норма шарттарының санымен, оның ерекшелігімен анықталады.

Жалпылау ережелерін пайдаланғанда әрекеттер жүйесі грамматикалық деректерді квалификациялаумен шектеледі. Жеке ережелерді пайдаланғанда ол құрылым нұсқаларының белгілерін көрсетумен толықтырылады. Мысалы, бірыңғай мүшелер арасында шылаудың болуы арқылы және егер шылаулар байланыстырушы не ажыратушы болса, олардың қайталанатыны, не қайталанбайтыны нақтыланады.

Әрекеттер жүйесі пунктуациялық ережелерді қолдануда жазу ерекшелігіне қарай өзгеріп отыруы мүмкін. Мәселен, есту бойынша жазуда оқушы сөйлемді толығымен естиді және оның жалпы құрылым сызбасы болмаса да, сөйлемді бөліктерге, не мүшелерге бөлудегі ритмомелодика мен интонацияға байланысты қойылатын белгілерді ажырата алады.

Шығармашылық жұмыстарды жазуда басқаша көрініс орын алады. Бұл жағдайда дайын мәтін берілмей алдымен жалпы идея түрінде ішкі ой құрылым не сөзбен рәсімделмей беріледі. Сондай-ақ мұнда іштей ойлау мен тілдің ара қатынасы күрделі болып табылады.

Белгілі психолог Н.И.Жинкин "Тіл дамытудың психологиялық негіздері" деген мақаласында былай деп жазады: "Іштей ойлауда сөзді алдын ала синтез арқылы құрастырылған, кейінірек бұл сөзде құрылымдардың үнемді орынбасарлары болатын көрнекіліктер мен схемалар үлкен роль атқарады. Орын ауыстыру мағыналық эквиваленттілік ережесі бойынша іске асырылады. Егер бір сөздік не көрнекілік құрылым мағынасы бойынша басқа сөздік не көрнекілік құрылымға тең болса, онда тілді қолдану барысында оның қалағанын қолдануға болады. Мұндай эквиваленттілікке жақындауды аударма деп айтуға болады.

Адам сөйлегенде не тыңдағанда онда бұрыннан қалыптасқан көрнекі образдар мен схемалар бірінен соң бірі көз алдына келеді. Бұл образдар өздігінен берілмейді, сондықтан оны сөзбен ауыстыру керек". Көрнекілік елестетудің ішінде сөз тізбектерінің және тірек сызбаларының (схема) пунктуациялық эталондары болып табылатын модельдері бар болатындығын айтады [37, 13].

Сырттай және іштей сөйлеудің арақатынасы пунктуациялық дағдының

бірсыпыра басқа ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді.

Пунктуациялық дағды - бұл сызба, материалдарды бекіту мен үйрену үдерісінде пайдаланылатын ұзақ мерзімді есте сақталып жазылған сызбалардың арақатынасы мен байланысы, көрнекілікпен ұсынылған сөйлем моделдері. Бұндай арақатынас тез және нақты болса, соғұрлым бұл дағдыны қалыптастыру қажет екендігі жайында айтуға негіз болады.

Дағдылардың байланысуы. Пунктуациялық ережелерді қолдануда үйреншікті әрекеттер жүйесі жаңа дағдыларды меңгеру дәрежесіне, оларды қалыптастыруға әсер ете алады. Бір жағдайларда ол жаңа дағдыны қалыптастыруға әсер етсе, енді бір жағдайда, оған керісінше, кедергі жасайды.

Пунктуациялық норма әрекеті шарттарының ұқсастығы, әсіресе байланысу әдіс-тәсілдері, меңгерілген әрекеттердің бір құрылымнан екіншісіне ауысудың себебі болуы мүмкін. Мысалы, бірыңғай мүшелер арасына тыныс белгілер қою икемділігі салалас құрмалас сөйлемнің бірыңғай мүшелері бар сабақтас құрмалас сөйлемнің, бірнеше сөйлемді анықтайтын шылаусыз құрмалас сөйлемнің пунктуациясын игеруге жағымды әсер етеді.

Жоғарыда айтылғандай, бір дағды басқа бір дағдының қалыптасуына кедергі жасауы не оны бұзуы мүмкін. Мұндай кері әсер (интерференция) екі түрлі болады. Алдыңғы қалыптасқан дағды жаңа икемділіктер мен дағдының қалыптасуына кедергі жасауы мүмкін (ассоциативті кедергі). Мысалы, бірыңғай мүшелердің саналуын аяқтайтын «және» шылауының алдына үтір қоймау дағдысы барлық бірыңғай мүшелермен қолданылмайтын «және» шылауының алдына үтір қоймаудың себебі болуы мүмкін (Біздің орманда қояндар, түлкілер, қасқырлар және аюлар да, қабандар да жүр.).

Оқытушының міндеті, бір жағынан, дағдының жағымды ауысуына септігін тигізу, екінші жағынан – бір дағдының екінші дағдыға кері әсерін болдырмаудың жолын табу. Мұндай жолдың біріне синтаксис пен пунктуацияны өтуде түрлі салыстыруды кеңінен қолдану жатады.

Пунктуациялық икемділіктер мен дағдылардың кезеңдері мен қалыптасу жағдайлары. Пунктуациялық дағдыны қалыптастыру ережені түсіндіруден басталады. Ол бірнеше кезеңнен тұрады. Оның негізгісі пунктуациялық жалпыламаны басқа сондай құрылымдарға аудару.

Бұл амалдар бірнеше шарттардың сақталуын қажет етеді.

Оның бірі ережені қолдануда пунктуациялық нормамен шарттарына әрекет жүйесі сөйлем құрылысының дәл келуі. Пысықтаудың алғашқы сатысында оқушылар норманың шарттарын айтып қана қоймайды, сонымен бірге олардың сөйлемдегі орнын пунктуациялық ереже әрекеттерінің барлық шарттарына қатысты дәлелдерді айтады.

Екіншісі, норманың шартын оның сөйлемдегі орнымен салыстыру икемділігі мысалдарды норманың толық және жартылай шартты құрамын салыстыру арқылы іске асырылады.

Бұл әрекеттің мынадай шарттары бар:

а) аралас құрылымдарды салыстыру, мысалы, тұрлаулы мүшелері бір сөз табынан бір формадан тұратын сөйлемдерді бірыңғай мүшелері бар

сөйлемдермен салыстыру;

ә) берілген ереженің пысықтау жаттығуларына олардың түрлі формалары мен құрылымындағы мысалдарды ендіру,

Көрсетілген шарттардың бұзылуы ережені пайдалануда қате жіберуге апараты. Оның себептері түрліше:

1. Норма әрекеттерінің шарттарын нақты білмеуге байланысты. Бұған мыналарды жатқызуға болады:

а) Ереже әрекеті бір шартының болмауы. Мысалы, ортақ бірыңғай мүшесі бар салалас құрмалас сөйлемде пунктуация ережелерін ажырату шылауы қайталанбайтыны көбіне көрсетілмейді.

ә) норма әрекеті шарттарының бір ережеден екіншіге қателікпен ауысуы.

Мұндай қате ауысу әрекет шарттары ұқсас ережені қолдануда байқалады. Мысалы, оқшауланған анықтауыш пен сөйлемнің ортақ шарттарының болуы келесі сөйлемде үтір қойылмауының себебі болуы мүмкін.

2. Аударудағы басқа қателер сөйлемді талдауға байланысты – пунктуациялық нормалардың шарттары нақты берілмегендіктен:

а) Ереже қолданылатын конструкциялардың грамматикалық белгілерін білмеу, ол белгілерді ажырата алмау, яғни оны «синтаксистік көре алмаушылық» деуге болар еді.

ә) Грамматикалық құбылыстарды шатастыру.

Бірінші және екінші топтағы ережені аударудағы қателер норма әрекеттерінің шарттарын нақты сөйлемнің ережеге шарт ретінде енетін грамматикалық белгілерін байланыстыра алмауынан туындайды.

3. Ережені игеруде жаттығулар жүйесі мен дағдылар ара қатынасына байланысты қателіктер ерекше бір топты құрайды.

Жаттығулардың бірыңғайлылығы, пысықтауда зейіннің бір ереже басқа ережеден гөрі көбірек түсетіні қалыптастыратын әрекеттер жүйесі бұрын пайда болған әрекеттер жүйесін басады не ығыстырады, бір жүйенің басқа жүйенің үстінен қызмет етуі жеке тақырыптарды өтуде байқалады.

Егер оқушы пунктограмманы табуда ережені қолдануды үйренсе, онда дағдыны қалыптастырудың келесі кезеңінде өтілетін пунктограмманы бұрынырақ өтілгендермен байланыстыратын жаттығуларға кезек беруге болады.

Жаттығулардың бірізділігі бұл кезеңде пунктограммалардың ерекшелігімен анықталады.

Егер пунктуация құрылымда бір жүйедегі бірнеше ережелермен берілсе, алдымен осы жүйедегі материалмен талданады (мысалы, бірыңғай мүшелерде, оқшауланған анықтауыштарда тыныс белгілердің пайдалануы содан кейін тақырып бойынша салыстырмалы пунктуациясы ұқсас негіздегі жаттығулар орындалады).

Мысалы, оқшауланған айқындауышты меңгеруде дидактикалық материалға оқшауланған анықтауышқа байланысты мысалдарды ендіру дұрыс болады, ал салалас құрмалас сөйлемде тыныс белгілерін қолдануды

бірыңғай мүшелер пунктуациясымен салыстыруға болады.

Бір жүйедегі не ұқсас жүйедегі ережелер шеңберінде материалды пысықтауда норма анықталатын жалпы шарттарды, олардың байланысы мен басқа ережелермен ұштасуын білу керек және олардың нақты сөйлемдердегі норма шарттарын білу, талас нормалармен салыстыру икемділіктерін қалыптастыру керек.

Пунктуациялық дағдының автоматтану дәрежесі көбіне сөйлемді грамматикалық талдауда анықталады, оқытудың бұл кезеңінде грамматикалық фактілер мен тыныс белгілерді қолдануға негізделген жаттығулардың маңызды екенін айту керек. Мұндай жаттығуларға пунктуациялық талдау, диктант түрлері және де басқа дайын мәтінмен жұмыстар жатады.

Диктант барысында оқушы негізінен сөйлем құрылымына назар аударады, оны мұқият талдайды, тыныс белгілерін қолдануды негіздейді. Психологтардың айтуынша, «қалай жазу керек?» деген сұраққа арналған жаттығулар басқа жұмыс түрлеріне қарағанда оқушылардың көрегендігін дамытады.

Дайын мәтін бойынша жүргізілетін жаттығулар оқушылардың тіліне жаңа синтаксистік модельдер ендіріп, пунктуациялық нормаларды белсенді түрде меңгеруге септігін тигізетін жұмыс түрлерімен толықтырылуы керек. Бұған графикалық сызбалар, сөйлемдер құрылысы, шығармашылық және еркін диктанттар жатады десек болады.

Пунктуациялық дағдылардың қалыптасуы шығармашылық жұмыстарды орындаумен аяқталады. Дағдыларды біржолата қалыптастыру және оны тексеру тек тыныс белгілерін қоюдағы мақсат емес, ол жұмысты орындаудың шарты деп алынған жаттығуларды орындау барысында жүргізіледі.

Сонымен, пунктуациялық икемділік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесін анықтауда жұмыстың жалпы бағытын, бірізділігін ғана емес, сонымен бірге жаттығулардың дұрыс сәйкестігін белгілеу қажет. Жүйе компоненттерінің көлемі мен жеке жұмыстарды жүргізу уақытының сәйкестігінің бұзылуы пунктуациялық ережелерді меңгеру деңгейін төмендетеді, пунктуациялық дағдыны қалыптастыруға кедергі жасайды.

Жаттығулар жүйесі жайында әңгімені аяқтай отырып, оның құрамына кіретін элементтердің өте орамды, жылжымалы келетінін және оның пунктограмма ерекшелігіне, синтаксистік материалға, пунктуациялық ереже ерекшеліктеріне, дағдының қалыптасу кезеңіне т.б. қатыстылығына баса назар аударылады.

Дұрыс жаза білуге дағдыландыру үшін оқушы әрдайым өтілген ережелерді еске түсіріп, оны орынды жерінде қолдана білу мүмкіндігіне ие болуы керек. Дегенмен қазақ тіліндегі сөздің барлығы бір ұстанымда жазыла бермейді. Мысылы: Аманкелді, Ботакөз, Жанпейіс деген кісі аттарын морфологиялық ұстаныммен түбірін сақтап жазуға дағдылансақ, жаздыгүні, бүрсігүні сияқты сөздерді тек естілуінше жазамыз. Сондықтан оқушылар

көбінесе жалпы ережені сақтап, сөздерді естілуінше жазып қате жіберсе, естілуінше жазылатын сөздерге сүйеніп, түбірін сақтап жазатын сөздерді қате жазатын кездері де жиі кездеседі. Сол себепті 6-сыныпта сауатты жазудың осындай қиын жақтарына назар аударылады.

Сонымен, сауатты жаза білуге үйрету жұмысының дұрыс жүргізілуі үшін мұғалім оның түрлеріне айрықша мән бергені жөн. Олар:

- 1) әріп емлесі;
- 2) дефис қою;
- 3) сызықша қою;
- 4) сөздердің бірге жазылуы.

Бұл ережелердің оқушыларға түсіндірілуі оқулықта әрбір тақырыпта, тілдік категорияға байланысты берілген. Өйткені олардың бірі фонетика бөлімін өтуде түсіндірілсе, бірі сөздің жасалу жолына қарай, екіншісі морфологиялық категориясына тікелей байланысты.

Дегенмен орфографиялық жұмыс тек тиісті тақырыптарды өткенде ғана ескерілмей, қайталау сабақтарында үнемі қорытынды жасалып отырылады. Сонымен бірге орфографиялық дағдыны жүйелі қалыптастыру үшін V-VIII сыныптарда оқылған орфографиялық ережелерді қайталау жүргізіледі.

Мұндағы мақсат-орфографиялық ережелерді оқушылардың естеріне түсіріп, сауатты жазу дағдыларын бекіте түсу. Көпшілік жағдайда оқушылардың жазба жұмысында кететін қателердің көбі орфографиялық қате болып келеді. Себебі өзге тақырыптарды өту барысында орфографияға көп мән бере бермейміз. Бағдарлама мен оқулықтағы орфографиялық қайталау сабақтарында барлық V-VI сыныптарға ережелерді еске түсіріп, сабақ үстінде жаттықтыруға мүмкіндік болмайды. Күнделікті сабақ барысында (қандай тақырып өтілмесін, жаттығу орындағанда болсын) оқушылар өтілген материал-ережелерге сүйеніп сауатты жазуға дағдылануға тиіс. Дегенмен орфографиядан қайталауға мұғалім тек қате кездескен жерде ғана еске алмай, оқушылардың қандай ережеге баса көңіл аударуы қажет екенін күні бұрын белгілеп, оны күнделікті сабақпен қабыстыра жүргізу әдісін ойластыруы керек. Айталық, әріптер емлесі, негізінен V сыныптарда өтіледі. V сынып оқушылары әріптер емлесін кезінде толық түсініп алды деген күннің өзінде оның оқушы үшін қиындықтары толып жатыр. Тек емле ережелерін білу, оны айтып бере алу оқушының сауатты жазу ережесін естен шығарып, көптеген қателер жіберетіні тәжірибеде байқалып жүр. Сондықтан әрбір емлесі фонетика саласында ғана емес, морфологияны оқытуда да ескеріліп отырылуы керек. Мысалы: *а* және *ә* әріпінің айтылуы жазылуыда ауысып отыруына байланысты оқушылар көп қате жібереді. Айталық, *жәй*, *шәй* дегенмен, жазғанда *жай*, *шай* болып келетіні немесе *Ләззат*, *Сәбирә*, *Жәмилә деп айтсақ та, Ләззат, Сабира, Жәмила* деп жазатынымыз оқушылардың есінде тұра бермейді. Ал бұл ережені біліп, жазылуын сақтағанмен, керісінше жазылған (ережеге бағынбайтын) *күнә*, *кінә*, *күмән*, *сірә*, *іңкәр* сияқты соңғы буында естілуіне қарай *ә* жазылаты сөздер тағы бар.

VII сынып оқулығының соңында «Дұрыс жаз» деген тақырыпта

берілген шағын орфографиялық сөздіктің де мақсаты осы. Онда оқушыларға қиын-ау деген сөздер арнайы теріліп жазылған. Бірақ бұл шағын сөздік оқушылардың қажетін толық ақтауы мүмкін емес. Өйткені оқушыларға өздеріне жазылуы қиын сөздерді қарап отырудың пайдасы болғанымен, қандай заңдылыққа сүйеніп жазылғанын еске түсіру қиын. Сондықтан да белгілі бір сөздің жазылуын сөздіктен қарап білгенмен, оған ұқсас жазылатын сөздерді өздерінше дұрыс жаза алмауы мүмкін. Сол себептен әрбір тіл категориясына қатысты теориялық мәлімет берілгенде оқушылардың орфографиялық білімі мен дағдысын жетілдіре түсуге қолайлы жағдай жасалып, тыныс белгілермен байланыстырыла үйретілу тиімді.

VII сынып оқулығында әрбір сөз табынан кейін олардың емлесіне (мысалы: үстеу сөздердің емлесі, шылау сөздердің емлесі) арнайы тақырыптар берілген.

Бұл емле ережелері үстеудің не шылаудың ғана жазылу заңдылығы ретінде түсіндіріледі. Жалпы алғанда, сол категорияға(үстеуге т.б.) тән жазылу ережесі екені рас та, бірақ оның басқа тақырыппен ұштасып жататынын кейде ескерілмейді. Мысалы: дефис арқылы жазылатын сөздер тек үстеу немесе еліктеуіш сөздің емлесі емес, қос сөздің жазылу тәртібіне бағынып жазылады. Сондықтан емлені түсіндіргенде үстеулердің қос сөз түрінде кездесетінін, соған байланысты олар дефис арқылы жазылатыны түсіндірілсе, оқушылар мәліметті әлдеқайда нақты, дәлелді ала алады.

Оқушылардың орфографиялық қателерін тексергенде, мұғалімнің әр уақытта ескеруі тиіс бір мәселе бар. Ол – бірге не бөлек жазылатын сөздердің ара-жігін ажырату қиындығы. Қазақ орфографиясын жетілдіру барысында сөздердің бөлек не бірігіп жазылуы жөнінде жасалған ереже бар. Дегенмен бұл мәселеде, оқушыларды былай қойғанда, лигвист-ғалымдардың өзі толық бір шешімге келген жоқ. Сондықтан мұғалім бұл жөнінде тым қатал болмауы керек. Ол үшін мұғалім сол сыныптың баласы қандай білім, дағды алды, қай сөздердің жазылуында қиындық кездестірді дегенді қатаң ескеруі қажет. Өйткені сөздердің грамматикалық мағыналарын игермей, сөйлемдегі ойды игере алмайды. Ал сөйлемдегі ойды дұрыс игермесе, ондағы сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін дұрыс анықтай алмаса, онда сөйлемнің тыныс белгілерін де игере алмайды.

Пунктуациялық икемділік пен дағды беруде оқушылардың стилистикалық біліктілігімен де байланысты жүргізіледі. Оқушыларда орфографиялық, пунктуациялық қатеден басқа стилистикалық қате кездеседі. Алғашқы екеуіне көбірек көңіл бөлінеді де, соңғысына талдау аз жасалынады. Бұның басты себебі стилистикалық қатенің болуы неліктен, себептері неден екеніне осы кезге дейін мұғалімдердің өзі аз көңіл бөледі.

Мұның салдарынан оқушылар ондай қатенің бар екенін білгенмен, оны болдырмаудың жолын білмейді. Көп жағдайда, бұл қате сөйлемді дұрыс құрмаудан деп түсініледі. Бірақ ол – жалпы айтылған сөз. Ал шындап келгенде, бұл қатенің болу себебі әр түрлі. Сондықтан VII сыныптың өзінде мазмұндама мен әр түрлі шығарма жазуға дағдыланатындықтан мұғалім

арнайы сабақ арнамағанымен, әрбір стилистикалық қате кездесетін себепті сабақпен байланыстырып отырмаса, оқушы дұрыс-бұрысын ажырата алмайды.

Оқушылардың жазба жұмыстарында кездесетін стилистикалық қателерді пайда болу себебіне қарай төртке бөлуге болады. Мәселен, оқушы сөздің лексикалық мағынасын толық білмегендіктен сөздердің қолданылу аясын, басқа сөзбен тіркесу қабілетін жақсы ажырата алмайды да, олақ сөйлемдер құрайды. Шындап келгенде, бұл қателер мектеп бағдарламасында оқылған лексика тарауын игермегеннен – сөздің тура, ауыспалы, синонимдік т.б. мағыналарын жете түсінбеуден туады. Сондықтан мұндай қатені *лексикалық қате* деп атаған жөн.

Ал сөздің жасалу жолынан, сөз түрлендіру амалынан кеткен қателерді *морфологиялық қате* деуге болады. Сондай-ақ сөздердің тіркесу амалдарын білмеуден, сөздердің орын тәртібін сөйлемде бұзып қолдану, азат жолдан жазу тәртібін білмеу сияқты қателер *синтаксистік қателеге* жатады.

Осы қателердің ішінде айтылатын ойға лайық сөзді талғап, тандап қолдана алмау *ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми, көркем әдебиет, іс қағаздары, публицистикалық* стильдердегі сөз қолдану белгісін білмеуден, жанр ерекшелігін ажырата алмаудан, сөз байлығының кемдігінен пайда болатын қателер де бар. Бұларды нағыз *стилистикалық қате* деуге болады.

Әрине, қателерді бұлайша жіктеу мектеп бағдарламасына жаңа ұғымдарды енгізу немесе жаңаша қарау дегендік емес. Біздің айтайын деп отырғанымыз, мұғалім қатенің болу себебін білмей тұріп, оны болдырмау жолын шеше алмайды. Сондықтан біріншіден, бұл жайды мұғалім қатал ескеруі қажет. Екіншіден, ондай қатені бодырмау үшін қандай ережеге көңіл бөлу керектігін оқушы да білгені жөн.

Ол үшін оқушыға лексикалық қате, морфологиялық қате, синтаксистік қате деген терминдерді қолданбағанмен, мұғалім қатені талдағанда лексикадан, морфологиядан, синтаксистен оқушының қатесі барын әр кез ескеріп отырғаны жөн. Бұл балалардың сөз қолдану, грамматикалық білімді қалыптастыру, сөйтіп оны пунктуациямен байланыстыра білуге жағдай жасайды. Мысалы, лексикалық қатенің мына түрлері жиі кездеседі.

1. Сөздің әдеби тілде қалыптасқан мағынасын ескермей, бұзып, орынсыз қолдану. Мысалы: *Балалар құлыншақтың жүгіргенін көріп мәз болды.*

Осы сөйлемде *жүгіргенін* деген сөздің әдеби тілде қалыптасқан мағынасымен қолданылу үлгісі бұзылып тұр. *Құлыншақ шабады, желеді, бірақ жүгірмейді.*

2. Оқушылар синоним сөздердің қолданылу орнын білмеуден туатын қателер. Мысалы: Ол бізге: *Ауылға келіңдер, - деп айтты* сияқты сөйлемдер кездеседі. Мұнда *де* етістігі мен *айт* етістігі синоним екенін, сондықтан Ол бізге: *Ауылға келіңдер, -деді* деп жазған жатық шығады.

Бұл секілді қателердің түр-түрі оқушылардың жазба жұмыстарында жиі кездеседі. Сондықтан ондай қателердің болу себебін оқушыларға ескертпей тұрып жөндеу мүмкін емес. Ал мектепте жазба жұмыстарын тексергенде

талдау жасаудың орнынан «Орашолақ сөйлемдер кездеседі». Сондықтан сөйлемді дұрыс құра алмау пунктуациялық қателерге ұрындырады.

Пунктуацияға байланысты бірсыпыра ережемен оқушылар бастауыш сыныпта және синтаксисті оқуға байланысты V сыныпта танысқан. Ал VI-VII сыныпта морфология тарауын оқығанда әр категорияға қатысты тыныс белгілерін қолдану жайымен танысып отырады. Бұған қарағанда, V сыныптарда пунктуацияға байланысты білім дағдыларына көңіл бөлудің керегі жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін. Алайда қазақ тілін пәнішілік байланыста өту және әрбір тілдік категорияны өткенде қатынас құралы ретінде тілді пайдаланудағы оның негізгі бір тарауы – пунктуацияны VII сынып материалдарынан шеттете алмайды.

IX сынып оқушыларымен тыныс белгілеріне байланысты қандай жұмыс жүргізілуі керек? Біріншіден, оқушылардың бастауыш және V сыныпта танысқан тыныс белгілерін қолдану ережелерін еске түсіру арқылы білім дағдысын ұштай түсу қажет болады. Бұл – айтылған жайт қай тақырып, қай категория өтіліп, қандай жаттығу жұмысы жүрсе де, жазба жұмыстар жүргізілсе де, еске ұстайтын нәрсе. Ал, екіншіден, кейбір категориялардың синтаксистік негізде оқытылуына байланысты тыныс белгілерін түсіндірмей болмайды. Мысалы, жалғаулық, демеулік шылау мен одағайды тыныс белгілерін кірістірмей түсіндіру мүмкін емес.

Бұл екі мақсатты орындаудың өзінше қиындықтары бар. Сөйлем соңынан қойылатын тыныс белгілері оңай көрінуі мүмкін. Бірақ олардың кейде орны ауысып жатады. Өйткені кейбір сөйлемдердің айтылу сазы сол сөйлемнің құрылысына немесе құрамындағы сұраулық, демеуліктерге қатысты болмай, бүкіл азат жолдағы, мәтіндегі мағынаға байланысты болып келеді. Мысалы: *Сен өз аулыңа барасың ғой* деген сөйлемнің соңынан сұрау белгісін де, нүкте де қоюға болады. Ол – мәтіннің мазмұнына қарай анықталмақ.

Егер сөйлеуші өзі бастап, *Сен аулыңа барасың ғой?* Десе, ол жауап күткені, онда сөйлем соңына сұрау белгісі қойылады. Ал басқа біреу: *Мен қайда барам?* деп сұрағанда, оған жауап ретінде айтылса, онда сөйлем соңына нүкте қойылады. Олай болса, тыныс белгісінің қай-қайсысы да қайталанып, жаттығулардағы сөйлем мағынасына қарай пысықталып отырылуы керек.

Оқушыларға тыныс белгілерінің сөйлеушінің (жазушының) ойынан байланысты кейде өзгеріп тұратынын да аңғартқан жөн. Мысалы, кейде оқушылар сөйлем ішіндегі кідіріске (паузаға) қарап үтір қойып қателеседі. Бұл – оқушылардың сөйлемді оқу интонациясын ажырата алмауынан шығады. Мысалы, «*бірақ*» шылауы сөйлем ішінде кідіріспен бөлініп оқылғанмен, онан кейін үтір қоюдың керегі жоқ. Сондай-ақ *Қаладан келген кісілер бүгін клубта кездесу өткізбекші* деген сөйлемді оқығанда «*қаладан келген кісілер*» дегеннен кейін қысқа кідіріс (пауза) кездеседі. Бірақ ол жерге үтір қойылмайды. Сондықтан оқушылар тыныс белгісін қай жерде, не үшін қою керектігін білуі үшін, ережені білумен бірге оған күнделікті дағдылануы қажет. Ол – бүкіл қазақ тілі курсына үнемі еске түсіріліп, қайталанып отырғанда ғана қалыптасуы мүмкін.

IX сыныпқа тиісті жалғаулық демеуліктер морфологияға қатысты болғанмен, сөйлемнің синтаксистік құрылысына сай түсіндірілуін қажет етеді.

Мысалы, жалғаулықтарды өткенде оның қызметі – бірыңғай сөйлем мүшелерін және сөйлем мен сөйлемді байланыстыру екені түсіндіріледі. Мұның өзі – оқушылар бірыңғай сөйлем мүшесі немесе сөйлемнің байланысы дегенді дұрыс түсінбей тұрып, жалғаулықтың қызметін түсінбейді деген сөз. Оның үстіне жалғаулықтардың қолданылу аясы (әсіресе, ыңғайластық, талғаулықты жалғаулықтардың) бірыңғай сөйлем мүшелерінің және сөйлем мен сөйлемнің арасына қойылатын үтір белгісімен тікелей байланысты. *Асан мен Үсен келді – Асан, Үсен келді – Асан да, Үсен де келді.* Бұл мысалдардағы жалғаулыққа, демеулікке қатысты тыныс белгілерін дұрыс түсіндіру үшін жазбаша жаттығуы керек. Сондықтан келтірілген мысал үлгісімен оқушылардың өзі жаттығуы үшін оқушыларға мынадай сызба ұсынған жөн. О – бірыңғай сөйлем мүшесі: п - сөйлем деген шартты белгі бойынша О және О; О мен О; О да О; О немесе О; П және П; П біресе П; Я П, Я П; не П, не П; әлде П, әлде П.

Бұл сызбаға қарап жалғаулықтың қолданылу орны, оларды жеке қолданғанда (немесе бір рет) үтірдің қойылмау себебі, ал қайталанып келгенде үтір қойылатыны түсіндіріліп, оқушылар әрі қарай өздігінен жұмыс істей бастайды. Ол үшін сызбаға қарап сөйлем құрау, сөйлемге қарап, оның сызбасын құрастыру тапсырмалары беріледі.

Қысқасы, негізгі мақсат - оқушыны сауатты жазуға баулу. Сондықтан VII сынып оқушыларының сауатты жазуын қадағалау үшін, тыныс белгілерінен кездесетін қателерді шамамен мынадай топқа бөліп, жұмыс істеген жөн: 1) қажетті тыныс белгісінің қойылмауы; 2) тыныс белгісінің тиісті емес жерге артық қойылуы; 3) бір тыныс белгісінің орнына басқа тыныс белгісін қою; 4) тыныс белгілерінің тиісті жерге қойылмай, өзге жерге қойылуы.

Тыныс белгілерінен кеткен қателерді бұлайша саралаудың оқушылармен жұмыс істеуде үлкен пайдасы бар. Мысалы, қажетті тыныс белгісінің қойылмауы жиі кездеседі. Ол – оқушының сөйлем құрылысын т.б. пунктуация ережелерін білмеуден болады. Ал тыныс белгісінің артық қойылуы сөйлемнің айтылу сазын, екпінін, кідірістің жасалуын түсінбеуден туады. Ал үшінші қате – бір тыныс белгісінің орнына басқа тыныс белгісін қою – оқушының сөйлем құрылысын түсініп, тыныс белгісінің қажеттігін түсінгенмен, әр түрлі тыныс белгісінің сөйлемдегі қызметін ажырата алмау себебінен пайда болады. Әрине, бұл жерде бір тыныс белгісінің орнына екіншісін әдейі ауыстырып қою мақсаты да болатынын ұмытпаған жөн.

Қорыта келгенде, оқушыларды тыныс белгісін дұрыс қоя білуге баулу тек сауатты жазуға ғана емес, тіл ұстарту сабағында мақсат етілетін ойды дұрыс жеткізу, қажетті стильде баяндау, мәтінді мәнерлеп оқуға көмегі тиеді.

Сонымен, оқушыларға қазақ пунктуациясынан терең білім, берік дағды беру үшін мұғалім оқу үдерісінде жоғарыда аталынған төрт ұстанымды, грамматикалық,

мағыналық, интонациялық және тыныс белгілерін мағынасы мен қызметіне сай оқу ұстанымдарын басшылыққа алғаны жөн. Сол сияқты оқушылар да осы ұстанымдарды саналы түсініп, оларды басшылыққа алатын болса, қазақ пунктуациясынан білімі терең, дағдысы берік болады.

Кейбір зерттеушілер [38,34] пунктуацияны оқыту ұстанымдарының қатарына жазу үдерісінде тыныс белгісін қойып отыру, тыныс белгілеріне саналы түсініп, оларды шығармашылық жұмыстарда қолдана білу ұстанымдарын атайды. Біз бұл пікірді қолдай алмаймыз, өйткені тыныс белгілер грамматикалық, мағыналық, интонациялық ұстанымдарға сүйенгенде де саналықпен атқарылады.

Тыныс белгілеріне саналы түсініп, оларды белгілі бір жүйемен шығармашылық жұмыстарда қолдана білу де жеке пунктуациялық ұстаным бола алмайды. Өйткені тыныс белгілері қойылмай жазылған кез келген мәтіннің тыныс белгілерін дұрыс қоя алатын оқушылар өз шығармашылық жұмыстарында да тыныс белгісін дұрыс қоя алады. Шынына келсек, оқушыларға қазақ пунктуациясынан дағды беруге арналған дағдыландыру жұмыстары оқушының шығармашылық жұмысынан әлдеқайда күрделі болмақ. Ол грамматикалық теорияларға, анықтама мен ережелерді игергенде ғана нәтижелі болады.

1. 4. Пунктуациялық дағдыны игертудің психологиялық негіздері

«Дағды - бұл ойлау қабілеті барысында қалыптасатын, сана-сезімнің автоматтандырылған құрамдық бөлігі» [39]. Бұл анықтама жалпы сипатқа ие, яғни ол бірдей деңгейде қозғалыс дағдысына (мысалы: велосипедті айдау) және ойлау, сонымен бірге емле ережесіне немесе дұрыс жазу ережесіне де қатысты.

«Автоматтандырылған» термині дағдының, бастапқыда ойлау барысында белгілі бір ережелер негізінде, содан кейін барып автоматтандыру үдерісіне бейімдейтін іс-әрекет арқылы дағдының қалыптасу тәсілін білдіреді.

Мұндай дағды табиғатын психологиялық түрде түсінуде шетелдік психологтар әдістемешілерге тән механикалық теориядан ерекшеленеді. Олардың ойынша, (Торндайк, Удтсон, Лаи, Мейман т.б.) педагогтың міндеті - оқушы сөзді дұрыс түсініп, бұл сөз бейнесін қоюдың дұрыс сәйкестілігімен байланыстыру деп есептейді. Мұндай ассоциацияның

қалыптасуы сөзді ұғыну мен сөйлемді түсініп қабылдауды және оның жазылуын қайталау жиілігіне байланысты дейді.

Қазіргі уақыттағы «автоматтандырудың» психологиялық теориясы – осы сияқты механикалық көзқарастарға қарама-қарсы көзқарас. Шынында Томсон атап өткендей, сауатты адам «қайда қай әріпті қою керектігін» ойламайды. Әрине, бұл білімді игерудің соңғы нәтижесі, бірақ бұл дағдыны қалыптастыру жолы санасыз болуы керек дегенді білдірмейді. Әрине, дағдыны қалыптастыруды механикалық жолмен де жүзеге асыруға болады. Оны К. Д. Ушинский «Грамматикалық ережелерді пайдаланбай, бірден дұрыс сауатты жазуға дағды алу үшін ондаған жылдар мен тоқтаусыз дайын үлгіден көшіруі қажет, бірақ мұндай «громотей»-ді кез-келген жаңа сөз тығырыққа тірей алады», - деді [40].

Механикалық жолмен қалыптасқан дағды, емле ережесін қамтымай, әрбір сөздің орфографиясын есте сақтау арқылы қалыптасады. Сондықтан мұндай «громотей»-дің жаңа сөзді кездестіруі, оны есте сақтауды талап етеді. Яғни, мұндай сананың механикалық жұмысы орфографияны үйреніп білуде балаға тән емес. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, жасы кіші оқушылардың өзі жазу барысында, емле ережесінің үйлес жағдайларын жинақтап қорыта келіп, өзі жасаған бақылауға сүйене отырып жаңа сөздер жазады. Сонымен бірге, егер оқушыға кейбір ережелерді ескертпеген күннің өзінде, көбінесе олар оны өздері құрып алатынын атап өтуге болады. Әрине, мұндай «ережелер» көбіне қате болмайды және де көбіне балалар не үшін бұлай жазатынына, басқаша жаза алмайтынына есеп бере алмайды. Сондықтан да, жазушы жұмысын өте мұқият зерттеу арқылы осындай «саналы грамматиканы» байқауға болатындығын айтады [39].

Осылайша, орфографияны механикалық жолмен игеру әдістері дидкатикаға қарсы және тиімсіз және адамзат санасының табиғатына тән емес. Орфографиялық материалдар ойлау жұмыстарына келесідей мүмкіндіктер береді: ойлау, жүйелеу және талдап қорыту арқылы есте сақтау жұмыстарын жеңілдетеді.

Орфографияны саналы түрде игеру, үйрену механикалық жолмен игеруге қарағанда келесідей артықшылықтарға ие болады. Ал «автоматтандырылған» үйренумен ілесе жүретін дағды әрбір басқан қадам сайын, көбінесе қиындықтарда санаға қайта қалыптасады.

Қалыптасу барысында алынған дағды, автоматты ғана емес, саналы түрде бола алады.

Дағдының саналы қалыптасатынын теріске шығаушы механикалық теориялар, сол арқылы грамматиканы да теріске шығарды. Дағдының саналы қалыптасу теориясы негізгі орфографияның грамматикалық және орфографиялық ережелерін игеруде дағдының саналы даму негізінің негізгі құралы екенін көрсетеді. Бұл қалыпты жағдай. Өйткені грамматика белгілі бір жүйеде тілдің бірыңғай көрініс пен грамматикалық категориялар арасында өзара дара қатынасын бекітеді, олардың жазуда шартты белгілерін, қазақ тілінің емле ережелерінің ерекшеліктерін белгілейді. Басқаша айтқанда, грамматиканы игеру оқушыға адамзат дамуымен қалыптасқан ғылыми тәжірибені пайдануға мүмкіндік береді. Емле ережесінің мұндай заңдылықтарын білу орфографиялық дағдының саналы қалыптасуының негізін көрсетеді. Бұл дағдыға жалпылама сипат береді, ол әрбір жеке сөз орфографиясын жаттаудан ерекшеленіп, әрбір оқушы әрбір жаңа сөз алдында тығырыққа тірелмей, ол сөзді белгілі ережеге теңестіруге және орфографиялық ережелерге сәйкес жазуға мүмкіндік туғызады. Мұндай саналылық негізде қалыптасқан дағды өте үлкен көлемге ие болады. Оқушы бұл ережені игеріп, сол арқылы барлық сөздің дұрыс жазылуы мәселесін шешеді және де әрбір сөз грамматикасын жаттауды қажет етпейді. Әрине, мұндай жалпылама дағдылардың қалыптасуы көп уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұдан келіп осындай жалпылама дағдылар негізгі табиғаты жалпылаудың ойлау амалдарына және бұл жалпылау негізі болып грамматикаға шығатынын көруге болады.

Жатталынатын әрбір орфографиялық материалдар кейбір ортақ ережелерді игеру арқылы есте сақтау жұмыстарын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұл сирек кездесетін, олардың арасында ешқандай ішкі мағыналық байланыс жоқ факті немесе құбылыстар болып табылады. Мысалы: телефон нөмерлерін есте сақтау, тарихи оқиғалар күні, уақыты, адамдар аты-жөні, ботаникалық және географиялық терминдер. Бірақ бұл жағдайда дағды туралы емес, қарапайым есте сақтау бірыңғай деректерін игеру туралы айтуға болады. Мұндай құбылыстарды орфографиядан да көруге болады. Яғни, орфография туралы сөз болғанда, дағдының қалыптасуын тек қана теоретикалық ережелер ғана емес орфографиялық деректерінің сипатына тәуелді етіп, дағдының қалыптасуының психологиялық

ерекшеліктерін және лингвистикалық ерекшеліктерін ескере отырып, дифференциалды әдістер қолдану арқылы үйретіледі.

Дағдының қалыптасу механизмі. Дағды сипаты екінші рет автоматтандырылған іс-әрекет сияқты, автоматтандырылатын саналы іс-әрекет жүретін қай жол мәселесін және бұл үшін саналы іс-әрекеттің автоматтандыруға өтуге қажетті жағдай мәселелерін анықтайды. Әрине, саналы іс-әрекет болып, саналы түрде меңгерілген мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекетті айтуға болады. Егер, мысалы, біз қандай да бір орфографиялық жаттығуларды саналы түрде орындағымыз келсе, оқушылар алдына, тек орфографиялық мақсат қояды да оны саналы орындауға ұмтылады.

Егер әдістер тарихында біз осындай қарпайым шындықтың бұзылғанын көрмесек, бұл туралы атап өтуге де болмас еді. Бұл «мағыналық пен «Орфографиялық» түсініктерді айырмасыз саналы жазу (мәтіннің мағынасын түсінуді мақсат етіп, бірақ орфография туралы мүлде ойламай жазуға болады).

Пунктуациялық дағды - бұл күрделі дағды. Ол жазу дағдысын, сөздің дыбыс құрамын талдауды, грамматикалық білім негізінде орфограмманы танып білу, оған қажетті ережені қолдану және орфограмманы дұрыс жазуды қамтиды. Бұл негізгі шеберлік пен дағды, орфограммалар сипатына тәуелді жеке амалдарға негізделеді. Оқу барысында ең алдымен барлық осындай жеке амалдардың игерілуі (меңгерілуі) қажет, ол үшін олардың әр қайсысы белгілі бір кезеңде оқушының іс-әрекетінің мақсаты болады. Бірақ орфографиялық дағдының қалыптасуы үшін бұл жеке амалдарды орындай білу жеткіліксіз. Дағды табиғатына көптеген жылдар бойы зерттеу жүргізген Е. В. Гурьянов бұл туралы былай дейді: «Жеке іс-әрекеттерді жеке бөліктерге бөлу жеке іс-әрекеттерді орындауда қандай да бір бөлшегін жетілдіру үшін ғана емес, ең алдымен және ең бастысы сәйкестендіру үшін одан кейін жеке іс-әрекеттердің барынша күрделі іс-әрекеттердің орнын басуға қамтамасыз ету үшін қажет», -деп есептейді [41, 31].

Педагогика үшін дағды табиғатын бұлай түсінуден келіп аса маңызды нәтиже келіп шығады: егер оқу барысында күрделі іс-әрекеттерді дағдыға айналдыру қажет болса, жеке іс-әрекеттерді туындатып жекелеген жаттығулармен қанағаттануға болмайды. Егер, мысалы, бастауыш сынып оқушыларына жуан-жіңішке дауыстыларды үйрету үшін,

алдымен сөздерді теріп жазуға үйретеміз, ондай болмаған жағдайда оқушылар бұдан кейін буын үндестігі ережесін бірден қолдануда, олар осы екі ептілік немесе шеберлікті біріктіру қажет болғандықтан қиналады. Мектеп тәжірибесінде, оқушы барлық назарын бір мәселені шешуге жинақтап (мысалы: бір текті сөздерді теріп жазу), екінші тапсырма туралы ұмытып кетеді. Сөз түбіріндегі жуан дауыстылары бар жуан буынды сөздерді теріп жазу қажеттілігі туралы немесе негізгі сөзбен тектес емес, жіңішке буынды сөз формасын теріп жазудағы буын үндестігінің қажеттілігі жиі кездеседі. Мұндай қателердің болу себебі әр түрлі болып келеді, негізгісінің бірі – дағдының осы екі элементін бір іс-әрекетке сәйкестендіруге арнайы бағытталған жаттығулардың жоқтығы болып табылады.

Нағыз мықты(күшті) дағдыға ие болу үшін А.Н.Леонтьевтің ойы бойынша «Оқушының алдына мұндай жаңа мақсатты қою, дәл мұндай нақты жағдайда ол әрекет басқа іс-әрекеттің орындалу әдісі болып келеді. Басқаша айтқанда, нақты осы іс-әрекеттің мақсатты, жаңа мақсатқа талап етілген іс-әрекет шартына айналуы қажет» [42,19]. Ал біздің келтірген мысалымызда қосалқы әрекет түрін орфография алса, ал бастапқы мақсат болып шығармашылық жазу болып табылады. Бастапқыда барлық ережелер оның барлық бөлшектерінде қолданылады.

Дағды қалыптасты ма, оның беріктігі қандай екенін қалай білуге болады? Ол үшін мынадай жағдай жасалуы қажет. Мұнда ереже бойынша барлық іс-әрекет қандай да бір жаңа мақсатқа қол жеткізу үшін тек қосалқы рөл атқаруы тиіс. Егер осындай жағдайларда дағды бұзылмайтын болса, оның беріктігіне сенім арта беру қажет. Егер мұндай сынға шыдай алмаса, онда соны қайта жұмыс істетуге қажет. Сондай-ақ жекелеген орфографиялық іс-әрекеттермен жұмыс істеу арқылы білім алуды ары қарай жалғастырылады.

Тұжырымдағанда ойлау үдерісінің жүйеленуі мен жаттыға беру бірте-бірте ұғынып ойлау амалы дағдының қалыптасуы нәтижесінде ойланбай жазу үдерісіне өтеді-яғни екінші сигналды жүйеде реттеу жұмыстарының төмендеуі автоматты орындалуға ұласады. Бұл ереже бойынша жазып жаттығып, соңынан оқушылардың ереже туралы ойламай жазуымызға алып келеді.

Автоматтандырылған жазуда тілдің семантикалық жағының сақталуы омонимдік дыбыс формаларын ажыратуға мүмкіндік береді. Мысалы, «**ға**» мен «**ге**» арасындағы қандай да бір дыбыс зат есімнің әр түрлі септіктерінде кездесетін

дыбысты «а» немесе «е» арқылы жазу қажет (оның септелу мағынасы сәйкес). Бірақ сауатты адам оны жазу барысында сәйкесінше ережелерді есіне түсірмейді. Септіктің грамматикалық категориялары туралы ойламайды да, бірақ ол оны жазуда сөздерді байланыстыруда орындай береді. Мұндай қатынастар септік қызметімен түсіндіріледі.

Енді біз дағдының қалыптасуы үшін қажет жалпы жағдайларға тоқталып өтейік. Бұл шарттардың негізгілері қайталау және тәсілдерді игеру немесе әрекеттердің орындау әдістері мәселелерімен байланысты.

Кез-келген дағдының қалыптасуы үшін сол белгілі бір әрекетті қайталау санына байланысты екені жалпыға белгілі. Мұндағы мәселе олар қандай рөл ойнайтындығында. Мәселен, Э.Торндайк «Жаттығу мен дұрыс түсінік және ұйымдастырылған машықтану – бұл қандай да бір алғашында келтірілген әрекет пен қозғалысты қайталау емес, ол қандай да бір мәселені қайталап шешу. Бұл үдеріс барысында бастапқы іс-әрекет жетілдіріледі және сапалық түрі өзгереді», -деп көрсетеді [43,36].

Бұл пікірден орфографиялық мәселелерді қайталау арқылы шешу – оқушының ойлау қабілетінің жетілуіне және бірте-бірте қоюлануына мүмкіндік береді. Сондықтан психологиялық жағынан алғанда, жаттығу үдерісіндегі қайталау нақты аударғандағы қайталау бола алмайды. Бастапқы іс-әрекет нәтижесін білу, қайталауды бұрынғы іс-әрекетпен салыстыру, олардың дұрыстығын бағалау, мәселені нақтылау – міне, осылардың барлығы нәтижені жетілдіру үшін маңызға ие болады.

Дағдының қалыптасуы барысында қайталау негізгі ретінде бағаланады, өйткені, қайталау барысында тілдің дыбыстық және графикалық түрлері арасындағы орфографиялық байланыстардың механикалық емес саналы түрде қалыптасатындығында. Ал бұл байланыстар жеке емес жалпылама сипатқа ие болмақ.

Ережені қолданудағы жаттығулар адам санасында тек сөз жазылу үлгісін сақтаумен ғана емес, жалпылама сипаттағы орфографиялық дағдыны қалыптастыруда аса қажет болатын есте сақтау әдістері мен ойлау амалдарын жетілдіреді. Осы жағдайда ескеретін оқу, үйрету оқушының білмей қалуына жол бермейтін, өзінің механикалық сипатын жоғалтады және орфографияны үйрену оқушының белсенді, саналы жұмыстарына негізделген ойлаудың даму деңгейін жоғарылатады. Сонымен дағдының қалыптасуының аса маңызды шарттары мыналар: 1) ережені білу; 2) ережелерді

қолдану тәсілдерін және оларды шеберлікпен қолдана алу; 3) осы шеберлікті қалыптастыратын жаттығулар орындау.

Пунктуациялық ережелерді қолдану әдістерін үйрету. Дағдының қалыптасуында көптеген психологиялық зерттеулер көрсеткендей, іс-әрекеттің орындалуы үшін оның тәсілдері мен әдістерін меңгеру үлкен мағынаға ие болады. Бұл жағдай бір деңгейде қозғалыс дағдысы және ойлау қабілеті үшін де қажетті.

Ойлау әдістері, әр түрлі мағынадағы мәселелерді шешу үшін қажетті талдау, топтау, дерексіздендіру, жалпылау, нақтылау амалдарын жүйелеуден және жалпылаудың әр түрлі кезеңінен тұрмақ, ал оларды қолдану осы білім саласында нақты бір ғана мәселені шешуге арналған, өте «тар» деңгейдегі әдіс-тәсілдерден бастап, ғылыми ойлау жалпы әдістерімен аяқталады.

Орфографиялық дағдыны игеруде қиындықтар тек ережелерді немесе грамматикалық түсініктерді білмеуден ғана емес, оларды іс жүзінде жазуда қолдана алмаудан туындайды. Бұл көбінесе, өз білімін іс жүзінде орындай алмайтындардан шығады. Педагог-әдіскерлер үшін жиі кездесетін жағдай болып кейбір оқушылар орфографиялық ережелерді жақсы біле тұрып, осы ережелер бойынша қате жібереді. Ережені іс жүзінде пайдалану – бұл берілген нақты жағдайда ортақ ережені қолдану қажет, қажет еместігі туралы ойлану, орфограмманы тану және оны пунктуациялық талдау. Мұның барлығы мидың күрделі талдау-топтау жұмыстарын талап етеді.

Пунктуацияны меңгеруде ойлау жұмысының қандай әдіс-тәсілдері туралы айтуға болады? Ең алдымен, бұл орфограммалардың грамматикалық таным жолын көрсететін, осындай грамматикалық категорияларға тән белгілерді білуді керек ететін әдіс-тәсілдер болып табылады. Бұл белгілер, оқушыларға оқулық бойынша оқытылатын түсініктерді анықтаудан тұрады. Мысалы: оқулықтарда «жұрнақ» түсінігі бойынша мынадай анықтама берілген. «Сөз түбірінен кейін жалғанатын және жаңа сөз түрін жасауға көмектесетін сөздің негізгі бөлігі жұрнақ деп аталады». Бұл анықтама бойынша жұрнақтың мынадай белгілері белгіленген:

- жұрнақ сөз негізінде кездеседі;
- жұрнақ түбірден кейін жалғанады;
- жұрнақ арқылы жаңа сөз жасалады.

Сөздің құрамындағы жұрнақты анықтау үшін оқушыға анықтамада айтылып өтілген белгілері бар, жоқ екендігіне көз

жеткізу үшін талдау жүргізу қажет. Оқушы сөзден жұрнақты бөліп көрсету үшін:

- сөз жалғауын түбірден ажырату үшін сөзді өзгертеді;
- оның негізінде сөз түбірін табады;
- түбір мен жалғау арасындағы бөлікті жеке алып қарастырады;
- осындай жұрнақтары бар басқа да сөз келтіреді.

Мұндай талдауға мысал:

- жұмыс+шы+лар, жұмысшы+лар+ды,
жұмысшы+лар+ға; **жұмысшылар** - **жұмысшы-жұмыс-**
түбірі.

- Түбірден кейінгі дауыс немесе дыбыс тіркесі - **шы**. Осы тіркес арқылы сөз түбірі өзгереді.

Егер оқушы - **шы** жұрнағымен және оның мағынасымен таныс болса, ол сөз құрастыру мысалдарын келтірумен бірге - **шы** жұрнағы адамдардың қызметі бойынша анықтайды. Мына сөйлемге талдау жасап көрейік: *Бақташы сыбызғыны ойнады*. Бұл сөйлемдегі «*сыбызғы*» сөзінің нақты жалғауын анықтау үшін оқушы мынадай ой тұжырымына келеді:

1. Бұл сөздің жалғауын естілуіне қарай оның қаншалық екпінсіз екенін білуге болады. Сондықтан кейде -ны жалғауы түсіріліп те айтылады.

2. «*Сыбызғы*» түбірі зат атауын білдіреді, яғни зат есім.

3. Бұл сөз септеледі, өзгермейтін бөлігі түбір ал өзгермелі бөлігі қосымша болып табылады, яғни септік жалғауы.

Бұл мысалға сөз жалғауын жалғап жазу үшін мынадай жұмыстар орындалады: сөз табы анықталады, бұл берілген орфограммада белгіленген морфеманы анықтау, зат есімнің көпше, жекеше түрін анықтау қажет. Бұл тапсырмалардың барлығы грамматикалық негіздегі ережелерге жатады, ал олардың шешілуі оқушылардың грамматикалық категориялардың осындай белгілерін табуы үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерін қамтиды. Оқушы алдына қалай, қандай жолмен зат есім тегін, септеу типін, септеудің қай түрінде септелетінін анықтау мәселелері туындайды. Бұл мәселелерді шешуді ол грамматиканы игерумен байланысты шешеді. Грамматикалық категориялардың тану мен бөліп қарастыру әдіс-тәсілдерін игеру грамматиканы оқытудың негізгі мақсаты болып табылады. Орфографиялық мәселелерді шешудің қандай да әдістері арқылы жүзеге асырылатын амалдардың ойлау сипаты, көбінесе осы уақытқа дейін алынған білімге және шешілетін тапсырма мағынасына байланысты болады. Яғни жоғарыда келтірілген мысал бойынша бірінші мәселе, «*сыбызғы*» сөзі - сол сөз табына тән грамматикалық белгілерді

бөліп қарастыруды міндет етеді, бұл сөздің нақты мағынасынан грамматикалық мәнін бұзып, белгілерді абстракциялау болып табылады.

Келесі мәселе: бұл берілген орфограмма қандай сөз табына жататынын анықтау. Мұнда да біз талдау арқылы жұмыс істейміз, бірақ талдау басқа көзқарас бойынша жүргізіледі. Оқушы сөздің морфологиялық құрылымы туралы білімі бойынша анықталады. Оны синтездейді. Яғни ізделініп отырған орфограмма сөз соңында тұрғандықтан, оқушы оны бірден «жалғауға» жатқыза алады. Бірақ кез-келген соңғы дыбыс грамматикалық мағынада жалғау бола алмайды. Бұл жағдайда оқушы талдаудың бұл дыбыс септелгенде өзгертіндігін анықтауға көмектесетін әдісін есіне түсіруі қажет. Егер өзгерсе, бұл жалғау деген сөз. Оқушы жағдайды жалпы категорияға жатқызады, яғни топтайды. Кейінірек оқушыда мынадай мәселе туындайды. Ол жалғауды дұрыс жалғау не өзгерту қажет екенін есіне түсіруі қажет. Талдау мақсаты – септеу типін анықтау. Бұл үшін келесідей тәсілді қолдану қажет: «*СЫБЫЗҒЫНЫ*» сөзін атау септігіне қою қажет. Бұл сөзде сөз белгілерін талдау және абстракциялау жүргізілді: оқушы соңғы дыбысты анықтайды, осы белгілерді топтау арқылы ол мынадай тұжырым жасайды. Ол септелуі мен жағын анықтайды, берілген сөздің дұрыс жазылуы туралы синтетикалық ой тұжырымына келеді. Бұл үдеріс мынадай белгілермен сипатталады:

Бірінші, барлық тапсырманы жеке-жеке бөліктерге бөлу, екіншіден, бұл тапсырмаларды бірізділікпен, кезек-кезегімен орындау, үшіншіден, бұл тапсырмаларды бұрынғы оқу тәжірибесі негізінде шешу (есте сақтау ролі), төртіншіден, ойлау іс-әрекеті бағытының өзгеруі оның жалпы сипаты – аналитико-синтетикалық талдау, олар оқушы пікірі, абстракция, топтауды қамтиды. Оқушыға осы сияқты орфографияны игеруге тән, қиын тапсырмаларды шешуде, олар өздерінің ойлау барысын жоспарлайды, оның кезектілігін білмейді, сөздің қажетті белгілерін бөліп қарастыру әдістерін білу, орфограмма сипаты туралы тұжырымдарға келу, қорытынды жасау.

Қорыта келгенде, тыныс белгіні дұрыс қоюға жаттықтыру психологиялық негіздерге, яғни ойлау амалдарына талдау, салыстыру, жалпылау, индукциялық, дедукциялық, анализ, синтез т.б. әдіс-тәсілдерді басшылыққа алады.

1.5 Пунктуациялық білім, біліктілік және дағдысын қалыптастыра оқытудың педагогикалық негізі

Мектепте пунктуация синтаксистік негізде оқытылады. Пунктуациялық ережелер мен синтаксистік материал арасында тікелей байланыс бар. Сөйлемнің грамматикалық ерекшеліктері көбінесе пунктуациялық нормалар үшін негіз болады. Сонымен бірге синтаксисті оқытудың кейбір мәселелерін пунктуациялық ережелер арқылы шешуге тура келеді. Мысалы, шылаусыз сөйлемнің құрамына кіретін бөліктердегі тыныс белгілердің қойылу ерекшеліктері. Сонымен, қашанда сөйлем құрылымын талдаумен байланысты пунктуациялық дағды қалыптастыру жұмыстары синтаксис материалдарын терең меңгеріп, пысықтауға, оны түсінуге септігін тигізеді. Оның үстіне пунктуациялық және грамматикалық ережелерді құру және онымен жүргізілетін жұмыстар бір-бірімен байланысты атқарылады.

Ал, 8-сыныпта синтаксис туралы негізгі білім беріледі. Сондықтан тыныс белгілер әрбір синтаксистік категориялармен байланысты оқытылу міндеттелген, мысалы, «Бастауыш пен баяндауыштың арасында қойылатын сызықша», «Сөйлемнің айқындауыш мүшелері, оның анықтауыштан айырмашылығы. Айқындауыштың түрлері, қызметі, тыныс белгілері», «Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгілері», «Салалас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері» т.б.

9-сыныпта тыныс белгілер арнаулы түрде оқытылады. Бұл сыныпта тыныс белгілерді қоя білу икемділігі мен бірге мынадай білікті беру талап етіледі:

«Біліктілігі, пунктуация бойынша:

- тыныс белгілердің стильдің түрлерінде атқаратын ролін білуі;
- тыныс белгілерін сөйлеу мақсатына қарай орынды қолдана білуі;
- тыныс белгілердің қойылу себептерін ғылыми тұрғыдан түсіндіре

алуы тиіс [44,15].

Демек, бұл сыныпта тыныс белгілері тек жазу сауатын арттыру үшін оқытылмай, қарым-қатынас, сөйлеу мәдениетін арттыру мақсатында білім, біліктілігін, дағдысын қалыптастыра оқыту талап етіледі. «9-сынып - негізгі сатының қорытындылаушы сыныбы. Сондықтан мұнда 5-8-сыныптар аралығында меңгерілген барлық білім, біліктіліктер сөз қолданысы аясында, стиль түрлерімен және пунктуациямен сабақтастықта кеңейтіледі», «Төменгі сыныптарда жекелеген тақырыптарға қатысты айтылатын тыныс белгілері жөніндегі мағлұматтар қайта топтастырылып, жүйеленіп берілген», - деп көрсетілген [44,5].

Тұжырымдағанда, пунктуациялық білім, білік, дағды беру қатысымдық әрекет негізінде жүргізу талап етілген. Олай болса, оқушыларға, жазбаша сөйлеу мәдениетін жетілдіру мақсатында, яғни жазбаша мәтін туралы икемділік пен дағдыны қалыптастыру міндеттеледі. Сондықтан зерттеуіміз мынадай жүйеде құрылды:

- тыныс белгілерін қою негіздері, сөйлемнің стилистикалық ерекшеліктеріне қарай белгілерін пайдалану;

- пунктуациялық ережелер, олардың жүйесі, оқулықтағы ережелерді түсіндіру, талдау және қолдану. Грамматикалық деректерді анықтау тәсілдері:

- пунктуациялық жаттығулар, олардың ерекшеліктері, дидактикалық материалдарды іріктеу, диктант жұмысы;

- пунктуациялық материалдарды игерту жолдары, пунктуациялық қателер мен олардың себептері, пунктуациялық қателерді болдырмау мен түзету жұмыстары;

- өтілетін материалды жүйелеу және жалпылау;

Пунктуация білім, білік пен дағдыларын қалыптастыра оқытуда оның негізгі ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері, оқыту қалыптары мен тәжірибелік жұмыстардың жүйесі белгіленбек.

Оқушылардың сауатты жазуға үйретуде тыныс белгілерінен алған теориялық білімін жаттығу жұмыстарды орындату арқылы дағдыға айналдыруға болады. Тыныс белгілерін дұрыс қойып жазуды үйрететін жұмыс түрлері көп: пунктуациялық талдау; мұғалім оқыған сөйлемді жазғанда қандай тыныс белгілерін қою керектігін оқушыларға айтқызу; мұғалім оқып тұрғанда сөйлемнің мағынасы мен интонациясына қарай оқушыларға белгілі бір сөзден кейін қоюға тиісті тыныс белгісін жазғызып отыру, тыныс белгісін жатқа қою (жатпаған өлеңді немесе әңгімені тыныс белгісін қойып жазғызу); жай сөйлемнен мүшелерін немесе құрмалас сөйлемнен оның белгілі бір компонентін тапқызып, олардан соң қойылатын тыныс белгісін айтқызу, тыныс белгісі қойылмай жазылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қойғызу белгілі бір ережеге сай мысалды ойдан үйрету; тірек сөздерді ендіріп сөйлемдер құрау, тыныс белгісін қойғызу; сызба бойынша сөйлем құрастыру; сурет бойынша сөйлемдер айту; диктант, мазмұндама, шығарма жазу т.б. Жаттығу дағдыландыру жұмыстарының қайсысының қай сабақта орындалатынуы өтіліп отырған тыныс белгісіне және сабақтың мақсатына байланысты.

Тыныс белгісін оқушыларға саналы меңгерту үшін өзіндік **әдістемелік ұстанымдарды** басшылыққа алудың да мәні зор.

Қазақ пунктуациясын оқушыларға саналы да берік игерту ұстанымы қазақ пунктуациясының қызметі мен негізіне қарай және оқушылар мен мұғалімнің жұмысына орайластырыла анықталады. Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ пунктуациясы тіліміздің ішкі заңдылықтарына сүйеніп, сөйлеуді сөйлемдерге, сөйлемдерді белгілі бір бөліктерге бөліп, ажыратып жазу және оларды дұрыс, мәнерлеп нақышына келтіріп оқуға, оған қоса жазылған ойды, оның бөлшектерін дұрыс түсінуге мүмкіндік жасайды. Қазақ пунктуациясы мағынаға, грамматикаға және интонацияға негізделі қойылады. Оқушылар қазақ пунктуациясын жете білу үшін алдымен қандай грамматикалық заңдылықтарға байланысты қандай тыныс белгілерінің қойылатынын, сол грамматикалық заңдылықтарды анықтайтын және соған орай қандай ережелердің барын; екіншіден, қандай тыныс белгілерінің мағынаға ғана негізделі қойылатыны; үшіншіден, қандай тыныс белгілерінің интонацияға ғана негізделі қойылатынын білуі шарт. Мұнан кейін оқушылар тыныс белгілері қойылып жазылған мәтінді дұрыс оқуға, мұғалімнің айтқанын немесе берілген мәтіннің тыныс белгілерін дұрыс қойып жазуға жаттығуы керек. Бұл үшін оқушылар оқулықта берілген тыныс белгілері

жайындағы ережелерді және мұғалім түсіндірген білімді саналы меңгеріп, ұсынылған жаттығу, дағдыландыру жұмыстарын үнемі орындап отырады. Міне, осы айтылғандарға сүйене отырып, қазақ пунктуациясын оқушыларға меңгертуде басшылыққа алатын әдістемелік ұстанымдары төменгіше саралауға болады.

Саналылық ұстанымы. Оқушылар материалды саналы түсінулері үшін мұғалім сабағында қандай мақсат көздейтіндігімен алдын ала таныстырып отыруы керек. Бұл – оқушылар зейіні көзделген мақсатқа аударылып, материалды дұрыс қабылауда, байқағыштық қабілетін арттыруда сабақтың тиімді өтуіне өте маңызды әсер етеді.

Саналылық ұстанымы білімді игеру барысында өзін-өзі бақылау қабілеттілігін қамтиды. Өзін-өзі бақылау қабілеттілігі қоршаған өмірді жете тануға көмектеседі.

Саналылық ұстанымы оқушылардың заттар мен құбылыстар арасындағы байланыс пен өзара қатынастарын ашуға, оқылып отырған материал жөнінде өзінше ой қорытуға жетелейді.

Белгілі мақсатты көздеп, саналы түрде ой топшылай отырып түсінген материал жақсы нәтиже береді. Сол арқылы меңгерілген білімнің беріктігі қамтамасыз етіледі. Меңгерілген білімнің саналылығы оны тәжірибелік жұмыста дұрыс пайдалануға жағдай жасайды.

Мұғалім оқушыларға сабақ мақсатын, ондағы негізгі мәселе қайсы екенін айтып береді. Мұғалімнің түсінігі оқушылардың білім дәрежесіне, қабылдау мүмкіндігіне, олардың сөздік қорының мөлшеріне лайық құрылуы тиіс. Мұғалім материалды догмалық жолмен емес, нақтылы дәлелдерге негіздеп, оқушыға сенімді түрде баяндауды көздеуі керек. Ғылыми материалды саналы түсінуі үшін оқушылар фактілерді дұрыс ажыратуға, оларды топтастыра білуге, бастысы қайсысы екенін аңғартуға, нендей заңдылыққа сүйенетінін анық белгілеуге үйретіледі. Бұлар анализ және синтез деп аталатын логикалық амалдардың көмегімен жүзеге асырылады.

Айталық, оқушы үйде де, сыныпта да грамматикалық ережені жақсы айтып береді, бірақ сол ережеге байланысты тыныс белгіден қате жібереді. Мұның басты себебі, оқыту әдісінің жетілдірілмегендігінен оқушының тыныс белгілерінің қойылуын саналы игермегендіктен болады.

2. Грамматикалық ұстаным. Грамматикалық ұстаным дегеніміз - тыныс белгілерін грамматикалық ережелер негізінде қою. Грамматикалық ұстанымды басшылыққа алғанда, оқушылар алдымен сөйлемнің құрылысы мен құрамын және оның түрлерін ауызша талдай білуі шарт. Содан кейін сөйлемнің құрылысы мен құрамына және оның түріне қарап, сол сөйлемді жазарда қандай грамматикалық ережелерге сүйеніп, қандай тыныс белгілерін қоюдың қажеттігін алдын ала ойластырып алады. Сонан кейін мұғалім сол сөйлемді жазуды талап еткенде, белгілі бір тыныс белгілерін қою жөніндегі өз ой қорытындысына көзі жеткеннен кейін ғана, жазу үдерісінде сөйлемнің керек белгілерінің қойылу ерекшелігін игереді.

Ал кейбір оқушылар сөйлемді немесе бүкіл мәтінді әбден жазып болғанша тыныс белгісін қоймайды. Бұл – зиянды машық. Себебі кейбір

синтаксистік тұлғаны тек ережеге ғана сүйенбей, айтылу интонациясына қарап ажыратуға тура келеді. Әсіресе, қаратпа сөз бен сілтеу есімдігінен болған бастауыштар сөйлемнің интонациясына қарап ажыратуды қажет етеді. Оқушы мәтінді жазып болған соң, оны қоя алмай қалуы ықтимал. Екінші сөзбен айтқанда, оқушы мәтінді өздігінен оқығанда, кейбір синтаксистік тұлғаларды ажырата алмай және оның тыныс белгісін дұрыс қоя алмай қалуы мүмкін. Мұндай кемшілікті болдырмас үшін тыныс белгісін сөйлемді жазу үдеріс үстінде қоюды оқушылардан талап еткен жөн.

Қазақ тыныс белгілерінің көбі грамматикалық ережелерге сүйеніліп қойылады. Әсіресе, сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен құрмалас сөйлемнің түрлерінің және төл сөз бен сөйлем мүшелеріне байланысты, тағы да басқа синтаксистік тұлғалардың тыныс белгілері грамматикалық ережелерге негізделіп қойылады. Бұл сияқты синтаксистік тұлғалардың тыныс белгісін дұрыс қойып жазу үшін, оқушылар олардың өзіндік грамматикалық белгілері игертіледі. Мұнсыз олар сөйлемді түр-түрге бөліп ажырата алмайды, сол сияқты сөйлемнен бірыңғай мүшені немесе төл сөзді, тағы басқа да синтаксистік тұлғаны, олардың тыныс белгісін дұрыс қоя алмайды. Сондықтан қазақ тілінің тыныс белгісін жете білуде грамматикалық ұстанымды басшылыққа алудың мәні зор.

Мағыналық ұстаным. Мағыналық ұстаным дегеніміз - сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялар мен синтаксистік тұлғалардың мағынасына негіздей қою. Қазақ тыныс белгілерінің ішінде нүкте (.), сұрақ белгісі (?), леп белгісі (!) және тырнақша сияқтылар мағынаға негізделіп қойылады. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің қандай мағынаны білдіретінін білмеген оқушылар олардың соңына тыныс белгісін дұрыс қоя алмайды.

Салалас, сабақтас сөйлемдердің әр түрінің мағынасын (себеп, қарсылық, талғаулы, мезгіл, шарт тағы басқа мағына білдіретінін) білмеген оқушылар олардың қай компоненттерінен кейін қандай тыныс белгісін (үтір, қос нүкте, сызықша т.б.) қоятынын игере алмайды. Сол себепті де тыныс белгісін үйретуде мағыналық ұстанымды басшылыққа алудың мәні зор. Егер оқушы кейбір тыныс белгісі синтаксистік тұлғаның мағынасына қарай қойылатынын білсе ғана, сол синтаксистік тұлғаларды дұрыстап жаза алады. Мәселен, оқушы жалғаулықсыз салалас себеп мағынаны білдіретінін аңғарса ғана, оның арасына қос нүкте қойып жазады. Сол сияқты жалғаулықсыз салалас қарсылықты мағынаны білдіргеніне көзі жеткенде ғана, оның арасына сызықша қойып жазады.

Сонымен, белгілі бір синтаксистік тұлғалардың мағынасына қарай тыныс белгісін қою, яғни мағыналық ұстаным, кейбір синтаксистік тұлғамен тыныс белгі мағынасының бірлігін, немесе бір-бірімен тығыз байланыста екенін айқындайды және қазақ тілінің тыныс белгісін дұрыс қоя білуді іс жүзіне асырады.

Интонациялық ұстаным. Интонациялық ұстаным дегеніміз - сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялар мен синтаксистік

тұлғалардың сазына, нақышына келтіріліп айтылуына және естілуіне қарай қою.

Мектепте сөйлемдерді және олардың құрамындағы әр сөзді, сөйлем мүшелерін нақышына келтіріп өз интонациясымен айтуға үйретудің мәні зор. Егер оқушылар әр сөйлемді сазына, нақышына келтіріп айта алмаса, олар өз ойларын тыңдаушысына әдеби тілдің нормасына сай етіп жеткізе алмайды. Сондай-ақ айтылған ойды, естіген сөйлемдерін өз мәнінде түсіне де алмайды, әрі оларды сауатты жаза да алмайды. Сондықтан да сөйлегенде әр сөйлемді өз интонациясымен айтып, жазғанда сол интонацияны аңғартатындай етіп тыныс белгілерін қойып жаза білу керек. Әйтпесе, сөйлеушінің ойы бұрмаланып, сөйлем алғашқы мағынасын жойып, жаңа мағына иеленуі мүмкін. Мәселен, «*Бұл қаланың жылқысын бағып отырған жатақ*» деген сөйлемді осы жазылған күйінде оқысақ, «*бұл*» сөзінен кейін пауза жасап оқимыз. Өйткені сөйлемдегі ой екпіні осы сөзге түскен, сонымен бірге ол сөз сөйлемде бастауыш қызметін атқарғандықтан, өзінен кейінгі сөйлем мүшесінен дауыс ырғағы арқылы ажырай айтылып тұр. Егер сол сөйлемнің ой екпінін «*отырған*» сөзіне түсіріп айтсақ, ол сөз «*отырған*» сөйлемнің бастауышы болады да, «*бұл*» сөзі анықтауышқа айналады. Сөйтіп, сөйлемнің алғашқы мағынасы бүтіндей өзгереді. Бірінші сөйлемде, яғни «*бұл*» сөзінен соң кідіріс жасап айтқан сөйлемде, ой белгілі бір адамның белгісіз бір қаланың жылқысын бағатын белгісіз адам *жатақ* екені жайында айтылады. Сөйтіп, кідірістің (паузаның) қай сөзден кейін қойылғанын дұрыс аңғара алмаған адам тыныс белгісін қоя алмайды да, сөйлем білдіретін ойды бұрмалап жібереді. Міне, осы бір ғана тілдік дерек тыныс белгіні дұрыс қоюда, ойды дұрыс түсіну, сөйлем мағынасын бұрмаламай дұрыс айтуда интонацияның және интонациялық ұстанымның рөлінің зор екенін аңғартады.

Тыныс белгілерін мағынасы мен қызметіне сай оқыту ұстанымы. Тыныс белгілерін мағынасы мен қызметіне сай оқыту ұстанымы – оқушылардан тыныс белгілері қойылып берілген мәтіндерді мәнерлеп, нақышына келтіріп, түсініп, дұрыс оқуды талап ететін ұстаным. Бұл ұстанымды басшылыққа алғанда, оқушылар қай тыныс белгісі не үшін қойылатынын біліп қана қоймайды, сонымен бірге ауызекі тілде тыныс белгісі жайында алған теориялық білімін пайдалана алуға дағдыланады. Оқушыларды дұрыс сөйлеуге, дұрыс оқуға үйреткіміз келсе, әр тыныс белгісінің қашан, неліктен қойылатынын айтып қана қоймай, әр тыныс белгісін мағынасы мен қызметіне сай оқи білуге оқушыларды көбірек жаттықтыру керек.

Сонымен, оқушыларға қазақ пунктуациясынан терең білім, берік дағды беру үшін мұғалім оқу үдерісінде жоғарыда аталған төрт ұстаным: грамматикалық, мағыналық, интонациялық және тыныс белгілерін мағынасы мен қызметіне сай оқыту ұстанымдарын басшылыққа алғаны жөн. Сол сияқты оқушылар да осы ұстанымдарды саналы түсініп, оларды басшылыққа алатын болса, қазақ пунктуациясынан білімі терең, дағдысы берік болады.

Тұжырымдағанда, қазақ пунктуациясын жете білу үшін оқушылар алдымен қай тыныс белгісі қандай жағдайда қойылатынын, әр тыныс белгісін қою жөніндегі ережелерді, заңдылықты білуі керек; онан кейін сол ережелерді үнемі еске сақтауы қажет; ең соңында өздері білген ережелер мен заңдылықтарға сүйеніп, соларды дұрыс қоюға жаттығып, берік дағдылануы шарт. Сонда ғана оқушылар кез-келген мәтіндерді дұрыс оқып, сауатты жаза алатын болады әрі тілін ширатып, ой өрісін кеңейте алады.

Пунктуацияны оқытуда, соның ішінде орфографияны оқытуға байланысты мына әдістерді нәтижелі қолдануға болады: 1) байқау әдісі; 2) баяндау әдісі; 3) әңгіме әдісі; 4) кітаппен жұмыс істеу әдісі; 5) жаттығу әдісі; 6) талдау-жинақтау әдісі; 7) салыстырмалы әдіс; 8) индукция-дедукция т.б.

Тұжырымдағанда, мұндай әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың өздерінше орындайтын түрлі жазба жұмыстары арқылы да тілдік ұғымдарды меңгеру дәрежесін де тексеріп көруге болады. Сонымен, оқушылардың өз үдерісінде меңгерген тілдік ұғымдарды жазба жұмыстарын орындауда қолдана алулары, біріншіден, олардың грамматика саласындағы теориялық білімін тәжірибемен тығыз ұштастырады. Екіншіден, балалардың сана дағдысын қалыптастырып, оны үнемі өрістетіп отыруды бағдарлайды. Үшіншіден, оқушылардың игеруге тиісті мәтіндерінің өзекті мәселесін ашып көрсетіп, оны әрі ұтымды, әрі шапшаң және тиянақты етіп орындап шығуға бейімдейді. Төртіншіден, оқушылардың грамматикадан меңгерген білім нәтижесі жазба жұмыстарын орындауда анық байқалып, олардың білім дәрежесі мен сауатын арттырады.

Сондай-ақ пунктуацияны оқытудың арнаулы ұстанымдары бар:

1. Пунктуациялық әдістеменің жеке ұстанымдары;
2. Синтаксис бойынша пунктуациялық нормаларды игеруге қажетті білімдер;
3. Пунктуацияны игеруге қажетті оқу-тілдік икемділіктер;
4. Логиканың пәндік маңызы.

1. Пунктуация әдістемесі келесі ұстанымдарға сүйенеді: жалпы дидактикалық; әдістемелік; жеке өзіндік сөйлемнің мағынасына, құрылысына, дыбысталуына байқау жүргізу.

2. Пунктуациялық әдістеменің жеке ұстанымдары: семантикалық талдау; жартылай синтаксистік талдау; сөйлемнің ритмоәуенділігін талдау.

Семантикалық талдауға жататындар: Негізгі (басқы) ақпараттың қосымшасынан бөлінуі; Қосымша ақпарат түрін анықтау, оның ішінде: - жай сөйлем құрамындағы семантикалық мағыналық түсінік; - құрмалас сөйлемдегі предикатив компоненттер арасындағы логика пәндік қатынас; - біреудің сөзін тікелей беру.

Сөйлемнің логика-пәндік ақпаратын бақылау нәтижесі тыныс белгілерімен ажыратылатын қатысымдық бірліктері өзіндік нақты мағынаға ие екенін көрсетеді. Олар былай белгіленеді: - предикативті-қатысымдық мағына – сөйлем түрінде; - қосымша предикативті мағына-сөйлем шегінде предикативті-қатысымды мағынаны анықтайды. Оқушылар бұл мағыналарды ажырата алуы үшін синтаксистік талдау арқылы сөйлем құрылымына бақылау жүргізеді. Олар: - сөйлемнің грамматикалық негізін табу; - сөйлемді күрделендіретін мағыналық бөліктерді табу; - олардың түрлерін анықтау. - сол арқылы тыныс белгінің себебін анықтау.

Сөйлемнің интонациясын бақылау арқылы тыныс белгілерін анықтау: - интонация түрін анықтауға орай: - интонация түрінің ерекшелігін анықтауға сәйкес.

Бұл біліктілік бойынша тыныс белгілердің интонация мен дыбыс сазына байланысты қояды белгілейді, де сауатты жазу дағдысы қалыптасады.

3. Синтаксис бойынша пунктуациялық нормаларды игеруге қажетті білімдер:

- бүкіл сөйлемнің құрылымы мен интонациясына қатысты түсініктер (грамматикалық негіз, байланыс тәсілдері т.б.);

- жай сөйлемнің күрделену түрлерін баяндайтын түсініктер (бірыңғай мүшелер, жалпылауыш сөз т.б.);

- құрмалас сөйлемнің құрылымы мен интонациясы туралы түсініктер(шылаулы құрмалас сөйлем, шылаусыз құрмалас сөйлем т.б.).

- төл сөзі бар сөйлем туралы түсінік (төл сөз, автор сөзі т.б.).

4. Пунктуацияны игеруге қажетті оқу-тілдік икемділіктер

- сөйлемнің грамматикалық негізін (негіздерін) табу;

- сөйлемнің мақсатын анықтау;

- сөйлемнің мағынасына байланысты түрлерін ажырата алу;

- жай сөйлемді күрделендіретін грамматикалық бөліктерді табу;

- грамматикалық –мағыналық бөліктің сөйлемдегі орнын анықтау;

- бөліктің семантикасын (мағынасын)анықтау;

- автор сөзін бөгде сөзден айыра білу.

Сонымен бірге оқушылар логика-пәндік мағынаға байланысты мәселелерді дұрыс құрастыру икемділігін қалыптастыруы. Олар сөйлемдегі ойдың мәндік белгілерін

тани білу. Олар: уақыт; іс-әрекет; себеп; салдар; қарама-қарсылығы т.б.

Пунктуацияны оқытудың әдіс-тәсілдері. Қазақ тілін, оның ішінде пунктуацияны тиімді де нәтижелі оқыту үшін әдістеме ғылымының негіздеріне сүйенетініміз белгілі. Бүгінде әдістеме ғылымы өз алдына зерттеу нысаны, ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері бар дербес ғылым болса, оның даму, қалыптасуы А.Байтұрсынов, Ш.Х.Сарыбаев, Д.Әлімжанов, Ы.Маманов, С.Жиенбаев, С.Рахметова, Н.Оралбаева, Б.Құлмағанбетова, Ч.Арғынов, Ә.Исабаев, А.Әбілқабов, Ф.Оразбаева т.б. сияқты әдіскер-ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты. «Әдістеме – дайын рецепт те емес, әкімшілік нұсқау да емес, тек педагогикалық кеңес, жол-жоба» [5, 2.] болғанымен, «тілдік материалдарды практика жүзінде білім алушыларға саналы түсіндіріп, меңгерудің бірден-бір дұрыс жолын үйрететін және оны зерттеп, тексеретін дидактикалық маңызы зор ғылым» [45,7], «қазақ тілінен берілетін білім, дағды, білік мөлшерін белгілеп, оны игертудің жолдары, шарттары туралы ғылым» [46,6] ретінде бағаланады. Яғни білім беру үдерісін модернизациялау, инновациялау, ақпараттандыру, сол арқылы әлемдік білім кеңістігіне ену - бүгінгі таңдағы басты мақсат болып отыр. Әлемдік білім кеңістігіне ену үшін оқыту әдістемесін де басқаша құру міндеттеліп отырғаны белгілі. Осыған орай, педагогика ғылымының лексиконына «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» деген жаңа ұғымдар еніп, олар бар болмысымен оқыту үдерісінде өз нәтижесіне ере бастағанын ғылыми-зерттеу жұмыстары дәлелдей алады. Әдістеме ғылымы «нені», «кімді» және «қалай оқыту» мәселелерін шешуді көздесе, оқыту технологиясы осыларға қоса «қалай тиімді, нәтижелі оқыту» дегенді мақсат етеді. Яғни, оқыту технологиясының басты сипаты – бағдарланған нәтижеге жету, нәтижелі білім беру.

Оқыту технологиясының түрлері сан алуан. Солардың ішінде пунктуацияны оқыту әдістемелік (технологиялық) негізіне модульдік технологияны ұсынамыз. Модульдік технологияны жоғары мектептің оқыту үдерісіне енгізу тәжірибесі бар (Жақсылықова К., Бейсенбаева З.). Ал орта білім беретін қазақ мектептерінің тәжірибесіне енгізу ғылыми түрде толық қолға алынбағанымен, педагогика ғылымдарының докторы А. Жапбаров: «Соңғы кездері дамыта оқытудың модульдік технологиясы мектеп өміріне ене бастады», -деп атап көрсетеді [47, 8].

Модульмен оқытудың тиімділігін айқындауда ғалымдардың пікірлері әр түрлі. Мәселен, В. Б. Закарюкин, В. И. Панченко, Л.М.Твердин модульмен оқыту тәсілі оқытудың қалыптасқан бірліктерінен оқу мазмұнын икемді етіп құруға пайдалы деп санаса [48,6], дидактикалық мақсатқа жету үшін ғалымдар модульді «Білім алушыға өзіне қолайлы темпте жұмыс істеуге, соған лайық оқытудың тәсілін таңдауға мүмкіндік жасау» [49,96], «білім алушыға өз мүмкіншілігін, соған сәйкес материалды игеру деңгейін анықтауға көмектесу» деп тұжырымдайды [50, 8].

Дж.Д.Рассель модульмен оқытудың бір ерекшелігі – икемділік деп атап көрсетеді. Демек, материалдың ең кіші бірліктері түрлі кешендерге топтастырылады.

Ғылыми зерттеулерге (В.П.Беспалько, М.В.Кларин, Б.С.Блум, П.Юцявичене, М. Чошанов) сүйене отырып, модульдік оқытудың мынадай басты ерекшеліктерін атауға болады:

- оқыту мақсатының айқындылығы;
- нәтиженің айқындылығы;
- оқу материалы оқушылардың мүмкіншілігіне қарай бөлшектерге бөлініп берілетіндігі;
- әр бөлшектің құрылымы болатындығы;
- әр бөлшектің (блок) мазмұнын толықтыруға, өзгертуге болатындығы;
- модульге ену, модульден шығу кері байланыстардың іске асыратындығы;
- оқушы мен мұғалім субъект-субъектілік қарым-қатынаста болатындығы;
- мұғалім оқушыларға бағыт беруші, бақылаушы қызметін атқаратындығы т.б.
- модульдік оқыту модуль бағдарламасына негізделетіндігі;
- бағдарламаны құрастыруда өзіне тән ұстанымдары болатындығы т.б.

Тұжырымдай келгенде, тыныс белгі туралы білім, білік дағдыларын қалыптастыру барысында мынадай модульдерге топтастырып оқыту дұрыс нәтиже береді.

Оқушыларды пунктуациялық түсініктермен таныстыру:

1. Тыныс белгілері және олардың қызметімен таныстыру тәртібі;
2. Пунктуация – мағыналық бөлікпен таныстыру әдістемесі;
3. Тыныс белгінің қойылу варианттары;
4. Пунктуация – мағыналық бөліктердің тірек белгілерін ажырата білу сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру.

1. Тыныс белгілері және олардың қызметімен таныстыру тәртібі.

Бастауыш мектепте тыныс белгілері сөйлем соңында (нүкте, сұрау және леп белгілері) үтір, құрмалас сөйлемде санақ орын алғанда («ал», «алайда», «не», «немесе» шылауларының алдында);

5 сыныпта – жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте, қаратпа сөздің, төл сөздің тыныс белгілері, диалогтың алдындағы сызықша;

7 сыныпта – есімшелі және көсемшелі орамдардағы үтірлер, одағайдағы тыныс белгілер (үтір, леп белгісі);

8 сынып – құрмалас сөйлемдегі тыныс белгілер.

5 сыныптан бастап оқушылардың зейінін тыныс белгілерді қолданудың қызметтік ерекшеліктеріне аудару керек. Ол үшін бақылау әдісін қолдануға болады: мұғалім тыныс белгілердің қызметін көрсетіп, оқушылардың өздері оны қорытындылайды.

2. Пунктуациялық – мағыналық бөлікпен таныстыру әдістемесі.

М.Т.Баранов бірыңғай сөйлем мүшелерімен байланыстыруды ұсынады.

Бақылау үшін мұғалім екі сөйлем алады: бірі - бірыңғай мүшелермен, екіншісі- бірыңғай мүшелерінсіз.

Келесі кезекте «пунктуациялық-мағыналық бөлік» түсінігін ендіру керек. Бұдан кейін оқушылар бұл бөліктің сөйлемдегі орнын (басында, ортасында, соңында) анықтайды.

Бақылау нәтижесінде оқушылар пунктуациялық-мағыналық бөлік ауызекі тілде интонация арқылы, ал жазба тілде үтірлер арқылы бөлінеді деген қорытындыға келеді.

3. Тыныс белгінің (белгілердің) қойылуы не қойылмау жағдайларын игерту. Ол үшін оқушыларға ұсынылатын талаптар:

- тыныс белгілерін қою жағдайларын айту (өтілген пунктуациялық ережелер негізінде);

- тыныс белгісін таңдау жағдайларын айту (пунктуациялық ережеге сай)

4. Пунктуациялық – мағыналық бөліктерді ажырату белгілерімен таныстыру. Оқушыларды пунктуациялық-мағыналық бөлікті ажырату белгілері түсінігімен таныстыру бөліктің өзін және оны пунктуациялық ажыратуды өткеннен кейін ендіріледі. Соңынан оқушылар пунктуациялық ережелерді қолдануда пунктуациялық мағыналық бөліктердің ажырату белгілеріне сүйенеді.

Осы модуль бойынша сабақтар ұйымдастырылады.

Бұл сабақтарда пунктуациялық мынадай икемділіктер қалыптастырылады:

1. Пунктуациялық көрегенділік – дайын қатысымдық бірліктерде мағыналық бөліктерді ажырата алу, сонымен бірге оларды өзі жазып отырған қатысымдық бірліктерде алдын-ала болжай білу икемділігі;

2. Сөйлем мен мәтінді өтілген пунктуациялық ережелерге сай дұрыс рәсімдеу икемділігі;

3. Тыныс белгілердің орнын және белгіні таңдауды негіздеу;

4. Пунктуациялық қатені табу және оны жөндеу.

Екінші бөлім

Пунктуациялық икемділік пен дағдыны қалыптастырудың әдіс-тәсілдері

2.1. Пунктуациялық икемділік пен дағдыларды қалыптастыра оқытудағы жаттығулар жүйесі

Оқушыларға әдеби тілді ауызша және жазбаша түрде меңгерту, оларды сауатты етіп даярлау ісін қамтамасыз ету-мектептің ең басты міндеттерінің бірі. Оқушылар мектепте оқып жүрген кезінде қазақ тілі грамматикасының, орфографиясы мен пунктуациясының негіздерін меңгеріп, дұрыс оқуға, жазуға, сөйлеуге дағдылану да жаттығулардың маңызы үлкен.

Негізінде, оқушылардың қазақ тілі грамматикасының ережелерін игеруі тәжірибелік іс-әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асады. Грамматикалық құбылыстарға берілген анықтама, тілдік құбылыстарға қытысты ережені түсіну және оны ұғуы-оқушылардың оқу материалын игеруінің алғашқы бастамасы ғана. 5-10-сыныпта оқушылардың жадында орфограммалардың жазылуы сақталып қалу үшін қайталама қабылдау әдістерін қолдану қажет болады. Орфограммалар бойынша қайталап жаттығуларда тәжірибелік жұмыстар жүргізіледі. Жаттығу неғұрлым жиі орындалса, оқушылардың ережені игеруі соғұрлым жеңілдейді. Грамматикалық тұлғаны тану оны қабылдаумен бір мезгілде жүзеге асады. Сөйтіп орфографиялық жаттығулар орындау үстіндегі оқушылардың күрделі аналитикалық-синтетикалық қызмет, біріншіден, ережені игеруге, екіншіден, орфографиялық дағды қалыптасуына негіз қалайды.

Ережеге негізделген пунктуацияны игеру үстінде оқушылардың күрделі ойлау қызметі дамиды, өйткені ереже негізіне қандай да бір грамматикалық және фонетикалық қортындылар беріледі. Тыныс белгілерге байланысты жаттығуларды орындау сипатына қарай біз: 1) көру сезімі арқылы орындалатын, 2) есту сезімі арқылы орындалатын, 3) түйсінудің басқа әртүрлі жолдары бойынша орындалатын жаттығулар деп бөліп қарастырдық.

1-кесте. **Пунктуацияға байланысты жаттығулардың жіктелісі**

Пунктуацияға байланысты жаттығулар

Көру сезімі арқылы орындалатын жаттығулар	Есту сезімі арқылы орындалатын жаттығулар	Түйсінудің жолдары арқылы орындалатын жаттығулар
Көшіріп жазу жұмыстары	Диктанттар	Өздік диктант, сөздік диктант, таза орфографиялық мақсаттағы жаттығулар, оқушылардың шығармашылық жұмыстары

Түйсіну жұмыстары кезінде оқушы өзі жазатын жұмысты көрмейді де, естімейді де, алайда ол пайдаланатын пунктограммалар жөнінде саналы түсініктер туатын болады. Мәселен, шығарма жазу кезінде оқушы басқа біреудің сөзін қабылдамайды, дайын мәтінді де көрмейді, оны өзі құрайды. Мәтінді өз ойымен жазады, тыныс белгі туралы ережелерді игеру қабілетіне қарай есіне түсіреді, сөйтіп ойлау қабілетін жетілдіреді.

Ал оқушылардың ойлауын дамытуға тигізетін ерекшеліктеріне байланысты орындалатын тыныс белгілерді дұрыс қою жаттығуларды төмендегідей жіктеп көрсетуге болады.



Жаттығудың бұл түрлері бір-бірімен берік байланыста болады, сондықтан да оларды белгілі сабақтарда бір-бірімен ұштастыра отырып, жаттығудың орындау тәсілін түрлендіріп жүргізіледі. Сондықтан оқушылардың жаттығу жұмыстарды орындауға байанысты өздігінен жүргізілетін жұмыстарды былайша топтап қарастырдық. Оқушылардың өздігімен жұмысын ұйымдастыру. Оның мынадай жолдары бар:

а) Үлгі бойынша өздігінен жүргізілетін жұмыс. Үлгі бойынша жүргізілетін өздігінен жұмыс нұсқау іспетті берілген үлгі негізінде орындалады. Оқушыларға бірнеше сөйлем беріп, олар осы сөйлемдердің тыныс белгілерін өздігінен қойып шығады, немесе белгілі бір грамматикалық ережеге негізделген бірнеше сөз тақтаға жазылады да, оқушылар дұрыс жазылған я қате екендігін айтады, немесе белгілі бір грамматикалық ережеге байланысты мысалдар айту талап етіледі.

ә) Қайта құрылым ретінде жүргізілетін өздігінен жұмыс. Жетілдіріп қайта жазу, қайта құрастыру бойынша жүргізілетін өздігінен жұмыста оқушылардың жеке әрекеттері мәтін құрылысын қайта құру негізінде жүзеге асырылады. Өздерінің білім мен тәжірибесінің көлемінде оқушы өтіліп отырған материалдың ішкі құрылысын өздігінен ойластырады, материалға байланысты қандай әрекет жасауға болатындығын сипаттайды. Өздігінен жүргізілетін бұл жұмыста берілген тапсырманы орындау ұстанымдары міндетті түрде хабарланады, ал оқушылар тапсырманы нақты орындап шығады. Бұл кезде тапсырма құрылысына өзгеріс енгізіледі немесе кейбір жағдайда оның құрылысы қайта жасалады. Жұмыстың бұл түрінде оқушылар жалпы ережелерді, заңдылықтарды, ұғымдарды, әртүрлі жағдаяттар мен ахуалдарды өздігінен пайдаланады, жалпы ережеге сәйкес мысалдар ойлап табады, ұсынылған мәтіндерді мақсатқа орай қайта құрады.

б) Әртүрлі нұсқаулар бойынша жүргізілетін өздігінен жұмыс. Бұл жұмыс оқушылардан өздігінен таныс емес мәселелерге талдау жасай отырып, қажетті жаңа деректер алуды талап етеді. Ол үшін оқушылар, әрине, өздері бұрыннан игерген білімдерін пайдаланады. Бірінші жағдайда оқушылар әртүрлі дерек, оқиға, құбылыс, заңдылықтардың ұқсастықтары мен айырым белгілері ашады, оларды елеулі белгілері бойынша топтастырады, арасындағы себептік я салдарлық байланыстарды анықтайды, бірнеше нұсқада салыстырмалы талдау жасайды. Екінші жағдайда оқушылар эксперимент жасай отырып, оларға бұрыннан белгілі заңдылықтарды пайдаланудың жолын көрсетеді я эксперименттік жолмен оларға бұрыннан белгілі жалпы заңдылықтарды жеке құбылысқа немесе құбылыстар тобына пайдаланудың жолын көрсетеді. Өздігінен істелетін бұл жұмыс білімнің жекелеген сипаттарын ғана емес, сонымен бірге сол білімнің тұтас құрылысын пайдаланады. Бұлай ету, біріншіден, оқушыларға қазіргі өмірімізде ғылымның рөлі туралы нағыз мағлұмат беріп, білімге деген құмарлығының артуына көмектеседі, екіншіден, оқу үдерісіндегі елеулі

байланыстарды анықтап, логикалық қортындылар жасап отыруға үйретеді, ойлау қабілетін дамытуға қажетті жағдай жасайды. Өртүрлі нұсқада өздігінен жүргізілетін жұмыстың осы екі ерекшелігі оқушыларда шығармашылық әрекет жасау қабілетін қалыптастыруға негіз болады.

в) Шығармашылықпен жүргізілетін өздігінен жұмыс. Шығармашылықпен жүргізілетін өздігінен жұмыстың түріне аяқталмаған жұмыстарды жалғастыру, реферат, баяндама, пікірлер (рецензиялар) жазу, шағын зерттеулер жүргізу жатады. Мектеп оқушыларының шығармашылық жұмыстарына археологиялық, диалектологиялық экскурсияларға қатысуды да қосуға болады. Экспедиция материалдары негізінде шағын сюжетті әңгіме жазу, оқулықта берілген иллюстрациялар, қосымша материалдар бойынша, жекелеген мәдени ескерткіштер бойынша шығарма жазу да шығармашылық жұмыс болып саналады. Сол бойынша тыныс белгілерді дұрыс қоя білуге дағдыланады.

г) Қайта жаңғырту жолымен де, шығармашылық жолмен де аралас жүргізілетін өздігінен жұмыс.

Оқушылардың өздігінен жүргізілетін жұмыс түрлерін, жалпы алғанда, былайша санамалауға болады:

1) Оқушылар жан-жақты да дәлелді жауап беретіндей сұраққа жауап жазу;

2) Оқушылар саналы түрде және салыстыра, қарама-қарсы материалды келтіре отырып, қорытынды жасайтындай тапсырмалармен жазу жұмысын жүргізу;

3) Ережені, оны жазу жұмыстарында пайдалану қабілетін арттыру.

Жаттықтыру жұмысы түрлі жолдармен жүргізіледі. Олардың бастылары мыналар:

1. Тыныс белгілері қойылмаған сөйлемдер мен сөздерді көшіріп жазып, оларға тиісті белгілерін қойдыру. Бұл – кітаптағы жаттығулар арқылы жүргізіледі және кеспе қағаздар арқылы да жүргізуге болады. Оқушылардың ұғымын байқау барлық оқушыларды қатыстыру арқылы жүргізіледі.

Сабақ үстінде бір оқушыны тақтаға шығарып, *«Айқай өте ұзаққа созылды және еш нәрсені түсінерліктей болмады. Жұмабайдың неге ашуланғанын Абай ұғып тұр, сондықтан бір жағынан күлкі қысып барады»* деген салалас сөйлемдерді жаздырып, олардың тыныс белгілерін қойдырамыз. Оқушылар тыныс белгісін қою үстінде оның қойылу себебін, ережесін айтып береді. Жұмыс тақтаға жазу арқылы орындалады. Ал, басқа оқушылардың ішінен екі-үш оқушыға тақтадағы оқушының түсінігі мен жазуын бақылап отыру тапсырылады және айтып беру жүктеледі. Басқа оқушылар кітаптан көшіреді. Бұл жұмыс орындалып болысымен оқушыларға салалас құрмалас сөйлем жазылған бір-бір кеспе қағаз үлестіріліп парта сайын беріледі. Оның тыныс белгісін қойып, түсіндіріп беру тапсырылады. Бұл жаттығуды компьютер арқылы да орындатуға болады. Кеспе қағаз үлгісі:

Салалас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгісін қой, оның себебін түсіндір.
Дәмеш біресе жылаған шешесіне қарады біресе еңсесі түскен әкесіне қарады.

Сабақ үстінде оқушылардың түгел жұмыс істеуін, олардың түгел орындауын қадағалай жүріп, бір-екі оқушыға оқытып, тыныс белгісін, оның себебі мен түрлеріне талдау жасатамыз. Қатесі басқа оқушыларға айттыру арқылы түзетіледі. Бұдан кейін барлық оқушы кеспе қағаздағы сөйлемдерді дәптерлеріне көшіріп алады. Кеспе қағаз жиылып алынады. Мұны оқушылар былай орындап шығады. «Дәмеш біресе жылаған шешесіне қарады, біресе еңсесі түскен әкесіне қарады» деген сөйлемде «Дәмеш біресе жылаған шешесіне қарады» деген сөйлемнен кейін үтір қойылады. Себебі: бұл – кезектес салалас сөйлем «біресе» деген кезектес салаластың жалғаулығы арқылы байланысып тұр. Сондықтан әр жай сөйлемнен кейін үтір қойылады, - деп қорытады.

Тыныс белгілерін көшіртіп жазу арқылы қою – оқушылардың өтілген материалды ойына қайта салып, ұғымын шыңдай түседі, ойлау қабілетін дамытады. Ынтасын арттырып, дағдысын қалыптастырады. Өйткені бір тыныс белгісін қою үшін сол тыныс белгінің қойылатын орындарын ой елегінен өткізеді. Сөйтіп бір тиянақты қорытындыға келіп тыныс белгісін қояды.

2. Тыныс белгілерге оқушылардың өз бетінше мысал ойлап жазуы.

Бұл – оқушылардың білімін бекітуде жиі жүргізілетін жұмыстардың бірі. Бұл мынадай жүйеде орындалады: Оқушыларға өз бетінше бір-бір сөйлем ойлап жазу тапсырылады. Оқушылар тез жұмысқа кіріседі. Бірі өмірден алып өзінше құрастырып жатса, бірі кітаптан, газет пен журналдардан оқығандарын еске салып, содан есінде қалғандарын жазып жатады. Олар тыныс белгілерін қойып, айтып береді әрі оған талдау жасайды. Бұған мысал ретінде мына екі оқушының жазған сөйлемін алайық.

«Менде бір арман бар: ол – оқу озаты болу. Мен мектептен шыққанда, есік алдына бір жеңіл машина келіп тоқтай қалды». Оқушылар мұны былай айтып берді. «Менде бір арман бар: ол – оқу озаты болу» сөйлемі құрылысы мен мағынасы жағынан іліктес салалас сөйлем. Сондықтан алғашқы жай сөйлемнен кейін қос нүкте қойылады. Өйткені соңғы жай сөйлем алғашқы сөйлемге түсінік ретінде айтылып тұр. Ал «ол» деген сөзден кейін сызықша қойылады. Себебі, бастауыш та, баяндауыш та атаулы тұлғалы сөздер. Бастауыш – (ол) жіктеу есімдігі, «оқу озаты болу» - зат есім мен тұйық етістіктің тіркесінен болған баяндауыш.

Екінші оқушы: «Мен мектептен шыққанда, есік алдына бір жеңіл машина келіп тоқтай қалды» сөйлемі – мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Сондықтан «шыққанда» сөзінен кейін үтір қойылады, - деп айтып шығады.

Әрине, мұнда бір ескертетін жағдай - әр оқушының құрған сөйлемі әр түрлі болып келетіні белгілі. Барлығы бірдей тыныс белгілеріне байланысты төрт аяғынан тік тұрған деп айта алмаймыз. Олардың да ішінде сөйлемін

дұрыс құрғанмен, лайықты тыныс белгілерін қоя алмағаны да бар. Оларға ескерту жасай отырып, сөйлемдеріне талдау жасаймыз, тыныс белгілерін қойдырамыз.

Тыныс белгілеріне оқушылардың өз бетінше мысал ойлап жазуы оқушылардың ойын дамытумен бірге тыныс белгісінен алған білімін толықтыра түсуге, сөйлем құрап, өз ойын сауатты жаза алуға үйретеді.

3. Тыныс белгілері қойылған сөйлемдер мен сөздерге пунктуациялық талдау жасату. Мұнда интерактивті тақтаға (экранға) көрнекті етіп мынадай сөйлемдер жазылады.

- Бұл сөйлемдерді алдымен мәнерлеп оқытылып, соңынан оқушыларды тыныс белгілеріне назар аудартылады. Осындағы тыныс белгілер бойынша әр оқушыға жеке-жеке талдау жасатылады. Мысалы: - Осы сөйлемдегі үтірлер қандай ережеге байланысты, не үшін қойылған?

- «Қарағандыға, Лизалардың тойына», деген сөздерден кейін неге үтір қойылған, не үшін? Деген сұраққа жауап іздеттіріледі. Мысалы, оқушылар «Лизалардың тойына» деген оңашаланған айқындауыш мүше. Яғни ол – «Қарағандыға» деген сөзді айқындап тұр. Сондықтан айқындауыш мүшенің яғни «Лизалардың тойына» сөзінің екі жағынан да үтір қойылады, -деп жауап бермек.

Жаттығуды бұл ретпен жүргізу, біріншіден, оқушыларды айтуға, білуге талпындырса, екіншіден оқушылар белсенді түрде қатысады. Сондай-ақ пунктуациялық талдау арқылы әрбір оқушы тыныс белгілердің қойылу себебін анықтайды. Барлық грамматикалық материалдарды қайталап пысықтайды. Бір тыныс белгісінің қойылу себебін анықтау үстінде оқушы көптеген грамматикалық ережелерді еске түсіреді. Бұл – оқушылардың тыныс белгілерін қоя білуге үйретеді, жаттықтырады. Грамматикадан білімін бекіте түсетін болады.

4. Тыныс белгілерінен алған білімін пәнаралық байланыстыру. Мысалы: әдебиет сабағында жаттаған кейбір өлең сөздерді не мәтін үзінділерін оқушыларға жатқа жаздырып, тыныс белгілерін қою тапсырылады. Бұл – оқушылардың оқығанда, жаттағанда, тыныс белгісіне назар аудара оқуына дағдыландырады. Мұндай жұмыс әр пәндегі мәтіндер бойынша да жүргізіледі.

5. Сыныптан тыс оқыған кітабына, газет, журналдарға қойылған тыныс белгілеріне назар аудартып отыру. Мұнда сабақ үстінде газет пен журналдарда ірі етіп жазылған сөйлемдер мен сөздердің қойылу себептерін сұрап отыру. Бұл – оқушылардың әрбір тыныс белгілеріне өз бетінше талдау жасай алуына жаттықтырады, ынталандырады. Оқушылардың тәжірибелік білімін дамытады.

6. Сабақ үстінде грамматикалық тапқырлық ойындарын жүргізу. Мұндай әдісті әрбір мұғалім сабақ үстінде 4-5 минут ара-тұра жүргізіп қоюға болады. Мұның жүргізілу тәртібі мынандай: оқушыларға жұмбақ сұрау қойылады.

Мұғалім: - Оқшау сөздерден басқа сөйлем басында қандай сөздерден кейін үтір қойылады?

Оқушы: - Сабақтас сөйлемдерде басыңқы сөйлемнің бастауышы басыңқы сөйлемнен бұрын тұрса, одан кейін үтір қойылады.

Мұғалім: - Екі жағынан да үтір қойылатын сөздер бар ма?

Оқушы: - Бар. Оқшау сөздер сөйлемнің ортасында келсе екі жағынан да үтір қойылады және сөйлем ішінде оқшауланған айқындауыш мүше келсе, екі жағынан да үтір қойылады. Мысалы: «Кел, балалар, оқылық! Аманның бұл айтқаны, әрине, дұрыс» деген сөйлемдерден «балалар», «әрине» деген сөздер – оқшау сөздер. Олардың екі жағынан да үтір қойылады. т.б. «бүгін, 15-наурыз күні, мектепте жастар ұйымының жиыны болады». Мұнда «15-наурыз күні» деген сөз – оқшауланған айқындауыш мүше. Оның да екі жағынан үтір қойылады.

Мұғалім: - «Астық-Отанға», «Көптің ісі – көл» деген сөйлемдерге қойылған сызықша қандай ережеге байланысты қойылған?(сөйлем тақтаға жазылып қойылады не газет пен журналдардың бірінен сондай тыныс белгі қойылған екі сөйлем қатар көрсетіледі).

Оқушы: - Екеуі екі ережеге байланысты қойылған «Астық -Отанға» деген сөйлемнің баяндауышы түсіріліп айтылған. Баяндауышы түсіріліп ықшамдалған сөйлемдерге сызықша қойылады. «Көптің ісі – көл» деген сөйлемдегі сызықша – бастауыштан кейін қойылатын сызықша. Бұл сөйлемнің бастауышы да (көптің ісі), баяндауышы да (көл) атау тұлғада. Сондықтан бастауыштан кейін сызықша қойылған.

Сабақ үстінде 4-5 минуттық мұндай грамматикалық ойындар жүргізу – оқушыларды сабаққа қызықтырады, ынтасын арттырады. Оқушылардың жалықпауына, ойнай отырып-ақ ойлауына әсер етеді. Сөйтіп теориялық білімін тәжірибе жүзінде қолдана білуге үйретеді. Сондықтан тыныс белгілеріне байланысты көптеген жаттығуларды тиімді пайдаланып отырса, сөз жоқ, оқушылар білген үстіне біле беретін болады.

7. Жаттығудың бір түрі – диктант. Бұл –оқушылардың көргенін, естігенін дұрыс жазуға төселдіреді және грамматикадан үйренген білімін іс жүзінде қолдана білуге үйретеді. Сондықтан тыныс белгілеріне байланысты диктант жұмысы жиі жүргізіледі.

Біз сабақ үстінде жүргізілетін жаттығулардың басты-басты түрлеріне ғана тоқтадық. Жүргізе берсе жаттығудың түрлері көп. Оларды өз орнында ұтымды пайдаланса, сөзсіз оқушылардың сабақ үлгіру, сөйтіп сапалы білім алу дәрежесін арттырады. Бір сабақтың үстінде жаттығудың бір-ақ түрін қолдану – оқушыларды сабаққа аса көп қызықтырмайды, қайта жалықтырады. Сондықтан сабақ сайын жаттығудың үш-төрт түрін –жаңа түрімен ауыстырып, қызықты етіп өткізіп отыру – оқушылардың ынтасын арттырып, жаңа сабақты тең меңгеруге, өткенді еске үнемі түсіріп отыруға баулиды.

8. Жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушыларға өз ана тілінің грамматикасы мен пунктуациясының ережелерін жете меңгертуге, сөйтіп, теориялық білімін тәжірибеде қолдана білуге үйретеміз. Оқушылардың қатесіз жазуы – грамматика мен пунктуацияның ережелерін, оның заңдарын жете білудің нәтижесі болмақ.

1. Пунктуациялық ережемен жүргізілетін жұмыс мынадай кезеңге бөлінеді:

Бірінші кезең-оқушылардың тыныс белгісін (белгілерін) қою не қоймау жолдарын меңгерту;

Екінші кезең-оқушыларға пунктуациялық ережені қолдануды үйрету.

Бұл кезеңде мынадай әдістер тиімді болып табылады.

1. Мұғалімнің сөзі;
2. Оқушылардың өз бетінше пунктуациялық ережені талдау;
3. Ережені түсіндіру;
4. Оқушылардың өз бетінше бақылау материалдарын талдауы.

Оқушылардың жаңа пунктуациялық норманы игеру барысында: Пунктуациялық-мағыналық бірлік аталады; Тыныс белгінің (белгілерді қою не қоймау жағдайлары) (орны, бөлектердің грамматикалық және мағыналық ерекшеліктері) айтылады; Кесте-таблицаны құру арқылы олардың бір-бірімен байланысты анықталады; Тыныс белгісін (белгілерді) таңдау жағдайлары графикалық белгілермен (сөйлем сызбасында) көрсетеді.

Пунктуациялық ережемен жүргізілетін жұмыс элементтері: Пунктуациялық-мағыналық бөлікті атау, ережеге енетін жағдайларды атау; Оқулықтан ережені оқу (деңгейі төмен сыныпта) не оны өз бетінше құрастыру (деңгейі жоғары сыныпта).

Оқушыларға пунктуациялық ережені қолдануды үйретуде жүргізіледі: Айтылған ой алгоритмінің үлгісін талдау; Мұғалімнің жетекшілігімен өтілген пунктуациялық ережені қолдану; Оқушылардың пунктуациялық ережені өз бетінше қолдануы.

А.В.Текучевтің пікірінше пунктуациялық ережені математикалық нақтылықпен пайдалануға болмайды. Өйткені тыныс белгілерді қою көбінесе тілдің ерекшелігі мен стиліне жазушының бұл сөйлем құрылысында берген ой белестерінен, кейде жазушының жазудағы өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болатындығын ескертеді. Сондықтан пунктуация бойынша жүргізілетін сабақтар тек грамматикамен ғана емес, сонымен бірге стилистикамен, жазушылар тілін зерттеу мен әдеби шығармаларды талдаумен байланысты болуы керек.

Тұжырымдағанда, оқушыларды пунктуациялық икемділіктерді қалыптастыруда мынадай бағыттарда жаттығу жүргізіледі:

1. Пунктуациялық ережелер туралы түсінік және олардың түрлерін игерту арқылы, пунктуациялық жағдаятты таба білу (орфограмманы таба білу);
2. Мағыналық бөліктерді тыныс белгілерімен дұрыс рәсімдеуге жаттықтыру;
3. Пунктуациялық талдау жүргізе білу.

2.2 Грамматикалық ережелер негізінде тыныс белгілерді дұрыс қоюға үйрету

Грамматикалық ереже қолдану тәртібін Я.А.Коменскийге дейін былайша жүйелейтін еді. Алдымен ереже айтылып, одан кейін мысал келтіріліп, ең

соңында жаттығу жүргізілетін, Я.А.Коменский бұл сызбаға өзгерістер енгізіп, бірінші орынға мысалдарды, екінші орынға ережені қойды.

Бұл тәртіп бойынша, оқушылар сол ережеге жаңадан мысал ойланады немесе ережені қалай қолданудың жолын қарастырады. Мұндай үдерістер арқылы тек мысалдар таңдалып қоймай, ережеге бірнеше дүркін қайта оралу мүмкіндік туады, сөйтіп ережені саналы түрде меңгеру қолайлы жағдай жасалады. Дидактикалық бұл сызба жүзеге асыру оқу үдерісінде оқушылардың ереже догматикалық, маханикалық жаттап алудан арылып, т.б. заңдылығын саналы меңгеруіне жағдай жасайды.

Я.А.Коменский ереже жөнінде мынадай талаптар қояды:

I. Әрбір ғылым өте тұжырымды, дәл ереже арқылы берілуі тиіс.

II. Әрбір ереже қысқа, бірақ өте айқын сөздермен баяндалауы тиіс.

III. Әрбір ереже түсінікті болып, оны әр түрлі жолмен пайдалана алатын болуы үшін көптеген мысалдар берілуі керек [56].

Жаңа материалды түсіндіру алдында оған әзірлік жұмыстарын ұйымдастырған тиімді. Өтілетін материалдың тақырыбын тақтаға жазу әзірлік жұмысының бір түрі болып табылады. Өтілетін материал тақырыбын тек ауызша айтып қана қою оқушылар зейінін аудара алмайды. Ал егер "Біз бүгін у әріпінің жазылу емілесін оқимыз. Сендер ү әрпі і әріпімен ауысып жазылатындығына назар аударыңдар" деген түрде алдын ала ескерту жасалып отырылса, оқушы бүгінгі сабақ мақсатын түсінетін болады. Сабақты өтпей тұрғанда, оқушы у мен і әріпінің алмасып жазылатындығына күмән келтіру мүмкін. Алайда, у мен і үнемі алмаса бермейтіндігін оқушылар есте ұстаулары керек. Санаулы сөздерде ғана сөйлемнің соңғы буынында у әрпі жазылатындығы жөнінде орфографиялық ережені мұғалім түсіндіріп, сөздер көрнекті құрал арқылы немесе тақтаға жазылып көрсетіледі.

Мұғалімнің жетекші сұрақтары арқылы өтілетін материалға лайықты мысалдарға талдау жасата отырып, орфографиялық ережені оқушылардың өздеріне айтқызу да грамматикалық ережені білгізу жолындағы жұмыс тәсілдерін тиімді варианты болып саналады. Мұндай жұмыс кезінде оқулықты пайдалануға да болады. Оқулықтағы орфографиялық ережені бір оқушы оқиды да 2-3 оқушы оны қайталап айтып шығады.

Озат мұғалімдер жаңа материалды өту кезінде грамматикалық оқулығында берілген анықтама ережелер мен түсініктемелерді кітаптан оқытып, оларға түсіндірмелі талдау жасатып отырады. Бұл-оқушы білімнің үстірт болмай, берік болуына мүмкіндік жасайды. Мектеп грамматикасы тілдік мәселенің тек негізін қалайды. Ғылыми-тәжірибелік дерек береді, ол деректер тұжырымды баяндалмақ. Тұжырымдалған грамматикалық анықтама ережеде әдеби тілдің нормасы сақталады, аз сөзбен көпті меңзейді. Міне, сондықтан да ықшамды жазылған тұжырымды анықтама ережені оқушыларға жаймалай түсіндіруге тура келеді, тілдің сөйлеу нормасы бойынша, ұғымның қарапайым баламасы ұсынылады. Сөйтіп, белгілі грамматикалық мағлұмат оқушылар мұғалімнің түсіндіруі арқылы да, оқулық арқылы да игертіледі. Сондықтан оқулықтың білімдік те, тәрбиелік те мәні бар.

Мұғалімнің мақсаты-белгілі грамматикалық категорияға байланысты оқулықта берілген анықтама ережені ғана білгізіп қою емес, сол ережеге сүйене отырып, тілдік материалды таныту, соның төңірегінде оқушыны ойланту, ақыл-ойын дамыту. Оқылған грамматикалық категорияны оқушы тани білуге, оны түрлендіруге, емлесін жазу тәжірибесінде мүлтіксіз қолданып отыруға тиіс. Бұл үшін материалды жақсы түсініп, берік меңгертуі керек. Мұғалім түсіндіру үстінде оқушылар назарын өзіне аудартады. Жалықтырмас үшін сұрақ-жауап арқылы оларға әңгімелетеді, сөйтіп сабаққа оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда оқушылардың оқулықпен өздігінен жұмыс жүргізуі материалды пысықтау немесе қайталау түрінде жүзеге асырылады.

Ереже, әдетте жазуды орфографиялық нормаға түсірудің құралы болып табылады. Тіпті кейде жеке бір сөзді жазудың да өзіндік ережесі болады. Сондықтан ережелерді меңгерту нәтижесінде қалыптасатын орфографиялық дағды да жинақтық ұғымға ие болады. Оқушылар белгілі ереже бойынша өздері таныс сөздерді ғана дұрыс жазумен шектелмейді, сол орфограммамен жазылатын өздеріне таныс емес ұқсас сөздерді де қатесіз жазатын болады.

Жинақтық дағды қалыптастыру үшін әр түрлі лексикалық, синтаксистік материалдарға негізделген жаттығу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Нақтылы материалдарға жаттыға отырып, дерексіздендіру (абстракциялау) үдерісі жүзеге асырылады. Жинақталған дағды қалыптастыруда сөздік материалдарды вариациялау да шешуші рөл атқарады. Бір вариантты ереже белгілі фонетикалық немесе грамматикалық жағдаяттардың жазылуын бір түрде ғана сипаттаса, көп вариантты ереже олардың жазылуын кемінде екі жолмен көрсетеді.

Қорыта келгенде, ереже-білім негізгі. Сондықтан оқушылардың сауатты жазу дағдысын қалыптастыру үшін мектептеп қазақ тілінің теориялық оқытылу жүйесі жаттығуларымен байланысты ұйымдастырылады.

Сондықтан жаттығу көбінесе ереже негізінде жүргізіледі. Ол үшін оқушылар тілдік материалдардың ерекшеліктерін анықтама, ереже түрінде, немесе анықтама, ереже сияқты қорытынды пікірді игеру керек. Ал жаттығу сол пікірлерге сай мысал ойлаудан бастап, дәлелдеуге орай күрделене бермек. Мысалы.

1-жаттығу. Берілген сөйлем мен пунктуациялық ережелерді сәйкестендіріңіз.

Ережелер	Сөйлемдер
Хабарлы сөйлемдерден және екпінсіз айтылған бұйрық, тілек мәнді сөйлемдерден кейін нүкте қойылады.	<i>Сана.</i> Қайырлы, қайырлы болсын, болсын <i>Делдал!</i> Жақсы қорғадыңыз диссертацияны! <i>Делдал.</i> Сіздің де кітабыңыз бүгін баспадан шықты. Өзіңізді де құттықтаймын (М.Әуезов)
Драммалық шығармаларды әр шығармаларда әр сөйлеуші кейіпкердің атынан кейін нүкте қойылады.	Кітап дүкендерінен М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Майлин, А.Байтұрсыновтардың шығармаларын іздедім.
Бас әріптерінен немесе басқа буынынан	Жүрген сайын жер өнбегендей сол

шартты түрде қарастырылып алынған адам, кітап, газет, журнал, шығарма т.б. заттарының сол қысқартылған әріпінен не буынынан соң нүкте қойылады.	ұшықиыры жоқ алдында екінші белес. Мен шықтым. Манағыдай емес атқа жотқан денем жылынып, ептеп маңдайымнан тер де шығайын деді (Б.Майлин).
Нүкте әрі қарай кең түрде баяндау болатынын ескеретін сөйлемнен кейін қойылады.	Бүгін жақсы жаңалықтар.

2-жаттығу. Кестеде берілген ережелерге сай ұяшықтарға қажетті сөйлемде ді көшіріңіз.

Сызықша

Бастауыш пен баяндауыштың астына қойылады.
....
Біріңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдына қойылады
....
Жалғаулықсыз салаластардың астына қойылады.
....
Диалог төл сөздің алды-артынан, тырнақшаға алынған төл сөздің астынан қойылады
....
Мекен, уақыт, сан шендестігін білдіретін сөздердің арасына сызықша қойылады.
....

Екінші жағдайда тыныс белгілердің қойылу ерекшеліктеріне байланысты ереже шығаруға жаттықтырылады. Ол үшін мынадай кестелер жасауға дағдыландырылады.

Қос нүкте

1. Біріңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады.
2. Төл сөздің алдынан келген автордың сөзінен кейін қос нүкте қойылады.
3. Әрі қарай санамалап кететін біріңғай сөздердің, сөйлемдердің алдынан келетін жалпылауыш мәнді сөйлемнен кейін қос нүкте қойылады.
4. Біріңғай мүшелерден бұрын келген мысалы, атап айтқандай деген қыстырма сөзден кейін қосы нүкте қойылады.

Тырнақша

1. Дәйексөз тырнақшаға алынады
2. Диалог емес төл сөз тырнақшаға алынады
3. Мақал-мәтелдер, қанатты сөзде сөйлем ішінде келтірілгенде тырнақшаға алынады
4. Газет, журнал, кітап, шығарма қаулы және т.б. аттары тырнақшаға алынады.

Леп белгісі.

1. Көтеріңкі дауыспен айтылған лепті сөйлемдерден соң қойылады;
2. Ұранды сөйлемдерден соң леп белгісі қойылады;
3. Ерекше мән бере көтеріңкі айтылған атаулы сөйлем сияқты сөйлемдерден кейін қойылады.
4. Сәлемдескенде айтылатын, ішінде сұраулық шылау бар тіркестерден кейін қойылады.

Қорыта келгенде, жаттығулар әр түрлі мақсатта жүргізіледі: білімді игерту, білімді бекіту, өздерінің жазба жұмыстарында қолдана білуге дағдыландыру, тыныс белгі туралы ережені саналы түсіне білу мен оны орынды қолдана білу икемділігін арттыру т.б.

2.3 Тыныс белгіні дұрыс қоя білуге жаттықтыру

Жаттығулар – бір мақсатқа бағытталған, өзара байланыстыру тұтастығы. Ол әрекеттер тілдік және ой амалдарына байланысты орындалады. Қазақ тілі әдістемесінде жаттығулар жүйесін түріне, тәсіліне, типіне, мақсатына қарай жіктей келе, Н.Ж.Құрманова жаттығуларды негізінен «тілдік» және сөйлеу жаттығулары деп топтастырады және жаттығулардың қазіргі кезде 30 шақты түрі бар деп көрсетеді [57,63].


М.Жусупов тілдің көп қызметті қасиетін меңгертуді, танытуды ұстаным етіп ала отырып, жаттығулардың 2 типін, 5 түрін көрсетеді []. Мысалы: теориялық білімді игеруге арналған жаттығу түрлері: а) тілдік жүйені игертуге бағытталған жаттығулар; ә) тілдік материалды талдауға, үйретуге бағытталған жаттығулар; б) қатысымдық біліктерін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар [58]. Демек, жаттығуларды топтастыруда жалпы және жеке ұстанымдарды басшылыққа алу оқыту мен оқыту мазмұнын байланыстыруда, білім мен біліктілікті біріктіруде маңызды болып табылады. Сондай-ақ тыныс белгіні үйрету синтаксистік білім, біліктілікке орай жүргізіледі.

Ғалым С.Рахметова атап көрсеткен тіл дамыту жұмыстарының үш бағыты (сөздік жұмысы, сөз тіркесі және сөйлемнен жұмыс, байланыстырып сөйлеу жұмысы) грамматика сабақтарында жеке-жеке де, бір-бірімен байланыстырыла да жүргізіледі. Демек, синтаксистік материалдарын меңгертуде орындалатын сөйлеу (мақсатына қарай), диалогтық, монологтық (оқу материалы табиғатына қарай), ауызекі сөйлеу тілі, жазбаша тіл жаттығуларын (сөйлеу формасына қарай) тіл дамыту жаттығулары деп қарастыру қажеттігі туындайды [59].

Оқушыларды оқытуда дамыта оқыту логикасы басшылыққа алынғандықтан, синтаксис тақырыптарының мазмұны оқу-ізденімдік тапсырмаларды орындату-орындау логикасы арқылы ғана ашылады, яғни теориялық білім мазмұны оқушының санасына өзінің білімі түрінде қалыптаса алады.

Синтаксис материалдарын меңгертуде орындалатын оқу әрекеттерін жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі арқылы анықтайтын болсақ, онда орындалуы тиіс жаттығулардың білімдік және тәрбиелік, дамытушылық мазмұнының сапасына қойылатын талаптар да жоғары болмақ. Сол себептен,

оқушыларға синтаксисті меңгертуге арналған жаттығулар жүйесінің сызбасын келтірейік.



28-сурет - Мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытуға арналған жаттығулардың деңгейлік ерекшеліктері.

Дамыта оқытуда жаттығудың орындалу логикасы мынадай қадамдардан тұрады:

- 1) оқушы өзі танып-білуі тиіс болып отырған таным нысанын басқалардан айқын ажырата алады;
- 2) оқушы өзінің танып-білуі тиіс таным нысанының сыртқы белгілерімен саналы түрде танысады;
- 3) оқушы нақты қандай заңдылықты «ашуы» керектігін оқу міндеті ретінде өзіне дұрыс белгілеп алады.

Грамматикалық-тілдік жаттығулар оқу тапсырмаларының негізінен жазба түрде орындалуын қажет етеді. Бұл жаттығулар арқылы оқушы синтаксистің грамматикалық ерекшелігін танудың нық әрі сенімді баспалдағын қалайды және оқушы үшін маңызды болып табылатын жазу, орфография ережелерін меңгереді.

Грамматикалық-тілдік жаттығу деңгейінде сөз ерекше танымдық ізденісті қажет ететін тілдік құбылыс ретінде оқушының алдына қойылады. Оқушыға ауызша сөйленген мәтіннен немесе жазбаша сөйлем немесе мәтіннен сөзді ажыратып танудан бастаған мұғалім біртіндеп енді сол сөздің адамның тұтас ойын құраудағы қызметін, тұтастан бөлшекке және бөлшектен тұтасқа қарай талдаулар түрін жүргізе отырып танытады.

Сөйтіп, оқушының өз ойын білдіруде сөйлемді саналылықпен, біліммен қарайтын дағды қалыптастыру жолы басталады. Осы жолдың жалғасын енді мұғалім сөйлемнің айтылу мақсатына, құрамына қарай бөліну заңдылықтарына қарай шеберлікпен сәйкестендіре білуі керек.

Грамматикалық-тілдік жаттығуларды орындау барысында оқушылар мынадай ізденімдік-зерттеу міндеттерін шешеді:

- сөйлемге байланысты тілдік қозғалыстар мен өзгерістерді бақылайды;
- сөйлемнің айтылу мақсаты мен құрылымына қарай бөліну қасиеті анықтау үшін тілдік бақылаулар жүргізеді;
- сөйлем құрауға қатысатын сөздердің тіркесімдік табиғатын тану мақсатында пінктуациялық талдау жасайды;
- сөйлемге тыныс белгілік талдау жасайды.

Тіл дамыту жаттығулары. Н.Құрманова оқушының тілі дамуы барысына ұжым боп назар аудару керектігі туралы айта келе, грамматикалық бірлікті оқыта отырып. оқушылардың тілін дамыту мақсаты екі арна арқылы жүргізілуі тиіс деп көрсетеді. Олар:

Тілден - сөйлеуге қарай.

Сөйлеуден - тілге қарай [57].

Тілден сөйлеуге қарай үйрету жолын ұстанғанда, синтаксис жүйесінің ішкі тақырыптарын меңгерту сабақтарынан тіл дамыту жұмыстары ажыратылмай жүргізіледі. Ал сөйлеуден тілге қарай жүру схемасы бойынша арнайы тіл дамыту сабақтары өткізіліп, онда «мәтін», «стилистика», «стиль» сөйлеу тілдерінің формалары деген ұғымдармен тығыз байланыс ұсталынады. Тілдік құралдардың барлығы өзінің шынайы қызметін, болмыс-табиғаты синтаксис деңгейінде айқын көрсете алатындығы игертіледі. Мысалы:

1) өтініш айту, талап қою, пайымдау, келіспеушілік, өзі туралы. болған оқиғалар туралы әңгімелеу, онда тыныс белгілердің қойылуына назар аудару.

2) Сұрақ-жауапқа құрылған тіл дамыту жаттығуларды тыныс белгілермен байланыстыу.

3) Сурет бойынша әңгіме құрастыру.

1) Құстарға қамқорлық жасаушы бала туралы әңгімеле. Суретте: ағашта ілулі тұрған жемшар, жем шашып тұрған бал, ұшып жүрген торғайлар.

2) Суретке қара. Әрқайсысының мазмұнына лайық сөйлемдерді төмендегі мәтіннен таңдап ал.

Сыныптан тыс тіл дамыту жаттығулары. Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыр. (алдын-ала болжау тәсілі: оқушыларға 1, 3 картиналар таратылып беріледі, ал 2,4, картиналар жабық тұрады).

1-сурет. Бала мектепке келе жатыр. Оның артынан аузына тістеген портфелі бар ит жүгіріп келеді.

3-сурет. Мектеп алды. Арырақ балалар тұр. Бала иттен портфелін алмақшы болады. Ал иттің аузына портфель емес, сүйек.

2-сурет. Кенет ит жолда жатқан сүйекті көреді. Ол портфельді тастай салып, сүйекке жүгіреді.

Мәтін мазмұны бойынша сюжетті суреттер құрастыру және олардың көмегімен мәтінді еске түсіру, мәскерлеп оқу, тыныс белгілеріне назар аударып, ереже арқылы дәлелдей алу.

А) Мен қарындашпен сурет саламын.

Нан қайдан шығады?

Бір күні тышқан нан дүкеніне кіреді. Сөреде жаңа піскен сап-сары бөлкелер үйіліп тұр екен. Піскен нан иісіне қызыққан тышқан тұмсығын

жыбырлатты. Төмендегі бір бөлкені кеміре бастады. Осы кезде күзетші келіп қалды. Тышқан зып беріп, тысқа атып шықты. Бірақ алысқа ұзамады. «Апырай, қайдан шықты екен осыншама нан? Біліп алып шыққан жеріне кірсем, ә!»- деп қызығып кетті. Тесіктен сақтана сығалады.

- Нан, нан, сен қайдан шықтың?- деді сыбырлап.

- Сатушыдан сұра, - деді нан.

Тышқан сатушыға келді.

- Сатушы, сатушы, нан қайдан шығады?

- Наубайшыдан сұра, - деді сатушы.

Тышқан тымпыңдап наубайханаға келді. Мұнда көп адам нан пісіріп жатыр екен.

- Нан қайдан шығады?- деді, бір наубайшыға келіп.

- Диірменшіден сұра, - деді наубайшы.

Тышқан диірменшіге келді. Диірмен тасы тынымсыз шыр көбелек айналады. Екі адам ұн тартып тұр. Ұн төгіліп аққан бұлақша құйылып жатыр. Көзді ашып жұмғанша қап-қап ұн дайын болады. Тышқан иненің көзіндей танауын тыржитып, тандана қарап тұрды да:

- Диірменші, диірменші, нан қайдан шығады?- деп сұрады.

Немесе сурет бойынша мәтін құрау. Мысалы:

Үш жүзден астам түйесі бар керуен иен далаға, құм айт далаға іліккен. "Көш басшысы - орта бойлы, сұлу мұртты, шымыр денелі, былғары курткалы, басына елтірі тымақ киген Әліби Жангелдин. Сейтек оның сөйлеген сөзіне, әскери мінезіне қызығды. Жұрттан естуі: бұл кісі сонау Торғай жақтағы Амангелді батырға, оның сарбаздарына қару-жарақ, оқ-дәрі апара жатыр.

Мәтін бойынша әр топпен жүргізілетін жұмыстар:

1. Мәтінге ат қой.

2. Әр сөйлемнен сөз тіркесін тап.

3. Сөз тіркесінен жасалған бірінғай мүшелерді тап.

Сыныптан тыс тіл дамыту жаттығулары. Әңгімені әрі қарай жалғастыру.

Ғазизаның балалары

Ғазизаның үш баласы бар. Өзі заводта жұмыс істейді. Жұмысқа кезекпен барады. Таңертеңгілік қоңыраулы сағатпен тұратын.

Үйде оңаша қалған балалар кейде асыр салып еркінсіп кетеді. Бүгін де ойынның қызығына батғы. Кітап тұратын сөренің жанында ойнап жүріп, балалар оны құлатып алды. Кітаптар жерге түсіп, шашылып қалды. Бәрінен бұрын оның үстіндегі қоңыраулы сағат қирады. (М.Төрежанов)

Сұрақтар арқылы әңгіме құрау. Жоспар бойынша түлкі туралы әңгіме құра.

1. Түлкі қандай аң?

2. Оның түсі мен құйрығы қандай?

3. Ол қандай жерді мекендейді?

4. Түлкі немен қоректенеді?

Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға байланысты жасалған жаттығулар жүйесі оқушының мұғалімнің бағыт-бағдар беріп отыруы арқылы өз бетімен орындайтын танымдық қызметіне сүйенеді. Оқушылардың түйсіну, қабылдау, ес, қиял. зейінін теориялық білім алу барысында дамытуда, жеке басының эмоциялық ерік сапаларын, ерік, сезім, психикалық қасиеттерін, темперамент, мінез ерекшеліктері мен адамгершілік, гуманистік бағытта дамытуда ойын жаттығулар грамматикалық ребустар, танымдық викториналар, графикалық модельдер жасатуға үйрету жаттығулары ерекше орын алады. Ғалым Н.Құрманова: ойын жаттығулары оқушының қоршаған ортаға қатынасы ретінде дүниетанымына, теориялық ойлауының дамуына әсер ететін әрекет. Ол оқушының психикасының дамуында ерекше қызмет ретінде, оқушы әлеуметтік тұрғыдан тапсырылған әрекет түрінде танылып қызмет етуі керек дейді [57,277]. Ойын жаттығулары топта, сыныпта сенімділік қалыптастыруға негіз болып, жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді. Оқушының қиялы мен еркін, шығармашылық ойлауын дамытады. Мысалы: «Орнын тап» - ойын жаттығу.

«Орнын тап» ойыны оқушылардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Қатысымдық белсенділіктерін арттыру мақсатын көздейді.

Ойын-жаттығудың шарты: әр топқа 1 сөйлемнен жазылған қима қағаз таратылады. Олар сөйлемді оқып. естерінде сақтаулары қажет. Берілген сөйлемді басқа топтың балаларына көрсетуге болмайды. 1 минуттан кейін мәтінді кезекпен сазына келтіріп оқиды. Қатысып отырғандар оқушылардың оқығаны жөнінде өз пікірлерін айтады. Ойынға қатысушыларға кімнің оқығаны ұнаса, сол бала жеңімпаз атанады. Бұл тыныс белгіні мәнерлеп оқумен байланыстыруда қолданылады.

2. «Жайылымға айналдыр».

Ойын-жаттығудың шарты: Оқушылар берілген сөздерді («қатты», «балалар», «тез», «дүкенге») пайдаланып, төменгі сөйлемдерді жайылма сөйлемге айналдырып жазады: «Демалысқа шықты. Жарас қуанды. Сатушы келді. Сәуле жазды».

3. «Баяндауышым қайда?»

Ойын-жаттығудың шарты: Өлең мәнерленіп оқылып болғаннан кейін, тақтаға мынадай кесте ілінеді:

Бастауыш	Баяндауыш
<i>Бұл</i>
<i>Жел</i>
<i>Күн</i>

Оқушылар мұғалімнің үстелінің үстінде қағазға жазып қойылған «ыдырады, қуып барады, күлімдеді» сөздерінің тиістісін тақтада ілулі тұрған кестеге (көп нүктенің орнына) орналастыруы керек.

Қорыта келгенде, бұл жаттығулар оқушының саналы, мазмұнды ойлау, сөйлеу әркетіне жетелеу арқылы тыныс белгіні дұрыс қоя білуге жаттығады.

2.3.1. Пунктуациялық дағдыны қалыптастыруда диктант жүргізудің әдіс-тәсілдері

Диктант жұмысын жүргізу екі мақсатты көздейді:

1) Диктант жұмысын жүргізу көбінесе оқушылардың теориялық білімін сынауға қолданылады. Олардың өткен материалды қаншалықты меңгергені диктант жазу барысында айқындалып отырады. Соның нәтижесінде мұғалім қай оқушының қандай тақырыптан қате жібергенін белгілейді алады. Ары қарай мұғалім қандай шара қолдану жолын, жұмыс жоспарын анықтап алады.

2) Диктант жұмысы үйрету, бекіту, қайталау, пысықтау мақсатында жүргізіледі. Бұл кезде диктант жұмысын ұйымдастырып отырылған жаңа білімді бекіту, кейбір ерекшеліктерін ашып таныту үшін қолданылады.

Диктант жұмысын ұйымдастырып жүргізудің өзіндік талаптары бар:

- диктанттың жүйелі түрде түрлендіріліп жүргізулуі;
- диктанттағы мәтін, анықтама, ережелердің саналы игерілуі;
- жайдан күрделендіріліп, оңайдан қиынға қарай ұйымдастырылуы.

Қазақ тілінен ұйымдастырылатын басқа да жазба жұмыстары сияқты диктант жаздырудың да өзіндік әдіс-тәсілдері бар. Олар: мұғалімнің диктант алуға даярлығы, диктант жүргізуге оқушыларды дайындау және жүргізу болып табылады.

Мұғалімнің диктант жүргізуі ең алғаш мәтін таңдаудан басталады. Диктантқа мәтін дайындауға мынадай талаптар қойылады:

1. Диктант мәтінінің мазмұны жағынан оқушыларға түсінікті, тәрбиелік мәні бар және әдеби тілдің талаптарына сай болуы;

2. Диктанттың әр түрлі жанрлардағы шығармалар, үзінділер, арнаулы мәтіндер болуы;

3. Диктант мәтінінің құрамындағы сөздердің бәрі оқушыға түсінікті болуы керек. Егер түсініксіз және өте сирек қолданылатын емлесі қиын сөз кездесе, ол түсіндіріліп, көрсетіледі;

4. Диктант мәтінінің емле қиындығы орташа дәрежеде болып, бағдарламаға сай сұрыпталынады;

5. Диктант мәтініне әрбір өтілген ережеге байланысты кемдегенде 2-3 орфографиялық және тыныс белгілерінің нысандары т.б. болуға тиіс.

Мұғалімнің келесі бағыттағы жұмысы – диктантты тексеру. Диктант жұмысының қай түрі болса да тексеріледі. Әсіресе, бақылау жұмысын тексеріп, оқушылардың жіберген қателерді сұрыптайды. Олардың жіберу себептерін анықтайды. Соңынан қатемен жұмысты жүргізу мен оны болдырмаудың әдіс-тәсілдерін ойластырады.

Мұғалімнің оқушыларды диктант жазуға даярлауы сол сабақ үстінде немесе үй тапсырмасына байланысты жүргізіледі.

Сөздік диктант

Бұл диктант өтіліп отырылған грамматикалық материалға байланысты және сөздер мен сөз тіркесін қатесіз жазу үшін жаздырылады. Берілген мәтін ішінен өтілген ережеге байланысты сөздерді немесе сөз тіркестерін теріп жазып, оған талдау жасалады. Бұл оқушылардың сөздік қорын байытуға көмектеседі.

Сөздік диктантын жазғанда оқушылар жеке сөздердің мағынасымен таныса отырып, жаңа сөздерді игереді. Бұл диктантты жаздыру үшін мұғалім мәтін таңдайды, онда оқушыларға орфографиялық немесе фонетикалық мағынасынан ауырлық келтіріп жүрген сөздерге ерекше назар аударады.

Сөздік диктантын жүргізу үшін мұғалім бірнеше тәсілді (көру, есту, түсіндіру т.б.) қолданады. Сондай-ақ сөздік диктанттың күнделікті сабақ барысында 5-8 минут уақыт бөліп өткізуге болады. Бұл диктанттың түрін сабақтың кез-келген уақытында, кезеңінде жаздыруға болады. Сөздік диктантына оқушылардың жыл бойы меңгеруіне тиісті термин сөздер мен жазылуы қиын байырғы сөздерді де алуға болады. Бұл диктанттың көлемі әр сыныпта әр түрлі:

V-VI сыныптарда бұл диктантты жүргізу үшін мынадай мәтіндерді пайдалануға болады. Мысалы:

V сыныпта зат есімді өткенде:

1. Жауапкер, шүкіршілік, жатақхана, ұшақ, тікұшақ, электростанция т.б.
2. Ұшқыш, шахтер, жылқышы, суретші т.б.
3. Бесжылдық, еңбекақы, көзқарас, Сарыөзен, ауыл-аймақ, Арал теңізі,

Мәдениет үйі.

Етістікті өткенде:

1. Кер, ал, көр, айт, қара, кет, отыр, тұр, жаз, жүр, ойна, қырық (көр, қырық, ойна, қара, кет сөздерін қатыстырып сөйлем құраңдар).
2. Бер, оқы, ет, тұздады, қар, тазалады, кел, сауық, сырқыра, сертік (туынды етістіктерді тауып, астын сызыңдар).
3. Ерлік еңбекке жеткізер. Ақыл арымас, алтын шірімес (мақал). Дәрігер бүктеле түскен күйінде ұйықтап кетіпті, шашылған бөлшектер уақытысында жиылуы керек. Сапырылысқан адамдардың дауыстары құлаққа шалынады (негізгі етістіктерді тауып, оларды қосымшалардан сызықша арқылы ажыратыңдар).

Етістіктің түрлерін өткенде:

1. Қорық, сөйле, сүрін, ұмыт, қара, сөз, жасы, төбелес, жаса, күй (болымды етістіктерден болымсыз етістік жасаңдар).
2. Қалима келді. Ғалияны шақыр. Әсияны көрдік. Жер көктейді. Күн күркіреді. Сен сәбиді ренжітпе.
3. Көзінше мақтама, сыртынан даттама. Өткелін білмей, су кешпе. Досыңа өтірік айтпа, сенімің кетер. Дұшпанға шыныңды айтпа, түбіңе жетер. Ащыны татып көрмеген, тәттінің дәмін білмейді.

8-9 сыныптарда белгілі тақырыпқа байланысты жаңа сөз үйрету мақсатымен мына сияқты мәтіндер алынады.

Достығының арнасы кең, тамыры терең, күн сәулетті Қазақстан -

ынтымағы жарасқан көп ұлтты республика. Оның кең байтақ далалары мен сәулетті қалаларында жүзден астам ұлттың өкілдері тату-тәтті тұрады. Олардың мұратындағы мақсаттары мен ақ қанат орамдарынан, берекелі істері мен құдіретті күштерінен болаттай берік достықтың белгілерін байқау қиын емес. Мызғымас достық пен рухани татулықты ту еткен болар, болашақтың даңғыл жолында жарқын да жасампаз іздер қалдыруда.

Берілген мәтіннен негізгі зат есім мен туынды зат есімдердің астын сызыңдар.

Қырағы бала

Майдан барлық жерде саябырлап, уақытша тыныс алып тұрған кез болатын. Алдымызда үлкен шабуылдың жақын екенін сезетінбіз, өйткені барлық майданда да дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқан тәрізді еді.

Станцияға келген поездар көп тоқтамай, жөнелтіліп жатыр, өйткені соңғы екі-үш күннің ішінде станцияға ерекше тынышсыз жағдай туды. Жаудың самолеттері станцияны қатты бақылауға алған, себебі олар жиі-жиі шабуыл жасап бомбылауда.

Станцияға солдаттар мінген поезд келіп тоқтады. Оң қолын сыртынан ақ шүберекпен таңып, мойнына асып алған бір қыз жүр.

- Сен кімді күтіп жүрсің? – деді, бір кішкентай бала қызды артынан қуып жетіп.

- Әкемді күтіп жүрмін, - қыз теріс айналып кетті.

Балаға қыз туралы үлкен күдікті ой туды. Бірақ қызға одан әрі тіл қатқан жоқ, себебі қызды соңынан қадағалауда болды.

Қыз вагондардың есігіне қарайды да, қолын құлағына тосып, бір нәрсені тыңдайды. Қолын байлауы да жай емес.

Одан әрі бала шыдап тұра алмады, сондықтан тиісті орынға хабарлау керек деп ойлады.

Терме диктант

Терме диктант белгілі бір орфографиялық ережеге, сөздер мен сөз тіркестерін жазуға байланысты жүргізіледі. Бұл диктант арқылы грамматикалық түрлі ереже, анықтамаларды пысықтауға, қайталап естеріне түсіруге болады.

Атап айтқанда, оқушыларға күрделі бір мәтін ұсынып, соның ішінен сөз тұлғаларының бірін немесе сөз таптарының бірін теріп жазуға тапсырма береді. Терме диктантта оқушылар берілген мәтіннен керекті сөздерді ғана көшіріп қоймай, оның қандай тұлғада тұрғанын да ажыратады.

Мұғалім терме диктантына арналған мәтінді оқудан бұрын қандай ережеге көңіл бөлу керектігін ескертеді. Кейбір оқушыларға бұрынғы жазу жұмыстарында жіберіп жүрген қателеріне байланысты тапсырмалар береді.

Сөйтіп, оқушылар бүтін жазбай, мұғалім оқып отырған мәтіннен әркім өздеріне берілген тапсырмаға лайықты ғана ережелері бар сөздер мен тіркестерін немесе сөйлемдерді теріп жазады. Терме диктанты кез-келген ереже, емле, анықтамаға байланысты жүргізіледі. Оның пайдасы

оқушыларды байланысты мәтін ішінен өтілген өзіне қажетті орфографияларды таба білуге үйретеді. Мысалы:

V сыныпта зат есімді өткен кезде, зат есім жұрнақтарына байланысты мәтіннің үлгісі.

Топырақты өңдеу

Жерден мол өнім алу үшін адам топырақты өңдейді. Өсімдіктер борпылдақ топырақта жақсы өседі. Өйткені оған су жақсы сіңеді, ауа жақсы өтеді. Борпылдақ топырақта тұқым тең өнеді, жер бетіне оңай жарып шығады, сөйтіп, тамырлары жер астында жақсы тарамдалады.

Мақалдар

I. Көзсіз күнелтсең де, елсіз күн көруден қиыны жоқ. Ағын су арнасы табады. Сөздің соңы басталуынан белгілі. Түсуге жетпеген су, ішуге жетеді. Ашуың келсе, қалың тарт, айтпас жерде тілің тарт. Бос өткізу өмірде ақымаққа көңілді. Білім арзан, білім қымбат. Жошыбай буынған белбеу жолда шешіліп қалады.

(Қарамен жазылған сөздерді теріп жазыңдар, у әрпін дауысты, дауыссыздарға, жуан-жіңішке түрлеріне ажыратыңдар).

Сан есімді өткен кезде (сан есім сөздердің емлесі).

Ең үлкен

Жан-жануарлар ішінде ең үлкені көк кит. Оның ұзындығы 33 метр, салмағы -150 тонна. Мұндай салмақ – 30 піл немесе 150 өгіздің салмағына тең деген сөз.

Мұндай киттің жүрегінің салмағы – 700 килограмм, тілінің салмағы -2 тонна. Ал жаңа ғана туған киттің баласының ұзындығы – 8 метр, салмағы 6 тонна.

Қос сөзді өткен кезде (қос сөздің емлесі).

Теңіз дауылы

Теңіз кеңістігінің беті айлы-қарлы болып өзгеріп, қара қошқылдана қалыпты. Қазір бір шаңырақ құзды, қара сұр тау қойнына еніп кеткен тәріздіміз. Теңіз беті минут сайын құбылып, тау құзға, құз тауға айналады. Ашулы толқын арс-арс етіп, теуіп кеткен сайын біз қонақтаған шағын ғана мұз шыңы бір жағы төңкеріліп бара жатқандай дөңбекшіп-дөңбекшіп алады. Әр жерден бір омарылып түскен мұз кесектер жандана тулаған көлжалаң төбесіне қарғып-қарғып түседі.

Көру диктанты

Бұл диктант өтіліп, үйретіліп отырылған тақырыпқа байланысты нысан материалдарды сынып оқушыларына көрсетіліп түсіндіруден басталады. Мұнда оқушы ережелерді игергеннен соң, соған байланысты мәтінді көріп, оқып, бақылау арқылы есте сақтай отырып жаздырылады.

Диктант оқушылардың көру, есте сақтау, тану қабілетін дамыту мақсатымен жүргізіледі. Көру диктантына жазылуы қиын байырғы сөздер, термин сөздер, сөз тіркестері және шағын мәтіндер, жұмбақ, мақал-мәтелдер,

жаттауға берілген өлеңдерді де алуға болады.

Диктант мәтіндері үзіліс кезінде тақтаға немесе бұрыннан үлкен қағазға жазылып қойылады. Оларды оқушылардың екі-үш рет оқып шығуына, асықпай көріп, жадына сақтауына 2-3 минут уақыт беріледі. Содан кейін тақтаға жазылған мәтінді мұғалім жауып қояды. Оқушылар көрген, оқыған мәтінін есіне түсіріп дәптерге жатқа жазады. Мұндай материалдардың құрамына жазылуы қиын сөздерге қоса назар аударуға тиісті ережелері бар термин сөздер болса, мұғалім оларға назар аударуды талап етеді. Бұл үдерісті компьютермен орындаттыруға болады.

Көру диктантын алғаш жаздырған кезде оқушылар сол сөздерге, сөйлем мен нысанға назар аударып, көңіл бөлу арқылы есте сақтауға дағдыланады. Жаттауға сүйеніп жазылады. Көру диктантына мынадай мәтіндер алуға болады:

V сынып. Антонимдерге байланысты мәтін.

1. Ағаш кессең, ұзын кес,

Қысқартуың оңай.

Темір кессең, қысқа кес,

Ұзартуың оңай (мақал).

2. Жоғары, төмен, үйрек, қаз,

Ұшып тұрса сылпылдап (А)...

Қарапта сөз және оның тыныс белгілері бойынша:

Тоқтай тұр, достым, өткенге ой жіберіп қарашы өзің: Қайтып көрер есігіңді қатты серіппес болар, қарындас. Атайдың өлеңдерін әнге қосып, домбырамен айтсаң қайтеді, жезде. Қал-жай өзіңе белгілі зой, Сәмен қарағым, өзің түсіндіріп айта бермейсің бе? .

VI сынып. Етістікке байланысты.

Қар еріп, сай-сала сылдырына толғанда, көгілдір көктемнің көктегі жаршысындай болып тыраулап тырналар келді. Оның алыстан талып жеткен үнін естігеннен, көзің бірден шалына қоймайды. Сонау көз ұшында тізбектеліп ұшқан тырналарды сонда ғана көресің...

7-9 сынып.

Сызықша қойылған сөйлемді жазыңдар.

Байлықтың атасы – еңбек, анасы жер. Өнерлінің өрісі ұзақ. Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар. Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар. Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде. Басы аманның малы түгел. Аузы күйген үріп ішер.

Ескерту диктанты

Ескерту диктантын жаздыру тәртібі мынадай болады: мұғалім сөйлемді дауыстап оқиды да, бір оқушы қайталап, ішіндегі сөздердің жазылу емлесін айтады.

Мұнда қандай сөзге, нысанға тоқталу керек екендігін мұғалім көрсетіп, түсіндіріп, ескертеді. Соңынан сол сөйлемді оқушылар жатқа дәптеріне

жазып, ережесі талданған сөздің астын сызып, белгілейді. Оқушылар түгел жазып болған соң, бір оқушы тағы оқып шығып, қандай сөздердің астын сызғандығын, оның жазылу емлесін айтып береді. Қалған оқушылар өздерінің жазғандарын тексеріп, жіберген қателері болса, түзетеді.

Ескерту диктантын тақтаға да орындаттыруға болады. Бұл элементтер қазіргі кезде сабақтың бекіту кезіндегі оқушылармен жаттығуды тақтаға жүргізуде қолданылып келеді. Бұған, көбінесе оқулықтағы әр тақырыпқа берілген жаттығулар, сол сыныпқа арналған дидактикалық материалдар пайдаланылады.

Ескерту диктантын тақтаға жазып та тексеруге болады немесе тақтаға жазбай-ақ оқыту, есіту арқылы да тексереді.

Ескерту диктантын әр түрлі орфографиялық ереже бойынша жиі-жиі өткізіп отырылады. Бұл диктанттың артықшылығы – оқушылар сөзді естілуі бойынша ғана жазбай, сөздің құрамын, грамматикалық, орфографиялық ережелерді естеріне түсіріп, саналы түрде жазатын болады.

Өздік диктант

Өздік диктантты оқушылар мәтінді мұғалімнің айтуы бойынша емес, өздігінше жатқа жазады. Өздік диктантты жаздырудың бірнеше жолы бар.

Бірінші, өтілген тақырыпты бекіту мақсатында мұғалім диктант мәтінін тақтаға жазады, жеке сөздердің жазылуы, грамматикалық ереже түсіндіріледі. Мәтінді оқушылар бірнеше рет оқып, жаттап алады. Содан кейін тақтадағы мәтіннің беті жабылып қойылады да оқушылар оны жатқа орындайды.

Екінші, мұғалім мәтінді оқулықтан, кітаптан, газет-журналдан үзінді көрсетіп береді. Мәтінді оқушылар бірнеше оқып қайталаған соң, кітап, оқулық т.б. жабылып оқушылар жатқа жазады. Соңынан мәтінмен салыстырылады.

Үшінші – оқушыларға жаттаған өлеңдерді, қара сөздерді жатқа жаздыру. Өздік диктант арқылы оқушылардың өткен сабақты меңгергенін ғана емес, орфографиялық және синтаксистік ережелерді қалай ұғынғанын, оларды тәжірибеде қалай пайдалана білетінін байқауға болады.

Өздік диктанты оқушылардың ой-өрісін, сөздік қорын молайтуға көмектеседі. Өздік диктантта оқушылар өтілген материалдарға байланысты өздері білетін сөз бен сөз тіркестерін, тұрақты сөйлемдер мен жаттап алған өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді естеріне түсіріп, ойланып отырып жазады.

Диктанттың бұл түрінің де, өткенді қайталап, тіл ұстартуда да маңызы бар. Мұғалім өздік диктантын қай күні жүргізетінін, өтілген материалдардан нені қайталап келу керектігін оқушыларға алдын-ала ескертіп отырады. Сонда олар дайындық кезінде өздерінің бұрынғы жазу жұмыстарында жіберген қателерінен әлі біліп үлгермеген сөздерін және сол сияқты шала жаттаған өлең, жұмбақ, мақалдар мен ережелерді қайталап жаттап келеді.

Мысалы, оған мынадай мәтіндерді алуға болады:

V сынып. Жалпы және жалқы есімдердің жазылуы

*Жер таппай жерге жетер Жетісуым,
Күркілдеп, Көксу, Лепсі, Іле, Шуың.
Асқардан ақтарыла арқыраған
Жеңгеңнің келе аңсаған балды суын (І. Ж.).*

*VI сынып. Мақал-мәтелдер
Дананың ақылы –дария, халықтың ақылы –мұхит.
Жалқаудан жаман жоқ, оқымаса маман жоқ.
Еңбек мұратқа жеткізер.
Татулық табылмас бақыт.
Білімнен асар байлық жоқ.
Жердің сәні –егін, Ердің сәні – білім.*

VII сынып. Көктем

*Көктем! Осы сөзді жылдың қай мезгілінде естісең де, жаныңа жылы,
қуат дариды. Мөлдір бұлақ сылдыры, жасыл құрақ сыбдыры, тамылжыған
бұлбұл үні, тамсандырған қыз күлкісі құлағыңа келеді. Тұнған жер, желпи
соққан жел кең далаға шақырғандай болады. Енді көктемнің өзі келді. Ақын
ата сөзімен айтсақ, масатыдай құлпырған жердің жүзі, ата-анадай
елжіреген күннің көзі табиғатты түлетті.*

*Көктем – табиғаттың жастық шағы. Ал жастық шақ – құдіретті
күш.*

Іздету диктанты

Бұл диктанттың басқа диктанттардан айырмасы – мұнда оқушылар барлық мәтінді не сөйлемді түгел жазбайды, мәтіннің ішінен өтілген анықтамаға, не ережеге байланысты жеке сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді тауып, теріп жазады.

Іздету диктантын жаздырудың өзіндік әдіс-тәсілдері бар:

Мұғалім өтілген категориялар мен формаларды немесе орфографиялық ережеге байланысты мәтінді оқиды. Оқушылар сол мәтіннен тиісті нысан сөздерді теріп жазады. Немесе сөйлемді, мәтінді жазып болған соң, сол нысан таптырылып анықталады. Мысалы, *Ботакөз Кенжетай мен Балтабектің арасына отырды* деген сөйлемді оқымастан бұрын, біріккен сөздердің емлесін қайталап, өткенді естеріне түсіреді. Сонан соң осы сөйлемді жайлап келесі әр сөзді кідіріс жасап оқиды. Оқушылар мұғалімнің тапсыруына қарай: мәтіннен біріккен сөзді теріп жазады немесе түгел сөйлемді жазып, біріккен сөздің астын сызады. Соңынан бұл сөйлемдегі біріккен сөздің жазылу емлесі талданады.

Іздету диктанты өтілген және қайталанып, пысықталған ереже, анықтамаларға байланысты жазылды. Мысалы, **С, З**, дыбыстарының **Ш** дыбысымен қатар келгенде жазылу емлесі; сан есім емлесі, шылаулардың емлесі, құрмалас сөйлем тыныс белгілері т.б.

Бұл диктант уақытты үнемдеу мен оқушыларға материалды сапалы игертудің ұтымды әдістерінің бірі болып табылады.

Іздету диктантына алынатын мәтіндер, материалдар күнделікті оқытылып, үйретіліп отырылған категория мен формаларға, ереже мен анықтамаларға, емлеге байланысты болады.

Түсіндірмелі диктант

Бұл диктант жаңа материалды игерту мен бекітуде жаттығу әдісі ретінде өткізіледі. Сондықтан түсіндірмелі диктантты жаздырудың өзіндік әдіс-тәсілі бар:

Біріншіден, түсіндірмелі диктант жаздыру үшін мұғалім мәтін таңдаудан бастайды. Алынатын мәтінде игертілетін немесе бекітілетін нысан болып, оны ажыратудың қиындығы орташа болады; Екіншіден, мәтіндегі нысан оқушылар игерген әрі ол туралы мәліметі болуға тиіс; Үшіншіден, мәтіндегі нысан нақты, бір мәселе, ереже, анықтама, категория, форманың көлемінде алынады. Өйткені бұлар бірнешеу болса, оқушылардың ойы бөлініп, орындай алмауы мүмкін. Төртіншіден, мәтіннің көлемі шағын болады. Өйткені көлемді мәтінді орындау уақытты алса, екіншіден қайталай беру оқушының орындау ынтасын төмендетеді.

Түсіндірмелі диктант жүргізу жүйесі:

Мұғалім ең алдымен үйретіліп отырылған ереже, анықтама, категория немесе форманың теориялық ерекшеліктерін түсіндіреді, мысалдар келтіреді. Мысалы, жалқы есім сөздер бас әріппен басталып жазылады деген анықтама айтылып, мысалдармен дәлелденеді.

Соңынан диктант мәтінін оқып, ондағы жалқы есім сөздер таптырылып, талданады. Нәтижеде мәтін оқылып, жазылады.

Бұл диктантта жазған мәтін оқушыларға оқытылып, нысанды оқушының түсіндіріп беруі арқылы да тексеруге болады.

Шығармашылық диктанты

Шығармашылық диктантқа әр түрлі жаттығулар жатады. Бұл жаттығулардың мақсаты, біріншіден орфографияны үйрету болса, екіншіден, оқушылардың тілін ұстарту. Шығармашылық диктант – оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру үшін өте бір тиімді әдіс. Шығармашылық диктантты мұғалім оқушылардың өздігінен жазған жазба жұмыстарында қате жібермеуге, өз ойларын сауатты жазуға төселдіру үшін қолданады. Мұнда мұғалім тақтаға жазған жеке сөздер мен сөйлемдерді қатыстырып, сөйлем немесе шағын мәтін құрап жазуды тапсырды. Сонымен қатар көрген, оқыған, естіген нәрселері мен белгілі бір тақырып құрастырып, ойларын өз сөздерімен жазады.

Шығармашылық диктанттың мынадай жолдары болады:

1. Белгілі бір ережеге сәйкес бірнеше сөздер, сөйлем, мәтін ойлап табу.
2. Белгілі сөздер сөйлем, мәтін қай ережеге сай екендігін анықтау.

Мысалы, мұғалім зат есімдегі байланысты бірнеше сөздерді күні бұрын дайындап келеді де сол сөздерді тақтаға жазып қояды (саябақ, жеделхат, ұжымшар, көл т.б.). Оқушылар осы сөздерді қатыстырып белгілі сөйлемнің мағыналы түріне байланысты құрайды: Мысалы: Мен саябаққа бардым т.б.

Мұнда әр оқушы өз бетімен жазады. Сондықтан олардың жазған сөйлемдері де әр түрлі болмақ.

Шығармашылық диктантты мына жүйемен өткізуге болады. Мұғалім сабақ басталысымен, тақтаға бір орфографиялық ережені жазып көрсетеді де, сол ережеге сай мысалдарды оқушылар өздері ойлап табады. Сол сөздердің бірнешеуін тақтаға жазып қояды. Оқушылар сол сөздерді қосып өз беттерімен сөйлем құрайды. Шығармашылық диктант орфографиялық ережелерге жаттықтыру үшін ғана емес, грамматикалық формалар, сөйлем түрлерін, стиль жөнінде де оқушыларды төселдіруге, олардың ой-өрісін кеңейтуге жәрдем береді. Белгілі грамматикалық формаға байланысты бірнеше сөз тақтаға жазып, сол сөздерді қатыстырып, тұтас шағын шығарма жазуға да болады. Мысалы, етістік сөздер беріледі; *қоюлана, көріп, сүйеніп, еңіреп, күшейіп, сипалап, келіп, салып, шыққалы, біле* деген көсемше формаларын тақтаға жазып, осы сөздерді қатыстыра отырып, кейбіріне дара, кейбіріне күрделі етістік сөздерді келтіріп мәтін құрастырады.

Мысалы: Қараңғылық қоюлана түсті. Ешнәрсені көріп болар емес. Асқар қабырғаға сүйеніп, еңіреп жылады. Гүрілдеп дауыс күшейе түсті. Асан қабырғаны сипалап жүріп, далаға шықты. Қолын қалтысына салып, тыңтыңдап біраз тұрды. Үй сыртында қарайған бірдеңе көрінді, оны Асан біле алмады.

5-7 сынып.

1. Мына зат есімдерді қатыстырып сөйлем құраңдар:

Саябақ, бұлбұл, ақын, дос, ару, көл, тау.

2. Мына сөздермен сөйлем құрап жазыңдар:

Қоюлана, көріп, сүйеніп, еңіреп, күшейіп, келіп, салып, шыққалы, біле.

8-9 сынып.

«Ана тіліңді қадірлей біл» деген тақырыпта әңгіме өткізіңдер, мәтінде көрсетілген мысалдарды орынды жерінде қолдана біліңдер.

Көп сөйлеген мылжың шын сөзді азайтады.

*Нәрсенің сыртына қызықпа, асылы ішінде болады. (Ы.Алтынсарин).
Әр уақытта ана тілін шұбарламай, бүлдіріп сөйлемей, таза сөйлеу керек.
Тіл байлығын молайтып, тіл тазалығын сақтау керек. (М.Балақаев).*

Сүйемін туған тілді-ана тілін,

Бесікте жатқанымда –ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан,

Құлағымға сіңірген таныс үнің...

Ең бірінші сол тілмен сыртқы шықты,

Сүйгенім, жек көргенім, ұнатқаным. (С.Торайғыров).

Мына сөздерді қатыстырып шағын әңгіме жаз.

Егеменді ел, дамыған республика, ғажайып өзгерістер, оқыған мамандар, жас дарындар, кең байтақ, жастықтың куәсі, тарихи даму, жоғары оқу орындар.

2.4. Тыныс белгіні синтаксистік талдау арқылы дұрыс қоюға

жаттықтыру.

Пунктуация синтаксиспен байланысты қарастырылады. Ол жөнінде Х.Арғынов: “Синтаксис туралы жалпы мәліметті оқушыларға әңгіме әдісімен де, лекция арқылы да, талдау арқылы да түсіндіруге болады” деген [32,211].

Ал Т.Шонанұлы бұрын-ақ сауатты жазуға үйретудегі талдаудың рөлін: “Емлені дұрыс білу үшін оны грамматикалық тілдің басқа жұмыстарымен байланыстыра отыру керек, жазған сөздерін бала грамматика жағынан талдап отырсын” –деп, талдауға үлкен мән берген [60,28].

Сондықтан синтаксисте сөйлемге тән белгілер, оның грамматикалық сипатын айқындайтын синтаксистік категориялар қатысымдық пен моральдық және предикаттық белгілер. Бұл категориялардың әрқайсысының өздеріне тән ішкі мағыналық және сыртқы материалдық көрсеткіштеріне лайықты жазуда тыныс белгілерімен анықталады [32,206].

Сондықтан тыныс белгілерді оқытуда синтаксистің негізгі нысандарына байланысты қарастыру оң нәтиже береді. Мысалы, тыныс белгілер синтаксисінің нысандары: а) сөйлем синтаксисі, оның құрамы, түрлері; ә) сөз тіркесі оның ерекшеліктері; б) сөйлемдер тіркесі, оның түрлері мен құрылымдық сипаттарымен байланыстырыла үйретіледі.

Қазақ тілі мамандары соңғы уақытқа дейін "синтаксис" деген терминнің мәнін ашуға көңіл бөлмеген. Синтаксис деген атауды қолдана қалған күнде де оның өзін сөз етпей, әңгімені сөйлемге сипаттама беруден бастап отырған, сөйлемді синтаксистің негізгі және бірден-бір нысан деп түсінген.

Синтаксистің қарауына сөздер тіркесі де жататынын және синтаксистің анықтамасын қазақ тілі білімінде сөз еткен - профессор Қ.Жұбанов. Ол синтаксисті сөйлемнің қандай түрлері болатынын, қандай бөлшектерден құралатынын қарастыратын грамматиканың бір саласы деп анықтайды [61,204].

Синтаксистің қарауына сөздер тіркесі де енетіні кейінгі жылдары М.Балақаев еңбектерінде де айтылды. Ол өзінің жай сөйлем синтаксисіне арналған зерттеуінде "синтаксис сөйлемнің грамматикалық" жүйесін, құрамын, сөздердің тіркесуін қарастырады" десе, соңғы еңбектерінде одан гөрі айқындаңқырал, сөз тіркесін синтаксистің бірінші нысаны дәрежесіне көтереді [62,205].

Сөйлемге тән белгілер, оның грамматикалық сипатын айқындайтын синтаксистік категориялар қатысымдық пен модальдық және предикаттық белгілер. Бұл категориялардың әрқайсысының өздеріне тән ішкі мағыналық және сыртқы материалдық көрсеткіштері бар [63].

Синтаксистің қарауына жататын, оның негізгі нысаны болып есептелетін бірнеше мәселелер бар. Оларға: а) жай сөйлем синтаксисі, оның құрамы, структуралық және мағыналық түрлері; ә) сөздер тіркесі, оның өзіндік ерекшеліктері; б) сөйлемдер тіркесі, оның түрлері мен структуралық сипаттары жатады. Бұл мәселелер бір-біріне тәуелді, өзара шарттас, тілдің синтаксистік жүйесінің жеке-жеке элементтері болып келеді. Синтаксистің

осылай бөлінуі және оның қарауына, жататын мәселелерінің өзіндік ерекшелігіне сай талдануы, жүйеленуі зерттеушілердің жеке еңбектерінде нақты баяндалған [64; 65; 66; 67]. Осы сияқты теориялық материалдар мен ереже, анықтаманы игертуді тыныс белгілерді игертумен байланыстырылады.

Синтаксистік талдау: Сөйлемнің тыныс белгісін үйретуде мынадай талдаулар жүргізіледі.

I. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай: хабарлы, лепті, сұраулы, бұйрықты.

II. Құрылысына қарай:

1. Жай сөйлем

2. Құрмалас сөйлем:

Мезгіл мәнді, себеп мәнді, қарсылықты мәнді, шартты мәнді, салыстырмалы мәнді, түсіндірме мәнді, толғау мәнді, амал мәнді, мақсат мәнді.


III. Сөйлем мүшелері: а) бастауыш, ә) баяндауыш, б) толықтауыш, в) анықтауыш, г) пысықтауыш.

IV. Жай сөйлемнің түрлері: а) жалаң, жайылма, ә) толымды, толымсыз, б) жақты, жақсыз, в) атаулы.

V. Сөз тіркестері: а) еркін тіркес (есімді, етістікті), ә) тұрақты тіркес.

VI. Сөздердің байланысу түрлері: а) қиысу, ә) меңгеру, б) матасу, в) қабысу, г) жанасу.

VII. Сөздердің байланысу тәсілдері: а) интонация, ә) жалғаулар, б) септеулік шылаулар, в) орын тәртібі.



Бұл салалардың мынадай ерекшеліктері үйретіледі:

1. Сөйлем болу үшін сөздер белгілі бір грамматикалық байланысқа түсуі керек;

2. Кез келген қатар тұрған сөздер бір-бірімен байланысқа түсе бермейді.

3. Грамматикалық байланысқа түспеген сөздер тіркеспейді, сөз тіркесін құрай алмайды.

4. Сөздердің сөйлемде байланысуының өзіндік заңдылығы бар, сөздер бір-бірімен белгілі бір тәсілдер арқылы байланысады.

5. Сөздер:


а) Біріншіден, байланысу тәсілдері арқылы тіркесіп, сөз тіркесін құрайды. Сондықтан сөздердің байланысу тәсілдері сөз тіркесіне негіз болады:

ә) Екіншіден, сөйлем мүшелері сөйлемдегі сөздердің байланысы арқылы анықталады. Сөйлем мүшесін анықталатын сұрақтар сол сөздің байланысына қарай қойылады.

Ғалым-әдіскер Н.Құрманова: "Сөз тіркесін теориялық деңгейде оқытуда эмпирикалық деңгейде берілген білімнің жай ғана қосындысы емес, сөз тіркесінің мәнді болмысын құрап тұрған синтаксистік байланыстар мен қатынастардың табиғатын таныту алдыңғы орынға шығарылады. Сөз тіркесінің жүйелік болмысында қызмет атқаратын тілдік қандай механизмдер бар, түрлену жолына қалай себепкер болады? деген сұрақтар алғашқы сабақтан бастап қойылады, солардың жауабын іздеу және табу әдістері меңгертіле бастайды", - деп тұжырым жасайды [57].

Ғалымның пікірін сабақтай келе, тілдік талдау сөз, сөйлемнің құрылысын бөлектеп талдаумен ғана шектелмей, оқушының жан-жақты дамуына, танымдық дүниесінің бойынша, ой-өрісінің кеңеюіне кең жол ашатын толық талдау үлгісін жасауға ұмтылды. Бұндай талдаулар төмендегі жұмыстардан айқын көрініс тапқан.

19-сурет. Сөйлем түрлері





Бала күлді.

I. Синтаксистік талдауды ерее арқылы жүргізу.

1.1. Сөйлемде бір тыныс белгі бар. Ол - нүкте (.). Нүктенің қойылу себебі, ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр.

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай - хабарлы сөйлем. Себебі, ой хабарлай жеткізіліп тұр. Хабарлы сөйлем дегеніміз – айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрі.

1.3. Құрылысына қарай – жай сөйлем. Себебі, бірнеше сөзден құралып, тиянақты бір ғана ойды білдіріп тұр. Жай сөйлем дегеніміз бір ғана ойды білдіріп, бір ғана интонациямен айтылатын сөйлем.

1.4. Жай сөйлемнің түрлеріне қарай – жалаң. Себебі, тек қана бастауыш пен баяндауыштан құралған. Жалаң сөйлем дегеніміз тұрлаусыз мүшелері жоқ, тек бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлем.

Көпке қорлық жүрмейді. (Абай)

I. Синтаксистік талдау:

1.1. Сөйлемде бір тыныс белгі бар. Ол - нүкте (.). Нүктенің қойылу себебі, ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр.

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай - хабарлы сөйлем. Себебі, ой баяндай жеткізіліп тұр.

1.3. Құрылысына қарай - жай сөйлем. Себебі, бірнеше сөзден құралып келіп тиянақты бір ғана ойды білдіріп тұр.

1.4. Жай сөйлемнің түрлері.

1.5. Жай сөйлемнің түрлерін анықтау үшін сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшелеріне қарай талдаймыз. Ол үшін ең алдымен сөйлемнің баяндауышын табамыз. Себебі:

а) Баяндауышсыз сөйлем болмайды. Баяндауыш дегеніміз – сөйлемде жіктеліп келіп бастауыштың қимылын, іс-әрекетін, кім екенін білдіріп, онымен жақ-жағынан кейде жекеше, көпше (1-2 жақта) түрде қиыса байланысып қолданылатын тұрлаулы мүше. Баяндауыштың негізгі сұрақтары: не істеді? кім? не? неше? не қылған? неде? т.б.

Баяндауыш мынадай сөз таптарынан болады.

1. Баяндауыш болатын негізгі сөз табы етістік. Мысалы: Ерте тұрғанның құты артады. (Ж.Баласағұн). Құты қайтеді? - артады - дара, етістікті, (-ды) жіктік тұлғалы - баяндауыш.

2. Зат есімнен болады. Еңбек, оның ішінде, өнерлі еңбек - бақыт (Мақал). Еңбек не? - бақыт - дара, зат есімді - баяндауыш.

3. Сын есімнен болады. Ары таза адамның жаны - таза. Жаны қандай? - таза - дара, сын есімді - баяндауыш.

4. Сан есімнен болады. Еріншектің ісі - екі. Ісі қанша? - екі - дара, сан есімді - баяндауыш.

5. Есімдіктерден болады. Игіліктің түйіліп қалған жері де осы (Ғ.М.). Жері қайсы? - осы дара, есімдікті - баяндауыш.

6. Үстеуден болады. Адал еңбектің абыройы жоғары (мақал). Абыройы қалай? - жоғары дара, үстеулі - баяндауыш.

7. Шылау сөзден болады. Оның бәйге алғаны жақсы істегені үшін (Ғ.М.). Жақсы қайткені үшін - істегені үшін - мұнда шылау өзінен бұрын тұрған сөзге шылау болып тұрып, баяндауышқа элемент болуда.

Кей кезде шылаулар жеке тұрып та баяндауыш бола алады. Мысалы: Оның келуі кейін. Айтарым сол (Ғ.М.)

Елдің иесі де, киесі де - халық. Мақал

I. Синтаксистік талдау:

1.1. Сөйлемде үш тыныс белгі бар: нүкте (.); үтір (,); сызықша (-).

а) Нүктенің қойылу себебі ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр;

ә) Үтірдің қойылу себебі бірыңғай мүшелерден кейін де шылауының екі рет қайталануы;

б) Сызықшаның қойылу себебі бастауыш пен баяндауыш есім сөздерден болғандықтан бастауыштан кейін сызықша қойылып тұр.

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай - хабарлы сөйлем. Себебі, ой баяндай жеткізіліп тұр. Хабарлы сөйлем дегеніміз - айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрі. Хабарлы сөйлем интонациялық жағынан көтеріңкі басталып, бәсеңдеп бітеді. Сөйлем соңында жазуда нүкте қойылады.

1.3. Құрылысына қарай - жай сөйлем. Себебі, бірнеше сөзден құралып келіп тиянақты бір ғана ойды білдіріп тұр.

1.4. Жай сөйлемнің түрлері.

1.5. Жай сөйлемнің түрлерін анықтау үшін сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшелеріне қарай талдаймыз. Ол үшін ең алдымен сөйлемнің баяндауышын табамыз.

Себебі:

а) Баяндауышсыз сөйлем болмайды;

ә) Баяндауыштың орны шартты түрде тұрақты:

1.5. а) Иесі де, киесі де кім? - халық - дара, зат есімді - баяндауыш;

б) Баяндауыш арқылы бастауышты табамыз;

1.5. ә) Халық несі? - иесі де, киесі де - бірыңғай, зат есімді, (-сі) тәуелдік тұлғалы - бастауыш.

Бірыңғай мүше дегеніміз - бір сұраққа жауап беріп, бір ғана қызмет атқарып, бір ғана мүшемен байланысатын екі я одан көп мүшелері. Бірыңғай мүшелер көбінесе тұлғалас болып келеді де, өзара салалас, бірде жалғаулықтар арқылы, бірде жалғаулықсыз дауыс ырғағымен байланысып, бір ғана мүшеге қатысты болады. Сөйлемнің барлық мүшесі: бастауыш та, баяндауыш та, пысықтауыш та бірыңғай мүше бола алады.

Бірыңғай мүшелер өзара жалғаулықсыз байланысса, олардың арасына үтір қойылады.

Бірыңғай мүшелер төмендегідей жалғаулықтар арқылы байланысады:

а) ыңғайлас жалғаулықтар: да, де, та, те, әрі, және, мен, бен, пен;

ә) талғаулы жалғаулықтар: я, не, немесе, әлде;

б) қарсылықты жалғаулықтар: бірақ;

в) кезектес жалғаулықтар: бірде, біресе, кейде.

Жалғаулықтар бірыңғай мүшенің әрқайсысымен қайталанып қолданылса арасына үтір қойылады. Қайталанбаса үтір қойылмайды. Бірақ шылауы қарсы мәнді екі бірыңғай мүшені байланыстырғанда бірақ шылауының алдына үтір қойылады.

Сөйлемде бірыңғай мүшелермен қызметтес, тұлғалас болып, барлық бірыңғай мүшенің ортақ жинақтау аты есебінде айтылатын да сөздер болады. Олар жалпылауыш сөз деп аталады.

Жалпылауыш сөз сілтеу (мыналар), жалпылау (бәрі, баршасы, барлығы) есімдері мен жинақтау сан есімі, зат есімдерден болады.

Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, одан кейін қос нүкте қойылады. Егер бірыңғай мүшелерден кейін оған ұқсас сөздер тұрса, бірыңғай мүшелерді одан ажырату үшін, ол мүшенің алдына сызықша қойылады. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден кейін келсе, оның алдынан сызықша қойылады.

Бастауыш дегеніміз - сөйлемде атау септігінде тұрып, ойдың кім, не жайында екенін білдіріп, баяндауышпен қиыса байланысатын тұрлаулы мүше. Бастауыш кім? не? кімдер? нелер? кімім? нем? кімі? несі? және басқа сөз таптарының заттанын, атау септігіндегі сұрақтарына (қаншасы? нешесі? нешіншісі? қайсысы? қандайы? т.б.) жауап береді. Бастауыш құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді.

Атау септігінде тұрып заттанған басқа сөз таптары да (сын есім, сан есім, етістіктің есімше, тұйық етістік түрлері т.б.) бастауыш қызметін атқарады.

Әділ жол мақсатна жеткізеді. (С.Сарай)

1.1. Сөйлемде бір тыныс белгі бар. Ол - нүкте (.)

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай - хабарлы сөйлем. Себебі ой баяндай жеткізіліп тұр.

1.3. Құрылысына қарай - жай сөйлем.

1.4. Жай сөйлемнің түрлері.

1.5. Сөйлем мүшелері.

1.5. а) Мақсатқа қайтеді? - жеткізеді - дара, етістікті, (-ды) жіктік тұлғалы - баяндауыш.


1.5. ә) Мақсатқа жеткізетін не? - әділ жол - күрделі, құранды, атау тұлғалы - бастауыш.

1.5. б) Бастауыш пен баяндауышты қатыстыра отырып, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін табамыз. Тұрлаусыз мүшелер дегеніміз – сөйлемде өзі байланысқа түскен тұрлаулы я басқа мүшелерді анықтап, толықтап, пысықтап тұратын сөздер. Әділ жол неге жетеді? - мақсатқа - дара, зат есімді, (-қа) барыс тұлғалы - жанама толықтауыш.

1.5. в) қандай жол? - әділ - дара, сапалық сын есімді - сапалық анықтауыш.

Толықтауыш дегеніміз – сөйлемде атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып, бір мүшені заттық мағына жағынан толықтырып тұратын тұрлаусыз мүше. Толықтауыштың сұрақтары: кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? кім (не) туралы? кім (не) жөнінде? кім (не) жайында?

20-сурет. Толықтауыш және оның түрлері



Жақсы сөз жалын мен оттан жаралады. Абай

- 1.1. (.)
- 1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай - хабарлы сөйлем.
- 1.3. Құрылысына қарай - жай сөйлем.
- 1.4. Жай сөйлем түрлері.
- 1.5. а) Жалын мен оттан қайтеді? - жаралады - дара, етістікті, (-ды) жіктік тұлғалы - баяндауыш.
- 1.5. ә) Жар алатын не? - сөз - дара, зат есімді, атау тұлғалы - бастауыш.
- 1.5. б) Сөз неден жаралады? - жалын мен оттан - бірінғай, зат есімді, (-тан) шығыс тұлғалы - жанама толықтауыш.
- 1.5. в) Қай сөз? - жақсы - дара, сапалық сын есімді - сапалық анықтауыш.

Анықтауыш дегеніміз – сөйлемде зат есімнен болған не заттық мағынада қолданылған мүшені сын-сапалық, сан-мөлшерлік, меншіктік-қатынастық жағынан анықтап тұратын тұрлаусыз мүше.

Анықтауыш қандай? қай? кімнің? ненің? қайдағы? қашанғы? қанша? неше? нешінші? қайткен? не еткен? деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Анықтауыш болатын сөз таптары:

1. Негізгі және туынды сын есімдерден: а) әділ сөз ащы болады. ә) игілікті істі өсек бұзады. Ж. Баласағұн.
2. Сан есімнен. Жеті рет піш, бір рет кес.
3. Есімдіктен. Аттың бәрі тұлпар емес, құстың бәрі сұңқар емес.
4. Түбір тұлғалы зат есім.
5. Етістіктің есімше түрінен. Басталған істің аяғы да болады.
6. Ілік септік жалғанған зат есімдер мен заттанған сөздерден болады.

Адамның сұлулығы - шыншылдығында.

Құрамына қарай: бір сөзден болып - дара; сөз тіркесі, күрделі сөз бен тұрақты тіркестерден құралып - күрделі анықтауыш болады.

Баланы бесікке бөлеу - зиян ба?

1.1. Сөйлемде екі тыныс белгі бар. Ол - сұрақ белгісі және сызықша. Сұрақ белгісінің қойылу себебі, сөйлем сұраулы сөйлем.

1.2. Айтылу сазу мен мазмұнына қарай - сұраулы сөйлем. Себебі, жауап алу мақсатында сұрай айтылған сөйлем. Сұраулы сөйлем дегеніміз - жауап алу мақсатымен сұрай айтылған сөйлем.

Сұраулы сөйлемдер мынадай жолдармен жасалады:

1. Сөйлемде сұрау есімдіктері қолдану арқылы.
2. -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -ша, -ше шылауларының қолданылуы арқылы;
3. -ғой, -қой, -ау, -еу шылауларының ә, сірә сияқты оқшау сөздердің, болар, шығар, білемін деген көмекші сөздердің сұрау мәнінде қолданылуы арқылы;
4. Сұрау интонациясы арқылы.

Жақсылық күткен жандарға жамандық жасама. Мақал

1.1. Сөйлемде бір ғана тыныс белгі бар. Ол - нүкте.

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай - бұйрықты сөйлем. Себебі, біреуге бұйыру мағынасында айтылған сөйлем. Бұйрықты сөйлем дегеніміз – біреуге бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылған сөйлем.

Бұйрықты сөйлемде интонация біркелкі бола бермейді: бірде хабарлы сөйлем интонациясымен айтылса, бірде лепті сөйлем интонациясымен айтылады да, соған сәйкес сөйлем соңында нүкте (.) я леп белгісі (!) қойылады. Бұйрықты сөйлемнің баяндауышы етістіктің бұйрық рай тұлғасына тілек-өтініш мәнді -шы, -ші жұрнағының үстелуі арқылы жасалады.

Баршаңызды жақсы тілек, үкілі үміттерге толы Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Еліміздің өркендеуі мен іргесінің берік болуына сүбелі үлесін қосып жүрген абзал азаматтардың әрбір басқан қадамына сәттілік пен еңбектеріне жеміс тілеймін! Тауық жылында табыс мол болсын!
Н.О.Омашев.

Бұл сөйлемдер айтылу сазы мен мазмұнына қарай - лепті сөйлемдер. Лепті сөйлем дегеніміз - айтушының көңіл күйін (қуану, ренжу, зеку, аяу, өкіну т.б.) білдіретін сөйлем. Лепті сөйлем ерекше әуенмен айтылып, дауыс ырғағын сөйлем соңында леп белгісі (!) қойылады.

Лепті сөйлемдер мынадай жолдармен жасалады:

а) Жай сөйлемнің түрлеріне қарай - жайылма. Себебі тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелер де бар. Жайылма сөйлем дегеніміз - тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлем.

ә) Толымды. Себебі, ойға қатысты сөйлем мүшелері толық. Толымды сөйлем дегеніміз - сөйлемде ойға қатысты айтылуға тиісті мүшелері түгел жай сөйлем.

б) Жақты. Себебі бастауыш бар және айқын. Жақты сөйлем дегеніміз – бастауышы бар, кейде айтылмай тұрса да, бастауышын баяндауышы арқылы табуға болатын жай сөйлемнің түрі.

Мұң мен зарды қырымға қыранша қараған жеңеді.

а) Қырымға қараған қайтеді? - жеңеді - дара, етістікті, (-ді) жіктік тұлғалы - баяндауыш.

ә) Жеңетін кім? - қырымға қараған - күрделі, құранды, (-ған) есімше тұлғалы - бастауыш.


б) Нені қыранша қараған жеңеді? - мұң мен зарды - бірыңғай, зат есімді, (-ды) табыс тұлғалы - тура толықтауыш.

в) Қалайша қырымға қараған жеңеді? - қыранша - дара, қимыл-сын үстеулі - қимыл-сын пысықтауыш. Себебі қимылдың амалын білдіріп тұр. Пысықтауыш дегеніміз - сөйлемде іс-әрекет, қимылдың жай-күйін, амалын, мөлшерін, мезгіл-мекенін, себеп-мақсатын білдіретін тұрлаусыз мүше. Пысықтауыш қалай? қайтіп? қашан? қайда? қайдан? неліктен? не себепті?

кім үшін? не үшін? не істеуге? не мақсатпен? не арқылы? кім арқылы? неше рет? деген сұрақтарға жауап береді.

Пысықтауыш болатын сөз табы – үстеу. Сонымен бірге барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі зат есімдер, кейде сын есім мен сан есім, етістіктің көмекше түрі, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөз бен қарай, таман, шейін, дейін, бола, соң, кейін, ары, бері, бұрын, бірге, қабат, қатар және септік тұлғасыз сөз бен арқылы, арқасыңда, үшін, сайын септеулік шылауларының тіркесінен құралған тізбектерде де пысықтауыш қызметін атқарады.

Пысықтауыш барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктің біріңде тұрған сөзден немесе негізгі сөз бен септеулік шылаулардың бірі тіркесінен болғанда, пысықталатын сөз арасындағы байланыс меңгере де, ешбір жалғаусыз, септеулік шылауларсыз қабыса байланысады. Үстеуден болған пысықтауыштар өзі пысықтайтын сөзімен іргелес те, алшақ та тұрып байланыса береді.



Пысықтауыштың құрамына қарай: дара, күрделі.

Мағынасына қарай:

1. Қимыл-сын пысықтауыш қалай? қалайша? қайтіп? неше рет? не арқылы? деген сұрақтарға жауап беріп, көбіне-көп етістіктің көсемше түрінен, қимылсын мөлшер үстеулерінен, сын есімнен, сан есімнен, көмектес септік жалғаулы сөзден, негізгі сөз бен арқылы шылауынын тіркесінен болады.

2. Мезгіл пысықтауыш қашан? қашаннан бері? қай кезде? қашанға шейін? деген сұрақтарға жауап беріп, мезгіл үстеулерінен, мезгіл мәнді сөздер мен тіркестерден, негізгі сөз бен кейін, соң, бұрын, шейін, таман, бойы, былай, сайын, әрі, бері, қарай сияқты септеулік шылаулардың тіркесінен болады.

3. Мекен пысықтауыш қайда? қайдан? қалай қарай? деген сұрақтарға жауап беріп, мекен үстеулер мен барыс, жатыс, шығыс септіктегі сөздер мен кейде оларға септеулік шылаулар тіркесінен болады.

4. Себеп пысықтауыш неліктен? не себепті? не үшін? деген сұрақтарға жауап беріп, барыс, жатыс, шығыс септіктегі есімше мен есім сөздердің үшін шылауымен тіркесінен болады.

5. Мақсат пысықтауыш не мақсатен? неге бола? неге? не үшін? деген сұрақтарға жауап беріп, мақсат үстеулерінен, есім сөздерге үшін шылауының тұйық етістік пен көмектес септігіндегі зат есімнің және барыс септіктегі сөз бен бола шылауының тіркестерінен болады.

Ұзын жолды инемен өлшемес болар. Мақал

1.1. (.)

1.2. Хабарлы сөйлем.

1.3. Жай сөйлем.

1.4. Жай сөйлемнің түрлері.

1.5. а) Инемен не істемес болар? - өлшемес болар - күрделі , етістікті, (-ар) есімше тұлғалы - баяндауыш.

1.5. ә) Нені инемен өлшемес болар? - жолды - дара, зат есімді, (-ды) табыс тұлғалы - тура толықтауыш.

1.5. б) Жолды немен өлшемес болар? - инемен - дара, зат есімді, (-мен) көмектес тұлғалы - жанама толықтауыш.

1.5. в) қай жолды? - ұзын - дара, сапалық сын есімді - сапалық анықтауыш.

1.4. а) Жай сөйлемнің түрлеріне қарай - жайылма. Себебі тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелер де бар.

ә) Толымсыз. Себебі ойға қатысты сөйлем мүшелері толық емес.

Толымсыз сөйлем дегеніміз – айтылуға тиісті тұрлаулы я тұрлаусыз мүшенің бірі түсіп қалған жай сөйлемнің түрі.

б) Жақсыз. Себебі бастауышы мүлде жоқ және баяндауышы арқылы бастауышын табуға болмайды.

Жақсыз сөйлем дегеніміз – бастауышы мүлде жоқ және баяндауышы арқылы бастауышты табуға болмайтын, баяндауыштың өзі ғана сол сөйлемге ұйтқы болатын жай сөйлем.

Жақсыз сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғада келеді:

1. -қы, -кі, -ғы, -гі жұрнақты қалау райлы етістікке бол көмекші етістігі тіркесіп келеді;

2. тұйық етістікке керек, жөн, мүмкін, тиіс сияқты сөздер тіркесіп келеді; 3. -ып, -іп, -п жұрнақты көсемшеге бол (көбіне болма тәрізді болымсыз түрінде) көмекші етістігі тіркесіп келеді;

4. баяндауыш құрамында бастауыш тұлғалы сөзі бар, бірақ сөйлем мүшелеріне жіктеуге келмейтін тұрақты тіркестерден болады.

Ақылмен көп елді қаратып алуға болады. Құтып

Синтаксистік талдау:

1.1. (.)

1.2. Хабарлы сөйлем.

1.3. Жай сөйлем.

1.4. Жай сөйлемнің түрлері:

а) Жайылма

ә) Толымды

б) Жақты

1.5. а) Не істеуге болады? - қаратып алуға болады - күрделі, етістікті, (-ды) жіктік тұлғалы - баяндауыш.

ә) Кімді қаратып алуға болады? - көп елді - күрделі, құрамды, (ді) табыс тұлғалы - жанама толықтауыш.

б) Немен қаратып алуға болады? - ақылмен - дара, зат есімді, (-мен) көмектес тұлғалы - жанама толықтауыш.

Адамның сұлулығы - шыншылдығында. Мақал

I. Синтаксистік талдау:

1.1. Сөйлемде екі тыныс белгі бар. Ол - нүкте және сызықша. Нүктенің қойылу себебі ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр. Сызықшаның қойылу себебі бастауыш пен баяндауыш есім сөздерден болып тұр. Сондықтан бастауыштан кейін сызықша қойған.

Бастауыш пен баяндауыштың арасына мынандай жағдайларда сызықша қойылады:

1. Бастауыш атау тұлғалы болып зат есімнен немесе заттанған басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та зат есімнен болып жіктік тұлғаның үшінші жағында тұрса немесе заттанған басқа сөз тарапынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады;

2. Бастауыш сілтеу есімдігінен немесе жіктеу есімдігінің III жағынан болып, баяндауыш зат есімнен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады;

3. Бастауыш заттанған (субстантивтенген) сын есімнен, сан есімнен және есімшеден болып, баяндауыш зат есім болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады;

4. Бастауыш пен баяндауыштың бірі (кейде екеуі де) тұйық етістіктен болып, екіншісі зат есімнен болғанда, араларына сызықша қойылады;

5. Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болса, араларына сызықша қойылады;

6. Бастауыш та баяндауыш та бір сөздің қайталануынан жасалуы мүмкін, бұл жағдайда да бастауыштан кейін сызықша қойылады;

7. Сан есімнен болған бастауышты күрделі сан есімнен болған мүшеден ажырату үшін және бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, сөйлемнің басқа бір мүшесімен шатасып кетпеу үшін, одан кейін сызықша қойылады;

8. Мақал-мәтелдерде, афоризмдерде, өлеңдерде сөйлемнің баяндауышы түсіріліп, ықшамдалып айтылады. Мұндай сөйлемдер түсінікті болу үшін бастауыштан кейін сызықша қойылады;

9. Бастауыш пен баяндауышты байланыстырушы дегеніміз (дегенім, дегенің, деген) деген сөздер тұрса, одан кейін сызықша қойылады.

- 1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай - хабарлы сөйлем.
- 1.3. Құрылысына қарай - жай сөйлем.
- 1.4. Жай сөйлемнің түрлері.
- 1.5. Жай сөйлемнің түрлерін анықтау үшін сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшелеріне талдаймыз:

1.5. а) Сұлулығы несінде? - шыншылдығында - дара, зат есімді, (-нда) жатыс тұлғалы - баяндауыш.

ә) Шыншылдығында несі? - сұлулығы - дара, зат есімді, (-ы) тәуелдік тұлғалы - бастауыш.

б) Кімнің сұлулығы? - адамның - дара, зат есімді, (-ның) ілік тұлғалы - анықтауыш.

Жанды сөздің жалынын білім маздатады. (Ж.Баласағұн)

I. Синтаксистік талдау:

1.1. Сөзде бір тыныс белгі бар. Ол - нүкте.

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай - хабарлы сөйлем.

1.3. Құрылысына қарай - жай сөйлем.

1.4. Жай сөйлемнің түрлері: а) жайылма; ә) толымды; б) жақты.

1.5. Сөйлем мүшелері:

а) Жалынын не істейді? - маздатады - дара, етістікті, (-ды) жіктік тұлғалы - баяндауыш.

ә) Маздататын не? - білім - дара, зат есімді, атау тұлғалы «(8) - бастауыш.

б) Несін білім маздатады? - жалынын - дара, зат есімді, (-н) табыс тұлғалы - тура толықтауыш.

в) Ненің жалылын маздатады? - сөздің - дара, зат есімді, (-дің) ілік тұлғалы - меншіктік анықтауыш.

г) Қандай сөздің? - жанды - дара, қатыстық сын есімді - қатыстық анықтауыш.

Сөйлемдегі сөздерді байланысу түрлері мен тәсілдеріне қарай талдаймыз.

1. Қиысу

1. Жалғаулар арқылы

2. Меңгеру

2. Шылаулар арқылы

3. Матасу

3. Сөздердің орын тәртібі арқылы

4. Қабысу

4. Интонация арқылы

5. Жанасу

1.6. а) Білім маздатады. – қиысу. Себебі бастауыш пен баяндауыш жақ-жағына, түр-түріне сәйкес келіп, қиыса байланысып тұр. Тәсілі жалғаулықты. қиысу дегеніміз - бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы 1-2-3 жақтарда жекеше я көпше түрде байланысуы.

ә) Білімін маздатады - меңгеру - бағыныңқы сыңары табыс септігінде тұрып, басыңқы сыңарымен меңгеріле байланысып тұр. Тәсілі жалғаулықты. Меңгеру дегеніміз - сөздің бағыныңқы сыңарының атау мен ілік септігінен басқа септік жалғауларының біреуінде келіп немесе шылаулар арқылы байланысады.

б) Сөздің жалыны - матасу. Себебі бағыныңқы сыңары ілік септігінде, басыңқы сыңары тәуелдік жалғауында тұрып, матаса байланысып тұр. Тәсілі - жалғаулықты. Матасу дегеніміз - ілік септікті жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысу түрі.

в) Жанды сөз - қабысу. Себебі сөздер қатан орын тәртібі арқылы іргелес тұрып, қабыса байланысады. Тәсілі - орын тәртібі.

II-сызба. Сөйлемге толық сатылай кешенді талдау жасаудың үлгісі:

Ажалды қарға бүркітпен ойнайды. Мақал

1. Сөйлемде бір ғана тыныс белгі бар. Ол - нүкте.
2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай хабарлы сөйлем.
3. Құрылысына қарай - жай сөйлем.
4. Жай сөйлемнің түрлеріне қарай:
 - а) Жайылма
 - ә) Толымды
 - б) Жақты
5. а) Не істейді? - ойнайды - дара, етістікті, (-ды) жіктік тұлғалы - бастауыш.
 - ә) Ойнайтын не? - қарға - дара, зат есімді, атау тұлғалы бастауыш.
 - б) Қарға немен ойнайды? - бүркітпен - дара, зат есімді, (пен) көмектес септік тұлғалы - жанама толықтауыш.
 - в) Қандай қарға - ажалды - дара, қатыстық сын есімді қатыстық анықтауыш.
6. Байланысу түрлері мен тәсілдері: а) қарға ойнайды – қиысу; ә) бүркітпен ойнайды – меңгеру; б) ажалды қарға - қабысу
7. Сөйлемде:
 - а) ажалды қарға ← сөз тіркестері
 - ә) бүркітпен ойнайды ←Құрылысына қарай еркін; тұлғасына қарай: а) ажалды қарға - есімді тіркес; ә) бүркітпен ойнайды етістікті тіркес.

Ажалды.

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: ажал +ды.
2. Тұлғасына қарай:
 - а) ажал - негізгі түбір;
 - ә) ажалды - туынды түбір
3. Құрылысына қарай - дара.
4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы - сапалық қасиетке берілген тау.

6. Грамматикалық мағынасы лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына - сын есім.

7. Ажалды - қандай? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл - сын есім.

8. Мағынасына қарай - қатыстық сын есім.

Тұжырымдай келгенде, тілдің фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық және морфологиялық жүйелерінің бәрі тек синтаксис арқылы қатынас құралы бола алады. Синтаксис тіл білімінің басқа салаларына сүйене, оларды жинақтай әрі олармен дидактикалық тұтастыққа ене отырып, адамның ойын қалыптастыруды, оны жарыққа шығарып, қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді. Оқушылар синтаксистік бірліктерді сатылай кешенді талдай меңгере отырып, сөйлем мен сөз тіркесінің айырмашылығын, сөздердің тіркесімділік мүмкіндіктерін, күрделі сөз тіркестерінің түрлі модельдерін, синтаксистік байланысқа түскен сөздердің арасындағы қарым-қатынастарды саналы меңгеруіне қол жеткізеді.

Синтаксис тіл білімінің басқа салаларымен тікелей байланысты екенін, оны фонетика, лексика, морфологиямен салыстыра түсіндіру, оқушылардың синтаксистік бірліктерді жете меңгеруіне және тілдің басқа салаларынан өзіндік айырмашылығын ажырата білуге машықтанады. Синтаксистік талдау бойынша берілген сызбаларды басшылыққа ала отырып, сөйлемді, сөз тіркесін, сөздердің байланысу түрлерін, тәсілдерін сауатты, жүйелі сатылай кешенді талдау жасауға үйренеді.

Әрбір синтаксистік тұлғаның өзіндік белгілерін бір-бірімен салыстыра, саралай, сатылай талдау оқушыларды жүйелілікке, жинақылыққа, сенімділікке баулиды. Сатылай кешенді талдауда сөйлемді жан-жақты талдаумен қатар сөйлемде айтылған ойды пайымдау жүзеге асады.

Тіл білімінің салаларын жеке-жеке талдап, машықтанған оқушылар бір сөйлемге синтаксистік талдау, пунктуациялық талдау, оның құрамындағы жеке сөздерге сөзжасамдың, морфологиялық, лексикалық, фонетикалық талдауды ешбір қиындықсыз сатылап, жүйелеп, кешенді талдай алады. Осы арқылы олар сөздердің сөйлем ішіндегі, жеке тұрғандағы мағыналарын, тұлғаларын, атқаратын қызметін саналы әрі сауатты меңгеруге дағдыланады.

2.5. Сөйлемдерді ажырату үшін қойылатын тыныс белгілерін оқыту

Сөйлем соңына қойылатын белгілер: сұрау белгісі, леп белгісі, нүкте, көп нүкте. Көп нүкте толық айтылмаған, аяқталмаған ойдың белгісі ретінде басқа орындарда да кездеседі. Сөйлем соңында тыныс белгілерінің қабаттасып келетін жағдайлары да бар. Атап айтқанда, сұрау белгісі мен леп белгісі (!) және керісінше (!?); көп нүктелі сұрау (? . .), леп белгілерінің (! . .) қабаттасып келуі де жазу тілінде бар.

Сөйлем – адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын құрал. Қарым-қатынасты туғызушы жағдайлар әр түрлі болады. Жазуда да, сөйлеуде де сол сөйлемдер арқылы көрінеді. Осыған орай, сөйлеу тілінің мақсаты да бірдей емес, ол: хабар, баяндау, сұрап білу, жауап талап ету, адамның әр алуан эмоциясы

да болады. Осының бәрі қосылғанда сөйлем айтылу мақсаты мен эмоциясына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті болып төртке бөлінетінін оқушы осыған дейін де білді. Сондықтан, әсіресе, осы тақырыпты өткенде мұғалім үшін ерекше дайындық қажет. Себебі бұл тақырып оқушының үйреншікті, білетін нәрсесін қайталау болып көрінуі мүмкін, негізінде, сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қоя білу немесе қоя алмау – оқушы білімінің міндетті деңгейі, оның пунктуациялық дағдысының қаншалықты екенін көрсететін басты көрсеткіш. Міне, сондықтан да сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілеріне ерекше көңіл бөлу қажеттілігі туады.

1. Сөйлем соңына қойылатын белгілердің ішінде алдымен айтылатыны – нүкте. Нүктенің қандай сөйлемнің соңына қойылатыны белгілі. Оқушы назарын аударатын жері – нүктенің әр түрлі қысқартуларға байланысты қойылуы.

Оқулықта нүктеге байланысты алдымен жай сөйлем және оның түрлерін қамтитын жаттығулар берілген. Оның ішінде атаулы, жақты, жақсыз, толымды, толымсыз, жалаң және жайылма сөйлемдердің ара жігін ажырата отырып нүкте қояды. Екіншіден, нүкте құрылысына қарай жай сөйлемнен соң да, құрмаластан соң да қойылады. Мақсатына қарай хабарлы, бұйыру мәні солғын, бұйрықтан гөрі тілек, өтініш мәні бар, формасы жағынан бұйрықты сөйлемдерден кейін де келеді әрі қолданылу шеңбері кең.

Бұдан кейін қысқартуларға байланысты қойылатын нүктені қамтитын жаттығулар бар. Нүкте қойылатын орындарды жақсы меңгерту үшін шығарма, әңгіме жаздырған артық болмайды. Мұндайда оқушы сөйлемді өзі құрап, тыныс белгісін өз қалауы бойынша қоя алады, әрі нүктенің басқа тыныс белгілерден ерекшелігіне көңіл аударады.

2. Сұрау белгісі сұраулы сөйлемдерден соң қойылады. Сұраулы сөйлемдердің жасалуын, олардың мағынасын оқушылар өткен, сондықтан оны білуге тиіс. Бұл жерде оларды аса тереңдеп қайталаудың қажеті жоқ. Ең бастысы, сұраулы сөйлемнің мақсаты бір нәрсе жайлы білу екені, оны танытатын белгілер: *сұрау есімдіктері, сұраулық шылау, модаль сөздер, сұрау мәнді интонация* екендігіне оқушы көңілін аудару. Сұраулы сөйлем жасайтын немесе сұрау белгісін қоюға негіз болатын белгілер – "сұрайтын", "сұраушы" сөздерді тани білуге үйрету. Оларды тану үшін қойылатын сұрақтар:

- Сөйлемдегі ойдың иесін білу үшін қандай сөзді қолданасың?
- Ой иесінің іс-әрекетіне қандай сұрақ қоюға болады?
- Іс-әрекеттің болған жерін білуге көмектесетін қай сөз?
- Іс-әрекеттің себебін, мақсатын білгің келсе, қалай сұрап едің?
- Заттың сапасын, белгісін білу үшін қандай сөзді қолданасың?
- Заттың кімге меншікті, тәуелді екенін білуге бола ма?
- Істелген істің сапасын тексеру үшін қандай сұрайтын сөз керек?
- Мезгілге байланысты қандай сұраулы сөзді білесің?
- Біреумен танысқың келді. Неден бастайсың?
- Іс-әрекеттің анық болатынына көзің жетпесе, қандай сөзді қолданасың?

Осы сияқты сұрақтарға жауап беретін сөйлемдер сұраулы сөйлемдер болып құралады, себебі аталған сұраққа негіз болатын сөздер сұраулы

сөйлемнің мақсатын білдіреді әрі сұрау белгісін қоюдың кілті болып табылады. Бұдан кейінгі кезеңде тақырып (жағдаят) бойынша диалог құрау орынды. Тақырыптар: "Бейнелеу өнері мұражайында", "Кітапханада", "Асханада", "Алматы туралы не білесің?" т.б.

I. Хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырып, айырмашылығын көруге болады.

Хабарлы сөйлемдер	Сұраулы сөйлемдер жасау жолдары
1. Біздің ауыл Жоңғар Алатауының кенже қойнауына орналасқан еді. (Б. Кененбаев.)	1. Ауылдың кімдікі екенін біл. 2. Ауылдың қайда орналасқанын біл. 3. Жоңғар Алатауының қойнауындағы не екенін біл. 4. Осыларды білу үшін қандай сөздерді қолдандың, қандай белгі қойдың?
2. Тау басына алғаш жеткен Жұпар болды. (С. Мұратбеков.)	1. Жұпардың қайда жеткенін біл. 2. Тау басына кім жеткенін біл. 3. Жұпардың іс-әрекетін сұра.
3. Етекте тұрып күн нұрын қарсы алды? (Б. Кененбаев.)	Екі-екіден қысқа диалог құраңдар. – Балалар күн нұрын қайда қарсы алды? – Таңғы күн нұрын қалай көруге болады? – Балалар үшін бұл жаңалық болуы мүмкін бе?

II. Сұраулы сөйлемдердің мағынасын өзгерт, ол үшін не істеу керек?

- Жасылкөлге аққу келіпті дейсің бе?
- Ауыл-аймақтарың, әке-шешелерің аман ба?
- Ата, айтыңызшы, Жасылкөлден аққулар енді ешқайда кетпейді ғой?
- Өңгімені неден бастасам екен?

Сіз, Күләш қалқам, осы сабағыңызды алдағы сенбі күні тура осы күйінде тағы бір қайталасаңыз қайтеді?

- Осы сенің қанша гектар қызылша алқабың бар?
- Былтыр әр гектардан қанша центнерден өнім алдың?
- Суды қайдан алмақсыңдар? (Б. Кененбаев.)

Оқулықтағы жаттығулар мынадай ретпен берілген:

- а) сұрау белгісінің қойылу себебін түсіндір;
- ә) жасалу жолына талдау жаса;
- б) сұрау белгісі қойылатын сөйлемдердің мағынасын анықта;
- в) сұрау мәнді сөздерді орнына қойып, тиісті тыныс белгісін қой;
- г) сөйлемдердің соңына сұрау белгісі керек пе, нүкте керек пе, белгісіне қарап тиістісін қой.

Оқулықта берілген шешендік сөзді оқып шыққан соң, мазмұнын айтқызып, сол бойынша оқушыларға диалог құратуға болады.

Экранға (интерактивті тақтаға) мынадай диалогтар жазылады.

<i>1-оқушы</i>	<i>2-оқушы</i>
<p>– Бала Төле Әнет бабаға барады.</p> <p>– Әнет бабаның жасы жүзге келіп қалған екен.</p> <p>– Әнет баба ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады.</p> <p>– Төле бала бабадан ел бірлігін қалай сақтауға болатынын сұрайды.</p> <p>– Әнет баба солқылдақ шыбық сындырып алдырып, Төлеге сындыруға береді.</p> <p>– Төле шыбықтарды сындыра алмайды.</p> <p>– Төле шыбықтарды бір-бірлеп сындырады.</p> <p>– Әнет баба Теледен не түсінгенін сұрайды.</p> <p>– Төле мысалдың бірлік, ынтымақ туралы екенін айтады.</p> <p>– Иә, Әнет баба Төленің жауабына разы болады.</p>	<p>– Төле кімге барады?</p> <p>– Әнет бабаның жасы қай шамада екен?</p> <p>– Әнет баба қандай әңгіме айтады?</p> <p>– Төле бала Әнет бабадан не жайында сұрайды?</p> <p>– Әнет баба шыбықтарды Төлеге не үшін береді?</p> <p>– Төле шыбықтарды сындырады ма?</p> <p>– Төле шыбықтарды қалай сындырады?</p> <p>– Әнет баба не сұрады?</p> <p>– Төле мысалды түсінген шығар? Ел билеу үшін не керек екен?</p> <p>– Әнет баба Төленің жауабына қанағаттанды ма?</p>

Бұдан соң сұрау белгісін қоюға себеп болған, сұрау мәнін танытатын сөздерді тапқызып, оларды түріне қарай талдау керек. Олар: *кімге, қай, қалай, не* сұрау есімдіктері; *ма* сұраулық шылауы; *шығар* сұрау мәнді модаль сөзі екенін, олардың қатысуы арқылы сөйлем мағынасы сұрауды білдіріп тұрғанын оқушы таниды.

Диалогті шешендік сөздің идеясы бойынша да кұрауға болады.

— Төле бала Әнет бабаға *не үшін* барды?

— Төле Әнет бабадан *не туралы* сұрады?

— Әнет баба жауабын *неге* шыбық сындырумен берді деп ойлайсың?

— Бұл шешендік сөздің ойтүйіні *не*?

— Төле би туралы білесің *бе?* т.б.

Мұндағы мақсат – сұрау белгісі тек графикалық таңба емес, ол мағынаның жазудағы көрсеткіші екенін таныту. Ендеше, оқушы сөйлемнің синтаксистік құрылысын ғана емес, алдымен мағынасын білуі керек екені көрінеді. Сөйлемдердің мағынасын құбылту арқылы да оқушы назарын осыған аударуға болады.

Сұрау белгісі қойылатын орындарға байланысты тақырып бойынша мынадай өздік бақылау жұмыстарын орындатуға болады. *1 нұсқа*

1. Досыңмен қазақтың Мұхтар Әуезові туралы, оның шығармалары жайлы не білетіндерің жөнінде әңгімелес. Ол үшін қандай сұрақтар қояр едің?

2. Сұрау белгісін қоюдың себебі неде? Нақты мысалмен дәлелдеп түсіндір.

3. Берілген сөйлемдерді сұрау белгісін қоятындай етіп өзгерт.

1. Едіге мал қораға қарай бет алды 2. Сәбитжанның көз алдында өскені еске түсті. 3. Сол күнгі кеш пен түнді Борандының аз ауылы Қазанғаптың үйінің ауласында өткізді. (Ш. Айтматов.)	Сөйлемдегі ойдың иесін білу үшін сұра Еске түсіру себебін анықта. Борандылықтардың кеш пен түнді өткізген орнын сұрап біл. Борандылықтардың Қазанғап үйінде болған мезгілін сұра.
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

4. Көп нүктенің орнына тиісті сұрау мәнді сөздер мен тыныс белгілерін қойып көшіріп жаз.

Сені солай деп иландырған Құттыбаев... Сен түсінесің ... мұның сырын... Мұны ... түсінуге болады ... Құттыбаев саған бұл туралы ештеңе айтқан жоқ ...	қалай бе, қой,
Ау, әркімнің аузында ә дегенде қандай сөз болуы керек, ойланшы өзің, ... Сенің ақылың көп қой, ... Ермек ... Сенің көзіңше болған әңгіме көрінеді ... (Ш. Айтматов.)	па, а, ә, Ғой

II нұсқа

1. Белгілі қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов туралы жазылған шығармаларды білесің. Досыңмен әңгімелесіп көр, ол бұл жөнінде не біледі екен. Әңгімені неден бастайсың?

1. Сұрау белгісі қай кезде қойылады?
2. Берілген сөйлемдерді сұрау мағыналы етіп өзгерт.

1. Борандылықтар амалсыз әрірек барып тұрды 2. Алдымен ес жиған Үкібала еді. 3. Едігенің қолындағы бала селк ете түсті. (Ш. Айтматов.)	Сөйлемдегі ойдың иесін білу үшін сұра. Үкібаланың іс-әрекетін біл. Баланың іс-әрекетін тап. Баланың қайда екенін білу үшін сұрақ қой.
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

3. Көп нүктенің орнына тиісті сұрау мәнді сөздер мен тыныс белгілерін қойып көшіріп жаз.

<p>1. Бірдеңе жазып отырасың ... әлде бір нәрсе жөндеп отырасың ...</p> <p>2. Дөненбай дегенде бір сыр жатқан жоқ ...</p> <p>3. Дөненбай деген дыбысқа ұксас ән салатын бір құс бар, аңыз соған байланысты ...</p> <p>4. Сөйтіп Едіге Жангелдин сіз боласыз ...</p> <p>5. Сені Құттыбаевтың ең жақын досы, жолдасы деседі ...</p> <p>6. Ал егер жаман түс болса ... әлдекімге ұнамайтын түс болса ...</p> <p>7. Осы айтқанымды орындайсың ...</p> <p>(Ш. Айтматов.)</p>	<p>ше, ше, шығар, ә, би, ба, па, ғой, ба.</p>
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------

Сабақта оқушыны ізденіске баулу – оқытудың басты мақсаты. Осы мақсатты жүзеге асырудың тиімді жолының бірі – белгілі көркем шығарма бойынша жұмыс істеу, әр түрлі саяхат, жарыс, тәжірибелік сабақтар. Сұрау белгісі қойылатын жағдайларға байланысты тәжірибелік-ізденіс сабағын өткізу тиімді болмақ. Адамның қарым-қатынас құралы – тіл екенін нақты түсініп, оны шын мәнінде көркем, түсінікті болатындай етіп қолданғанда ғана тіл өз қызметін өз дәрежесінде орындай алады. 9-сынып оқушысы осыны саналы түрде түйсіне алатын дәрежеде болуы тиіс.

Дүниенің қозғаушы күші – сұрақ. Бала тілі шығып, өзінің алғашқы қадамын жасағаннан-ақ айналасындағы нәрсенің қарапайым сырын білуге ұмтылады. Ол жазуда сұрау белгісі арқылы көрінеді, сұрау белгісінің жазылу орны ерекше екені даусыз. Осыған оқушы көзін анық жеткізу үшін шешендік сөздер бойынша *"Шешендік сөздер әлеміне саяхат"* атты тақырыпта сабақ өткізу тиімді. Оны жарыс сабақ етіп те, тәжірибелік сабақ етіп те, ізденіс сабағы етіп те, көрініс ретінде де өткізуге болады.

Оқулықта "Ақтайлақ би мен Қанай шешен" атты шешендік сөз бар.

Оқулықтағы жаттығулар тек көшіріп жазып немесе жай оқу үшін ғана берілмейді, ол мұғалімнің сабақтың әр түрін өткізуіне қажетті материал.

"Сұрау белгісі" тақырыбы бойынша оқушылардың білім дағдыларын қалыптастыру үшін төмендегідей практикум сабақ өтуге болады.

Сабақтың түрі. Тәжірибелік сабақ.

Сабақтың әдісі. Сұрақ-жауап, әңгіме.

Сабақтың мақсаты: 1. *Білімділік:* оқушылардың сұрау белгісіне байланысты пунктуациялық норма жөніндегі дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу мәнерін, сөйлеу тілін жетілдіру.

2. *Дамытушылық:* адамгершілік қасиеттер – жақсы мен жаманның арақатынасын аша білуге, оның халық даналығындағы өлшемі қандай дегенді аңғартуға; шешендік сөздердің көркемдігінен, халықтың сөйлеу мәнерінен үлгі алуға үйрету.

Сабақтың барысы.

Сабақтың мақсатын айқындау:

а) тыныс белгілерін дұрыс танып оқи білу, дайын мәтінді ырғағына келтіре оқи білу – үлкен шеберлік, сауаттылық, мәдениеттілік екенін еске ұстап, соған жаттығып, есте сақтауға тырысу; әңгіме сол туралы болатыны ескеріліп, "Ақтайлақ би мен Қанай шешен" мәтіні оқылады.

Ақтайлақ би Қанай шешенді сынамақ болып:

Ер басында бақыт нешеу?

— Кемдік нешеу?

— Құлазу нешеу? – деп сұрайды.

Сонда қарауыл Қанай шешен былай деп жауап береді:

— Ер басында бақыт – бесеу,

— Кемдік – үшеу,

— Құлазу – төртеу. Енді атап-атап айтайын:

— Астыңдағы атың жүрдек болса, Жалғанның пырағы.

Алғаның жақсы болса, Үй мен қонақтың тұрағы.

— Әкең – асқар тау, Шешен – қайнар бұлақ.

— Балаң жақсы болса, Екі көздің шам-шырағы. Міне, бес бақыт – осы.

Риторикалық сұрақ

Таңырқаулы сұрақ

- Саңылаусыз наданды
Болар ма екен жан деуге?

- Менің саған
бермейтінім
болар деймісің?

Күмәнді сұрақ

Елді көрер күн болар ма?

Міне, осындай сұрақ-жауап арқылы талдаудан кейін, мұндағы сұрау мәнді сөзді тауып, оған байланысты сұрау белгісі қойылып тұрғаны, мәселе сұрау белгісінің графикалық таңбасында емес, оның ішкі мағынасында екендігі түсіндіріледі.

3. Леп белгісі лепті және тілек, өтініш, ашық бұйрық, жекіру сияқты мағыналарды білдіретін сөйлемдерден кейін де қойылады.

Лепті сөйлем – белгілі шындық құбылыс туралы, белгілі субъект жайында айтушының эмоциялық қатынасын, сезімін, көңіл күйін үстемелей не арнайы білдіретін сөйлемдер (О. Төлегенов). Құрылысына қарай лепті сөйлемдер көбіне толымсыз сөйлем ретінде кездеседі, сөйлеу типіне және мағыналық ерекшелігіне байланысты толымды да, құрмалас та болады. Мысалы: Қанша жортсаң да, су төгілмес сұлу жүрістен бір жаңылмайды-ау, жануар! (құрмалас сөйлем.) Мен туралы ол жақтағы ел де естіген екен-ау! (Толымды сөйлем.) (Қ. Жұмаділов).

Оқушыларға лепті сөйлемдердің көбіне ауызекі сөйлеу стиліне тән екендігі, сондықтан көркем әдебиетте, оның ішінде диалогте көбірек кездесетіні, сондай-ақ поэзияда, баспасөз стилінде де ұшырасатыны айтылады. Бұл ерекшеліктерді игерту үшін сөйлемдер беріп, лепті сөйлемді танытатын айрықша белгілерді ереже түрінде анықтатамыз:

1. Таңқалуды білдіріп: Масалы: Одағай. Апырай, өзің бір қатерден қалыпсың! (Қ. Жұмаділов).

2. Қандай, неткен сияқты есімдіктер. Жұлдыздар қандай жарық еді!

3. Ғажап, керемет сияқты сүйсіну, таңдану мағынасы бар сөздер.

4. - Ғажап! –деді ұзын сирақ Ұзақбай.

5. -Керемет! – деп қайталады оны Төкен. (Ы. Кененбаев).

Оқушы осыларды еркін ажырата білуі керек, бұларға байланысты дауыс ырғағы да қуанышты, ренішті, ризалық мәнді, өкінішті т.б. болып бөлінетінін байқай алуға да міндетті. Әдетте мұндай сөйлемдердің бәрін «лепті» деген бір атаумен атап өте шығамыз. Оқушы осы «*лепті*», «*көңіл күйді*» білдіреді дегендерді нақты сезініп, түсінгенде ғана леп белгісін қандай себептерге байланысты, қайда қоятынын игереді.

Оқулықта алдымен леп белгісі қойылған жаттығулар берілген. Оларды мәнеріне келтіріп оқу қажет; екіншіден, леп белгісін қоюға себеп белгіні табу керек; содан сөйлемдерді көңіл-күйді білдіру белгілеріне қарап топтастыруға болады. Мысалы:

— таңдану мәнді сөйлемдер, бұл мағына қандай сөз арқылы беріліп тұрғанын таптыру;

— сүйсіну мәнді сөйлемдер;

— ризалық мәнді сөйлемдер;

— ерекше қуаныш мәнді сөйлемдер;

— өкініш мәнді сөйлемдер;

— алғыс, бата, тілек мағыналарын білдіретін сөйлемдер сияқты етіп бөліп алып, олардың әрқайсысында осы мағыналарды білдіруші сөздердің бар екендігі, адамның көңіл күйінің көрсеткіші солар екені, леп белгісі осыған байланысты қойылатыны талданып түсіндіріледі.

Бұдан соң лепті сөйлемдерді жасаушы одағайлардың өзін де осындай топтарға бөліп, оқушылардың өздеріне кесте жасатып, мағынасы бойынша соларға бөліп жаздыртып, сөйлем құрату да тиімді. Мысалы, жазушы Қ.Ысқақовтың "Қоңыр күз еді" хикаятында мынадай бір үзінді бар... . Көңілдің де қысы, жазы, көңілдің де көктемі мен шуағы бар. Тіршілікте тар кеуде өмірдің қай қиясы өшпестей із қалдырса, сол бір сәт те ғұмыр бойы адам сарайында, тоқпақтай жұмыр басында жатталып қала беретін сияқты. Жыл өткенде еске түсіріп отырсақ, соның ішінде не қам көңіл шақ немесе ләззат айлары ойға алдымен сап ете қалады. Бұдырсыз бұлдыр кезеңі жан жаратылысының аласапыран мезгіліндей сан қиналып-толғансаң да, екінші қайтып елес тастамай-ақ жым-жылас күйінде өте шығады. Бұл бір көңілдегі де, көкіректегі де, тіршіліктегі де бос орын тәрізді пенденің, зерденің тоқыған ұзын арқауының өз бойындағы бір үзік іспетті...

Бұл мәтінді талдаудың қажеті жоқ, бұл тек адам көңілі де жаздай шуақты, көктемдей таза, күздей көңілсіз, қыстай суық болатынын ескерту, көңіл күй, эмоция дегенді дәлелді түрде түсіндіру үшін керек. Осы әр алуан көңіл күй сңіру – маңызды нәрсе. Ол үшін төмендегі кестені іліп, көңіл-күйді білдіретін сөздерді еске түсіріп алып, оларды пайдаланып, берілген тақырып бойынша ой толғау, жасату

Ғажап, керемет, тамаша

→ Сүйсіну, таңдану мәнді сөздер

Қандай, неткен, не деген

→ Есімдіктер

-ай, -ау, -ақ

→ Демеулік шылаулар

Қуаныш
алақай, паһ, шіркін

Реніш
ту, ойпырмай, ойбай, әй

Өкініш
қап, ту-у, ойпырмай

Сүйсіну
паһ, шіркін, ту-у

Риза болу
бәрекелді, еһе, пай-пай

Таңдану
апырмай, ой, е-е, а, о

Жаттығулар жүргізіледі:

1. Төмендегі сөйлемдерден лепті сөйлемдер құрау керек, ол үшін одағайлардың, басқа есімдіктер мен шылаулардың бірін қолдану керек. Сөйлемдерің қуанышты, ренішті, өкінішті, таңдануды т.б. білдіретін болсын деген тапсырма беріледі.

1. Танауыңды жарған хош иісті гүл.
2. Қос аққу бізге қарай жүзіп келеді.
3. Ертеңінде ерекше бір әсем үннен ояндық
4. Атамыз қазақ аққуды атпайды.
5. Оның сөзін бәріміз де естіп жатырмыз.
7. Көл бетінен қорқынышты еш нәрсе байқалмайды.
8. Тағы да үнсіз Жасылкөлге тесіле қарады. (Ы. Кененбаев.)

2. Мына сөйлемдерден көңіл күй мәнді сөздерді алып тастап, сөйлемді қайта құрап, өзгерісті байқа. Енді қандай тыныс белгісін қоясың? – деген сияқты оқушыларға тапсырма беріледі.

1. Ақ төсінен кербез керілген талша мойындары неткен сұлу еді!
2. Бәлі, мына сәттілікті қараңыз!
3. "Жасылкөл" деп қалай тауып атаған!
4. Пай, пай! Жаннат қой мына жер, жаннат!
5. Айнадай жалтыраған айдын көлге ақ төсін төсеген қос аққу қандай жарасады!

6. Қайран, кешегі ерке Тасбұлақ! Тастан-тасқа секіріп, ақ моншақтан көбік атып, ауылды жара, еркелей ойнап өтетін Тасбұлақ! (Ы. Кененбаев.)

Сөйлемдердің айтылу мақсаты өзгеруіне байланысты олардың тыныс белгілері өзгертініне оқушылардың өздері көз жеткізеді. Ең бастысы – оқушы сөйлемді емін-еркін өзгертіп, түрлендіре алса, бұл оның тыныс

белгілерін ғана емес, тілдік тақырыптарды да білетіндігін, тіл байлығын, сөйлеу, жазу дағдыларын да көрсетеді.

Леп белгісі ашық бұйрықты, тілекті, өтінішті білдіретін, нақты талап ету, зекіру, бұйыру интонациясымен айтылған сөйлемге де қойылады. Сөйлемнің бұйрықты болуы оның баяндауыш формасына байланысты, сөйлемнің баяндауышы бұйрық райдан жасалады. Бұл – оның бұйрық мағынасын танытатын белгісін таниды.

Салыстыру әдісімен жаттығулар жүргізіледі:

1. Мына сөйлемдерді мағынасына қарай салыстыра отыру тиімді. Осыған дейін оқушылар сөйлемнің айтылу мақсаты, мағынасы бойынша оларға әр түрлі тыныс белгісі қойылатынын меңгерді, ендеше солармен салыстыру арқылы бұйрықты сөйлемді ажыратуға болады.

2. Жаңа тақырыпты түсіндіруде мынадай салыстырмалы кесте ілініп, ондағы сөйлемдерді бұйрық мәніне келтіріп, ол үшін сөйлем құрылысында қандай өзгеріс болғанына назар аудартқан жөн. Сол арқылы оқушы сөйлемнің бұйрықты болуы баяндауыш формасына байланысты екенін түсінеді.

(?)

Ал кімде сұрақ бар?

Әлгі Нәзира қайда жоғалып кетті?

(С. Мұратбеков)

(?)

3. Оқушылар сөйлемді бұйрықтыға айналдырып, дәптерлеріндегі кестеге жазады, мұндағы сұрау көрсеткішінің орнына баяндауыш формасының өзгеруі бұйрықты сөйлем жасаушы тәсіл екеніне көз жеткізеді. Осылай хабарлы, лепті сөйлемдерді де алуға болады.

(.)

Нәзира әпкем іштегі бір тостаған айран алып шығып, Тоқтарға ұсынды. Бұл кезде Тоқтар әлгі Жиренқасқа бестіге бұғалық салған.

(С. Мұратбеков)

(!)

Леп белгісі қойылатын орындарға байланысты өткізілетін сабақ жоспарының үлгісі.

Сабақтың тақырыбы Леп белгісі қойылатын орындар

Сабақтың түрі. Аралас сабақ.

Сабақтың әдісі. Сұрақ-жауап, әңгіме.

Сабақтың мақсаты: оқушылардың леп белгісі қойылатын орындар, леп белгісін қоюдың себептері жөніндегі пунктуациялық дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру.

Сабақтың барысы.

Бұл леп белгісі қойылатын орындар бойынша үй тапсырмасын тексеру арқылы леп белгісі қойылатын орындарды еске түсіруден басталады. Сөйлем соңына леп белгісін қою үшін оны танытатын белгінің бар-жоғын анықтап алу керек, ол үшін мына сөйлемдерді салыстырамыз:

- | | | |
|----------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|----------------------|
| 1) <table border="1"><tr><td>Туу,</td></tr></table> бұл үлкен сыйлық | Туу, | 2) – Қыран болатынын |
| Туу, | | |
| қой, ақсақал! | <table border="1"><tr><td>қайдан</td></tr></table> білесіз? | қайдан |
| қайдан | | |
| → Аса ризашылық сезіммен,
көтеріңкі леппен айтылып | Көңіл-күйі білінбейді,
сұрау мәні бар, | |

тұр, сондықтан леп белгісі (!) қойылады. сұрау белгісі (?) қойылады.

3) Қарт балапанның кішісін мақтады.

Көңіл күй мәні де, сұрау да жоқ,

Хабар бар, сондықтан (.) нүкте қойылады.

Басқа сөйлемдерді де осылай талдау арқылы леп белгісін қоюдың себебін дәлелдейді. Соңынан жаттығулар орындалады.

1-топқа берілетін тапсырма. **Мына сөйлемдерді таңдау, сүйсіну, қуаныш мәнді етіп құрандар.**

1. Танауыңды жарған хош иісті гүл.

Бұл тапсырмаларды орындау арқылы леп белгісін танытатын белгілер: *одағай, демеулік шылау, гажсап, керемет, қандай* сөздері екені еске түсіріледі. Ол кесте түрінде тақтаға ілінеді. Бұдан соң леп белгісі қойылатын сөйлемдер стильдің қай түрінде көп кездесетіні әңгіме болады.

Екі топқа да М. Мақатаевтың "Биылғы май" өлеңін бөліп оқытуға болады, ол оқушылардың дауыс ырғағын келтіріп оқу дағдысын жетілдіреді.

Өлең оқылып болғаннан кейін леп белгісі қойылған орындар табылып, олардың белгісі (себебі) анықталады. Осыдан кейін леп белгісінің бұйрықты сөйлемдерден соң да қойылатыны айтылады, бірақ өлеңде баяндауыштың жасалуына қарай бұйрықты болғанымен, мағынасына қарай бұйрықты емес, көтеріңкі дауыспен айтылатын тілек, үндеу мәнді сөйлем, сондықтан леп белгісі қойылып тұр. Ендеше, осындай сөйлемдерден соң және қатаң бұйрық беретін, тілек, өтініш мәнді сөйлемдерден соң да леп белгісі қойылатыны айтылады.

Тақтаға бір оқушыны шығарып, бір етістікті бұйрық райда жіктетіп {оқы, жаз, тоқтат т.б. }, бұйрықты сөйлемдердің жасалу жолын еске түсіріп алуға болады. Осыдан кейін бұйрықты сөйлемдердің жасалу жолдарын, мағынасын көрсететін кесте ілініп, құрылысына қарай бұйрықты болып келетін сөйлемдер қазақ халқының тұрмысындағы тілек айту, бата беру сияқты

дәстүрлерінде көп кездесетін туралы айтып, оқулықтағы жаттығуларға назар аударылады. Мысалы, бұйрықты сөйлем бойынша ереже түздіру.

1. Кесте бойынша бұйрықты сөйлемнің ерекшеліктерін үйрету арқылы ереже түздіру:

Бұйрықты сөйлем

Жасалу жолы	Мысалдар	Мағыналары
Бұйрық райдың II жағы -шы, -ші жұрнағы Бұйрық райдың III жағы	Ал түсіндер, неге тұрсындар! Басындар аяқтарыңды! Одан да бір ән салшы, бауырым! Серпілтші мынау зіл боп басқан қапас дүниені! Ешкім ешқайда кетпесін! Кітаптар таратылсын!	Талап ету, талап қою, тоқтау салу, сес көрсету Ескерту, өтініш, ұсыныс жасау Сақтандыру, тоқтау салу, кеңес беру

Сөздік. Әмісе, дерт-дербезе, қалыс.

Сұрақтар: – Тілек, баталар әр түрлі. Ендеше, олардың қайсысы қандай жағдайға байланысты айтылып, қалай жасалып тұр?

— Тілек, бата мәнді сөздер қандай сөздермен тіркесіп қолданылады?

— Тілек айтудың мәні неде?

— Бата жасау не үшін керек?

— Сырымға берілген батаның мағынасы қандай?

— Сырым неге ол батаны картайғанша есіне сақтады?

Оқушылар жаттығудан леп белгісі қойылған сөйлемдерді теріп алып, дәптерлеріне жазады.

Екі оқушы кестемен тапсырма орындайды.

№1

Тыныс белгілерін қойып, көшіріп жаз.

Мылтығын таянған біреу өзіне төне қарап көз алмай отыр Бала селк етті Қозғалма деді мылтықты адам Қашып кетем деп ойлама Атып тастаймын Жорабайдан бұл қалай деп сұрамақшы еді Сейлеме деді мылтықты адам Бала аспанға қарай қолын созып көріп еді ештеңе ілікпеді. Тыныш отыр деп жекіді мылтықты адам Жұлдыз көпір деп сыбырлады бала мені арғы жаққа алып өт. (Ш.Мұртаза.)

Тыныс белгілерін қойып, көшіріп жаз. Леп белгісі неге қойылады?

Омашжан, садаған кетейін қоя берші баланы Жауап бер деймін, күшік, айтасың ба милицияға Омашжан-ау, қайдағы милиса Ол әлі милисаны білмейді ғой Шал енді тура Омаштың қолына жармасты Жіберші жіберші енді шырағым Баланың қылығын кек санап қайтесің. (*Д. Исабеков.*)

Бұл тапсырмалардың екеуінде де оқушы мәтіннің жазылу ретін (автор сөзі мен төл сөзді тауып) сақтап жазуы керек. Мұндай қате оқушыларда жиі кездеседі, сондықтан әр сабақта осы сияқты тапсырмалардың араласып отырғаны тиімді болмақ.

Оқулықта оқушылардың өздері әңгіме-диалог құрауына арналған тақырыптар, оларға қандай сөйлемдерді қосу керектігін көрсеткен жаттығу-тапсырма бар. Бұл жерде де солардың біреуін алып, ауызша әңгімелетіп, үйге жазып келуге тапсырма беруге болады.

Сабақты қорыту үшін мынадай сұрақтар жұмыс жүргізіледі:

- Леп белгісі қандай сөйлемдерден соң қойылады?
 - Леп белгісін коюды талап ететін сөйлемдердің қандай белгілері бар?
 - Қуаныш, реніш, сүйсіну, бұйыру, зеку т.б. мағыналарын қандай тілдік тәсіл арқылы білдіруге болады?
 - Леп белгісі қойылатын сөйлемдер өмірдің қай саласында көп кездеседі?
 - Ауызекі сөйлеудегі леп белгісінің қосымшалары нелер?
- Сұрақ-жауап кезінде оқушылар тегіс қатысуы керек, біреуі сұраққа жауап берсе, екіншісі мысал келтіреді, үшіншісі бет-жүз, көз, қол т.б. қимылдармен көрсетеді.

Үйге тапсырма. Аталған әңгімеге қоса, шешендік сөздерден бата жасау, тілек айтуды көрсететін мәтін тауып келу.

Әдетте, мұндай үлкен тақырыптардан соң, қайталап, пысықтап, бақылау диктантын аламыз. Бірақ бақылау диктанты – баланы үйрету емес, оның білімін тексеру. Егер бала білімін көрсетіп, қатесіз жазса – жақсы; егер осы уақытқа дейін оны меңгере алмағандығын көріп қиналса – бұл баланың өз күшіне деген сенімсіздігін туғызады. Себебі сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері оқушы үшін жаңалық, емес. Ол оқушының өзіне де белгілі. Сондықтан бар зейінді салып, осыған дейінгі кемшіліктерді түзетіп, тыныс белгілерін қоюда қате жібермеуге тырысу керек екенін түсіндіре отырып, өздік жұмысын жүргізген дұрыс деп есептейміз. Бұдан соң бақылау диктантын алуға болады, егер диктанттан қате кетсе, енді сол оқушымен жеке жұмыс жүргізу қажет деген сөз.

Өздік жұмыс.

1-тапсырма. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілерін еске түсіре отырып, мәтінді жазылу ретін сақтап көшіріп жаз.

Бұлардың құшағы гүлге толды Күн сәскеге көтерілді Қыздар тау биігінен ойдағы шахтерлер поселкесіне қарады Өзен бойын жағалай салған үйлердің арасында толған адам Біреудің әлдене деп айқайлаған даусы

шығады *Өй қыздар қыздар ау енді жетеді қайтайық деп айқайлады Нұрби Қайтайық жүр кеттік Қыздар жапатармағай таудан төмен қарай бет алды Поселкеден әлдекімнің айқайы тағыз естілді Қыздар тұра қалып құлағын тосты Не дейсің катты айқайла Бұл қыздардың даусы еді Таңертеңгі таза ауада таудағы дауыс бұрынғыдан екі есе жаңғырығып бүкіл таудың кең кеудесін дірілдетіп барып бірақ тоқтады Жеңіс Бұл сөзді қыздар бірден түсінбеді Қайталап айт Тау да қайталап қайталап айт деп барып тоқтады Жеңіс Жеңіс Қыздар енді ұқты Құлаған-сүрінгеніне қарамай ылдига қарай домалай жөнелді. (С. Бақбергенов.)*

2-тапсырма. а) Мәтіннен тыңдау, түсіну, ұқнау сөздерінің синонимдерін тап.

ә) Мәтіннен ауыспалы мағынадағы сөздерді тауып, тура мағынасын көрсет.

3-тапсырма. "Қуанышты" сөйлемдер қалай жасалатынын түсіндір. (Бұл тапсырманы да оқушы жазбаша орындайды.)

4-тапсырма. Кітаптың (көп кітап) суретін салып, сұрау белгісін (?) қойып кою керек, оқушы сол бойынша әңгіме құрап, оны сұрақ-жауап түрінде жасайды.

5-тапсырма. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілерін еске түсіріп, мәтінді жазылу ретін сақтап көшір.

Кім бар-ау деп дауыстады Нұрмолда Нұрмолда төрт керегелі аядай қараша үйге иіліп әрең-әрең енді Мұқажанның келіншегі Жұлдыз болса орнынан жалма-жан тез тұрып, іргеге қарай ығыса түсіп, иіліп сәлем етті Келін қалқам сау-саламат па деді Нұрмолда Шүкір деген сөзді естілер-естілмес етіп Жұлдыз әрең айтты Қонақ төр алдында төсеулі жатқан екі бүктеулі алабажақ шыт көрпенің үстіне отырды Ал балалар қайда Мұқажан келін екеуің ғана ма жайлауда Балалар ауылда Оқитыны бар шығар Екеуі оқиды Қанша балаң бар Жетеді аға бесеу-алтау Өте жақсы екен Мырзабай марқұмның тұқымын көбейтіп жатырмын де, дұрыс дұрыс-ақ (С. Бақбергенов.)

6-тапсырма. 1. Мәтіннен *кішкентай, ұрпақ, кіру* сөздерінің синонимдерін тап. 2. *Азайту, қате* сөздерінің антонимдерін көрсет.

7-тапсырма. Жауап алу, білу мақсатындағы сөйлемдер қалай жасалатынын түсіндір. (Бұл сұраққа да оқушы жазбаша жауап береді.)

8-тапсырма. Гүл. Гүл алаңы бейнеленген сурет. Қасында леп белгісі тұр. Адамда соған қарап таңғалу, қуану, сүйсіну сезімі болады ғой.

Соны жазып көрсет. Тілдік тәсілдердің қайсысын қолданасың?

Бұлардың қайсысынан соң леп белгісін қоясың?

9. Тестік тапсырмалар:

1. Сөйлемнен соң қандай тыныс белгісін қоюға болады?

А. нүкте (.)

В. сұрау белгісі (?)

С. леп белгісі (!)

- Д. көп нүкте (...)
- Е. сұрау және леп белгісі (!)

2. *Сен өзің тіпті ірі сөйлейді екенсің, ә...*
Сөйлемнен соң қандай тыныс белгісі керек?

- А. нүкте (.)
- В. сұрау белгісі (?)
- С. леп белгісі (!)
- Д. көп нүкте (...)
- Е. сұрау және леп белгісі (!)

3. *Сенің арманың оңай екен*
Сөйлем қандай белгіні қажет етіп тұр?

- А. нүкте (.)
- В. сұрау белгісі (?)
- С. леп белгісі (!)
- Д. көп нүкте (...)
- Е. сұрау және леп белгісі (!)

4. *Аянның ертегілері көбіне жетім бала туралы болушы еді..* Сөйлем қандай мақсатта айтылған?

- А. жауап алу
- В. қуанышты білдіру
- С. хабарлау
- Д. орындау
- Е. тілек білдіру

Тұжырымдағанда, мынадай ережеге байланысты жаттығу жүргізіледі. Хабарлы сөйлемдерден кейін нүкте қойылады. Сұраулы сөйлемдерден соң сұраулы белгісі қойылады. Лепті сөйлемдерден соң леп белгісі қойылады.

1-жаттығу. Берілген мәтіннің ішінде аяқталған ойдың соңына қажетті тыныс белгісін қойып, көшіріп жазыңыз.

Мен мемлекеттік қызметшімін.

Менің аты-жөнім – Нұрсұлтан Ақан Арманұлы мен мемлекеттік қызметшімін мен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министірлігінде қызмет етемін мен халықаралық қауіпсіздік басқармасында кеңесшімін қызметке орналасарда тест тапсырдым осы қызметте үшінші жыл істеп жатырмын маған қызметім ұнайды қызмет барысында басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың өз өкілеттілігі шегінде шығарған шешімдері мен нұсқаулары орындаймын мемлекеттік қызметте істеу-мәртібелі міндет мен Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тәртіппен мемлекеттік қызметшінің антын бердім Қазақстан Республикасының Конституциясы заңдарын сақтаймын мен Отаныма адал қызмет етемін.

2-жаттығу. Берілген сөйлемдердің соңына қойылатын тыныс белгілерін анықтап (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі), тиісті ұяшыққа көшіріп жазыңыз.

1. Бұл Ш.Шаяхметов атындағы Тілдер дамыту Республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы ма
2. Менің тілегім: халқым аман болсын, еліміз бейбітшілік заман болсын
3. Тілге қамқорлық алдымен тыныштыққа қамқорлықтан бастау керек
4. Қызмет барысында өзімізге берілген құқықтар шегінде және қызметтік міндеттерге сәйкес өкілеттікті жүзеге асырамыз
5. Денсаулықты қалай сақтау керек
6. Қарандаршы, бұл не деген мықтылық, Қарсы алуда туған елің тік тұрып
7. Қазақстан 1991 жылы өзін тәуелсіз мемлекет деп жариялады
8. Төрге шық, дастарқаннан дәм тат
9. Аурудың алдын алу шараларына не жатады.
10. Ай, Жиделібайсын, артыма бөктеріп әкетер едім, әттең атым көтере алмайды-ау
11. Кешіріңіз, телефонға Әлима Тұрсынқызын шықырып жіберуге бола ма?
12. Қазақстан Республикасы Әділет министірлігінің ұжымы Сізді мерейлі 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

«Нүкте» қойылатын сөйлемдер	«Сұрау белгісі» қойылатын сөйлемдер	«Леп белгісі» қойлатын сөйлемдер

3-жаттығу. Берілген сөйлемдер ішіндегі қажетті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазыңыз

1. Ертенгі ұрпақтың білімі әдебі ата-ананы сыйлауы еңбекке қатынас өмірге көзқарасы бәрі-бәрі көрген өнегесін алған тәрбиесіне, саналығына байланысты.
2. Біздің еліміз Ресей, Қытай, Қырғызтан, Түркменістан және Өзбекстан елдерімен көршілес орналасқан
3. Қазақ жерінде өзендер мен ормандар таулар мен жазық далалар көлдер мен шөлдер бар.

Тест жаттығулары.

1. *Күн ыстық па*

Сөйлем қандай мағынаны білдіріп тұр?

- A. білу
- B. қуанышты білдіру
- C. хабарлау
- D. талап ету
- E. өтініш

2. *Паһ, шіркін, өнеріңе болайын*

Сөйлем қандай мағынаны көрсетіп тұр?

- A. сүйсіну
- B. хабарлау
- C. талап ету

- Д. бұйыру
- Е. білу, жауап алу

3. Қай сөйлемнің тыныс белгісі дұрыс қойылмаған?

- А. Көргендігіңді көрсеттің-ау, айналайын!
- В. Мына кісі не деп кетті өзі.
- С. Сөз жүйесін тапты, мал иесін тапсын.
- Д. Иә, білемін. Білгенде қандай!
- Е. Мақтауларың асып кетті.

4. Қай сөйлемнің тыныс белгісі дұрыс қойылмаған?

- А. Анау қою шаңды көрдің бе?
 - В. Ентелеп қайда барасың, тоқта!
 - С. Абыр-дыбыр күшейіп кетті.
 - Д. Ендеше дайындалындар. Аттан!
 - Е. Осы сіз кімсіз, қария.
- Сабаққа қорытынды жасалады.

2.6 Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілерін оқыту

Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері дұрыс қою оқушылар үшін қиындық тудыртып жатады. Оны қою үшін дауыс ырғағы жеткіліксіз, себебі бір сөйлемнің өзін әркім әр түрлі оқиды, ендеше дауыс ырғағы барлық уақытта сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілерінің көрсеткіші бола алмайды. Мұнда грамматикадан білім қажет екендігі көрінеді, себебі оқушы бастауыш пен баяндауыштың қай сөз табынан жасалып, қандай сұраққа жауап беріп тұрғанын білмей тұрып сызықша қоя алмайды, сол сияқты сөйлем мүшелерін білмесе, оның бірыңғай екенін танымайды. Осындай қиындықтарды ескере отырып, сабақ алдымен сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері туралы түсініктен басталады.

Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері: үтір (,), сызықша (–), нүктелі үтір (;), қос нүкте (:), тырнақша (" "). Бұл тыныс белгілерді үйретуде осылардың бәрін қамтитын мәтін арқылы көрсетіліп, олардың қызметін, мағынасын, қойылу себебін сұрақ-жауап арқылы түсіндіруге болады. Мысалы, оқулықтағы "Естелік" үзіндісін оқытып, осындағы сөйлем ішіне қойылған тыныс белгілеріне оқушы назары аударылады.

... – Мен мұны неге айтып келемін, – деді Әбутәліп Едігенің күдігіне жауап қатқандай. – Сәбилерге үлкендер ұдайы-ақ ақылды, беделді болып көрінеді. Өсе келе қараса, сол кешегі ұстаздары, яғни біздер, соншама ақылды да, білімді де емес екен. Уақыт дөңгелегі зырылдап, зымырай түседі. Ал бірақ та біз өзіміз туралы соңғы сөзімізді өзіміз айтып кетуіміз керек-ті. Біздің бабаларымыз өздері туралы сөзді ертегі, аңыздар айтып қалдыруға тырысқан зой. Өздерінің қанишалықты ұлы болғанын кейінгі ұрпақтарға дәлелдегісі келген. Енді біз оларды сол рухынан танимыз. Міне, мен де өз жеткіншектерім үшін қолдан келгенше өз білгенімді жазып қалдырмақшымын. Менің әңгімем–менің соғыста көргендерім. Балақайларға

арнап партизан дәптерін жазып жүрмін. Еш қоспасыз, көрген-білгенімді гана жазамын. Балалар өскенде бір қажетіне жарар. Бұдан басқа тағы бір ойларым да бар. Енді бұл балалар осы Сарыөзекте өседі зой. Өсе келе, "Е, біз тап-тақыр жерде өсіппіз зой" деп ойламасын. Сондықтан осы елдің өлең-әндерін жазып алып жүрмін, кейін оларды күндіз қолыңа шырақ алып жүріп іздесең де, таппайсың. Менің пайым-дауымша, ән деген – өткен заман хабаршысы. Сенің Үкібалаң көп ән біледі екен зой өзі! Тағы басқаларын еске түскенде айтып беремін деді.

— Енді қалай деп едің! Аралдың кызы зой ол! – деп Едіге бірден қоқилана қалды. – Теңіз жағасындағы Арал қазақтары. Теңізде ән салу рақат қой, шіркін! Теңіз бәрін де түсінеді. Шын жүректен шыққан сөз теңізбен үндес, сарындас келеді. Сенің айтқаның рас. Жуырда жазып алған әндерді Зәрипа екеуіміз қайтадан қарап шығып, көзімізге жас алғанша тебірендік. Шіркін, бұрынғының әндері-ай! Неткен гажап! Әрбір ән – тұтас тарих. Әнді тыңдап отырып, сол әнді шығарған адамдарды көріп отырғандай боласың. Соларша қайғырып, соларша сүйе білер ме еді, шіркін! Әне, өздеріне шын ескерткіш орнатқан – сол бұрынғылар зой. (Ш. Айтматов.)

Мәтіннен алдымен үтір қойылатын орындар табылады, олардың бірнешеуі екені талданады:

- 1) үтір бірыңғай мүшелердің арасына қойылады;
- 2) үтір қаратпа сөздерге байланысты қойылады;
- 3) үтір–оңашаланған айқындауышты ерекшелеуші таңба;
- 4) үтір – айтушының көзқарасын білдіруші таңба;
- 5) үтір одағайларды ерекшелеуші ретінде де қойылады;
- 6) сызықша – бастауыш пен баяндауышты ажырататын белгі;
- 7) бірыңғай мүшеге байланысты қос нүкте мен сызықша да сөйлем ішіне қойылатын белгі қатарына жатады.


Осындай талдау нәтижесінде оқушылардың қабілетін жетілдіруге болады, ойлана отырып, өткенді еске түсіру арқылы өздерінің тіл ғылымының морфология, синтаксис салаларынан білімдерін жинақтайды әрі сөйлем ішіне қойылатын белгілердің сөйлем соңына қойылатын белгілерге қарағанда күрделі екенін байқайды. Сөйлем ішінде тыныс белгісін қажет ететін лингвистикалық мәселелер: бастауыш пен баяндауыш; сөйлем мүшелерінің сан жағынан екі, одан да көп болып қолданылуы; сөйлемде белгілі ой бөлігінің ерекше дәлелденіп, нақтыланып тұруы; айтушының өз көзқарасы. Бірінші сабақта бұларды топтап айтудан қандай пайда болатыны жоғарыда айтылды. Және де оқушы тыныс белгісін қою не қоймау туралы ойланған кезде аталған белгілердің, мағыналық бөліктердің қайсысы екенін ажыратуға тырысады, сол бойынша қандай тыныс белгісі керек екенін таңдайды.

Оқулықтағы жаттығуларды орындатып, жалпы тілдік материалдарды еске түсіріп алған соң, енді тыныс белгілеріне жеке тоқталамыз.

Үтір. Үтір қойылатын орындарды жеке-жеке өтуге сағат саны аздық етеді, сондықтан бірыңғай мүше мен оңашаланған айқындауышқа


байланысты қойылатын үтір тақырыбын бірге өтуге болады, себебі оқушы бірыңғай мүше мен айқындауышты ажырата білуге тиіс.


Бірыңғай мүше	Оңашаланған айқындауыш
Кәкітай мен Дәрмен Мағаш ойының батылдығына, өткірлігіне қызығып қалды. (М. Әуезов.)	Біз, басқа балалар, Аянды көпке дейін сөз қылушы едік. (С. Мұратбеков.)



Бірыңғай мүшенің белгісі:	Оңашаланған айқындауыштың белгісі:
<p>а) сұрағы ортақ; ә) тұлғасы бір; б) қызметі бір; в) бір мүшемен байланысады; г) өз ішінде салаласа байланысады; ғ) екі не одан көп сөзден болғандықтан, ойды үстемелеп, көбейтіп көрсетеді. Жоғарыдағы сөйлемде ой иесі – екеу, қызығудың объектісі де – екеу, бірыңғай мүше – күрделі ойды жай сөйлемге сыйғызып айту тәсілі.</p>	<p>а) өзінің алдында тұрған сөздің мағынасын ашып, түсіндіріп тұрады; ө) өзінің алдында тұрған сөзбен тұлғалас, сұрағы бір, бір мүшемен байланысады; б) түсіндіру интонациясымен айтылады; в) мағыналық ерекшелігі, қызметі – дәлелдеу, түсіндіру.</p>

Мысалы, бірыңғай мүшенің байланысу ерекшеліктері:





д) Санамалы дауыс ырғағымен оқылады, сондықтан арасына үтір қойылады.

Бірыңғай мүше мен оңашаланған айқындауышқа байланысты үтір қою үшін алдымен мағыналық бөлікті тауып алу керек.

Бірыңғай мүшеде ол ой бөлігінің екі не одан артық болып келуінен және санамалы жалғаспалы интонациядан байқалып тұрады.

Оңашаланған айқындауышта өзінің алдындағы сөзді дәлелдеп, айқындап, түсіндіріп тұрғандығынан және ерекшелеуші, даралаушы интонациядан көрінеді.

Бала осы ерекшеліктерді түсінбесе, бірыңғай мүшені де, оңашаланған айқындауышты да таба алмайды, сондықтан үтірді дұрыс қоя алмайды.

Оқулықтағы жаттығулар алдымен ауызша орындауға берілген, бұдан оқушы бірыңғай мүшеге байланысты үтір қойылатын орындарды көру, игеру арқылы меңгереді, содан соң оқулықтағы жаттығулар арқылы, мәтінде арқылы бекітіле түседі.

2.7 Сөйлем құрамына байланысты тыныс белгілерді оқыту

1. Салалас құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін игерту. Салалас құрмалас сөйлемнің өзіндік тыныс белгілері. Олар қос нүкте, сызықша, үтір мен сызықша. Бұл таныс белгілер салаластың мағыналық түрлеріне қарай қойылады. Бұларға мынандай көрнекі құрал жасалынды.

Салалас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілері

Қойылатын тыныс белгілер:	, (үтір), :(қос нүкте), , –(үтір мен сызықша)
Күн бұлттанды, бірақ жаңбыр жауған жоқ. Қайықты бірде ол еседі, бірде мен есемін.	жалғаулықты салалас.
Мектепте төрт жүз бала оқиды және жиырма бес мұғалім жұмыс істейді.	үтір қойылмайды
Біздің жердің күні ыстық болады Түні салқын болады	жалғаулықсыз ыңғайлас

Ауылымыздың аты Шалдар еді мектепті де Шалдар мектебі деп атайды.	жалғаулықсыз себеп-салдар
Малшы сырын білем мен қасында өскем жасымнан Жарастың қатты күлгені сонша – көзінен жас шығып кетті. Атты семірту оңай, – семірген атты суыту қиын.	_____ жалғаулықсыз себеп-салдар _____ іліктес салалас _____ жалғаулықсыз қарсылықты

Бұл кестені пайдаланғанда да оқушылардың өздерін қатыстыра отырып, оқушылардың өздеріне талдау арқылы түсіндіріледі. Мысалы:

Бұл кестеден салаластың тыныс белгілерін атап көрсете отырып, бұдан бұрын бұл тыныс белгілер қандай жерге қойылатыны оқушылардың есіне салынады. Ол былай жүргізіледі: Мұғалім тыныс белгілердің қойылатын жерін айтады, оқушылар оған мысал келтіреді. Немесе, керісінше, мұғалім мысал келтіремін, оқушылар қойылатын тыныс белгілерді айтады. Ол былай:

Мұғалім: – Сәрсен, Ахмет, Хамит, Асан – бәрі біздің кластың оқушылары. Бұл сөйлемге қандай тыныс белгі қойылады?

Оқушы: «Бәрі» деген жалпылауыш сөздің алдынан сызықша қойылады. «Сәрсен, Ахмет, Хамит, Асан» деген бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылады.

Мұғалім: – Асан – үздік оқушы. Бұл сөйлемге қандай тыныс белгі қойылады?

Оқушы: – «Асан» деген сөзден кейін сызықша қойылады. Өйткені «Асан» бастауыш, «оқушы» баяндауыш. Екеуі де атау тұлғада тұр.

Мұғалім: – Үтір мен сызықша қандай жерге қойылатын еді?

Оқушы: – Төл сөзден кейін келген автор сөзінің алдынан үтір мен сызықша қойылады,

Өткен тыныс белгілерді оқушылардың есіне бұлай салу жаңа сабақтың алдында бірнеше оқушылардан жауап алу арқылы ауызша жүргізіледі. Бұл - оқушыларды сабаққа қызықтырады және өткен сабақ пен жаңа сабақ байланысады.

Енді бұл тыныс белгілердің бәрі бір салалас құрмалас сөйлемнің өзіне ғана қойылатынына оқушылардың көзі жеткізіледі. Көрнекі құралды пайдалана отырып, салалас құрмалас сөйлемдердің түрлерін еске түсіруден басталады. Ол үшін оқушылардан салалас құрмалас сөйлемнің түрлері, олардың қысқаша анықтамасы сұралады. Енді кестедегі сөйлемдерді оқу арқылы салаластың мағыналық түрлеріне талдау жасата отырып, қос нүктенің іліктес салалас пен салдар мәнді сөйлем бұрын келген жалғаулықсыз себеп-салдар салаластарға қойылатыны, ал себеп мәнді сөйлемі бұрын келсе немесе себеп-салдар салалас жалғаулық арқылы байланысса, үтір қойылатыны салыстырыла түсіндіріледі. Сызықшаның іліктес салаласқа қойылатыны қос нүкте қойылатын іліктеспен

салыстырыла түсіндіріледі. Қос нүкте мен сызықшаның қойылу себебі ашылады. Қос нүкте сөйлемнің мағынасына байланысты қойылса, сызықша алдыңғы сөйлемнің баяндауышына байланысты қойылады. Мұндай салыстыра түсіндіру сөйлемнің мағынасы мен жасалу жолына оқушылардың саналы түсініп, соған байланысты қойылатын тыныс белгілерді өз бетінше қоя білуін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ үтір мен сызықша жалғаулықсыз қарсылықты салаластарға қойылатыны түсіндіріледі. Мысалы:

Кестені пайдалана отырып, сөйлем оқытылады. Оқушыларға сұраулар беріліп, жауаптар алынады.

— Екі жай сөйлемнің арасында қандай тыныс белгі тұр?

— **Үтір** мен **сызықша**.

— Бұл сөйлемнің жалғаулықсыз қарсылықты екенін білеміз ғой?

– Білеміз.

Екі жай сөйлемнің арасына қандай жалғаулық қойып айтуға болады?

– Екі жай сөйлемнің арасына **«бірақ»** жалғаулығын қойып айтуға болады.

Сонда қандай сөйлем болып шығады? Кім жазады?

Бір оқушы тақтаға шығарылып, сөйлем толық жаздырылады.

Ол былай жазады: «Атты семірту оңай, бірақ семірген атты суыту қиын».

- Бұл мағынасына құрмалас тәсіліне қарай қандай сөйлем болады?

- Жалғаулықты қарсылықты салалас сөйлем.

- Жалғаулықты қарсылықты салалас сөйлемдердің арасына қандай тыныс белгі қойылады?

- Екі жай сөйлемнің арасына үтір қойылады.

Тақтада тұрған оқушы «Атты семірту оңай» деген сөйлемнен кейін үтір қояды. Бұл оқушыны орнына отырғызып, барлық оқушылардан:

- Неге сызықша қоймаймыз?

- Сызықшаның орнына «бірақ» жалғаулығын жаздық.

- Мына жерге неге сызықша қойылған? (Кестеден көрсетіледі).

– «Бірақ» жалғаулығы түсірілген.

Сабаққа қорытынды жасалады.

Үтір – жалпы жалғаулықты салаластың арасына қойылатын тыныс белгі, ал сызықша - түсірілген қарсылықты жалғаулықтардың орнына қойылатын тыныс белгі. Үтір мен сызықшаның қабаттаса қойылу себебі оқушыларға салыстырыла талдау арқылы түсіндіріліп, мәні ашылады, жаттығулар жүргізіледі.

Үтір кез келген жалғаулықты, жалғаулықсыз салаластардың арасына қойылатыны түсіндіріле келіп (қос нүкте, сызықша қойылатын жерінен басқа), үтірдің қойылмайтын жағдайлары да кесте арқылы көрсетіледі. Екі жай сөйлемнің арасы «және» жалғаулығы арқылы байланысса, үтір қойылмайтыны туралы анықтама игертіледі.

2. Сабақтас сөйлемнің тыныс белгісін игерту. Құрмалас сөйлемнің бір түрі – сабақтас сөйлем. Оның да өзіндік тыныс белгісі бар. Ол – бір ғана үтір.

Сырттай қарағанда екі жай сөйлемнің арасына үтір қоя салу оңай сияқты. Үтір кез келген жерге қоя салатын мән-мағынасыз тыныс белгісі

емес. Оның да шығу тарихы, белгілі бір заңдылыққа сүйенетін қойылу тәртібі бар. Үтір де белгілі бір синтаксистік ерекшелікке байланысты нақты ережелерге сүйеніп қойылады. Олай болса, сабақтас сөйлемдерге қойылатын үтір де осы ережелерге сүйенеді.

Сабақтас құрмалас сөйлемдерге қойылатын тыныс белгі бір ғана үтір деп атап айта отырып, оның үш жағдайда қойылатынын көрнекті құрал арқылы түсіндіріліп, ережемен қорытындылануы тиіс.

Сабақтас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгісі

Қойылатын тыныс белгі, **(үтір)**.

Ол келмей, мен ешқайда бармаймын.

басыңқының бастауышы басында (Мен)

ешқайда бармаймын.

Бағыныңқының бастауышы

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
мінездерін көргенде.

Бағыныңқы
сөйлем
соңында.

Бұл көрнекі құрал талданғаннан кейін, кез келген сабақтас сөйлемдердің арасына үтір қойылатыны айтылады. Бірақ үтір сабақтас сөйлемдердің арасына ғана қойылмай, үтірдің басқа да қойылатын орындарының бар екені оқушыларға ескертіледі де, ол қайталанып еске түсіріледі. Ол үшін оқушыларға сұрау қойылып, жауап алынады.

- Үтір қайдай жерлерге қойылады?

- Бірыңғай мүшелер мен оқшау сөздерге, оңашаланған айқындауыш мүшелердің екі жағына, кейбір салалас сөйлемдердің арасына т.б. қойылады.

- Мысал келтір.

- Біз таяу жылдарда ет, сүт, май өнімдерін Америкадан мал өндіретін боламыз. Мұнда «ет, сүт, май» сөздері бірыңғай мүшелер. «Ет, сүт» сөздерінен кейін үтір қойылады. Екінші бір оқушы оқшау сөздерге мысал келтіреді.

- Балалар, үй тапсырмасын кім орындап келді? «Балалар» – қаратпа сөз, одан кейін үтір қойылады.

Өйткені қаратпа сөз сөйлемнің басында келіп тұр. Үшінші оқушы оңашаланған айқындауыш мүшеге, төртіншісі салалас сөйлемге т.б. келтіреді.

Үтір сабақтас сөйлемдерге үш жағдайда қойылады. Алғашқы екі сөйлемде үтір бағыныңқы сөйлемнен кейін қойылған. (Сөйлемдер оқып беріліп, мағынасына, жасалу жолына қарай талдап беріледі). Ал кейінгі сөйлемдерде олай емес. Екі жерден үтір қойылған. Бұл да сабақтас сөйлем. Мұның себебі не? Себебі мынау: кейінгі екі сөйлемде (мен, ол келмей, ешқайда бармаймын, бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің ортасында тұр

яғни басыңқы сөйлемінің бастауышы бағыныңқы сөйлемнің басында тұр. Бұлай қойылу басыңқы сөйлемнің бастауышын бағыныңқы сөйлемнің бастауышынан айырады. Сөйлемнің мағынасына толық түсінуге мүмкіндік береді. Басыңқы сөйлемнің бастауышы бағыныңқы сөйлемнің басында айтылу жазба тілде болсын, ауыз екі тілде болсын көп кездеседі. Сондықтан оның мағынасын шатастырмас үшін үтір қойылады.

Ең соңында, үтір өлеңді сөйлемдерде бағыныңқы сөйлемнен бұрын да қойыла беретіні айтылады. Мұндай жағдайда басыңқы сөйлем бағыныңқы сөйлемнен бұрын келетіні ескертіледі. Жаттығулар жүргізіледі. Сонымен, үтір қойылатын жерлер санамалап аталып, үйрету диктанттар жаздырылады, соңынан ереже арқылы қорытынды жасалады.

Тыныс белгілердің қойылатын орындарын көріп білумен қатар оқушылардың грамматикадан алған білімдерін еске сала отырып, оны одан әрі толықтыра түседі, жаңа материалдарды терең ұғынуына жол ашады, оқушыларды сауатты, қатесіз жазуға баулиды.

Қазақ тілінде қолданылатын тыныс белгілердің саны – 10. Бұлар түгелдей 9-сыныпта өтіледі. Тыныс белгілердің саны соншалықты аз болғанмен, олардың қолданылатын орындары алуан түрлі. Мысалға сызықша мен үтірді алайық. Бұлар 9-12 түрлі жерге қойылады. Олардың барлығына тоқталмай, үтірдің бірыңғай мүшелерге қойылуы мен қойылмауы және сызықшаның бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылуы мен қойылмауы туралы көрнектілікпен өтудің жолын қарастырайық.

3. Бірыңғай мүшелерге қойылатын үтірді көрнектілікпен өту. Бірыңғай мүшелердің арасына қойылатын тыныс белгінің бірі – үтір. Оқушыларға үтір туралы түсіндіргенде, ең алдымен кіріспеден басталды. Кіріспеде үтір (кіші тыныс белгісі) дүние жүзінде тұңғыш рет кітап бетінде XV ғасыр мен XVI ғасырдың арасында пайда болғаны, оны алғаш рет кітапқа енгізген Венецияның атақты баспаханашысы Альд Мануций екені айтылып, тарихи дерек берілді. Содан бері талай ғасырларды басынан өткізіп, біздің заманымызда ең көп қолданылатын тыныс белгі болып отырғаны, оның маңызы мен қызметі туралы түсінік беріледі.

Кіріспеден кейін жаңа сабақ бірыңғай мүшелерді қайталап еске түсіруден басталды. Ол үшін оқушыларға мынадай сұраулар қойылды.

- Бірыңғай мүше дегеніміз не?

- Бір сұрауға жауап беретін екі не одан да көп сөздерді бірыңғай мүше деп атаймыз. (Оқушылар сөзімен жазылды). Мысалы, олар бидайды, арпаны, тарыны, сұлыны орып алды. «Бидайды, арпаны, сұлыны» деген сөздер бірыңғай мүшелер. Олар «нені?» деген сұрауға жауап береді.

- Бірыңғай мүшелердің арасына қандай тыныс белгі қойылады?

- Бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылады.

Бұл жағдай интерактивті тақтадағы кесте арқылы талданады.

1-кесте.

ҮТІР (,)

Мұнда оқушылардың назары жалғаулықтарға аударылады. Бірыңғай мүшелер аталып, арасындағы жалғаулықтар ба са айтылады. Жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің арасында бір-ақ рет қайталанып не әртүрлі жалғаулықтар бірнеше рет қайталанып келсе, үтір қойылмайтыны түсінікті. Мұның керісінше, 2-кестеде жалғаулық бір-ақ рет келсе де, үтір қойылып тұрғаны көрсетіліп, оның себебі – бірыңғай мүше болып тұрған сөздердің екеуі де етістік екені айтылады. Егер бірыңғай мүшелер етістіктен болып, оның арасындағы жалғаулық бір-ақ рет келсе де, үтір қойылатыны баса түсіндіріледі. Үтірдің қойылатын басқа орындары да көрнектілікпен өткенді еске салу және салыстыру арқылы түсіндіріліп отырылады. Жаттығу кезінде әртүрлі әдістерді шебер қолдана отырып, ұтымды пайдаланса, оқушылардың тез де тиянақты меңгеруі даусыз.

Ереже: Компоненттері мағына, орнын тәртібі, интонация бойынша, ал олардың баяндауыштары шылаулы да, шылаусыз да байланысып келіп, олар тиянақты формада болып, өзара тең дәрежеде келген жай сөйлемдердің тіркесін салалас құрмалас дейді.

1-жаттығу. Берілген сөйлемдерді кестедегі пунктуациялық ережелерге сәйкестендіріп, тиісті ұяшыққа көшіріп жазыңыз.

1. Өзен біресе төмен ағып жатқандай, біресе сай-салаға бұрылып ағып жатқандай (Ғ. Мүсірепов).

2. Не ғылым жоқ, немесе еңбекте жоқ.

Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай (Абай).

3. Жас бала анадан туған екі түрлі мінезбен туады:

біреуі-ішсем, жесем деп, біреуі-білсем екен демек. (Абай).

4. Әл-Фараби қайырымды да білгір адамдардың жаны өлмейді, ал надан адамдардың жаны өлімді келеді деп топшылайды.

5. Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды (Бауыржан Момышұлы)

6. Ербол бұл әннің үнін жақтырмаса да, сөзін ұнатты, сондықтан кейде Абай әніне қосылып та кетеді (М. Әуезов).

Пунктуациялық ережелер	Мысалдар келтіріледі
Ыңғайлас салаластың бөлігіне енген жай сөйлемдер істің, оқиғаның бір мезгілде немесе бірінен соң бірі болғанын, болатынын, болып жатқанын хабарлайды.	
Бірінші бөлігіндегі ой, іс, оқиға екінші компонентіндегі ой, іс, оқиға қарама-қарсы болып, күрделі ойды білдіретін сөйлемдер қарсылықты салалас деп аталады. Жалғаулықсыз қарсылықты салалас бөлігінің арасына үтір мен сызықша қойылады.	
Түсіндірмелі салаласта алдыңғы сөйлем (бөлік) түсіндіруді қажет етеді де, соңғысы түсіндіреді.	

Бірінші компонентінен кейін жазғанда қос нүкте қойылады да, қалған бөлігіндегі араларына үтір қойылады. Бірінші компонентіндегі баяндауышы сол, сонша, соншалықты, сондай деген есімдіктер мен үстеу сөздерден болса қос нүктенің орнына сызықша қойылады.	
Себеп-салдар салаластың бір бөлігі себепті, екіншісі салдарды (нәтижені) білдіреді. Жазған, жалғаулықты себеп-салдар салаластың арасына үтір, жалғаулықсыз себеп-салдардың арасына қос нүкте қойылады.	
Талғаулы салаластың бір бөлігіндегі іс не оқиға ғана орындалады. Талғаулы салалас тек жалғаулықты болып келеді. Талғаулы салалас бөліктерінің арасына үтір қойылады.	
Кезектес салалас құрмалас сөйлем-құрамына енген жай сөйлемдердің мазмұнынан байқалатын іс-әрекеттің кезектесіп келетінін білдіретін құрмалас сөйлем.	

2-жаттығу. Құрмалас салаластың екінші сыңарын жалғастырып, тыныс белгілерін қойып жазыңыз.

1. Демалыста ерте тұрдым бірақ... .
2. Ертеңгі кезекшілікке не Ақжол барады...
3. Ол жұмысқа келді де...
4. Былтыр еңбек демалысына шықпадым сондықтан...
5. Біресе себелеп жаңбыр жауды...
6. Біздің бөлімге екі қызметші қабылданды біреуі...

Ереже: Сабақтас құрмалас сөйлемнің құрамына енген жай сөйлемдер үтірмен бөлінеді.

3-жаттығу. Берілген мәтіннің сабақтас құрмалас сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

Ғалым және оның ілімі

Әл-Фараби философиясының аса маңызды жетістіктерінің бірі- парасат жайындағы ілім. Әрекетшіл парасат (Аристотельші-бірінші қозғауыш, ойлаудың ойлауы)-болмыс сатысындағы басқыштардың бірі.

Әл-Фараби қайрымды да білгір адамдардың жаны өлмейді, ал надан адамдардың жаны өлімді келеді деп топшылайды. Осындай екіұшты пікірді көрген жанның өлмейтіне ол кәміл сенді дегенге илануға болмайды.

Парасат деген ұғымды ұсына отырып, Әл-Фараби ойлау мен болмыс парапарлығының диалектикасын шебер ашып көрсетеді. Аристотель сияқты Әл-Фараби де платондық идеализм жағына ойысып, айрықша дүниесі бар деп біледі.

4-жаттығу. Берілген салалас құрмалас сөйлемдерді сабақтас құрамалас сөйлемге айналдырып жазыңыз.

1. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

2. Өткен күнде белгі жоқ, ол кезде жағдай мүлде басқаша болатын.

3. Он жылдың ішінде Астана әлемге танылды және елімізді де әлемге танытты деп айта аламыз.

4. Астана–азаттығымыздың символы, Қазақстан жаңа тарихтың шынайы шежіресі.

Мектепте сызықшаның қойлытын орындары бойынша мынадай білім беріледі:

Р. Сыздықова сызықшаның қойылатын орындарының 30 шақты түрін көрсетеді [31]. Ал мектепте соның мынадай түрлерінен білім, білік, дағды беру көзделген. Соның негізгілерін келтірейік.

1. Берілген зат есімнен немесе заттанған басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен немесе заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

а) Тіл-қоғамдық құбылыс. ә) Қаһарлы суық мұзды мұхит-үстінен құс ұшпаған қырқасын, жан баспаған жапан түз. б) Жастар-біздің болашағымыз. в) Соңғы келген үшеудің ортадағысы-Құнанбайдың тағы бір тоқал шешесінен туған Жақып.

Атау тұлғадағы бастауыш, не баяндауыш, не екеуі де тәуелдік, көптік жалғаулы болуы мүмкін. Ол күнде де бастауыштан кейін сызықша қойылады:

1) Монолог-бір адамның пікір түйе сөйлеген сөзі. 2) Әкесінің баласы-адамның дұшпаны, адамның даласы-бауырың. (Абай) 3) Адамның ішкі сезімінің айнасы-көз. (С. Мұқанов.)

Бастауыш та, баяндауыш та бір сөздің қайталануынан жасалауы мүмкін, бұл жағдайда да бастауыштан кейін сызықша қойылады. 1) Ар жазасы-бар жазадан ауыр жаза. (М. Әуезов). 2) Ғашықтың тілі-тілсіз тіл. (Абай). 3) Әлі де беделі-бедел. (Ғ. Мұстафин). 4) Күлкі-қыздың күлкісі. (С. Ерубаев).

2. Бастауыш 1, 2 жақтық жекеше көпше тұлға дағды есімдіктен, баяндауыш жіктік жалғауы түсірілген есімдердің біреуінен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

1) Мен-тауда ойнаған қарт марал (Махамбет). 2) Біз-қырғауыл, сіз-тұйғын (Абай). 3) Семья-шағын мемлекет, мен-президент, сен-премьер (Қасым). 4) Сен-тоты құс бақта жүрген (Абай).

3. Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы сын есімне жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

Жақсы-ісімен жақсы. (Мақал.) Сұлу-сұйлу емес, сүйген-сұлу. (Мақал.)

4. Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болғанда, екеуінің арасында сызықша қойылады: 1) Үш жердегі үш-тоғыз. 2) Екі бесіміз-он.

5. Бастауыш ол, бұл, мынау, сонау, анау деген сілтеу есімдіктерінен жасалып, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім немесе зат есім мағынасындағы

басқа сөз табы болғанда, сілтеу есімдіктерінен кейін сызықша қойылады: 1)- Бұл-адам [ның] көз сүйегі, -дейді ханға. (Абай). 2) Сонау-біздің бие. 3) анау-емен ағашы. 4) Бірақ бұл-қайтқаны емес, толғанып қалып, бірнеше тәсіл тапқаны. (Ғ. Мұстафин).

5) Соғысты біз сүймейміз ел жылатқан

Ол-ісі қан құмардың қарғысы атқан. (Жамбыл).

6. Бастауыш тұйық етістіктен не тұйық етістік араласқан тізбектен жасалса, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен, немесе тұйық етістіктен (не тұйық етістік аралас) және керісінше болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

1) Елдің шетін күзету-ең ардақты правоң. (Жамбыл). 2) Көргеннен, білгеннен аспау, барды қанағат қылу-ой мешеулігі. (Ғ. Мұстафин). 3) Аз сөзді, көп мағыналы болу-мақал-мәтелдердерге тән құбылыс. 4) Совет мектебінің міндеті-оқушыларға жан-жақты білім беру және тәрбиелеу.

7. Бастауыш –ған (-ген, -қан, кен) жұрағымен жасалған есімшеден (не есімше аралас күрделі болса), баяндауыш не зат есім, не есімше, не есімдіктен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

1) Бұған таяу отырған-Ыбырайдың Ысқағы. (М. Әуезов). 2) Көпір біткен-соғыс тұмсығының қатты қадалатын жері. (Ғ. Мүсірепов). 3) Алтын орден алғаным-терең жырдың тиегі. (Жамбыл). 4) Менің жазып отырғаным-теңіз үстінде кездескен көріністерден, жолыққан адамдардан білгендерім. (С. Мұқанов). 5) Абайды таң еткен-сол екі жігіт. (М. Әуезов). 6) Ән шырқаған-сол. 7) Станцияға ең кеш келген-осы.

8. Бастауыш бірі, біреуі, біріншісі, екіншісі, алдыңғысы, соңғысы деген заттанған сан, сын есімдерден және көбі деген сөзден, баяндауыш атау, тұлғадағы зат есімнен не тұйық етістіктен және керісінше болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

1) Пьесада («Шыңырау түсінде») бір-біріне қарсы екі түрлі идея түйіседі: оның бірі-көнбістікті, төзе берушілікті уағыздайтын аяушылық идеясы, екіншісі-адам күшіне сену, оны өмір үшін күреске шақыру идеясы. («Қазақ әдебиеті»).) 2) Жаяу Мұса-Біржан бастаған Арқадағы әншілер тобының көрнектілерінің бірі. (М. Әуезов).

9. Баяндауыш өз ішінен сөйлем мүшелеріне ажыратылатын күрделі сөз тіркестері болып келсе, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

1) Біздің жауабымыз-Оралбайды білмейміз. (М. Әуезов). (Мұндағы баяндауыш-[біз] Оралбайды білмейміз; оның өз ішінде бастауыш (біз), толықтауышы (Оралбайды), баяндауыш (білмейміз).

10. Бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, сөйлемнің басқа бір мүшесімен шатаспау үшін, одан кейін сызықша қойылады (Мұндайда баяндауыш қай сөз табынан, қандай тұлғада жасалғаны шарт емес). Айтуда бастауыштан кейін пауза болады. Мысалы:

2) Отыз – алтыға қалдықсыз бөлінеді (30:6). 3) Мен білмейтін – жер астында сөйлемді ашып айтсақ: Мен білмейтін нәрсе жердің астында жатады сияқты болар еді. Мен білмейтін жер астында деген түрінде білмейтін деген

бастауыштан кейін сызықша қойылмаса, білмейтін нәрсе емес, жер деп түсінілу мүмкін.

11. Бастауыш зат есім не заттанған басқа сөз табынан болып, баяндауыш болымсыздықты білдіретін емес сөзі тіркескен есімдердің бірінен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

12. Бастауыш алд(ы), арт(ы), жан(ы), қас(ы), үст(і), аст(ы) сияқты көмекші есімдердің жалаң өзінен болып, баяндауыш та есім сөзден болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

1) Адасқанның алды–жөн, арты–соқпақ. (Абай).

2) Үстім–көк, астым–теңіз, атам–кеме. Арқырап ту толқынмен арпалысқан. (Т. Жароков).

13. Мақал–мәтелдерде, афоризмдерде, өлеңдерде сөйлемнің баяндауышы түсіріліп, ықшамдалып айтылады. Мұндай сөйлемдер түсінікті болу үшін, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

1) Ер–егесте [сыналады], нар–кешуде [сыналады]. (М. Әуезов.) 2) Асыл–тастан [шығады], ақыл–жастан [шығады]. 3) Қой–қозыдан [өреді]. (Мақал). 4) Біреуі–көк [тағысы], береуі–жер тағысы. (Абай).

14. Ол–ол ма, бұрынғы–бұрынғы ма, бұл–бұл ма сияқты қыстырма сөз тіркестері де өз алдында сөйлем құрылысы бар тізбек ретінде араларына сызықша қойылып жазылады:

1) Бұрынғы–бұрынғы ма, оның салтанаты тіпті артып кетеді. (Ертегіден.) 2) Ол–ол ма, әңгіме одан да күшейе түсті.

15. Бастауыш пен баяндауышты байланыстырушы дегеніміз, деген дегенім, дегенің, деген сөз тұрса, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

1) Сөйлем дегеніміз–тиянақты ойды білдіретін бір сөз я бірнеше сөз тіркесі. («Грамматика».) 2) Мия дегеніміз–қоймалжың қорыс батпақ. 3) Гипотеза дегеніміз–ғылыми жорамалдар. 4) Қарағанды деген–байлық қой жатқан. (Ғ. Мұстафин).

1. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша. Сызықшаның қойылатын орындары да алуан түрлі. Солардың бірі – бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша. Бұл – оқушылар үшін синтаксистегі ең қиын категорияның бірі. Мұны оқушылардың жете меңгеруі үшін, олар сөз таптарын түгел білуі керек және сөздерді тұлғасына қарай талдай білуге жетік болуы керек.

Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша туралы түсіндіргенде, бұл да қайталаудан басталады. Барлық сөз таптары атау тұлғада тұрып бастауыш та, баяндауыш та бола алады деп кішкене тұжырым жасалады да, бір сөйлем жазылып, ол оқушылар арқылы сөз таптарына талданады. Ең соңында оқушылардан атау тұлғалы сөздер туралы сұралады.

— Атау тұлғалы сөздер деп қандай сөздерді айтамыз?

— Ешқандай жалғау жалғанбаған сөздерді атау тұлғалы сөздер деп атайды және көптік, тәуелдік жалғаулары жалғанған сөздерді де атау тұлғалы сөздер деп атайды. Мысалы: кітап, кітаптар т.б.

— Қазақ тілінде неше түрлі жалғау бар?

– Қазақ тілінде төрт түрлі жалғау бар. Олар: көптік, септік, тәуелдік, жіктік.

– Септік, жіктік жалғауы жалғанған сөздерді неге атау тұлғалы сөз деп атамаймыз?

– Оның себебі: ол сөздер атау септігінің кім? не? кімдер? нелер? кімі? несі? т.б. сұрауларына жауап бермейді. Міне, осылай сөз таптары мен атау тұлғалы сөздер еске салынғаннан кейін кесте пайдаланылады.

3-кесте

Сызықша – атау тұлғада тұрған бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылады (ереже).

1) Сан есім. Үш жердегі үш – тоғыз.

--	--

2) Заттанған есімше __Жым-жырт жиынның ішінен **сөйлеген** - **майысқақ Қаратай**

3) Сілтеу есімдігі. **Бұл** – сол қаланың жылқысы

4) Жіктеу есімдігі. **Мен** – тауда ойнаған қарт марал.

Атау тұлғада тұрған бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықша қойылатыны сөз табы мен сөйлем мүшелеріне талдау арқылы түсіндіріледі. Мұндағы оқушыларға ескертетін жай– сызықша үнемі бастауыштан кейін қойылатыны баса айтылады. Бастауыштан кейін қойылатын сызықша арқылы оқушылар әрі сөз табын, әрі сөз тұлғасын (түбір мен қосымша), әрі сөйлем мүшелерін есіне салады. Бұл кесте арқылы бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықшаның қойылуын білдірумен қатар бастауыш пен баяндауыш атау тұлғада тұрып-ақ кейде сызықшаның қойылмайтын жағдайлары мына кестені пайдалану арқылы салыстырыла түсіндіріледі.

Сызықша. Бастауыштан кейін мынадай жағдайда қойылмайды.

Ұзын Омардың **Асаны**, сірә – қыстырма сөз

--

адуынды жігіт

Асқар да биді жақсы көретін жігіт шылау күшейтпелі мәнде

Атау тұлғадағы есім сөздер

Сол жылдың **күзі** ол үшін
қуаныш күзі еді.

Қою қара мұрты тықыр біткен, көмекші етістік
өткір, кішілеу көзді

жүргінші Әбді дейтін жігіт екен

Зат есім

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат

Сын есім

Бұл кесте оқушылардың назары бастауыштан кейін сызықшаның қойылмауына себепші болып тұрған сөздерге аударылады. Ол сөздерге талдау жасалады. Егер бастауыштан кейін қыстырма сөз келсе немесе шылау күшейтпелі мәнде айтылса болмаса бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғада болғанмен, бастауыш зат есім, баяндауыш сын есім болған жағдайда бастауыштан кейін сызықша қойылмайтыны және атау тұлғалы баяндауышқа көмекші етістік тіркесіп келсе, көмекші етістіктің әсерінен бастауыштан кейін сызықша қойылмайтыны түсіндіріледі.

Оқушылардың білімін тереңдету және сол алған білімдерін жүйелеп, қажет жерінде қолдана алу дағдысын қалыптастыру бағытында тәжірибелік сабақтарының маңызы зор. Өйткені тәжірибелік сабақта оқушы күні бұрын дайындалады; өз бетінше қосымша әдебиеттерді оқиды; конспект, баяндама жасайды; оқыған ғылыми еңбектерінің ішінен өзіне керегін таңдап алуға үйренеді; салыстырады, өзінше талдау жасайды; қажет жерінде өз көзқарасын білдіреді; өз пікірін, дайындап келген мәселесін емін-еркін айтуға дағдыланады: талқыланып отырған мәселе бойынша жолдастарының баяндау жүйесі, мәселені қамтуы, жетістігі, кемшілігі жөнінде пікір айтуға үйренеді, ол пікір ауызша да, жазбаша да жүргізілсе, тіпті жақсы. Тәжірибелік сабағына оқушылар түгел қатысады, ол тек оқушының жазып келген конспектісін сыдыртып оқып шығу түрінде болмауы керек. Ол үшін оқушыға берілетін сұрақ оларды ойлануға, ізденуге жетелейтіндей, кең түрде сөйлейтіндей дәрежеде болуы шарт. Осы айтылғандардың бәріне қоса, тәжірибе сабағында оқушы өз жауапкершілігін ерекше сезінеді. Әрине, тәжірибе сабағының тақырыбы оқушыға таныс болуы керек, сондықтан ол оқушы білімін тереңдету үшін жүргізіледі. Енді сондай бір сабаққа тоқталып көрейік.

Сабақтың тақырыбы: *Сызықша*

Сабақтың мақсаты:

1. *Білімділік:* оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысын жетілдіру; қосымша әдебиеттермен жұмыс істеуге үйрету; өзіне қажет материалды таңдап, салыстыра білу дағдысын, сөйлеу және баяндау дағдыларын, пікір айту, пікірталасқа қосыла білу машығын қалыптастыру.

2. *Дамытушылық:* сызықша қандай орындарда, не үшін қойылатыны, оны қою үшін тілдік қандай белгілерді білу қажет екендігі, сызықшаның басқа тыныс белгілерден айырмашылығы.

3. *Тәрбиелік:* сөйлеу мәнерін, халықтың аз сөзге үлкен мән беріп сөйлеу дағдысын, сөзге тоқтау, сөздің қуатын, күшін сезіну сияқты халықтық дәстүрлермен таныстыру.

Сабақтың әдісі: Баяндау, сұрақ-жауап.

Сабақтың түрі:Семинар сабағы (хабарлама және баяндама).

Тыныс белгісі тақырыбына байланысты материалдың оқушыға таныс екендігі белгілі. Ендеше оқушының сол білімін танытатын жері – осы. Бір сабақта сызықша қойылатын орындардың бәрін қамтуға болмайды, ол өте асығыс, үстірт болады. Сондықтан оқушылардың баяндама, хабарламалары үшін бастауыштан кейін бірыңғай мүшеге және оңашаланған айқындауышқа байланысты қойылатын сызықша туралы айту жеткілікті.

Сабақтың мақсатын айқындау:

- а) сызықша – тыныс белгісі;
- ә) сызықшаның бірнеше себептерге байланысты қойылатындығы; мақсат – соны еске түсіріп, нақтылап бекітіп алу;
- б) сызықшаны үтірден ажырата білуге жаттығу; ол үшін екеуінің қойылу себебін білу – басты мәселе екенін түсіну.

Кейде оқушылар мұғалім дауысының интонациясына қарап немесе бір тыныс белгісі қажет болып тұрғанын өздерінше байқағанымен, ажырата алмағандықтан, жазу барысында үтір қоятындығы кездеседі. Осыған орай, сызықшаның өзіне тән дауыс ырғағы, қойылу себебі бар екенін айқындап алу сабақтың басты мақсаты болмақ.

Сабақ мұғалімнің қысқа кіріспесінен басталады. Ол үшін тақтада жазулы тұрған мына сөйлемдерді көшіріп, тыныс белгісін қойып алған жөн.

Қасына Тәкежан, Ғабитхан, Дархан, Жұмағұл ерді	Абай - өз заманының жаршысы.
Абай тақап келгенде, үй иесі шыққан еді. (М. Әуезов.)	Ішінде отырған Мәкіш, Салтанат, Ербол – үшеуі Абайға қуана ұмтылысты. (М. Әуезов.)
1- сөйлем – бірыңғай мүшелі жай сөйлем, санамалау интонациясымен айтылып, ой иелерін даралап көрсетіп тұр, сондықтан үтір қойылады. 2-сөйлем - құрмалас, себебі мұнда екі түрлі шындық беріліп тұр, сол себепті үтір қажет. Бұл жерде сызықша мен үтірдің салыстырып олар оқылудағы интонациялық ерекшеліктерін анықтайды.	1-сөйлемде бастауыш та, баяндауыш та зат есім. III жақта тұр, сондықтан дауыс ырғағы ерекшеленуші даралаушы, түсіндіруші мәнде. 2-сөйлемде жалпылауыш сөзге байланысты қойылып тұр. Бұл жинақтау мәнін білдіреді.

Осылай сызықшаға назар аударып алған соң, сабақтың мақсатын айқындап, хабарлама жасайтын оқушыларға сөз беріледі. Хабарлама тақырыптары:

1. Сызықша – тыныс белгісі.
2. Бастауыштан кейін қойылатын сызықша.
3. Жалпылауыш сөзге байланысты қойылатын сызықша.
4. Оңашаланған айқындауышқа қай кезде сызықша қойылады?

Хабарлама жасау уақыты – 8-10 минут, қойылатын сұрақтар және оларға жауап беру – 3-4 минут, хабарламаны талқылау – 10-15, қорытындылау – 3-5 минут.

Әр хабарламашыға оппонент белгіленеді және пікір айтушылар олардың пікіріне де баға береді. Бұл жағы сабаққа тапсырма беру кезінде ескертіледі. Мұндай жағдайлар оқушыларды байқампаздыққа, тыңдап түсінуге, оны саралай білуге үйретеді.

Мұғалім хабарлама жасайтын оқушыларға талданып отырған мәселе бойынша мысалдарды өздері іздеп табуын да ескерткені және оны қандай әдебиеттерден алуға болатынына бағыт бергені де жөн болады. Мысалы:

1-оқушы. Оқулықтағы "Сызықша" туралы берілген анықтама көлемінде хабарлама жасап, оның сөйлем құрамында белгілі сөзді, сөйлем мүшесін, сөйлем мен сөйлемнің арасын даралап бөліп көрсету және жинақтап, тұжырымдап айту мақсатын көздейтінін айтып, әрқайсысына мысал келтіріп түсіндіреді. Оны кесте түрінде берсе, тіпті жақсы. Бұдан соң оқулықта берілген жаттығуды оқып талдағанын, оның қай жеріне, не себепті сызықша қоюға болатынын айтады. Оқушылар хабарламашының түсіндіруі бойынша бірнеше сөлемді жазып алады.

2-оқушы. Бастауыштан кейін нақты қандай жағдайда сызықша қойылатынына қысқа тоқталады. Жаттығудан сызықша қойылатын сөйлемдерді ә ережеге мысал ретінде теріп жазуларына болады.

3-оқушы. Жалпылауыш сөздердің қай сөз табынан жасалып, қандай дауыс ырғағымен айтылатынын, оның бірыңғай мүшеден бұрын тұғандағысымен салыстырып, дауыс ырғағындағы, мағынасындағы айырмашылықты ашып, сызықша қою қажеттілігін дәлелдейді. Өз дәлелдеріне жаттығудағы мысалдарды талдап, оған басқа оқушыларды да қатыстыра отырып, ішінен бірнеше сөйлемді жазып талдатады.

4-оқушы. Сызықшаның енді оңашаланған айқындауышқа да байланысты қойылатыны туралы айтады. Өзі дайындап келген мысалдарын оқушыларға түсіндіріп, тақтаға жазып дәлелдейді.

Сұрақ әр хабарламадан кейін қойылады және талданады. Пікірді барлық хабарламадан кейін айтқан дұрыс, себебі уақыттан ұтылып қалуға болады.

Мұғалім енді сызықшаның жазу тіліне аса қажет белгі екенін, оны дұрыс қоя білу ойды дұрыс жеткізудің бір шарты екенін айтады. Содан кейін жаттығулар жүргізеді. Мысалы, үзіндінің мәнін ашуға болады.

1. "Абай – өз заманының жыршысы" дейді автор. Оны қалай түсінесің?

2. Данышпандық пен кемеңгерлікті түсініп, білу үшін не қажет?

3. Кемеңгерлікті танудағы Конфуций пікірін қалай түсінесің?

4. Абай неге кемеңгерлікке жетудің қиын жолын қалады деп есептейді автор?

5. "Абайды қаншалықты деңгейде білемін?" деген мәселе

төңірегінде ойланып көрдің бе?

Осы сұрақтарға жауап алынған соң, сабақ қорытылып бағаланады.

Сызықшаға байланысты келесі сабақты тәжірибелік сабақ етіп өткізуге болады.

Сабақтың тақырыбы:Сызықша қойылатын орындар

Сабақтың мақсаты:

1. *Білімділік:* оқушылардың сызықша қою жөніндегі дағдыларын жетілдіре түсу, мақал-мәтел қорларын толықтыру, мақал-мәтелдер мен билер сөзінің арасындағы үндестікті байқату.

2. *Тәрбиелік:* мақал-мәтелдер мен билер сөзінің идеясы бірлік, ынтымақ екендігі, оның ел бірлігін сақтауда, қорғануда қаншалықты қажет екені туралы айтылған қазақ тарихындағы көрнекті билердің, хандардың сөздерінің өміршеңдігі туралы; билер сөзінің мақал-мәтелдермен мағыналық үндестігі, айтылу мәнері, сөйлем құрылысындағы ұқсастық туралы түсінік беру.

Сабақтың түрі: Тәжірибелік сабақ.

Сабақтың көрнекілігі: Кестелер, қазақ би-шешендері мен хандарының портреттері, мәтіндер.

Сабақтың барысы. *Ұйымдастыру кезеңі.*

Үй тапсырмасын тексеру.

1. Ж
аттығу ауызша тексеріледі.

2. Өткен сабақта сызықша қойылатын орындардың қайсысы талданғандығы еске түсіріледі. Құрмаласқа және төл сөзге байланысты сызықша қою оқушылар үшін жаңалық емес, сондықтан бұл мәселені "Сөйлемді ықшамдап қолдануға байланысты қойылатын сызықша" тақырыбына енгізуге де болады. Тек ауызша еске түсіріп, кестеге, тақтаға жазылған сөйлемдерді көрсетіп кеткен артық емес.

Тарс еткен мылтық даусы естілді – Қозыкүреңге оқ дарымады. (Қ. Жұмаділов.)	→	Жалғаулығы түсіріліп айтылған қарсылықты салалас. Оқиға тез өткенін де білдіреді, сондықтан сызықша қойылады.
Оттың жарығына сағатын тосты – он болып қалған екен. (Қ. Жұмаділов.)	→	Бір мезгілде шұғыл өткен істі білдіретін ыңғайлас салалас.
Ақыл айтсаң - батыл айт. (Мақал.)	→	Ерекше мән бере айтылған шартты бағыныңқы сабақтас.

– Сөйтіп, ендігі жылы бірге оқимыз ба? – деді Рабиға күлімсіреп, онан соң ескерткендей, –*Байқа, сыныпта қалып қойып жүрме, – деді.*
(С.Мұратбеков.)

Сызықша төл сөз бен автор сөзінің арасына қойылады.

Келесі жаттығу жазбаша орындалады. "Де" етістігін түрлендіріп жазып, сызықшаның не үшін қойылғанын түсіндіреді.

Қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық тұрмысында билер сөзінің, билер кеңесінің үлкен маңызы бар. Мұғалім осы мәселе туралы қысқаша ғана айтып, мұндағы сөйлеу мәнеріне, сөйлеу әуеніне көңіл аудартады. Мұндай сөйлемдердің мазмұны өте терең, құрылысы жағынан ықшамды, сөйлем мүшелері түгел қатыспайды. Мағыналық олқылық көрінбейді, керісінше тұспалдау, нұсқау, сол арқылы ойға жетелеу мәні басым болады, сөзді үнемді қолданады. Бұл сөйлемді *ықшамдап қолдану* деп аталады. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел – шешендер мен билердің сөйлеу үлгісіне тән нәрсе. Бұлар ерекше әуезбен айтылады. Мұғалім осыны айтып түсіндірген соң, жаттығуды алдымен мәнерлеп, рөлге бөліп оқытады. Сызықша қойылып тұрған орындар табылып, сөйлем мағынасының әсері ашылады.

Бұдан әрі сөздік жұмысы жүргізіледі: *азуын айға білеу, құлақтың құрышын қандыру, итіне түсу тегеурін.*

Ж. Тұрлыбаевтың билер туралы әңгімесіне қатысты мынадай сұрақтар беру арқылы оның тақырыбы, идеясы туралы ой қозғауға болады.

1. Төле бидің сөзі не туралы? Ол нені тұспалдап отыр?
2. Қойайдар би әңгімені қалай дамытты?
3. "Дөме көп – дәрмен жоқ", – деп Тұяқ би нені айтып отыр?
4. Қаз дауысты Қазыбектің сөзінен қандай ой байқалады?
5. Бұл кеңес қандай мәселені қозғап отыр? Тақырып не туралы?
6. Үзінді шағын, идея терең, ол не туралы?
7. . Әңгіме бірлік, ынтымақ туралы екен. Бірлік болса ғана, жерді жаудан тазартуға болатыны айтылып отыр. Бірақ соны билер неге қарапайым түрде айтпайды? Қалай ойлайсындар?

Ендігі жерде үзіндінің стилі талданады. Үзіндідегі нақыл сөздер табылып, айтылған пікірлер қорытылады.

Жаттығулар орындатуға үйрету: 1. Сызықшаның бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылуы бойынша ең алдымен мынадай ережені түсіндіріледі:

Ереже: Бастауыш зат есімнен немесе заттанған (зат есімдік мәнге ие болған) басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғалы зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болғанда бастауыштан кейін сызықша қойылады.

Жаттығу. Берілген мәтін бойынша қажетті жерлерге сызықшаны қойып көшіріп жазыңыз.

Менің Отаным Тәуелсіз Қазақстан

Менің Отаным Тәуелсіз Қазақстан. Мен Қазақстан азаматымын. Ұлтым қазақ. Қазақстан әртүрлі ұлт өкілдері бейбіт тұрып жатқан ел.

Біздің жерімізде есепсіз байлық бар. Еліміздің ең басты байлығы кеңпейіл халқы және шетсіз-шексіз даласы.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі. Тәуелсіз Қазақстанның өз Ата Заңы бар. Біздің Мемлекеттік Елтаңбамыз, Туымыз және Әнұранымыз бар.

Әрбір азаматтың парызы Отанын қорғау, мемлекеттік тілін және мемлекеттік рәміздерін білу, құрметтеу. Мен Қазақстанда туғанмыды мақтаниш етемін.

2-жаттығу. Мәтіннен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшасы бар сөйлемдерді теріп жазыңыз.

Денсаулық – баға жетпес байлық

Денсаулық адам өміріндегі баға жетпейтін ең бағалы дүние. Өмірдің шымтығы мен қызығы денсаулыққа байланысты. «Денсаулық зор байлық», дейді қазақ. Денсаулықты сақтап, оны үнемі нығайтып отыру керек, дейді ғалымдар мен биологтар. Денсаулықты сақтаудың жолын үйрену әрбір адамның басты міндеті. Әркім өзінің денсаулығының нашарлануына өзі кінәлі. Ауруды азғаларға жолатпау адамдардың өз қолында. Денсаулықтың нашарлауына көңіл-күйдің де әсері зор.

Денсаулықты қалай сақтау керек? Аурудың алдын алу шараларына не жатады? Осы сұраққа жауап беру валеологияның міндеті. Валеология денсаулық және салауатты өмір сүру салты туралы ғылым.

3-жаттығу. Берілген қанатты сөздердегі сызықшаны тиісті орнына қойып, көшіріп жазыңыз.

1. Сабыр ақылдың серігі (Майлықожа сұлтанқожаұлы).
2. Ақыл жүректің суаты (Абай Құнанбаев).
3. Халықтық дәстүр асыл мұра (Б. Момышұлы).
4. Көркем сөз жанның сәулесі (Ғ. Мүсірепов).
5. Жол анасы тұяқ, сөз анасы құлақ, су анасы бұлақ (Сырым Датұлы).
6. Мінез жанның айнасы (Әбу Насыр Әл-Фраби).
7. Тәуелсіздік тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік (Ә. Кекілбайұлы).

4-жаттығу. Берілген сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібін реттей отырып, әр сөйлем ішінде келетін сызықшаны тиісті орнына қойып жазыңыз.

1. Ол, барлық, тізгінін, тұлға, ұстаған, өзгерістердің. 2. Қара, шаңырақ, қоғамына, дәстүрлі, қалатын, қазақ, атадан, мирас, балаға, болып, шаңырақ, әке, үйі, үлкен. 3. Қара, шаңыраққа, келіп, аруағына, құран, бағыштап, отыру, ата-баба, ұрпақ, парыз, үшін. 4. Халық, саны, кез, келген, елдің, дамуыны, факторы, аса, маңызды. 5. Онығ, аты, Мұхтар әуезов, секілді, Ұлы, жазушының, кішіпейілділік, бойынан, көрген. 6. Мемлекеттік, қызмет, атқару, ерекше, сенім, қоғам, мемлекет, берілген, тарапынан. 7. Күн, бейнесі, көшпелілер, үшін, нағыз, символы, өмір. 8. Мемлекет, қоғамның, саясатын, саяси, ұйым, жүзеге, асыратын.

2.8 Мәтін мазмұны мен сөйлемдегі ойға байланысты қолданылатын тыныс белгілерді оқыту

1) Көп нүкте (...) мағынаға байланысты қойылатын тыныс белгісі. Көп нүкте түрлі себептермен ойдың аяқталмай қалғандығын білдіреді. Атап айтқанда:

А) Бір нәрсе жөнінде айтайын деген пікір, ұмытылып қалғандықтан, оны үзілді-кесілді еске түсіруде көп нүкте қойылады. Мысалы:–Аға! Әлгі бір журналда жазылған жетім бала бар ғой... Жетімге... жетімді оқытып... оқытады... ақша беріп... деп... деген журналдан оқып ем, мені сонда ала кетсең қайтеді аға! (С. М.).

Ә) Айтылып келе жатқан кейбір пікірлерді айтыпжатудың артық екендігін білдіру үшін қойылады. Мысалы: Отын, су, пәтер... тегін беріледі (Ғ. Мұст.).

Кездейсоқ болған іске таңдануды, сүйсінуді, назалануды көрсетеді: Құлыным, Қайырлым... қайда жоғалып кеттің... – деп, әлсіз ғана шыққан, дауыс естіледі (Ғ. Мұст.). Аға, аға, осы сөздеріңізді жазып қалдырса да болғандай екен... (М. Ә.)

Б) Үзіндінің түгел алынбағандығын білдіреді. Мысалы: Сауатсыз елде социализм жасауға болмайды... – деген Лениннің сөзін Еркін айта келді де, әңгімесінің бетін екінші жаққа аударды (Ғ. Мұст.).

В) Көп нүкте кейде үш нүктеден артық көлемде бірнеше жол бойы да қойылады, бірақ ол қанша көлемде не себепті қалдырылғаны белгісіз, қара сөз бен өлеңдерде кездеседі. Мысалы:

Төсегінде жатса да ұйықтап,
Оған әркім хат әкелер.
Бұл не? Шақыру? Айтқандай-ақ,
Шақырыпты кешке үш жер.

Мысалдарды талдау арқылы жинақтап қорытады.

2) Қос нүкте сөйлем мүшелерінің грамматикалық және логикалық қарым-қатынасын білдіреді, ойдың жалпыдан жалқыға, жалқыдан жалпыға қатысын көрсетеді.

А) Қос нүктенің сөйлемдегі негізгі қызметі – сөйлем мүшелерінің арасындағы түрлі қарым-қатынастарды көрсету.

Ә) Жеке сөздерден кейін қойылған қос нүкте «былай дейді», «мынадай оқиға», «мынадай жаңалық болып жатыр» деген сияқты толып жатқан мағыналарды білдіреді. Мысалы: Ташкент: Кездесу, танысу («ЛЖ»). София: Бірлік және татулық («СК»). Нюрнберг: Қылмыс және жазалау («Спорт»).

3) Диалог емес төл сөз тырнақшаға алынады: Ол «Түйе-дей қыз беріп, түймедей ет жемедім» деп, реніш білдіріп отыр екен («Жұлдыз»). Киізі қырық жамау күркесіне келіп күркесінекеліп келіп: «Қайран менің өзүйім, Кең сарайдай боз үйім» деп керілгенде, Жиреншенің екі аяғы тізесіне шейін күркеден сыртқа шығып жатады екен деседі («Жұлдыз»). Мен өзге сөзге емес, «кұлынды қайтарам» дегенге қатты елеңдеймін (С. М. .

А) Біреудің айтқанынан жеке-жеке сөздер, сөйлемдер тырнақшамен жазылады: Белгілі өлшеуі, мөлшері жоқ бұл шығын анық қараңғы жолмен алатын жем болғандықтан, оның атын жұрт «қарашығын» дейтін («ҚӘ»).

Ау, Ақбала-ау! . Ақбалажан-ау, қарағым-ау! «Кел», «қатысып тұр» дегенім қайда? (Ә. Н.) Қамария балалары ешкімге ақысын сіңірмейтінін білген соң, бұларға «сөйлеме», «жүрме», «тұрма» деп ақыл айтуды қойдым (Б. М.).

Ә) Ұйым, фабрика, завод, машина маркасы, самолет т.б. қойылған аттар тырнақшаға алынады: Сарықопаның бойындағы «Ұшқын» артелінің қасына кеңсенің тұрақты үйлері биылғы көктемнен бастап қана салынып жатыр (С. М.). Ойнаушылар «Жас қазақ» ұйымының мүшелері еді (С. С). «Союз-4» кораблі «Союз-5» корабліне түйіскенге дейін, ғарышта екі тәулікке жуық уақыт болуына тура келді («ЛЖ»).

Б) Ойын, әдет-салт аттары тырнақшаға алынады: Үлкендер зор меженің бірі деп білетін өмір белі «ұрын бару» болса, Абай содан асты. (М. Ә.) Ұзақты сары күнін балапан куу, асық ойнаумен өткізген балалардың түнгі ермегі – «ақ сүйек», «соқыр теке», «бурақотан» сияқты ойындар (С. М.).

В) Пьеса, кино, музыкалық шығармалар, газет, журнал, кітап, шығарма, өлең, қаулы т.б. тырнақшаға алынады: Әлмағамбет «Тәңірі қосқан жар едің сен» деген өлеңіменен «Татьяна» назын толқытып жөнелді («Жұлдыз»). Күйеуі «Ертіс» кинотеатрының алдына кілт тоқтап, сағатына қарады («ЛЖ»). Аңқау Жүсіп «Бір махаббаттың сыры», «Қош бол», «Кездесу», «Жолдастар» сияқты бірнеше шағын пьесалар көрсетті («ЛЖ»). «Соғыс және бейбітшілік», «Тынық Дон» романдарын уақыт өткізу үшін оқымаймыз ғой («ҚӘ»). «Ескендір», «Кім жазықты?», «Абай», «Миллионер», «Капитан қызы», «Ана», эпостық шығармаларға жатады («ҚМ»).

Г) Нысан етіп алынған жеке сөйлемдер, сөздер не сөз тізбектері, әріптер, буындар тырнақшаға алынады: Көп-шілік бас шұлғып, құптап жүрген жайды «шындық» дей-міз бе? (М. Ә.) Бұл араның қазағы қысқы үйді «там» дейді екен. Солардан үлгі алған қазақтар жазып жүрген дәптерлерін «естелік» деп атайды (С. М.).

Д) Шығармалар ішінде алынған хаттар тырнақшамен ажыратылып жазылады: ... Бұл дәстүрдің қандай екенін мына бір күлкілі әңгімеден айқын түсіне аласыздар:

«Бір қазақтың бес ұлы болыпты. Олардың аты көл, қамыс, қасқыр, қой және пышақ екен. Бір күні келіні суға барса, көлдің ар жағында, қамыстың бер жағында қасқыр қойды жеп жатыр екен. Сонда келіні ауылға жүгіріп келіп: «Сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында, маңыраманы ұлыма жеп жатыр, тезірек жанығыш пен кескішті жеткізіндер»— депті. (Ы. Алтынсарин).

Е) Ал төл сөз диалог ретінде келсе, әр адамның сөзі тырнақшаға алынып жазылады, мысалы: «Одан да айт-қыңыз келмейді де»— деп, жәбірленген түр көрсеткен соң, «Әлі де неше рет кездесеміз», — деп, бұлтарып еді, оған Сюзанна: «кешіріңіз, мен бала емеспін, айтпайтын сыр

болса, қиналмаңыз, өз көзіңізбен көргеніңіз жөн болады да», – деп дәмелендіргісі келді (С. М.).

4) Драмалық шығармалар (автордың түсіндірмелері) жақшаға алынады: Нұрбала. Жанының тәттісін (Күледі). Қасен ағай өлгенше есінен қалмастай етіп қорқытқан екен. Қасен ағайдан Мырзалы бұрын келсе, қайтемін, келе берсін, қорқамын ба? (Мырзалы келеді, состиып аз тұрады, үйреткен сөзді бастайды) (Д. Е.).

А) Талас не күдікті пікірді көрсетіп, оқушының назарын соған аудару үшін, біреуден келтірілген үзіндінің ішіндегі жеке сөздерге не сөйлемге қойылатын леп, сұрау белгілері жақшаға алынады: Ақын поэманың арқау жібін босатып, ақау жіберіп ала береді, мысалы, «Өлімге күліп қарайды (?)».

Ә) Алынған мысал ішіндегі белгілі бір сөздерді не сөйлемдерді санамалап көрсету үшін қойылатын әріптер не цифрлар екі жағынан жақшаға алынады: Оқушыларды мәнерлілікке үйретудегі жұмыстың негізгі кейбір түрлері мынадай болуы керек: (1) оқығанда оларды ойлауға, сезінуге үйрету, (2) оқыған шығармаларындағы кейіпкерлерді есіне түсіре білуге әдеттендіру, (3) шығарманы жазушы авторға көзқарастарының дұрыс болып қалыптасуын қадағалау... («ҚМ»), (1) Буырқанған теңіз, (2) сылдырап аққан өзен, (3) сұлу қайың сыбдыры, (4) тоғайдағы бұлбұл үні тізбектеліп көз алдыңнан өтіп жатады («газет»).

5) Сөйлем басында жай дауыспен айтылған «иә», «жоқ», «жә», «кәне», «рас», «қап» сияқты сөздерден соң үтір қойылады: Иә, шет жағасын естіген едім (С. Қ.). Жоқ, мен білсем, дәл бүгін бізге мал соймай, кәрі кой-дың өлі егін асып отырған Қаражанның сарандығын найзаға шаншып жатқан болуы керек (М. Ә.). Жә, арқанның ұзыны, сөздің келтесі жақсы («ЛЖ»). Кәне, серкені бөліп, қойға қосыңдар (С. Б.). Қап, мына біреу бір жапырақ болған неменің қылып кеткенін-ай! (М. Ә.). Жақша ішіндегі бірыңғай мүшелер де үтірмен бөлінеді: Балаларды мәдениеттілікке кішкене күнінен бастап баулыған жақсы. Мысалы: баланы тазалыққа үйрету, ұқыптылыққа баулу (айталық, жатарда киімдеріңді іліп қой, ойыншықтарыңды жинап орнына қой, беті-қолыңды жуып жат, ойнағанда киімдеріңді былғама, таза сақта т.б. деген сияқты шаралар) арқылы ұқыптылық, әдептілік әдет болып, жас баланың бойына сіңе береді де, ол өскенде де әдепті, ұқыпты болады («Е.Қ»).

6. Сызықша – сөйлемнің мағыналық әрі грамматикалық жағын айқындаушы белгі. Мысалы: «Ревизор» – Гогольдің драматургиясының ең шыңы деген сөйлемдегі «Ревизор» деген сөзден соң айтуда дауыс үзілісін жасамай, жазуда ол сөзден кейін сызықша қоймай жазсақ, онда оқушы «ревизор» деген сөзді «Гоголь» деген сөздің анықтауышы ретінде қабылдап, сөйлемді басқа («Ревизор Гоголь деп) мағынада түсінуі мүмкін. Сол сияқты, «Бұл – насихатшының жақсы жұмысының нәтижесі» деген сөйлемде «бұл» деген сөзден соң сызықша қойып жазбасақ, «бұл» сөзі «насихатшы» сөзінің анықтауышы болып, екінші бір мағына береді. «Ұшқыш – батыр ұланым дегенде «ұшқыш» сөзінен кейінгі тұрған сызықшаны «батыр» деген сөзден соң қойсақ, не мүлде қоймасақ, сөйлемді екі жақты түсінуге тура келеді.

А) Бастауыш пен баяндауыш арасына қыстырма сөйлем түссе, онда ол жақшаға алынады да, бастауыштан кейін тұруға тиісті сызықша жақшаның екінші сыңарынан соң қойылады. Мысалы: Саудагерлердің біреуі (көздері ой-нақшыған сақалды бір мұжық)–жауынгерлердің қасына жақындады (Ә.Н.).

Сөйлемде айтылмай қалдырылып кеткен мүше орнына сызықша қойылады. Мысалы: Қіші пейілділік, әдептілік, сыпайылық, салмақтылық, – адам көркі («ҚӘ»). Қуаныш-қайғыға бірдей төзімділік, ашық ой, қажымас қайрат – ел ардақтысы (Ғ. Мұст.) Мына бір шәкірттім Қарағандыдан жазады – шахтер (М. И.).

2.9. Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуын оқыту

Әрбір тыныс белгісінің өзіне лайық қызметі бар, соған орай олардың да белгілі орындары болады. Сөйлемдегі сөздердің белгілі орны болса, тыныс белгілерінің де сөйлем ішінде тиісті орны бар. Олай болса, тыныс белгілерін қалай болса солай қабаттастырып қоя беруге болмайды. Сондықтан тыныс белгілерінің қабаттасып келетін орындары туралы мынаны білген жөн: 1. Бір сөйлемде кейде екі жақша да қабаттасып келеді. *Оның астындағы жараяу көк биесі, қолындағы тобылғы сапты бұзау тіс қамшысы, қызыл қайың сойылы, желқом сияқты («желқом» деп қапталында (бір нәрсенің жанын «қап-тал» дейді) қалың киізі бар тоқымсыз салынған ерді айтады) жыртылған киіз тоқымы, кішкентай ері, ұзын қайыс қанжығалары, жіңішке темір үзеңгісі, өрген жүгені, қара қыл шылбыры – бәрі бір-біріне үйлесімді еді.* (С. М.).

2. Кейде сызықша қойылуға тиісті жерге сұрау, леп белгісі, көп нүкте, нүкте, үтір қойылуға тиіс болса, сызықша да олармен бірге қабаттасып қойыла береді. Сызықша осы белгілерден соң ғана қойылады: 1) – *Мен демагогикадан аулақпын – деді Жомарт, – мүмкіндік зайыр көрініп тұр...* («ҚӘ»); 2) *Егоров маған:– Бізге қарай тез шегініңдер. Қоршауда қаласыңдар, – деді (Ә. Ә.);* 3) *Мұндағы әрбір өлеңде де, әңгімелерде де – өнер-білімге шақыру, шыншыл болуға үндеу («Өтірікші»), жетім-жесірлерді, нашарларды аяу («Жетім бала», «Жетімнің өлеңі» т.б.), қайырымсыз, қатыгез байларды әшкерелеу («Арыстан мен тышқан»)– сол шығармалар-дың негізгі идеялық ой түйіні, басты арқауы болып отырады («СК»);* 4) *Түлкі айтты (іліп ала), – «өй, сұлтаным:*

Кеше еді сізден жаман ауырғаным.

Қасқырдың артқы аяғы сіңірін жеп,

Жазылды сәлемат боп газиз тәнім (С. Д.); 5) *Сенде қандай күйік болушы еді?– деп, Мәкіш Абайға кінәлай да, сынап да қарады (М. Ә.);* 6) *Сені ұялтып, соған мен семіреді деген бақал өсекті қашан қоясыңдар, осы түге!?!– деп Қаражан мен Әзімбайға да суық қарады (М. Ә.);* 7) *Солай ма?– деді ол. – Солай ма!?! Саған әлде жал біте бастады ма? (С. Қ.);* 8) *Сабыр, отагасы, сабыр. Жыламайшы балаңай!. . – деп, екеуінің үстіне түсті (Ғ. Мұст.).*

Тырнақша сұрау белгісімен, нүктемен, леп белгісімен, көп нүктемен, үтірмен қабаттасып қолданыла береді. Ал сызықша төл сөзге қатысты болмаса, тырнақша сыртына қойылады. Мысалы: *Оның қарамағында «нағыз» анатом үшін «қажетті нәрселердің бірі»– диплом, үй, инструменттер, шамадан тыс талаптар жеткілікті болған («ЕҚ»).* Жеке сөздер бірыңғай мағынада әрқайсысы тырнақшаға алынып жазылса, бүтін сөйлемнің, құрылысына қарай басқа тыныс белгілері тырнақшадан соң қойылады. Мысалы: *Жиналғандардың бәрі, «даңқы арта берсін», «даңқы арта берсін!», «даңқы арта берсін!»– деп, үш рет қайталады («ЕҚ»).*

3. Тырнақша алдына қойылған сұрау, леп, я көп нүкте, қос нүкте сияқты тыныс белгілері тырнақшаның жабылатын екінші сыңары соңынан қойылмайды, тырнақшаның алдыңғы сыңарының алдынан ғана қойылады. Мысалы: *«Сен әрі суық, әрі қатты. мұқтаждық көрген кезімізде туып едің», – деуші еді («ЕҚ»).*

4. Сөйлем мен сөйлемнің, не сөйлем мүшелерінің арасында жақша тұрса үтір ол жерге қойылмайды, ол жақшаның екінші сыңарының сыртынан қойылады. Мысалы:

Ғимади ағайыңыз алма ағашы химиялық тыңайтқышсыз-ақ өсуге тиісті деп ойлайды (бұрын өсуші еді ғой), екеуі тағы да айқайласып қалады, мәселені басқарма мәжілісінің шешуіне қалдырады («Татар әңгімелерінен»).

5. Нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүктелер жақшаның алдыңғы сыңары алдынан қойыла береді: 1) **Қанікей.** *Мес, жоғалт мынаның көзін...* (Мес тез жүретін адам еді); 2) *Галя. Міне қызық.* (Қолына ұстап тұрған бұйрықтың көшірмесіне қарайды). *Шынымен-ақ кадр бөліміне апарып беремін бе? («ЛЖ»)*

6. Жақша ішінде тырнақшаға алынған лепті, сұраулы, хабарлы сөйлем болады. Егер ол сөйлем лепті болса, леп белгісі тырнақшаның соңғы сыңарынан бұрын қойылады, мұндай жағдайда сұраулы сөйлемнің тыныс белгісінде осылай қойылады. Мысалы: *Мұрат немістердің кейпін, тұлғасын анықтап байқай алмады («ол жұрттың қимыл, тұлғасын керемет аңдағыш!») (Т. А.).*

7. Үтір мен тырнақша да қабаттасып келе береді. Мысалы: *«Жалғыз кенжесі өсіп, қара табан боп, адам бола бастаған Дәркембай тіпті қайта жасарғандай болды» (М. Ә.).*

Эллипсисті бағыныңқы сөйлемдерден соң, үтір қабаттастырылып қойылмайды. Мысалы: *Ертең... жақсылық боп... соғыс жеңіспен бітіп... Дәулет аман келіп... жарқырап күліп келудің орнына... томпайып жатқан қабырларды құшақтап, . . көз жасын көл қылғанда не бол-ды!. . (С. М.)*

Сондай-ақ оқушыларға тыныс белгілердің мынадай ерекшеліктері де үйретіледі. Мысалы: 1. Үтір кейде салалас құрмалас сөйлемде нүктенің орнына қолданылады: Күннің қызыл шұнақ аяз екенін де сезбесе керек, құлақшынының бауы байлаусыз, дөңгелек келген етті сарғыш беті нарғтай (Ғ. М.).

2. Салалас құрмалас сөйлемдегі әр жай сөйлемде сұраулық мағына

болса, сұраулық мағынасы бар әр жай сөйлемнен кейін сұрау белгісінің орнына үтір қойылып, сұрау белгісі сұраулық мағынасы бар соңғы сөйлемнен соң қойылады. Мысалы: *Аяқ-қолың аман ба, тамағың тоқ па, киім-кешегің бүтін бе, қолғап тоқып берейін бе?*—деп сұрады («ҚӘ»).

3. Үтір кейде оңашаланған мүшені бөлуде сызықшаның орнына қолданылады: а) *Жақын жерде, жолдың сол жағында – көгалды бұлақ басында, жеті-сегіз үйлі қоңырқай ауыл отыр екен* («ҚӘ»).

4. Үтір кейде жалпылауыш сөйлемнен кейін санамалап айтылған бірыңғай сөйлемдерден кейін және күрделі бірыңғай мүшені бөліп көрсетуде нүктелі үтірдің орнына қойылады. Мысалы: *Мына төмендегі шарттардың орындалуын қамтамасыз етуші жастар комбайн агрегаттары, автомашина жүргізушілер, транспорт бригадалары социалистік жарыста озған болып есептелсін: а) комбайнның, машиналардың жұмысын сағаттық график бойынша ұйымдастыру, ә) машиналарға ұқыпты қарау және техникалық күту ісін инструкцияда көрсетілген мерзімде жүргізіп отыру, б) әрбір жастар агрегаттарының, автомашина жүргізушілердің, транспорт бригадалары мүшелерінің сменалық және маусымдық тапсырмаларды орындауын қамтамасыз ету* («ЛЖ»). *Менің киімдерім – басымда қызыл шұбар сисамен тыстаған елтірі бөрік, ішімде кенеп көйлек-дамбал, сыртымда қолдан тоқылған шекпенмен тыстаған жабағысы ескі күні, аяғымда жылқы терісінен илеген қайыстан тіккен етік* (С. М.).

Сызықша кейде оңашаланған мүшені бөлуде жақшаның орнына қолданылады. Мысалы: *Орта Азияның патшалық дәуірде езілген халықтары – түрікмен, қарақалпақ, өзбек, қазақ, тәжік, қырғыз – бәрі де революцияға дейінгі дәуірде гасырлар бойы су тапшылығын, қуаңшылық азабын кімнен болса да көп көрді* («СК»).

6. Сызықша кейде оңашаланған мүшені бөлуде қос нүкте орнына да қолданылады. Мысалы: *Гогольді орыс драматургиясы мен театрының тарихында зор роль атқаратын, көлемді, жалпыға мәлім комедиялары—«Үйлену» және «Ревизор» комедиялары болып табылады.*

7. Нүктелі үтір кейде баяндауыштары бір тұлғада келген сөйлемдер арасында нүктенің орнына жүреді. Мысалы:

1) *Соны айтып жаздың күні масатыдай,
Айырды жерге жанша басатындай;
Кернетіп кең даламен керуенін,*

*Асқардан асу бермес асатындай;
Сүрлеуден ұлы даңғыл арна салса,
Ертіспен қатар ол да тасатындай* (Ж. Т.).

2) *Ауыр аптап ыстық ауа мүлгіп тұр; ыстық өтіп күнсіген бетін ынтыға самал іздегендей, бірақ жел лебі білінер емес; қарауытқан көкшіл аспаннан төгілген күн нұры күйдіріп барады; өзеннің арғы бетінде, қарсы*

алдымыздан сарғайып көлбеп, сұлы егістігі жатыр; әр жеріне аралас жусан шығыпты; бір де бір масағы селт етсейші (С. Т.).

8. Бір сөйлемде әрі лептік, әрі сұраулық мағына болса, сұрау белгісі мен леп белгісі қабат қойылады. Сөйлемнің сұраулық мағынасы басым болса, онда әуелі сұрау белгісі қойылады. Егер сөйлемде лептік мағына басым болса, алдымен леп белгісі, одан соң сұрау белгісі қойылады. Мысалы: 1) *Жайлаубай әдетінше сақалын тарамдай, жай ғана қайырды жауапты: – Неге сасам?! Осынау жұрт не болса, мен сол болам. («Ә. және И. »).* 2) *Бүгін оның аузынан Мағрипа не естімек!?* (М. Ә.).

Мысалдар келтірейік:

1. Қаратпа және қыстырма сөздердің тыныс белгісін оқыту. Сөйлем құрамында кездесетін қаратпа мен қыстырма сөздердің белгісі бар, ол – сөйлем мүшесі бола алмаулары. Ал мағына жағынан екеуі екі басқа нәрсе. Бұл тақырыптарды өткенде де, ең алдымен мағынаны, мағыналық бөлікті таба білу керек.

Оқулықта рет бойынша "қаратпа сөз" тақырыбы бұрын өтіледі де, араға оңашаланған айқындауышты салып қыстырма сөздер кейін берілген. Мұнда да егер мұғалімнің сағаты (мүмкін, басқа тақырыптардан үнемдеп, ол оқушылардың білу дәрежесіне де байланысты) жеткілікті болса, қаратпа сөздің өзін жеке сабақ өту нәтижелі болмақ. Бұл жерде оқушыға ерекше түсіндіретін нәрсе – қаратпа сөздің мағынасы, оның қолданылу себебі. "Біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданылатын сөзді қаратпа сөз дейміз" деген анықтаманы оқушы игерген. Сондықтан сабақта осы "назарын аудару" деген тіркесінің мәні түсіндіріледі. Ол үшін диалогты мәтін талданады. Мысалы, "Үзілісте" атты диалогтен мынандай сөйлемдерді тақтаға, дәптерлеріне жазады.

- Асқар, сен математикадан тапсырманы орындадың ба?
- Айгүл, кітабыңды бере тұршы?
- Балалар, мұғалім келе жатыр.

Осындағы асты сызылған сөздер не үшін қолданылып тұр? Соның мағынасын ашып алу керек. Оқушы жетекші сұрақтар арқылы Асқарды, Айгүлді өзіне қаратып алу үшін айтқанын айтады, ал қаратып алу – тыңдату үшін қажет, сондықтан қаратпа сөз көбінесе кісі аттарынан, адамға қатысты сөздерден (есімді атаулардан) болатындығы. Жазуда бұл үтірмен ажыратылатындығы және қаратпа сөздің сөйлем ішінде үш түрлі орында тұратындығы (сөйлемнің басында, сөйлемнің ортасында, сөйлемнің соңында) үйретіледі.

Сөйлеуші ауызекі сөйлеуде екінші адамның назарын дыбыспен немесе қимылмен өзіне аударып алады. Мұнда, әрине, белгілі пауза болады, жазуда оны үтірмен белгілейміз. Ендеше оқушыға қаратпа сөздің басты белгісі тыңдаушы назарын аудару екенін түсіндіру аса қажет, назарын аудару-тыңдату деген сөз. Бұдан соң, әрине, қаратпа сөздің поэзияда т.б. нақты (жеке) тыңдаушыға емес, көпшілікке, жансыз заттарға да қаратылып айтылатыны мысалдармен көрсетіледі.

<p>– Апа, екеуіне де жақсы қып тұрып сый беріп аттандыршы! – деді. (М. Әуезов.)</p> <p>Тарихымды жазудамын бүгін мен Бабаларым, сенің Ана тіліңмен!</p> <p>Таулар, таулар, тауларым, тауларым-ай! Сағынысып қаппыз ғой, тарланым-ай! (М. Мақатаев.)</p>	<p>Қаратпа сөз назар аудару үшін айтылып тұр.</p> <p>Бұл мысалдарда арнау мәні бар, назар аударту, қарату жоқ.</p>
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Қаратпа сөзге байланысты бір ескертетін жайт: грамма-тикалардың, әдістемелердің көпшілігінде "қаратпа сөз атау тұлғалы зат есімнен жасалады" деген ереже. Бұл жерде сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасын шатастыру бар. Атау септік (атау тұлға) – тек грамматикалық мағына, оның грамматикалық мағынасы– сөйлемдегі ойдың кім туралы, не туралы екендігі, яғни бастауыш. Атау септігінде тек бастауыш қана тұрады, себебі ол – сөйлемдегі ойдың иесі. Ал қаратпа сөз сөйлем мүшесі бола алмайды. Қаратпа сөздің грамматикалық мағынасы – біреудің назарын аудару, кімге қаратылып айтылатындығын білдірмек.

Қаратпа сөзге байланысты оқулықта жаттығу жеткілікті әрі оларды тіл ұстарту үшін де пайдалануға болады, мағынасын ашып көрсетуге қажетті сөздер алынған. Мәтіндерді дауыстап, рөлмен оқытқан дұрыс, қаратпа сөздері бар сөйлемдерді теріп алып жазғызса болады. Сондай-ақ қажетті сөздер және тақырыптар бойынша ой толғауға, әңгіме т.б. жазуға болады. Жалпы, осы тақырыптардың бәрі де оқушылардың өздерінің шығармашылық жұмыстары арқылы бекітілгенде тиімді болмақ. Соңынан мынадай анықтамалармен қарастырылады:

1. Қыстырма сөз де, қаратпа сияқты, сөйлем мүшесі бола алмайды, себебі ол сөйлемдегі ойға айтушының өз көзқарасын білдіреді. Оларды алып тастағаннан сөйлемнің грамматикалық құрылысы өзгермейді. Мысалы: *Абырой болғанда, Нұрбек орнында екен* деген сөйлемдегі Абырой болғанда есімді айтушының өз көзқарасы, ризашылығы, көңілі орнына түскен сезімі. білдіретін бөлік. Ал *Нұрбек орнында екен* деген сөйлем, хабар. Қыстырмасыз-ақ айтуға болады, ойға нұқсан келмейді.

2. Сөйлем ішіндегі орны ұқсас: қыстырма сөз де сөйлемнің басында, ортасында, соңында келе береді; құрамына қарай жеке сөзден де, сөз тіркесінен де жасалады (сөйлем түрінде келетіндері де бар, оның тыныс белгісі басқа).

3. Қыстырма сөз айтушының көзқарасын білдіреді, ендеше осыған байланысты ол бірнеше топқа бөлінеді. Бұл жөнінде оқушы біледі, мұны тек қаратпамен салыстыру үшін жаттығуды орындау барысында айтқан жөн. Ал қаратпа сөз мұндай көп мағыналық топқа бөлінбейді. Оқулықта қаратпа сөз бен қыстырма сөзді салыстыра отырып орындауға арналған жаттығулар орындаттырылады.

2. Жалпылауыш сөздердің тыныс белгілерін көрнекілікпен өту. Жалпылауыш сөздер және оның тыныс белгілері туралы түсіндіргенде, жалпылауыш сөздер жайлы айта келіп, оның тыныс белгілерін көрнекті құрал арқылы көрсетіп, оқушылардың көзін жетілдіреміз. Оған мынадай көрнекті құрал пайдаланылды:

1-Кесте

Жалпылауыш сөздердің тыныс белгілері:

Қойылатын тыныс белгілері: **:(қос нүкте), – (сызықша)**

Тың өлкесіне қарайтын облыстар мыналар: Целиноград
Петропавл,
Жалпылауыш _____ Көкшетау,
Сөз бұрын _____ Павлодар.

Айжамал,
Нұржамал,
Серік
Берік - **бәрі** бір сыныпта оқиды.

Жалпылауыш _____

сөзден кейін Мына өзендер: Обь,

Жалпылауыш сөз алдында _____ Енисей,
Лена - **Солтүстік Мұзды**
мұхитына құяды.

Бұл кестені көрсету, түсіндіру арқылы оқушыларға мынаны ұқтырамыз:

1. Жалпылауыш сөздерге қойылатын тыныс белгілер. 2. Жалпылауыш сөздер және оның орны. 3. Жалпылауыш сөздердің орнының ауысуына қарай тыныс белгілерінің қойылуы. 4. Бірыңғай мүшелерді еске түсіру.

Міне, бір кесте арқылы оқушыларға қанша нәрсе білділдіреміз және олардың бәрін өз көз алдында көріп ұғатын болады. Бұл кестені көрсете отырып, жалпылауыш сөздерге екі тыныс белгі – қос нүкте мен сызықша қойылатынын атап өтеміз. Жалпылауыш сөздерге қойылатын екі тыныс белгі атап өтілгеннен кейін, оқушыларға сұрау қойылады.

–« Қос нүктенің, сызықшаның бұдан басқа қойылатын жері бар ма?

– Бар.

– Қос нүкте қандай жерге қойылады?

– Автор сөзінен кейін төл сез келсе, төл сөздің алдынан қос нүкте қойылады.

– Сызықша қандай жерге қойылады?

– Бастауыш пен баяндауыш атау тұлғалы есім сөздерден болып келсе, бастауыштан кейін сызықша қойылады. т.б. Бұл біріншіден, барлық оқушылардың назарын сабаққа аударады. Екіншіден әрбір оқушыны

ойландырып, жауап беруге ынталандырады. Үшіншіден, жаңа сабақпен байланыстырылады. Одан әрі қарай кестедегі үш сөйлемді үш оқушыға оқыттырамын да, жалпылауыш сөз бен бірыңғай мүшелерді таптырамын. Төртінші бір оқушыға жалпылауыш сөздердің тұрған орнын айттырамын. Ол ретімен айтып шығады. Ең соңында сабақ былай қорытылады, ереже жасалады.

«Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден кейін тұрса, жалпылауыш сөздің алдына сызықша қойылады. Үшінші сөйлем мұғалімнің басшылығымен оқып беріледі де, оның құрылысының алдыңғы екі сөйлемнен өзгешерек екені айтылады. Мұнда бірыңғай мүше сөйлемнің басында келгені, ал бірыңғай мүшелерден кейін сөйлемнің басқа мүшелері келгені айтылады. Мұндай жағдайда, әдеттегідей, жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылатыны, бірақ бірыңғай мүшелерден кейін сөйлемнің басқа мүшелері келгендіктен, бірыңғай мүшелерден кейін сызықша қойылатыны түсіндіріледі.

Оқушылардың тиянақты білім алуындағы ерекше бір жұмыс оқушылардың ұғымын байқау болып табылады. Мұны да әр түрлі әдістермен жүргізуге болады. Мысалы: Тыныс белгілері арқылы төл сөздің берілуі:

Ереже: Егер біреудің сөзін сөйлеуші бұлжытпай, ешқандай өзгеріс жасамай, үтір, нүктесіне дейін солай қолданса, ол төл сөз болады. Сөйлеушінің сөзін басқаға жеткізіп, түсіндіріп беретін сөзді автор сөз дейді.

1. Егер төл сөз автор сөзінен бұрын айтылса, ол бас әріппен басталып, тырнақшаға алынады да, соңынан тырнақша жабылып жазылады.

2. Егер төл сөз автор сөзінен соң айтылса, автор сөзі бас әріптен басталып, соңынан қос нүкте қойылады да, төл сөз тырнақшаға алынып, бас әріппен жазылады.

3. Егер төл сөз автор сөзінің ортасына келсе, төл сөздің алдынан келген автор сөзі бас әріппен басталып, сол бөліктің соңынан қос нүкте қойылады да, төл сөз бас әріппен басталып, тырнақшаға алынып жазылады және төл сөзден кейін үтір мен сызықша қойылып, автор сөзінің сол бөлігі кіші әріппен жазылады. Бұл ереже жаттығулар арқылы дәлелденеді.

Мысалы, тұрлаулы мүшелерді тауып, олардың тыныс белгілерін қойыңыздар.

1. Басты міндеттердің бірі - қолда бардың бәрін, елімізде өндірілгеннің бәрін ұқыпты, ұтымды пайдалану т.б.

2.10. Пунктуацияны игертудегі ойын элементтерін қолдану

1. Қазақ тілі кеші оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін мектепте әр алуан жұмыстар жүргізіледі. Сол жұмыстардың бірі – сыныптан тыс жұмыстар. Оқушылармен сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың да алуан түрі бар. Солардың бірі мектепте оқушылармен түрлі тақырыптарда өткізілетін кештер болып табылады. Әдетте, мектепте өткізілетін кештер әдеби кештер болып саналады. Онда белгілі бір ақын-

жазушылардың өмірі не таңдаулы шығармаларының бірінің көлемі негізінде соларға арнайы өткізіледі. Көптеген мектептерде әдебиет кешін өткізу дәстүрге айналған. Мұның оқушылардың әдебиет сабағынан тиянақты да сапалы білім алуына және тіл байлығының артуына, әдеби кітаптарды өздігінен көп оқып, білім көлемінің одан әрі дамуына үлкен септігінің тиетіні сөзсіз. Кешті тіл сабағына байланысты өткізуге болады.

Қазақ тілі материалдарын оқушыларға саналы меңгерту үшін көптеген мұғалімдер сыныптық сабаққа сүйенеді. Бір ғана сыныптық сабаққа сүйену жеткіліксіз. Қазақ тілі материалдарын оқушыларға саналы меңгертудің сыныптық сабақтан басқа түрлі әдіс-тәсілдері бар. Олар мыналар:

1. Сыныптан тыс уақыттарда оқушылармен грамматикалық ойындар өткізу.

2. Қазақ тілі материалдары бойынша сұрауға жауап ұйымдастыру.

3. Қазақ тілі үйірмесін жүргізіп отыру.

4. Қазақ тілі кешін өткізу.

Мектепте оқушылармен қазақ тілі кешін өткізу—аса маңызды іс. Қазақ тілі кешін өткізу арқылы оқушылардың қазақ тілінен алған білімін одан әрі дамытып, шыңдай түсеміз. Мысалы, қазақ тілі кешін өткізуде мынадай мақсат нысана етіледі.

1. Сөйлем мүшелерін оқушыларға жете меңгерту.

2. Сөйлем мүшелерін өз міндеттерін айтқыза отырып оқушыларды еркін сөйлей алуға баулу.

3. Оқушыларға жиналыстың өткізу тәртібін, басқаруын, жарыс сөзге шығып сөйлеу тәртібін білдіру.

4. Оқушылардың өздігінен жұмыс істей алуы мен грамматикалық категорияларды өз бетінше пайымдап түсінуіне жөн сілтеу.

Қазақ тілі кешін өткізуге дайындық жұмысы үйірме арқылы оқушылардың өздеріне сабақтан бос уақытында жиналып, жиын өткізу ретінде де қосымша сабақ ретінде де жүргізіледі.

Қазақ тілі кешін өткізуге арналған материалдар мұғалімнің басшылығымен оқулықтан, әдеби кітаптардан, газет, журналдардан жиналып іріктелді де, олар әрбір оқушы өзі жадынан шығарып сөйлеп тұрғандай етіп айтып беру тапсырылмақ. Оны жүргізу, басшылық жасау оқушылардың өздеріне беріледі. Бұл жерде мұғалім тек бақылаушы ретінде ғана қатысып отырады. Бұл жұмыстардың бәрі әбден кемеліне келіп игерілгенге дейін жүргізіледі де, ең ақырында оқушылардың өздерінің ұсынысы бойынша кеш өткізілді. Қатысқандар – 6-8 сынып оқушылары. Мысалы, Махамбет атындағы мектепте өткізілген кештің мазмұнын келтірейік. Сөйлем мүшелері міндеттерін атқаратын оқушылар тізімі бекітілген:

Сөйлем мүшелері өз міндеттерін қалай атқарып келеді

1. Басқарушы – Исаханова – 8-сыныптан.

2. Бастауыш – Бертебаев – 8-сыныптан.

3. Баяндауыш – Бейсенова – 7-сыныптан.
4. Пысықтауыш – Бәкіров– 7-сыныптан.
5. Толықтауыш – Ережепова – 7-сыныптан.
6. Анықтауыш – Өтегенова – 8-сыныптан.
7. Шылау–Шалқарбаева– 8- сыныптан.
8. Қаратпа сөз – Әбубәкірова – 8- сыныптан.
9. Қыстырма сөз – Исаев– 6- сыныптан.
10. Сан есім– Мырзабаева – 6-сыныптан.
11. Одағай – Алдабекова – 6-сыныптан,
12. Сөйлем – Өтенова – 8-сыныптан.

Бұлар күн ілгері дайындалып қойған орындарына келіп отырғаннан кейін, жиын басқарушы тізім бойынша түгелдеп шығады. Әрине, тізім оқушылардың фамилиясы бойынша емес, грамматикалық атаулар бойынша шақырылады. Әрбір оқушылардың қолына грамматикалық атаулар байланған болады. Ол–көрермендер үшін кімнің кім екені белгілі болу үшін істелінеді. Жиынға қатысушылар түгелденіп болғаннан кейін, мәжіліс басталады.

Басқарушы: – Жолдастар, бүгінгі мәжілісімізді ашық деп жариялаймын. Мәжіліске қатысуға тиісті мәжіліс мүшелері түгел дерлік қатысып отыр: сондықтан мәжілістің ашылуына ешкімнің қарсылығы болмас деймін.

Мен сіздерге мәжіліске қатысып отырған кісілердің қай жерден келгендерін, олардың кім екенін таныстырып өтейін. Бұл мәжіліске грамматика кітабынан көптеген өкілдер қатысып отыр. Атап айтқанда, сөйлем мүшелерінің атынан бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш. Сөз таптары атынан сан есім мен шылау, сөйлем мүшелерімен грамматикалық байланысы жоқ оқшау сөздердің атынан қаратпа, қыстырма, одағай сөздер және сөйлем қатысып отыр. Мәжіліске шешуші дауыспен қатысып отырғандар – мәжілістің толық мүшесі бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш. Ал кеңесші дауыспен қатысып отырғандар – сан есім мен шылау, қаратпа, қыстырма, одағай сөздер және сөйлем. Жолдастар, мәжілістің күн тәртібінде қандай мәселе қаралатынын сіздерге мәжілістің басты мүшесі бастауыш хабарлайды. Енді бастауыштың сөзін байыппен тыңдаңыздар. Сөз бастауышқа берілді.

Бастауыш: – Жолдастар, біздер көп уақыттан бері қарай бірге қызмет істесіп, адам баласының игілігіне жұмсалып келе жатырмыз. Біз адам баласының игілігіне қалай жұмсалып, қандай қызмет атқарып келе жатқанымыз туралы есеп бермекшіміз. Сондықтан бүгінгі мәжілісте қаралатын мәселе біреу. Ол – осы мәжіліске қатысып отырған бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш және анықтауыштар өз міндетін қалай атқарып келеді деген мәселе.

Біздің бүгінгі бас қосудағы мақсатымыз – әркім өз міндетін қалай атқарып келе жатқандығы туралы біраз кеңесіп, келешек жұмысымызды бұдан әрі жандандыра түсудің шараларын белгілеу. Күн тәртібіне пікір айтып, қосып аларларыңыз бар ма? (бәрі: «**жоқ, жоқ**» дейді). Күн тәртібіне қосып аларларыңыз болмаса, мен сөйлем мүшесінің ең басты мүшесі бастауыш

болсам, әуелі мен өз жұмысым жөнінде қысқаша айтып өтейін. Әрине, мен алдын ала мойындауым керек, мойындаймын да. Сөз жоқ, мен сөйлемнің басты мүшесі бастауыш бола тұрсам да, сөйлем ішінде сәйлемнің басты мүшесі болып қызмет атқаруда менің кемшіліктерім болды. Болмады демеймін. Мен ірі-ірі қателіктерге де ұрындым. Бірақ қазір мен бұл қателіктерден мүлдем арылдым. Бұл қателіктерден арылуыма осы отырған жолдастардың қатаң сындары орасан жәрдем етті. Сынға кең жол ашып, өрістетуге керек, жолдастар!

Менің мойнымдағы жауапкершіліктің ұшан-теңіз екені бәріңізге мәлім. Сонда да менің келелі-келелі табыстарымның бар екенін ешкім жүрегі дау жоққа шығара қоймас деп ойлаймын. Мен, шынын айтқанда, сөйлемдегі ойдың иесімін. Менсіз сөйлем жүрексіз дене секілді. Жүрексіз мал да, адам да ешқандай өмір сүре алмайды. Сондай-ақ сөйлем де менсіз сіздерге түсінікті бола алмайды. Сондықтан сөйлем мүшелерінің ішінде бәрінен де менің жауапкершілігім күшті. Сөйлемдегі айтылып отырған ойға бір ғана мен жауап беремін. Сөйлемде кім? не? деп сұрай келгендердің бәрі атау тұлғада тұрған мені қиналмай бірден табады. Рас, кейбір жағдайда менін көзге түспей жасырынып қалатыным бар. Бірақ бұл менің салақтығымнан емес, сөйлем құрушы мына отырған сіздердің олақтықтарыңыздан.

Баяндауыш: – Жолдас бастауыш, сізге титтей ескерту жасауға болар ма екен?

Бастауыш: – әлбетте, әлбетте.

Баяндауыш: – жолдас бастауыш, сіздің бір пікіріңізге менің қосылғым келмейді.

Бастауыш: – жолдас баяндауыш, сіздің сөйлейтін түріңіз бар ғой. Мен бітейін де әуелі. Соңа соң сөз алып, сіз айтарсыз.

Баяндауыш: – жолдас бастауыш, сөзіңізді бөлгенге айып етпеңіз. Менің айтатыным бір-ақ ауыз ғана. Сіздің сөйлемдегі ой иесі екеніңізге менің таласым жоқ. Бірақ сіздің сөйлемдегі айтылған ойға менің бір басым ғана жауап бере алады деуіңіз артығырақ-ау деп ойлаймын. Сөйлемдегі айтылған ой иесінің яғни сіздің қимылыңызды, күй-жағдайыңызды білдіретін мына мен. Сіз жайлы білгілері келген жұрт бастауыш не істеді? не істеп жатыр? не болды? деп менен келіп сұрайды. Осы сіз «мен деп» кеудеңізді қаға сөйлеп даурығасыз. Осы даурықпалықты қалдыру керек қой деп ойлаймын.

Бастауыш: - Жоқ, мен олай деген жоқ шығармын. Сіз мүмкін, басқаша түсініп қалған шығарсыз. Өйткені осы отырған бәрімізге мәлім. Екеуміз де тұрлаулы мүшелер емеспіз бе?

Оған ренжісетін не бар. Осы кезде пысықтауыш қолын көтереді. Мәжілісті басқарушы пысықтауышқа сөз береді.

Пысықтауыш: – жолдас Бастауыш пен Баяндауыш, сіздер сөйлемнің ең негізгі тұрлаулы мүшесі екендеріңізге біздің дауымыз жоқ. Бірақ сіздер неге бөлектене сөйледіңіздер. Сіздер сөйлемнің мүшесі болсаңыздар мен де сөйлемнің бір мүшесі – Пысықтауышпын. Менен басқа сөйлемнің Толықтауышы, Анықтауыш деген мүшелері бар. Олай болса, сіздердің

бөлектене сөйлейтін орындарың жоқ. Өйткені сіздер бізсіз сөйлемдегі күрделі ойды қашан, қай жерде беріп едіңіздер!

Жолдас Баяндауыш, сені әсерлеп, көріктеп, пысықтап тұратын мына мен емеспін бе? Мен сіздің мағынаңызды суреттеп, айқындай түсемін. Сәнің менімен сәнді. Мені сен қай мезгілде, қандай мақсатпен, қай мекенге жұмсаңыз да, мен бара беремін. Сіздерге өзгенің де еңбегін тану керек емес пе?

Бұдан кейін Толықтауыш атып тұрады да:

– Жолдастар, қызбаңыздар! Шынына келсек, ешқайсымыздың да адам баласына қызмет етуде бір-бірімізден кеміміз жоқ. Біз де бастауыш болғанбыз. Ол мақтаныш емес. Сен Бастауышпын, тұрлаулымын деп иығыңды көтересің. Септеле кетсең, күніңнің не болатынын ескермейсің де. Мына мені айт, нағыз сөйлемнің мағынасын толықтырып, сөйлемдегі ойды түрлендіре түсемін.

Пысықтауыш:– Дұрыс айтады толықтауыш. Енді анықтауыш сөз алу үшін қолын көтереді. Бастауыш оған сөз береді.

Анықтауыш: – Жолдастар, сіздер сөйлемнің мүшесі болсаңыздар, мен де сөйлемнің бір мүшесі Анықтауышпын. Мен сіздердің сөздеріңізді байқап қарасам, барлығыңыз да босқа даурығасыздар. Кімнің қандай қызмет атқарып жүргенін өмір көрсетеді. Ешқайсымыздың еңбексіз жүрген жайымыз жоқ. Сіздерге мәлім, мен Анықтауыш болсам, есім сөздерді анықтаймын. Сонымен бірге заттық мағынаға ие болып тұрған басқа сөз таптарымен де байланысып, белгісін, сыр-сипатын, сапасын білдіремін. Мысалы: Қазіргі кезде дүние жүзінің халқы бейбітшілік ұранын көтеріп жатқан кезде, кейбір елдер соғыс өртін тұтандыруға күш салуда. Олардың соғыс құмар, кісі өлтіргіш, алдамшы, жалақор екендігін жер жүзіндегі адал ниетті бейбітшілік сүйгіш қарапайым адамдар тегіс біледі. Сол жиіркенішті есімдердің зұлымдық істері мен арам ниеттерін әшкерелеп, әлемге таныта түсу үшін, сөйлеген сөздерінде Анықтауыш мені зор құрал етіп пайдаланып жүргенін көріп жүрсіздер. Сондықтан меніңше, өзара бәсекелесетін түк те жоқ.

Осы кезде сөйлем мүшелерінің сөздерін тоқтату үшін сөз табының атынан Шылау қол көтереді. Оған басқарушы сөз береді.

Шылау: – Сіздердің айтыстарыңыз тіл және әдебиет институтында өткізілетін айтыстардан аумайды ғой. Сіздер сияқты біз де адам баласының игілігі үшін жұмсаламыз. Сіздер сөйлемнің мүшесі болсаңыздар біз де сөз табының бір шылауымыз. Сондықтан бет-бетімізбен адам баласына міндет айтып, босқа даурыға бергенше, бір қорытындыға келейік те. Қаратпа сөз орнынан тұрып ұсыныс енгізеді.

— Жолдастар, айтысты тоқтатып, үзіліс жасасақ қайтеді? Қаратпа сөздің ұсынысын қоштап, қыстырма сөз былай деді.

— Үзіліс жасаған, әрине, жаман болмас еді. Дем алғанды кім жек көрер дейсіз.

Қыстырма сөздің сөзін қуаттай келіп, сан есім ұсыныс жасайды:

–Тым болмаса үзіліс бес минут болсын. Мүмкіндігі болса бес минут емес-ау, бес ай болсын. Осыған келісейік, жолдастар! Сан есім ұсыныс жасағанда, «менде бір-екі ауыз сөз бар» деп Одағай қолын көтереді. Мәжілісті басқарушы Одағайға сөз береді.

Одағай: – Жолдастар, әрқайсыңыз атқарып жүрген қызметтеріңізді бір-біріңізден артық санап, соны адам баласына қоштаттырамын деп шаршадыңыздар-ау!

Сіздер әрқайсыңыз өз қызметтеріңізді біліп, дұрыс атқарып келесіздер. Бірақ «мен, мен» деп босқа даурықпаңыздар.

Барлығыңыздың да қызметіңіз бір-біріңізге байланысты. Бастауыш Баяндауышсыз тиянақты ойды білдіре алатын сөйлем бола алмайды. Ал бұл екеуі бірігіп тұрып, Толықтауыш, Анықтауыш, Пысықтауыштардың бірінсіз күрделі ойды білдіре алатын тағы да сөйлем бола алмайды. Олар тек жалаң ой туғызып, жалаң сөйлем құрайды да, айтылған ой толық болмай, толымсыз болып қалады. Ондай жағдайда адам баласы олардың қызметіне қанағаттана алмай қалады. Бастауыш пен баяндауыш бірге тұрып, өзінің қатарына Толықтауыш, Анықтауыш, Пысықтауыштардың бірін алса, не түгел алса, онда сіздер күрделі ойды білдіріп жайылма сөйлем құрар едіңіздер де, адам баласының ойын жан-жақты дамытып, әрқайсыңыз өз қызметтеріңізді толық танытқан болар едіңіздер. Сондықтан бәріміз де өз міндетімізді біліп, бет-бетімізбен кетпей, адам баласының игілігі үшін жұмсалайық!

Мәжіліс басқарушы:

–Жолдастар, Одағайдың сөзіне қосыламыз ба?

Бәрі: –"Қосыламыз, қосыламыз.

Осы кезде барлығының сөзін байыппен тыңдап отырған Сөйлем басқарушыға:

– Маған кішкене сөз беріңізші, – дейді.

Басқарушы сөйлем мүшелеріне қарап:

– Өздеріңіз қызмет етіп отырған сөйлем кішкене сөйлеуге рұқсат сұрайды. Бұған қалай қарайсыздар? Сөз береміз бе, жоқ па?

Сөйлем мүшелері:

– Рұқсат берілсін.

– Кішкене сөйлесін, –дейді. Басқарушы Сөйлемге сөз берілді.

Сөйлем: – Жолдастар, сіздердің бүгінгі жиындарыңызға мен, шын мәнісінде шақыртусыз өзімше келген едім. Өйткені сіздердің «сөйлем мүшелері өз қызметтерін қалай атқарып келеді» деген тақырыпта өткізілетін жиындарыңыздың хабарландыруын оқып, бұлар өз міндеті туралы не айтар екен деген оймен әдейі келген едім. Байқасам, сіздер үлкен мәселе қозғап отырсыздар. Сіздер әрқайсыңыз адам баласы үшін істеген өз қызметтеріңізді айтумен бірге бір-біріңізді үлкен сынға алып жатырсыздар. Бәріңіздікі де орынды. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген. Өзара сын сіздердің кемістіктеріңізді түзеп, ғылымға даңғыл жол салады. Сондықтан өзара сынды күшейтіңіздер. Өйткені ғылым пікір таласынсыз дамымайды.

Жолдастар, мен сөйлеммін. Сендер менің мүшелеріміңдер. Дене өзінің аяқ, қол, көз, ауыз, мұрын сияқты мүшелеріңіз қызмет ете алмайтыны сияқты сендерсіз яғни Бастауыш, Баяндауыш, Анықтауыш, Толықтауыш, Пысықтауыштарсыз Сөйлем мен де адам баласының ойын бір-біріне толық жеткізе алмаймын. Сендерсіз менің сөйлем болуым мүмкін емес. Сондықтан сіздердің адам баласы үшін істеген қызметтеріңіз туралы таластарыңыз орынды. Бұл туралы Одағай дұрыс қорытынды жасады.

Енді сендер өздерің құрап тұрған сөйлемдерің туралы да жақсы білулерің керек. Өйткені өздерің сөйлем мүшесі бола тұрып, сөйлемнің не екенін, оның түрлерін білмей, бір-біріңмен айтысуларың құр бостан бос даурықпа болады. Сондықтан сіздер тыңдаңыздар, мен өз жайымнан кішкене баяндайын.

Мен сөйлем мүшелері арқылы яғни сөз арқылы құралған сөйлеммін. Менің тегім арыдан басталады. Қазақ тілі ғылымы үлкен үш салаға бөлінеді. Атап айтсақ: фонетика, лексика, грамматика. Біз грамматикадан боламыз. Грамматиканың өзі екі бөлімнен тұрады: **1. Морфология. 2. Синтаксис.**

Нағыз бізді қарайтын, бізді тексеретін бөлім—синтаксис. Синтаксис сөйлем, болып тұрған мына мені, сөйлем мүшесі болып өзара міндеттеріңді айтып таласып жатқан мына сендерді тексереді. Бір-бірімізге тіркеп байланыстыратын, бір-бірімізбен үйлестіретін, сөйтіп адам баласының бір-бірімен ұғынысуына мүмкіндік туғызатын міне осы синтаксис болмақ. Бәріміз осы синтаксистен өрбіміз. Олай болса, қазақ тілі грамматикасына көңіл бөліп, оның бөлімі синтаксисті өте жақсы біліп алайық. Синтаксисті білсек, өз міндеттерімізді де, сөйлем туралы да жақсы білетін боламыз. Мен сіздерді синтаксисті жақсы білуге шақырамын, жолдастар!

Мәжіліс басқарушы:

– Кімде қандай ұсыныс бар?

Бастауыш: – жарыс сөз тоқтасын деген ұсыныс бар.

Басқарушы: – Олай болса, бүгінгі күп тәртібіміздегі «Сөйлем мүшелері өз міндеттерін қалай атқарып келеді» деген мәселе бойынша бас қосқан мәжілісімізді жабық деп жариялаймын. Келесі мәжілісіміз Сан есімнің ұсынысы бойынша бес айдан кейін болады.

Мәжіліс басқарушы мәжілісті жабық деп хабарлағаннан кейін, оқушылар орнынан тұрып, концертке дайындық жасайтын бөлмеге еніп кетеді. Мәжіліс басқарушы соңында қалып, қатысып отырған көпшілікке қарап:

– Енді сіздердің келу құрметтеріңізге арналған кішкене концертімізді бастаймыз. Концертіміздің бағдарламасында хор, жеке ән, би, түрлі грамматикалық ойындар мен тақпақтар. Бұларды орындайтындар қазіргі мәжіліске қатысушылардың өздері болады. Концертіміз қазақ тілі кешіне арналғандықтан, әсіресе ойындар мен тақпақтар қазақ тілі грамматикасы бойынша айтылады.

2. Қазақ тілі грамматикасы бойынша берілетін ойындарды тақпақ ретінде де өткізуге болады. Басқарушы хабарлайды:

Тақпақ «сұрауға-жауап». Мұны орындайтын атасы мен баласы. Баласы 1-сыныпта оқиды. Ол атасына сұрау қояды.

Атасы жауап береді

Оқушы: – Ата!

Атасы: – А-а-а!

Оқушы: – Зейін салдың ба?

Бар әріптің алдында

Неліктен «А» тұрады? (көпшілікке қарап)

Тыңдаңыздар,

Атам менің сауатты, .

Қазір беред жауапты.

Атасы:

– Е, балам, балам,

Тыңда болма алаң;

Ана,

Ата,

Ақыл,

Ар,

Адам –

«А» дан басталар

«А» ның алда тұрғаны

Содан, балам, болар.

Оқушы:

– Дұрыс, дұрыс, ата,

Жоқ, мұнда қата.

(Көпшілікке қарап)

Жолдастар ұқтыңдар ма?

Басқарушы: – Тақпақ «Септеу», Қазақ тілінде септеу деген бар. Оның саны жетеу. Соны жеті оқушы шығып. «Марат» деген баланың атын тақтаға септеп береді.

Бұл былай орындалады: маңдайында (бас киімінде) «Марат» деген сөзі бар бір оқушы жеке шығып тұрады. Бұл –септелетін сөзіміз болады. Енді жеті оқушы шығып, септеу болып қатар тұрады. Олардың оң қолына (қарына) септеудің аттары жазылып қойылған. Басқарушы оларды шетінен грамматикалық атымен (атау, ілік, барыс т.б.) атап тұрады. Аты аталған оқушы қатардан шығып, маңдайында «Марат» деген сөзі бар оқушының қасына келіп, оны көрсете айтып шығады.

Атау – Бөртебаев.

Барлығыңа үлгі болар, қарақтар,

Байсалды да, ақылды да Марат бар.

Ілік - Бейсенова.

Жеке басым ең алдымен Мараттың,

Жасы үлкенді сыйлағаның жараттым.

Барыс – Бәкіров.

Содан кейін не десең де Маратқа
Тапсырманды орындайды әр уақта.

Табыс – Ережепова:

Батыл емес дей алмайсың Маратты,
Сол үйретті ауылдағы бар атты.

Жатыс – Өтегенова.

Жаман баға болған емес Маратта,
Оның күші ынта, жігер, талапта.

Шығыс – Мырзабаева.

Қай өнер де табылады Мараттан,
Ән салғанда жұртты аузына қаратқан.

Көмектес – Алдабекова.

Міне осындай жақсы бала Маратпен.

Қатар түспей жүргендер де бар әттең!

Басқарушы: – Тақпақ «Одағай». Қазақ тілінде Одағай деген оқшау сөз бар. Ол бүгінгі мәжілісте өз міндеттерін, айтып жатқан сөйлем мүшелеріне бағынбай, оқшауланып, жеке-дара бір түрлі мінез көрсетіп тұрады. Сол сияқтылар оқушылар арасында да бар. Қазіргі орындалатын тақпақ сол оқушыны тәртіпсіздігін айтып бетіне басады.

Бұл тақпақ былай орындалады:

Бір оқушы тәртіпсіздік жасаған болып ортаға шығарылып қойылады. Оның салы мойнына кетіп, сүмірейіп тұрады. Тақпақ айтатын оқушы қасына келіп, оған жекіп ұрса тақпағын айтады.

Жаңа сен мектептің ішінде,
Асыр сап ойнадың болғандай күшінде.
Кезекші ағайды көрмедің,
Басқаға сен ерікті бермедің.

Сабақтан қайтарда тағы да,
Кірісіп ойынның қамына.
Бұрымын жұлқылап көп қыздың
Бостан-бос уақытты өткіздің.

Намысың қайда еді, батыр-ай!
Бір күннің ішінде, япыр-ай!
Геройы боларлық мысқылдың,
Қаншама одағай іс қылдың.

Басқарушы: – қазір алдарыңызға Зат есім өзінің жалпы есімімен шығады. Олар бір-бірінен сұрау арқылы өздерінің кім екенін білмекші. Сіздер де біліп алыңыздар.

Бұл былай орындалады.

Зат есім мен жалпы есім болып екі оқушы шығады. Зат есім жалпы есімге сұрау қояды. Жалпы есім жауап береді.

Зат есім:

— Ау, осы біз кімбіз?

Жалпы есім:

— Зат есімбіз.

Зат есім:

- Қайткенде зат есім боламыз?

Жалпы есім:

- Қане, кім? не? деп атаңыз. Жауап берсек, Зат есімге жатамыз.

Зат есім:

— Сен өзің қандай мағынада келгенде жалпы есім болатыныңды білесің бе?

Жалпы есім:

— Мен бірыңғайлас көп заттардың жалпылама атын білдіретін ретте жалпы есім боламын Сізге бір мысал келтірейін.

Біздің класта жиырма бес оқушы бар. Олардың жеке-жеке қойылған аттары бар. Бірақ барлығына жалпылама ортақ ат — «оқушы». Сонда «оқушы» жалпылама есім, түсінікті ме?

Зат есім:

- Түсінікті.

Басқарушы: — Енді екі оқушы шығып грамматикалық жұмбақ айтады. Соны тыңдаңыздар. Жұмбақты шешуге сіздер де қатысыңыздар.

Мұның орындалу тәртібі мынадай:

Екі оқушының біреуі жұмбақ айтады. Оның аты жұмбақ болады. Екінші оқушы шешеді. Оның аты Тапқыш болады.

Жұмбақ: — Құс атын білдіретін екі буынды сөздің екі буыны да бірдей бір тұлғадағы сілтеу есімдігі. Ол қандай құс?

Тапқыш: — Сілтеу есімдігі деймісің? Кішкене ойланып алайын (осы кезде сілтеу есімдігіне жататын сөздерді ой елегінен өткізеді). Таптым! Таптым! Ол — бұлбұл.

Жұмбақ: - Дұрыс. Енді мынаны тап.

Түйе төлінің аты басқа екі түліктің төлінің атынан құралған. Ол қандай сөз?

Тапқыш: — Ой, тәйірі, соны да білмейді деймісің! Ол — тайлақ. Тай — жылқы төлінің аты, лақ — ешкі төлінің аты.

Жұмбақ: — Бәрекелді тапқыш! Енді мынадай екі сөзді тап:

Жыл мезгілін білдіретін бір сөзге барыс септігін жалғаса, бір сын есімге омоним болады. Ол қандай сөз?

Екіншісі, қандай сын есім сөзге бұйрық райлы етістік сөз омоним болады.

- **Тапқыш:** — Омоним дегеніміздің өзі тұлғасы бір болған-мен, мағынасы басқа сөз емес пе? Онда — «қыс» деген сөз-ге «қа» деген барыс септігінің жалғауын жалғасақ «қысқа» деген сөз болады. Ол—«қысқа» деген сын есім сөзбен омоним.

Екіншісі «қара» деген сөз. «Қара» деген бір заттың түсі. білдіретін сын есім. Оның екінші мағынасы етістік – қимылды білдіреді. Мысалы: Сен маған қара.

Жұмбақ: – Тіпті, саған жұмбақ айтуға болмайды екен Сен тапқыш екенсің. Бәсе, сенің атың неге тапқыш десем, сен қазақ тілін жақсы біледі екенсің. Білген үстіне біле бер, Тапқыш!

Басқарушы: – Қазақ тілі кешіне арналған концертіміз осымен аяқталды. Келгендеріңе көп рахмет!

Мұндай сабақты ойын түрінде өткізу үшін оқушылардың қазақ тілі грамматикасын оқу ынтасын арттыра түсті.

3. Сөз таптарының айтысы ойыны арқылы тыныс белгілер туралы дағдыларын қалыптастыру.

Бір күні Зат есім, Сын есім, Сан есім, Есімдік, Етістік, Үстеу, Еліктеуіш, Шылау, Одағай кездейсоқ бас қосып қалыпты. Әрқашан өзін сөз таптары ішінде біріншімін деп санайтын Зат есім басқалардан гөрі өзін еркін ұстап:

— *Дүниедегі бар байлық кім? не? деген сұраққа жауап береді. Олай болса, менен байлығы асқан кім бар?, – деді.*

— *Керемет, керемет, – деді Сын есім, – Сенде зат көп екені рас. Бірақ ол заттарыңның түр-түсін, белгісін анықтап жүрген кім? Саған әйтеуір зат болса, одан басқаның керегі жоқ. Ал заттарыңның бағасы қайсы, бағасыз қайсы деп жақсы-жаманын ажыратпайтының не?- деп сөз соңында тиісе кетті.*

Үшінші болып Сан есім сөзге араласты.

— *Байлық та, оның бағасы мен сапасы да есепсіз болмас. Сондықтан есеп керек, есеп, -деді ол саусағын санап. – Оны жүргізуші, әрине, менмін.*

— *Сендер қалай мақтансаңдар да менен алыс кете алмайсыңдар, – дейді Есімдік. – Оны есімдік деген атымнан да аңғаруларың керек. Мен реті келгенде Зат есімнің де, Сын есімнің де, Сан есімнің де орнына жүріп, шаршағанды дем алдырып, еріншекті қатардан алыстатып келемін. Өзім қандай еңбек сүйгішін, ә?!*

— *Тоқтат, тоқтай тұрыңдар!– деп, есік жаққа жақындау тұрған Етістік сөзге араласты. Жолыға қалсаңдар ұрыса бастайсыңдар. Зат біткен көркем болсын, көп болсын, қозғалмаса, , қимыл-әрекетке түспесе, одан қандай пайда?*

Онда әзгеріс, өсу, даму бола ма?– деп өзінің бүкіл іс-әрекетке қатыстылығын сыпайы жеткізе беріп еді, Үстеу:

— *Өте дұрыс! – деді кенеттен дауыстап. Біз де босқа жүргеніміз жоқ. Етістік қаншалықты қозғалысты бақыласа, мен де соншалықты аңғаруға тырысамын. Өйткені қимыл-әрекет қалай, не үшін, не себепті іске асқанын қадағалаймын.*

— *Пыс-пыс әңгіменің не керегі бар? - деп Еліктеуіш дүңк ете қалғанда, басқалары жалт қарады.*

— *Әркім өзі туралы айту ыңғайсыз секілді, сондықтан сөзді*

доғарайық. Тізгінді беріп қойса, мақтанады-ақ екенбіз – деп, Шылау да айтысқа жоқтығын ескертті. Шамасы, «Жеке лексикалық мағынасы жоқ, сөйлемде жеке сөйлем мүшесі бола алмайды» деген өңкей болымсыз етістікпен айтылатын өз қасиетін айтқысы келмеген болар.

— Ал, онда кеттік, – деп Зат есім орнынан тұра бергенде, есік аузында отырған Одағай:

— Ой, әттегене-ай! Жұмысқа кешігіп қалдым-ау, пай-пай, ту!– деп зыта жөнеледі.

Оқушы әр сөз табының өз сөйлеу белгісі арқылы өз ерекшелігін беруге тырысқандығын аңғарып, оларға осы шығарма сияқты әңгіме жазуға үйретілсе, қайталау кезіндегі жинақтау, ізге салу ісінің нәтижесі анық байқалмақ.

Қорытынды

Орфография, пунктуация жазбаша сөйлеу әрекетіне байланысты қарастырылады. Ал жазбаша сөйлеу жазбаша мәтіндер арқылы тілдесу екендігі белгілі. Сондықтан орфография, пунктуация сөйлеу әрекетімен байланысты.

Жазылым – тілдік тұлғалардың жүйесіне негізделген, лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдардың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдарды ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасқа мүмкіндік жасайтын әрекет. Басты шарт тілдік нормаларды меңгеру. Демек, оқушылардың тілін дамыта оқыту үшін орфографиялық және пунктуациялық білім, біліктілік пен дағдылар жүйесі нормалық түрде қалыптастырылады.

Жүйенің элементін ережелер құрайды. Ережелер арқылы нормалар жасалып, анықтамаларға айналады. Сондықтан ережелер жүйесі тыныс белгілерді қолдануда негізге айналады. Өйткені пунктуация бұл жиынтық емес, тыныс белгілерді қою ережелерінің жүйесі. Олай болса, пунктуациялық білім, дағды ережелер негізінде қалыптастырылады.

Ережелер жүйесінің ерекшеліктері оны оқыту ретін анықтайды:

1. Алдымен позитивті, содан кейін негативті ережелер баяндалады. Мысалы, бірінғай мүшелердің арасына қойылатын үтір үйретіліп, соңынан оның қойылмайтын ережелер таныстырылады.

2. Алғаш негізгі норма хабарланатын ереже баяндалады, соңынан оның басқа нұсқалары үйретіледі. Мысалы, бірінғай мүшеге үтір мен сызықша қойылу жағдайлары.

3. Ережелер шарттар арқылы, бұрынғы сыныптардағы игерген білімдерімен байланыстырылады.

4. Ережелердің берілу тәртібін анықтауда логикалық амалдардың жүргізу тәртібі ескеріледі. Мысалы, бірінғай мүшелердің арасындағы тыныс белгілердің қойылу мәселесін шешуде алдымен бірінғай мүшелердің қалай байланысу амалдары (шылаулармен немесе шылаусыз немесе шылаулардың қайталанылуы) игертіледі.

Тыныс белгіні дұрыс қоюға жаттықтыру психологиялық негіздерге, яғни ойлау амалдарының талдау, салыстыру, жалпылау, индукциялық, дедукциялық, анализ, синтез, т.б. әдіс-тәсілдерді басшылыққа алады.

Оқушыларды тыныс белгілерді қоя білуге баулу, терең білім, берік дағды беру үшін грамматикалық, мағыналық, интонациялық және тыныс белгілерді қоюдың мағынасы мен қызметіне сай ұстанымдарға негізделеді.

Оқушылардың қазақ тілі грамматикасының ережелерін игеруі тәжірибелік іс-әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асады. Грамматикалық құбылыстарға берілген анықтама және тілдік ережелерді түсіну және оны ұғынуы – оқушылардың оқу материалын игеруінің алғашқы бастамасы ғана. Өйткені 5-10-сыныптарда оқушылардың жадында орфограммалардың жазылу дағдысы қалыптасуы үшін қайталама қабылдау әрекет әдістерін қолдану қажет болмақ. Яғни орфограммалар бойынша қайталау жаттығулары мен тәжірибелік жұмыстар жүргізіледі. Ол жаттығулар оқушылардың күрделі аналитикалық-синтетикалық қызмет: біріншіден, ережені игеруге, екіншіден, орфографиялық дағды қалыптастыруына негіз қалайды. Сондықтан жаттығулар түрлендіріліп жүргізіледі.

Пунктуациялық дағды диктанттар арқылы бекітіле түседі. Диктант жұмысы үйрету, бекіту, қайталау, пысықтау мақсатына қарай жүргізіледі. Диктант жұмысын ұйымдастырудың талаптары бар:

- диктант теориялық мәселеге орай жүйелі түрде түрлендіріліп жүргізілу;

- диктанттағы анықтама, ереже, мәтіндердің саналы игерілген болуы;

- жайдан күрделендіріліп, оңайдан қиынға қарай ұйымдастырылуы.

Пунктуацияны және оның ережелерін игеруде талдау әдісі жай қолданылады. Әрбір синтаксистік тұлғаның өзіндік белгілерін бір-бірімен салыстыра, сатылай талдау оқушыларды сауаттылыққа баулиды.

Пунктуациялық сабақтарда мынадай икемділік пен дағдылар қалыптастырылады:

1. Пунктуациялық көрегенділік (алдын ала білу) – дайын қатысымдық бірліктердегі мағыналық бірліктерді, орфограмманы ажырата алу;

2. Сөйлем мәтінді игерілетін пунктуациялық ережеге сай дұрыс рәсімдеу икемділігі;

3. Тыныс белгілердің ерекшеліктерін, орнын және оның белгілері бойынша таңдауларды негіздеу;

4. Пунктуациялық қатені табу және оны жөндеу.

Тұжырымдағанда, оқушылардың орфографиялық сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру мектептегі ең өзекті мәселенің бірі ретінде саналмақ. Яғни тыныс белгілерді дұрыс қоя білу – сөйлемді, мәтінді дұрыс оқи білу – оқушының жалпы мәдениеті мен сөйлеу мәдениетін дамытады, жетілдіреді.

Падаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы, Білім туралы Заңы және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Алматы.
3. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. -Алматы, 2002ж.
4. Қазақ тілі терминдерінің саласық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология, -Алматы: Мектеп, 2002, -250 б.
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. –Алматы, 1998. -509 б.
6. Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. -Алматы. Білім, 2000, 204 б.
7. Мектеп бағдарламасы. 5-9 сынып, А. , 2003.

8. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. Алматы, 2001.
9. Волков А.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологий обучения: дисс.д.п.н. – Алматы, 1994, -345 с.
10. Қараев Ж.
11. Алтынсарин Ы. Таңдаманы педагогикалық мұралары. –Алматы, 1995.
12. Арғынов Х. Қазақ тілінің методикасы, Алматы, 1974.
13. Абакумов С.И. Пунктуация. –М. 1972.
14. Щерба Л.В. Избранное труды. М., 1998 г.
15. Баранов М.Т. Методика русского языка. М., 1974.
16. Балақаев М., Т.Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі (синтаксис). 1966, 321 бет.
17. Казембек А. Общая грамматика турецкого-татарского языка. – Казань: СПБ, 1846.
18. Радлов В.В. Киргизская хрестоматия. 1883.
19. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. СПБ, 1897, -92 с.
20. Катаринский В. Грамматика киргизского языка, 1897.
21. Сарыбаев Ш. Қазақ сөйлемінде үтірдің жасалатын орындары: // Тіл мәселелері, 11 кітап, Алматы, 1936. 51 бет.
22. Жиенбаев С. Тыныс белгілер. // Ауыл мұғалімі, №7, №8, №17. 1939.
23. Басымов Х. Сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс жаза білейік. // Ауыл мұғалімі, №1-№2.
24. Балақаев М. Сауатты жазудың негізгі шарты тыныс белгілерін дұрыс қоя білу, // Екпінді газеті, Семей, 1941.
25. Хасенов Ә. Сызықша туралы түсінік. // Қазақстан мектебі. 1961, №2.
26. Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1954.
27. С.Аманжолов, А.Әбілқабов, И.Ұйқыбаев. Қазақ тілі грамматикасы (синтаксис). 1954, 141 б.
28. Қазақ тілінің орфографиясының мәселелері. Алматы, 1960.
29. Ысқақов А., Ә.Хасенов. Тыныс белгілер. Алматы, 1965.
30. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. –Алматы: Ана тілі, 1991, 128 б.
31. Сыздықова Р. Пунктуацияның кейбір мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1957.
32. Арғынов Х. Қазақ тілі методикасы. –Алматы. Мектеп, 1971.
33. Былинский К., Уваров М. Методика русского языка. М., 1998 г.
34. Әміров Р.С. Грамматика, емле, тіл дамыту. Алматы, 1971.
35. Байтұрсынов А. Тіл жұмсар (сөйлеу, оқу, жазу тілінің жұмыс тәжірибесі арқылы таныстыратын 1-кітап), Қызылорда, 1928. 16 б.
36. Қазақ тілі. Энциклопедия. –Алматы, 1998, 509 б.
37. Жинкин Н.И. В защиту живого слова. М., 1966.

38. Дайрабаев Е. Жоғары сыныпта жазу жұмысының методикасы жөнінде, Алматы, мектеп. 1972
39. Жарықбаев Қ.Б. Жантану негіздері. –Алматы, 2002, -415 б.
40. Ушинский К.Д. Собръ сочин. Т.б. 1994.
41. Гурьянов Е.В. Психологические основы упражнений при обучении письму. М. 1968.
42. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения. М.: Педагогика 1965, 145 с.
43. Торндайк Э. Избранные педагогические труды. М., 1998.
44. Бағдарламалар. Қазақ тілі. Жалпы орта білім беретін 5-7-сыныптарға арналған. Алматы, 2003, 36 б.
45. Қалиұлы Б. Қазақ орфографиясындағы қайшылықтар. Алматы: Орталық білім жетілдіру институты.
46. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы, 1993.
47. Жапбаров А. Оқушылардың тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. 1-кітап, Алматы, 2007.
48. Закорюрин В.Б., Панченко В.И., Твердин Л.М. Модульное построение учебных пособий по специальным дисциплинам. // Проблемы вузовского учебника. –Вильнюс: ВГУ, 1983. 73-74 с.
49. Оконь В. Введение в общую дидактику. М.: Высшая школа, 1990, 382 с.
50. Юцявичене Г. Теория и практика модульного обучения. –Каунас, 1989, 271 с.
51. Баранов М.Т. Методика русского языка. –М.: Просвещения 1974.
52. Онищук В.А. Қазіргі мектептегі сабақ. Алматы, 2001.
53. Зверев И.Д. Взаимная связь учебных предметов. М., 1977, 63 с.
54. Махмудов М.И. Проблемное обучение основные вопросы теории. М., 1976, 257.
55. Панов Б.Т. Общение проблемы воспитания школьников. М.: Просвещен. 1979.
56. Коменский Я.А. Ұлы дидактика. XVIII тарау, 24.
57. Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы, 2004.
58. Жүсіпов М.
59. Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. А., 1994.
60. Шотанұлы Т. Қазақ тілі методикасының мәселелері. А., 1950.
61. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, Ғылым, 1966, -362 б.
62. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы, Мектеп, 1969, 98 б.

Мазмұны

Кіріспе

Бірінші бөлім. Қазақ пунктуациясы және сауатты жазу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері

- 1.1 Пунктуацияның мектепте оқытылу жүйесі, мақсаты мен мазмұны
- 1.2 Қазақ тыныс белгілерін оқытудың зерттелуі және оны оқытудың жүйесі
- 1.3 Пунктуацияны оқытудың лингвистикалық негіздері
- 1.4 Пунктуациялық дағдыны игертудің психологиялық негіздері

1.5 Пунктуациялық білім, біліктілік және дағдысын қалыптастыра оқытудың педагогикалық негізі

Екінші бөлім. Пунктуациялық икемділік пен дағдыны қалыптастырудың әдіс-тәсілдері

2.1. Пунктуациялық икемділік пен дағдыларды қалыптастыра оқытудағы жаттығулар жүйесі

2.2 Грамматикалық ережелер негізінде тыныс белгілерді дұрыс қоюға үйрету

2.3 Тыныс белгіні дұрыс қоя білуге жаттықтыру

2.3.1. Пунктуациялық дағдыны қалыптастыруда диктант жүргізудің әдіс-тәсілдері

2.4. Тыныс белгіні синтаксистік талдау арқылы дұрыс қоюға жаттықтыру.

2.5. Сөйлемдерді ажырату үшін қойылатын тыныс белгілерін оқыту

2.6 Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілерін оқыту

2.7 Сөйлем құрамына байланысты тыныс белгілерді оқыту

2.8 Мәтін мазмұны мен сөйлемдегі ойға байланысты қолданылатын тыныс белгілерді оқыту

2.9. Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуын оқыту

2.10. Пунктуацияны игертудегі ойын элементтерін қолдану

Қорытынды

Падаланылған әдебиеттер